

84/51403
21/13



PREMIER
GÉNÉRAL



LE
GÉNÉRAL





Қарағанды облысының әкімдігі

Ақылдастар алқасы:

Әбдішев Б., төраға

Жұмабеков Б., төраға орынбасары

Жайлыбай Ғ., төраға орынбасары

Аймағамбетов Е.

Ақсұңқарұлы С., жауапты хатшы

Ахметов К.

Ғазалиев А.

Дулатбеков Н.

Исабеков Н.

Көбеев Е.

Қаңтарбекова Г.

Омаров Ә.

Редакциялық алқа:

Асанов Қ.

Әскербекқызы Ж.

Бексейітов С.

Кәпұлы Д.

Қазанқапов Ж.

Құрмансейіт Қ., жауапты редактор

Мұхиден Б.

Рамазан Д.

Тұрлынова Р.

84/5Қаз)
М 13



ТӨРЕХАН МАЙБАС СЕРІК САҒЫНТАЙ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2014

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

МІЗ

Сарыарқа кітапханасы

М 13 Майбас Т., Сағынтай С.
Шығармалары. - Астана: Фолиант, 2014. - 320 б.

ISBN^ 978-601-292-846-4

Бұл кітапқа Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, белгіл журналист-жазушы Төрехан Майбастың және ақын әрі прозашы Серік Сағынтайдың шығармалары топтастырылған. Жинаққа енген әңгіме-хикаяттардың тілі көркем, шұрайлы, оқиғасы тартымды.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122


ББК 84 (5 Қаз)

© Майбас Т., Сағынтай С., 2014

© «Фолиант» баспасы, 2014

ISBN 978-601-292-846-4


19883



Төрехан Майбас

АҢСАР

*Этнографиялық әңгімелер
мен хикаяттар*



Төрехан Майбас 1954 жылы Қарағанды облысының Ақшатау кентінде туған. КарМУ-дың түлегі, оқытушы-Филолог. ҚР Мәдениет қайраткері (2004), Қазақстан Жазушылародағының мүшесі. Көптеген прозалық, деректік, танымдық, шежіре кітабының авторы.

«ҚазАқпарат» баспасының директоры, республикалық «Жас қазақ» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі болып істеген. Бүгінде Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары.

ӘҢГІМЕАЕР

АЙБӨКЕН

Оралхан Бөкейдің рухына

*«Алғаш барлық заттар бірге болған:
кейін ақыл келді де,
бәрін ретке келтірді».*

Анаксагор

- Сорлы бала ауып болайын деген екен. Түсінде сандырақтап шығатынын қойшы, түн сандалып, талма түсте лабыратырия дей ме-ау, соған кіріп алып атам заманғы қатып-семген бақашаян, құрт-құмырысқалармен тілдесіп отырады білем. Басқа болса бір сәрі, Қисылбай үшітөлдiң өзі көріпті...

- Е-е... Тек жүрмесең, сөзге іліктіріп, сыртқа тепкен заман ғой. Жұрт не демейді, тек саяқсып кетпегенін тілейік те...

- Сандырақтағанда көнтәжнай Жұмәли жазғаннан да жаман көрінеді. Атыс дей ме-ау, соғыс дей ме-ау, әйтеуір, аға-жеңгесі кей күндері көз ілмей шығады, білем...

- Болса болар... Соғыс кімді жалмамады?! Сол зұматтың кесірінен шейіт болған әке-шешесін түсінде көрсе, несі айып? Аян беріп жүр екен ғой марқұмдар. Шешесін айтсайшы... Ызылып тұрушы еді... Дариға-ай, озған уақыт-ай десейші. Бізге де есік пен төрдей қалды ғой.

- Е-е... Бұл жалған кімге опа беріп еді?!

* * *

- Оқу десең, оқуы жетеді, қол-аяғы бүтін, атпал азамат ауылдың қи сасыған итарқасында арқандап қойсаң тұрар ма?!

- Бәсе деймін-ау, кісікіктеніп жүргенінде бір гәп бар. Бәрінен де әне біреулерді не деуші еді... Мың бір түндегілерді айтамын... Етәк па еді? Әтек дейсің бе, тап соның өзіндей. Алдында тыр жалаңаш тұрсаң да көз салмайтынын қайтерсің. Қас еркек кіндік мұрынды болады деуші ме еді?! Мұрын десең, сол жарықтығы екі еркектікінен артып жығылғандай. Сөйте тұра...

- Басын тауға да, тасқа да ұрып жүріп алған айлығын Әңгөллаға жібереді дейді. Қайдағы Әңгөлла?! Қаладағы пышырап жүрген көп ұрғашының біреуінің көз жасы да. Әлементке жарып ол бейбақ тағы да пышырап жүрген шығар...

-Ондай лыпасыздардың екі-үшеуін жібермегеніне кім кепіл?! Жеңгесінің тамырын басып, оның пашпыртын көретін екен өзі...

- Қайдам... Түсінде қыз-қырқын емес, білетін жұрт соғыс көреді дейді ғой...

xxx

- Соғыстың басы жамандық, жамандық деп жүргенінде мына беті әрі болғыр жаман кесел жабысыпты ғой. Әйтпесе Алдан Алдан емес - Айбөкен де! Бұрынғы көнекөз жарықтықтар «айға шапқан Айбөкен Айбөкен емес - Адам» деп отырушы еді. Күллі зілзала, өсек-ғайбат, ғадауат пен жамандық атаулыны бойына жиған айгөлек - Айбөкен мерт бол мағанда, Хауа Ана Жердің үсті ұрмақ болмақ екен. Оған не шара?! Мархаббат пен зұлымдық, жамандық пен жақсылық, ақиқат пен жалғандық қайтып майдандасты. Ендігі Айбөкен мың жылдан кейін тумақшы-мыс. Сол Айбөкеннің өзіміздің Алдан емесін кім білсін?!

- Мүмкін... Әлбетте мүмкін!

xxx

Ауыл арасында Алдан жөнінде дай әңгіме жүре бастады.

xxx

Қабырға шам бүгін де ұзақ жанатын болды.

Сөреде иін тіресіп тұрған Штриматтер, Моуэт, Лондон, Даррель, Арсеньев, Пришвиндердің қатары бұзылды.

«Изумруд» пен «Холстомер» кісінеді.

«Көксерек» ұлыды.

«Каштанка» мен «Аққанден» шәуілдеді.

«Асау анаконда» ысылдады.

Үлкенді-кішілі әрқайсысының өз «Гүлсарысы», «Ақ азуы», "Фру-Фруы" бар сақа жазушыларды былай қойғанда, қолдарына қалам алған жас жазушылардың өзі бір төбе. Оқып отырсаң, қайдағы мен жайдағыны жазады.

Майданға кеткен иесінің соңынан қалмаймын деп құмай тазы пойыздың астына түседі...

Өз ортасынан айырылған ауылдың ақырғы шабынған бурасы пойызбен соқтығысады...

Ауылдың қыран бүркіті өзінің аспанын қорғаймын деп өзі ұшарды соғады...

Мұның өзі де аздық етеді. Жазушылардың дені оқырмандар үшін жаза ма, қалай? Онда оқырмандармен неге санаспасқа?! Бақаны-ақ алайықшы. Жұмыр басты пенде бақаны өзінен артық біледі... Қос мекенділер класына жатады, бәленбай деген дәуірде құйрығынан айырылған, бәленбай деген шыбын-шіркейлермен коректенеді, тағысын тағылар... Талғамы сәл жоғары оқушыға бақа туралы айтсаң, қайдағы бір ет қалбырларын көз алдарына елестетіп, дәмді, дәмсіз бе екен деп тамсанып, қарнын сипайтыны хақ. Пайдалы, пайдасыз жағына келгенде де, бұлардан өткен білгіш жоқ: сүті мен жүні жоқ демесең, егіннің жауын құртады - бір, сүйегіне дейін қалбырланады - екі, терісі әсемдік бұйымдарға пайдаланылады - үш... Қала берді, бұл қалбырлардың Бирмада ма, Жапонияда ма шығатынына қызыл кеңірдек болады... Одан әріге жетелесең, аяқ баспайды. Талғамы жоғарылары бақаға Париж бен Токиода ескерткіш орнатылған деумен шектеледі. Көзінің тостағандығы үшін орнатылмағанын біле тұра, неге деп сұрақ қоя білмейді...

Электр қуаты туралы айтып көріңіз: күледі, қайсыбір білгіштер «мені мақау санайсың ба» деп шамданады.

Бой сергітпек болып орнынан тұрғанымен, терезе көздерін Сетон -Томпсон мысығы болып тырмалап, «Фарс» болып ұлып тұрған сырттағы жаяу борасын орындыққа қайтып отырғызды.

Әлгінде ғана қарап шыққан кітаптарды қайтып парақтай бастады.

Кітаптың екеуі де түз еркесі Айбөкен туралы.

Біреуі жүрегі адал жануар десе, жазушылығынан түсіп қалатындай еті адад жануар дейді.

Екіншісі сұлулық іздемек болып, «қаратұмсық», «танакөз» дейді.

«Парасат іздеу керек!»

Ботакөз - көз, қазмойын - мойын, ботатірсек - аяқты қойып, сұлулықты тұмсықтан іздей бастадық па?! Бара-бара...

Мүмкін, жазушының мынау жасанды әлемге керсеткен қыры болар. Онда жаңылтпаш, жұмбақ ойнап не керек. Көз жасанды, қас пен шаш жасанды, тұмсық жасанды емес, сұлулық табиғи тұмсықта деп неге жазбасқа?!

Аңның сұсы мен мысын жазады...

Ел білмейтіндей қасқыр мен ит өлімді жазады...

«Ақ өлімді жазу керек! Адам да өзінің ақ адад өлімімен өле бермейді...»

...Қасқыр бірін-бірі өдтіреді. Қоян да бірін-бірі өл...

«...тірмейді! Табиғи үйлесімділікті жазу керек!»

Орнынан тұрды.

Сөредегі қалың нән томдар ішіне сіңіп кеткен өзінің топшылауларын жазып жүретін қоңыр дәптерін қолына алды. Не жазам деп ойланған да жоқ, майда әріптер өздері сұранып тұр екен: дәптердің тор көзін әп-сәтте толтырып тастады: «бізге аздаған табиғат тану заңдарына жүгініп отыратын перипетизм, ал табиғат құбылыстарын түсінуде детерменистік принцип керек!»

Жазбағы көп сияқты еді. Алайда ылғи осылай шолақ шығады. Неге екен? Тағы да не жазбақ еді?

Қанша отырғаны белгісіз, ойына қайдағы бір өткен-кеткендер оралды.

Шырмауық...

Үшарқар Таразы...

Газет қиындысы...

Нән, қалың томдар тағы бір төңкеріліп түсті. Басқа тілде жазылғандай сарғыш тартқан газет қиындысын ежіктеп ұзақ отырды: «Жан-жануарлар адамзатқа қаншама борышты десеңізші?! Адам қамқорлығының арқасында қаншама аң-құстар құрып кетуден аман қалды десеңізші?!»

Расында да, кім кімге борышты. Мақұлықат адамзатқа ма, әлде адамзат мақұлықатқа ма?

Орнатылған ескерткіштерді былай қойғанда, дүниедегі тас-аң, тас-құстар қаншама?! Дене тұрқы адам да, басы аң-құс бейнелер ше?!

Аққулар жүрек жасайды дегенде, жыландардың жүрек жасайтындарын білмеді емес - білді. Ендеше, адамзат махаббат, сүйіспеншілікті аққу мен кептерден, намысты бүркіттен алмағанда қайдан алды?!

Итке, сәл кейін бақаға да ескерткіш қойылды. Ендігі кезекте - мысық. Қандай биіктіктен болсын тек қана төрт тағандап түсетін «мысықтабан» құпиясы ашылсын. Адамзат баласы тарих алдында қарабет болмаймын десе, осыдан кейін мысыққа ескерткіш орнатпай көрсін?!

Қоңыр дәптерге тағы да екі жол түсті. «Адамзат қазіргі дамуында да (қалыптасуы өз алдына) жан-жануарлар дүниесіне борышты...»

Өттең, мұндай ойлардың қағаз бетінде қалатыны өкінішті. Шіркін, қолында құдірет күші болып, әрбір пенденің қауашақ басына жазар ма еді?!

- Қайным-ау, тағы кімдерді қағаздап жатырсың? Баяғы оталған көшеттердің жыры бітпеп пе еді?! Тегі, деймін де... Ішінде қарасан келгір біздің Мәлік те болыпты. Ұятты айтасың, селсәбет ыштыраптайын деп жатыр...

Жеңгесі. Күйтейтіні - баяғы сол күйкі тірлігі. Осы тірлігіне бойсұнған. Ол үшін басқа тірліктің керегі жоқ.

Құлақ қаштының кері болмасын деп құлақ салған болады. Әйтпесе аға-жеңгесінің пәлсапасы бесенеден белгілі: зиянды-зиянсыз, пайдалы-пайдасыз боп кете барады.

- Қайным-ау, өзіңнің қағаздағаныңды ескеретін шығар, ә?! Әлгі, қарасан келгірді ме?..

Алдан жатып қалғандықтан, ұйықтаған боп дыбыс қайырмады. Кірпіксіз мақұлық мызғымайдың кебі. Көзін тарс жұмғанымен қайтып ашып алады.

Адам жаратылысын түсіндірудегі қараңғы халық аңызы шындықтан онша алыс емес пе, қалай? Хауа Ана мен Адам Атаның домалақ жеміс жеуінде бір гәп жатыр-ау. Қараңғы халық неткен көреген еді?! Хауа Ана мен Адам Атаға алма жегізбегенде не болар еді?!

Кенет тітіркеніп қоя берді. Біреулер қарды емес, бейнебір өзін жентектеп жатқандай сықыр-сықыр етеді. Жүрісіне қарағанда, аттылы, әтешпен жарыса тұрғанына қарағанда, ниетінің түзу болмағаны. Қараңғылықтың көбесі сөгілмеген бейуақта қайда бармақ?

Оның есіне Жұмағазы түсті. Дәл сол деп түйді ішінен. Алайда қайда бармақ, қайда?

Бүкіл ауылда түрікпе Жұмағазыда ғана. Үш жұлдыз - көп нүктені анық-танықтап қарауға құмартып жүрген кезі. Кішірейіп сұрағанымен, ол бермеді. Әрі-беріден соң ала жаз бойы ауыл сыртындағы тоғанға түскен қыз-қырқындардың далдалаған жерлерін түрікпемен айқын көргендігін хикаялап кеткен. Сонда естіген.

- Әне-міне, текелер тастан ұшады білем, қансонар да қызсонар басталады, - деп оқшантайдағы оқтарын санамалап отырған.

Шаруа шал:

- Текебұрқылдақтың арты шыңылтыр аязбен ашылып, тілсіз мақұлықаттардың ұрлығы ертең айдай әлемге айғақталады, - деген.

Бұл шалдың да алжиын дегені де. Күйекбасы құжынның сылсылын сылып, біздер де текебұрқылдақтан текебұрқылдаққа дейін сасай ғұмыр кешпейміз бе?

Жұмағазыны ел ырымға деп жорғалап бара жатқан кесірткені де оққа байлаған тасжүрек дейді. Одан не күтуге болады?

Тағы бір пенде тағы бір жаманшылық жасауға барады. Бәрін қойшы, қазір атылар мылтық үні мынау тылсым тыныштықты оранып жатқан он сегіз мың ғаламның жүрегін дір еткізбей ме? «Қызыл кітаптағы» тізім бүйте берсе, шынтақтап емес, шақырымдап өзгерер. Сонсоң ойрат пен жоңғар, мая мен падауанг тайпаларының киген қарғыс атқыр қара қамытын басқа халықтың да кимесін кім білсін?

Жер-Анаға әлек салған Александрлар емес, арманда кеткен Архимедтер керек.

Бірақ Құдай болам деп жер басып жүрген құл-құтандардың жоқ екеніне қолын басына кім қояды?! Бүйте берсек, «Қызыл кітаптағы» тізімнің соңын ала қара әріппен Адамның терілмесіне кім кепіл?!

Мүмкін, Александрлар керек те шығар...

Зұлқарнайын...
 Бірінші...
 Екінші...
 Блок...
 Пушкин!
 Мүмкін, Карлдер де керек шығар...
 Бірінші...
 Екінші...
 Он екінші...
 Гаусс...
 Маркс!
 Бірақ?!
 Тағы да парасатқа келіп тірелді.

* * *

Үйге кірді. Бойын суық алып қалыпты. Үй іші қалың ұйқыда. Баяғы бір жарыса шыққан пырыл мен қорыл... Елді оятып алмайын деп аяғының ұшымен жүріп, киініп алды.

Желіде тұрған Қаракөк оқырана қарсы алды. Белісін лақтырар-лақтырмастан қарғып мінді. Сол бойы Ақиректі бетке алды.

Қайткен күнде Ақирекке Жұмағазыдан бұрын жету керек. Жетпеген күннің өзінде ұшқаты шыңға бұрын шығады. Альпинизммен шұғылданғанының мұндай әжетке жарарын кім білген?

Өзірге Жұмағазы көрінер емес. Өзі өз болып бұрын Ақирекке шығып көрмеген. Шаруа шалдан жалғыз соқпақ бар деп естіген. Оның өзі құзды өрлей көтеріледі білем. Не де болса тезірек жетсе екен. Алатауға шыққанда мұны да, тәйірі, тау деп...

Ошаған омбы қар күрт-күрт сынып, аяғын тұсаулайды. Қазақ «Қарға адым жер мұң» деп осындайдан айтады екен ғой.

Жұмағазыдан бұрын жетсе екен. Қара жүрек неме жүрегі адал жануарды қорқыратпақ. Құжынның сылсын, болмай бара жатса ырымға деп артына ұрпақ шашып, аяғынан жүре алмай қалған сасайларды жаяу қуып жүріп, бөрікпен-ақ ұрып алмақшы ғой. Болмас-болмас онысы...

Ақиректің етегіне ілінісімен Қаракөкті еркіне қоя берген. Мұндайда аттылыдан гөрі, жаяудың өзі жүйрік. Жоғарылаған

сайын денесі ауырлап, етектен тартқан киімдерін біртіндеп қалай болса солай тастап келеді. Өрмелеп, биіктеген сайын тынысы ашыла түсетіндей. Мынау қап-қара боп қарауытып жатқан - күз болды. Жалғыз соқпағы қайда екен?

Ақыры оны да тапты. Қарлауыт болса да енді жүрісі өнейін деді. Әйтеуір, Жұмағазыдан бұрын жетті-ау. Мүмкін, басқа жол бар шығар деген ой келгенде оны түптемей жатып жансебілдене алға қарай жылжыды.

Құжынның арқыраған ащы дауысында шамырқану бар.

Қою қараңғылық біршама сұйылайын деді. Өзіне етене таныс үш жұлдызы құлдилап келіп етекке байланып қалғандай. Шаруа шал таң ақтамақтанарда жұлдыздар көбірек ағады деуші еді. Аты жоқ жазуды оқығанша осы үш жұлдыз ақпаса болды.

Тұрғыға жеткенде таң сібірлеп, жарық молаяйын деді. Кеудесін кере дем алып, жан-жағын барлағансыды. Қаншама адақтағанымен, шиырланған, «мен мұңдалаған» іздер көзге түсе қоймады. Ал Жұмағазы болса көзге көрінер емес.

Сағал-сағал ашық жатқан жарлар қарауытып, әр нәрсеге ұқсап, көңілге қорқыныш, күдік ұялатады.

Бәрінен де Алданға жарлауыт күз қатты әсер етті, түсінен шықпай жүрген, қарқылдаған қап-қара түстен аусайшы.

Құжындар тағы да күйек алды үлііне басты. Өлгінде ғана төмендегі қарауытқан сұлба жақындай түскендей. Бұл енді оның Жұмағазы екеніне шәк келтірмеген. Бір ырғыса, ол да бұларды көрмек. Құжындар шошысын деп жел жақты алып айнала берген. Алдан кеудесін толтыра ауа қапты да, кішкентайынан құлақ сіңді құжынуілге салды. Өзінің үліімен қатар шаңқ етіп мылтық атылды. Үлгерген екен ғой. Басын көктен алмай тұрған құжынды көздеді-ау...

Ағып келеді...

Ағып келеді...

Ағып келеді...

Көз алдын тұмшалап алған қараңғылық бір сәт сертігенде, көкжиектен үш жұлдызды көрді.

Өзінің Үшарқар Таразысы.

* * *

Мамыражай жатқан ауыл дүр сілкінді:

- Айбөкен айға шауыпты. Аң қағуға шыққан Жұмағазы көріпті.

Ауыл шетіндегі жетім жертамнан жоқтау ерекше зарлы шығады.

- Тынысым-оу... Жеттік дегенде-оу... жетілдік дегенде-оу...

- Сенің айтқаның келді. Әтек болмаса да да соған жақын екен. Сылсылаға шығыпты.

- Ой-бу, менің білмесім жер астында ғой.

Басы Шаруа шал болып қонағасына жиналған шалдар айтыпты:

- Ықылым замандағы Айбөкен мерт болғалы қашан? Қан майданның бітпегені де. Болмас, болмас... Осыған көрінген ғой. Епиопы дей ме-ау, Сомәлі дей ме-ау, бір-біріне соғыс ашыпты.

Жер тамды жамбасқа алып шақырайып, Үшарқар Таразы тұр.

Баданадай, баданадай үш жұлдыз.

*Қараганды,
1976 жыл*

АҚЫР

Ісік кіргелі бұл үйдің шырайы кете бастаған. Оны іші сезеді. Облыстық онкологиялық диспансерге бұл жолы шақырмады да. Сонысына қарап өзінше тон пішеді. Осы уақытқа дейін пішкен тонында келтелік болмаған. Бұл, әрине, ақыры!..

Алдымен ауылда жатқан енесін шақырды. Оңашада көзбе-көз қалып, үш рет шүшіркелесті. Сөзінің соңында:

- Атамның аяғына қарай жерлерсіздер, - деген.

Енесі талып түскен.

Мұны көріп бәрі үрпийсіп қалған.

Құртқаның есебі алыста еді. Енесі бес уақыт намазын қаза қылған жан емес.

- Ауырлап қалсам, Иасинді оқып, дем саларсыз... - деген.

Сонан енесі тіл-ауыздан айырылды.

Әуез де өзін айналшақтап кетпейтін болған. Таңғы шай үстінде:

- Балаларды шақыр! - деген.

Бұйырып айтқандай болды. Қарсы сауал берген ешкім болмады. Қаладағы екі ұлдың екеуі де келген. Әрқайсымен жеке-жеке сөйлесті. Мүшел жасына енді іліккен қызымен де табандап тұрып үш сағат бойы есік бекітіп алды. Бақыт сіңлісімен де оңашаланған. Ең соңында Әуезбен қалған.

Бәрі де көздері қып-қызыл болып шықты. Бір-біріне қарай алсапшы.

- Күнің не болар екен менсіз? - деген Әуезге.

- Бос сөзді қой!.. - деп Әуез быж-тыж болсын.

- Ақыр!.. - деді бұл.

Бәрін осы сөз шешкен еді.

Сөйлесін сонсоң келіп. Әбден тістеніп алған. Бетінде қан-сөлі жоқ.

Әуез тіктеп бетіне қарай алмады. Бәрінен бұрын осынысы жанына батты.

- Бұл ісік мені алмай қоймайды. Қазір іш құрылысымды өзім сезбеймін. Жеп жатыр. Майымды жеп бітірді. Енді етіме көшті...

Әуездің есіне әжесінің бір әңгімесі түсе кетті. Аш адам аштық өзегіне түсіп кетпесе, бір айға шыдайды екен. Бір ай бойы әуелі майын, сонан етін жейді-мыс. Ашаршылық жылынан солай аман қалыпты.

Әуез көзі жыпылықтап, Құртқасына сескене қараған. Ал ол болса түсін берместен сөйлеп жатыр еді:

- Алардың келеріне де көп уақыт қалмаса керек. Алардың үш күні жеңіл дейді ғой. Оған шыдас берермін. Бәрімізге тиер ауыры соның алды болса керек. Бүгіннен бастап морфийінді дайында. Шама келгенше алмауға тырысармын. Молырақ алғаның жөн болар. Артылып жатса, кейін тапсырарсың. Тағы айтарым, екі ұл күрек ұстаса да көштен қалмайды. Сенен туғаны рас болса, өз жөндерін өздері табар. Ал қыздың тәрбиесі бөлек қашанда. Саған сол аманат. Ендігі айтарымды түсінген боларсың. Қыздың тәрбиесі анада деп айттым ғой. Саған да бір шүйкебас алуға тура келер. Алғанда байдан қайтқанын алмайсың. Бала тумағанын алмайсың. Қыз алам деп те әуре болма. Сен тура жесірді аласың. Алғанда үш баласы болса, тіпті қайырлы. Мен сол күдкүндесімнің баласына әке бол деп айтар ем. Сонда ғана күлкүндесім балаларымның басынан құс ұшырмайтын болады.

Әуез Құртқасына таң. Қалай-қалай сөйлейді. Әйедін жаңа танығандай. Ақылман екен-ау қосағы. Онысын бұрын да сезетін. Бүгін анық көзі жетті.

Құртқаның соңғы сөзінен селк ете түскен:

- Ортақ сәби болар жайын да ойлай отыр...

* * *

Құртқаның төсек тартып жатқанына үшінші аптаның жүзі болған. Тамағы сау. Аяқ-қолы бүтін. Алай-түлей болып жатқаны - іш құрылысы. Одан қалды басы. Шеңгелдеп қысады. Жанын көзіне көрсетеді. Сонда да шыдас беріп келеді.

Ісік ішке түскен. Қарны екіқабат әйелдердікіндей кампиып келеді. Іші сезеді. Бұл жел емес. Жел болса тырсылдап тұрар еді. Мұныкі қап-қатты. Тіпті қол батпайды. Сонысына қарап ақырының келе жатқанын пайымдайды.

Қолына дәрігер сіңлісін алдырған. Онысы байдан қайтып келген. Жазығы, бала таппаған. Әйтпесе әйел баласының бәдендісі-ақ. Әлі-ақ бағы жанады деп қояды. Сол сіңлісі бәйек болып өзін қарайды. Дәрісін береді. Инесін салады. Ара-тұра ісік шала бастаған қарнын сылайды. Бұл - кәдімгідей жұмыс. Кеш бата әлгі сіңлісі ұшып түседі. Балалар болса жас. Сонан шыдас

бермеске амалы жоқ. Ыңқылдамайды да, сыңқылдамайды да. Ернін тістеп төбеге қарап жата береді.

Байын азаматым дейтінді шығарған.

Бұлардың төсектен қалғанына да үш жылдың жүзі болып барады. Мұның дерті - қымбат дерт. Дәрісін сонау АҚШ-тан алдырып отыр. Бір құтысы он алты мың тұрады. Теңгемен. Жылына сондай сегіз құты керек. Өзірге азаматы құты үздірген жоқ. Аудандағы бірдей бір мекемені басқарады. Алатын айлығы әлгі дәрісінің ширегін ғана құрайды. Білетіндер сонысына қарап азаматын мал тапқыш деп ойлайды. Өзіне салса жол тапқыш дер еді.

Әуезінің табандылығын сыйлайды. Ойға алған ісін бітірмей бір тынбайды. Алам дей ме, алады. Берем дей ме, береді.

Өзінен жарты мүшел жас үлкендігі бар.

Бұлар көрші тұрды. Институт бітіріп келгенде бұл да оның алдынан шыққан. Ойын баласы ғой, мойнына асыла кеткен. Сонда бақытты бол деп маңдайынан өпкені күні бүгінгідей есінде. Ел оны молда бала дейтін. Шын есімі - Әуез. Ауылдағы бір қабатты жатаған мектепке орналасқан. Қатардағы мұғалім болып.

Әуез мұғалім келісімен мектептің өмірі де кілт өзгеріп сала берді. Екінгі ауа тарс жабылатын есік енді ел жатқанша жабылмайтын болды. Мектеп балаларынан домбырашылар оркестрін құрды. Сонан драма үйірмесі дегенді шығарды.

Бұл екеуінен де қалмаған.

Әуез мұғалімнің бұған деген ықыласы ерекше еді. Ел көзінше көтермелеп қоятыны бар. Сондайда өзін бақытты сезінетін.

Тоғызыншы сыныпқа ауысқанда, Әуез мұғалімдері аудандық оқу бөліміне ауысатын болды. Неге екені белгісіз, бұл оған қуанған еді. Сөйтіп жүргендерінде қараша мерекесі келіп қалған. Бұлар ауыл тұрғындарына ойын-сауық көрсететін болды.

«Қозы Көрпеш - Көрпеш Баян Сұлуды» сахнаға шығарамыз деген күннен бастап бұлардан ұйқы кетті. Шатыстырып алмайық деп мәтінді қайта-қайта пысықтайды. Баян - өзі, Қозысы оныншы сыныпта оқитын Дәурен деген оқушы еді. Оқуда алдына жан салмағанымен, денсаушылығы бола бермейтін. Қойылымға екі күн қалғанда Дәурен төсек тартсын. Сонымен, ойын қойылмайтын болған. Алайда дәл қойылатын күні үйді-

үйлерінен жинап алған. Сөйтсе, ауданнан Әуез мұғалім келіпті. Ал ол барлық рөлдерде ойнай береді. Сонымен, Қозы болып Әуез мұғалімі ойнайтын болған.

Сол күні мұғалімі білегінен ұстағанда, жүрегі дір еткен. Сол діріл ойын аяғына дейін кетпеді. Есесіне қойылым шынайы ашқты. Жиналған ел құттықтап жатты. Әуездің де қолын алып жатқандар аз емес еді.

- Құсыңды кезіктірдің бе, сирек келетін болып жүрсің ғой ауылға, - деген біреуі.

- Жасы толмай тұрғаны... - деген мұғалімі.

Бұл ойланып қалған. Қалай түсінсем деп. Сұраушы да бір сәт үнсіз қалған. Сонан барып:

- Қалыңдығың балабақшада болып жүрмесін? - деген.

Мұғалімі бірден жауап берді:

- Мектепте...

«Мектепте...мектепте... Онысы кім болды екен» деді іштей.

- Баян десе Баян! Қозы десе Қозы! Бір-біріне татып тұр, - деді жиналғандар.

Құлағына жаққаны - кейінгі сөз. «Татып тұр» деген сөзді канша ойланса да, түсіне алмай-ақ қойды. Бұл мұғалімінен сұрауды жөн көрген. Өйткені ол кісі көп біледі.

Мұғалімі ойланып ұзақ отырған. Сонан барып:

- Елдің өзі бізді қосып қойыпты ғой... Мен сені алам!.. - деді.

Құлағы қып-қызыл болып қаша жөнелген. Ол кісінің сөзінің аяғын тоспаған. Кейінде сол сөзімен мұғалімі не айтты екен деп тағы ойлансын.

Сонан бұл қашақ болсын. Мұғалімін көрсе, айналып өтеді. Көзіне түскісі жоқ. Білгені сабақ. Бас көтермей оқиды. Сахнаға шығуды қойған. Сонан кейін бұған жөні түзу Қозы табылмаған. Ойынды солайша қойып кетті.

Бұл оныншыға көшкен жылы мұғалімі районо болды. Ел іші ду ете қалды. Әлі облысқа барады деп. Бұл да қуанған.

Бұл мектепті алтынға бітірді. Онысын ауданда салтанатты жағдайда береді екен. Жеңгесі бас болып соған барған. Көріп отырды. Алтыншылардың аты-жөнін айтады. Қақ төрде отырған районошы мұғалімі орнынан тұрып, алтын медальды тапсырады. Байқағаны, аузы жыбырлайды. Не айтып жатқаны естілмейді.

- Сахнаға Ақаева Құртқа шақырылады!..

Бұл өз құлағына өзі сенбеді. Қайталағанда барып орнынан баяу көтерілген. «Медалін мұғалімінің қолынан алады екен ғой».

Мұғалімі медалін тапсырып тұрып көп нәрсе айтты. Не айтқаны жадында жоқ. Жадында қалғаны «Мен сені аламын!» деген сөзі. Анық естіді. Өткен жолғыдай құлағы тағы да қызарып сала берген.

Үйге оралғай соң кірпік айқастыра алмаған. Мұнысы қалай деп. Күні бүгінге дейін үйленбей келгеніне қарағанда, Әуездің сөзі рас сынды. Мұның жыны келсін. Өзін меншіктеп алғанына. Бірте-бірте бастығайын деді. Қарап отырса, онша Әуезді жек көрмейтін сынды. Тек тым сақа жігіт... «Жарты мүшел жас үлкен!»

Алматыны денсаушылығы көтермейтін болды. Қарағанды да ешкімнен сорлы емес. Осындағы университеттің психология факультетіне түскен.

Алайда... Құжаттарын сырттай бөлімшесіне ауыстыруға мәжбүр болған.

Ай өтпей жатып жатақхана есігін мұғалімі қаққан. Сопайып жалғыз келіпті. Кірген бетте қолын алып мойнына салған. Бұл баяғыдай тағы да дір еткен. Сонан Әуез сөйлеп берсін.

Бір сөзі бір сөзінен өтеді. Әнім дейді. Мәнім дейді. Сәнім дейді. Жаным дейді. Жүрегі тоқтап қала жаздаған. Бұған дейін өзіне ешкім де бұлайша сөйлемеген. Іштей айта берсе екен дейді. Бір кезде Әуез:

- Мен сені алып кетуге келдім!... - деген.

Түн іші елден бір-ақ шыққан. Өз үйіне түспей, көрші үйге бір-ақ түскен.

Өзіне таң. Әуездің сөзіне бір ауыз қарсы келмей еріп жүре бергеніне таң.

Апта өтпей жатып дүркіреген тойы өтті. Қалада. Бүкіл ауыл, аудан қалаға шұбырды. Бұл елде жоқ той еді. Бұған дейін ешкім де шашылып қалада той жасамапты.

Тойдан кейін бұлар қалада қалды. Әуездің сатып алған үш бөлмелі пәтері бар болып шықты. Жиһазға сықап тұр. Тағы бір таңғалғаны, өзінің суретінің төрде ілулі тұрғаны еді. Баян болып ойнаған суреті. Он алты жастағы суреті. Ал әр жағында көрінер-көрінбес болып Қозының бейнесі байқалады.

Сол Қозысының бұл дегенде шығар жаны басқа. Өзін аялап ұстайды. Өбектеп-ақ бітеді.

Обалы нешік, бұл әкесінің атын айттырмайтындай етіп балпанақтай екі ұл, бір қыз туып берді. Сол қызы мектеп табалдырығын аттаған. Енді жеттік пе дегенде, көлденеңнен осы сырқаты жабысқан. Омырау ісігі. Сонан бері бес жыл өтіпті. Бес рет операция үстеліне жатты. Балаларының ертеңін ойлайды. Өзін ойлауды таза қойған. Әлде еті өліп кеткен. Алғаш бетте осы мен ісікпен ауырмайтын шығармын деп те ойлап қалған. Өйткені өзімен алғаш операция үстеліне жатқандардың бүгінде аمانы жоқ. Бәрі де бақилыққа өткен. Алдымен қайтып қаралуға біреуі келмеген. Кейін естігендей көз жұмған. Одан кейін тағы біреуі көз жаздырған. Бесінші операцияға бірге жатқандардың өздері де жоқ бүгінде. Алайда ауыратынын біледі. Бұл - айықпайтын дерт. Бұл - өрши беретін дерт. Ісік болғанда, аталығы емес, аналығы. Ал аналықтың алып тынбай қоймайтыны және белгілі.

Бес жыл болды, жұмыста жоқ. Мал дайындау мекемесінің білдей есепшісі болатын. Анау-мынау соғымды өзі шеше беретін. Бес жылдан бері қолын ыстық суға салмай келеді. Бес жылдан бері от та жақпайды. Бәрінен бұрын Әуезге қиын тиген. Ине салуды өзі де, Әуез де үйренді. Маманы болмаған соң болмайды екен. Сіңлісі келіп көңілін бір демдеген.

Бақыт сіңлісі өзі ойлағандай осал болмай шықты.

Отты да жағады. Суды да тасиды. Тамақтың да дәмін келтіреді. Сонысын бұлдамайды да. Бұл соған тәнті. Алғаш бетте бірер жыл қолымда тұрарсың деген. Кейін онысынан айнып қалды. Бай да жоқ, бала да жоқ. Осы уақыт ішінде басқы уағданы еске де салған жоқ. Соған қарап жүре берсін деген.

Әуездің сырт шығуы көп. Қалаға кетіп бір жоғалса, ауылға кетіп апталап жүріп алатыны бар. Сондағы сенері - осы сіңлісі.

* * *

Бұл да ойланған. Құртқа кетіп қалса, орнын кім басады деп. Әуелі ойға түскені Бақыт балдызы еді. Бопайлардың балдыздарын алу дәстүрі қазақта барлығы белгілі. Алайда Құртқасы ол жөнінде жақ жазбады.

Талайының барлығы да. Құртқасының айтқаны келді де қалды. Байы өлген, бір балалы жесір жолыққан. Мұның білгені еріп келген баласына әке болу ғана. Сонысына шүкіршілік етер еді.

Құдайым бар екен деп.

Төрехан МАЙБАС

* * *

Құртқаның жылын бергенінің ертесінде Бақыт балдызы
бақилыққа озды.

- Ақыр... - деген еріксіз ол, - ақыр... Ақырға адал болу керек
екен ғой...

*Қарағанды,
14.07.2009*

АЛАР

Бүгін де ерте оянды. Керіліп-созылып жатып алмай, лып етіп сергек тұрған.

Қатар тұрған шүмектің жылысынан су жіберді. Білезіктен төмен қарай саусақ арасынан су жүгіртіп, бипаздап дәретін алды.

Басын жайнамазға тигізіп жүргеніне үшінші жылға кетіп барады. Басқасы болса болған шығар, ал бамдат намазын бүгінге дейін қаза қылған емес.

Күн жұма болғандықтан, жайнамаз басында кәдімгідей бөгеліп қалған. Ата-бабаларының рухтарына арнап дұға бағыштады. Есімдерін қадап-қадап атауға біраз уақыты кетті. Қайын жұрты мен нағашы жұртын да түгендеп шықты. Тіпті тірі отырған әкесін де аруақтар қатарына қосып жіберген екен.

Шошып кетті.

- Астағрипиалла... - десін.

Осыдан соң-ақ көңіл қошы пәс тартқан. Үйге әкеліп жүрген жұмыс қағаздарын қарамақ ойынан да тез жерінді. Шайын да асығыс-үсігіс ішті. Етігінің де аяқбауын байлар-байламастан аяғына іліп алды.

Содан аурухананы бетке алған.

Көңілі күпті еді.

Кеншілер қаласындағы онкологиялық диспансер қала шетінде орналасқан. Бұл сонда бас дәрігер болып істейді. Кеншілер қалашықтарының шаң-тозаңға байланысты қожалақ келетіні белгілі. Соған орай әу бастан мұнда тұрғын үйлер мен ғимараттар сұрғылт болып келеді. Солайынша қысы-жазы бір қалыпта тұрады, өңін бермейді.

Диспансердің сырт келбеті қалай болса, ішінде де сондай бір сұрқай тіршілік.

Мұнда ешкім де гүл шоғын ұстап келмейді.

Мұндағы жол - Қытайдағы сияқты қайтары жоқ жалғызаяқ жол.

Мұнда өз аяғымен келеді...

Шығаруын басқалар шығарады...

Келісімен ешкімді жүгіртпей, өзі есепке шығарып келген палаталарға бас сұққан.

Үш төсек жинаулы тұр екен.

«Көрмеген көшесінен жарылқасын» деп бетін сипады.

Үшеудің біреуі әкесіндей болып кеткен Әлжан ақсақал еді. Шежірені жіліктеп таратқанда аруақтанып шыға келетін бадыраң көздің өзі, қоңыр даусын нәштеп, туралап түп-тұқиянға тартқанда, бұл да бар дүниені ұмытатын. Текті бабалары бәріне марқаятын.

Әлжан ақсақалды бұл ел сияқты Әлекең демей, Әбекең деп кетті. Сол кісінің айтатыны рас болса, мұның бабаларының осалы жоқ екен. Екінші бірі батыр, не мәрт. Сол Әлжан ақсақалдың шежірелеген әңгімелерінен, аңыз-әпсаналарынан кәдімгідей күш-қайрат алатын.

Әкесі мен Әбекең екеуінің заманы бір ғана емес, нанға жаққан майларына дейін бірдей болып шықты. Жартай деген май болады екен. Тістен майда із қалатыны белгілі. Тіс тиген майды жартай дейді екен. Бұл кісілерден сондай талай жартай қалыпты.

Түйдей құрдастығы бар бұл кісілер сұраса келе жамағайын болып шықты. Өз әкесі шежіреге жоқ болғанымен, ауыл арасының жаяу әңгімесіне бапты. Не айтса да майын тамызып, бипаздап айтады. Шежіреге жоқтығы көкжетімдігінен. Жастайынан көргені балалар үйі болыпты. Қойыртпақ ішкен адамда қайбір денсаушылық болсын. Соған қарамастан шақтыға түскен. Қос өкпесін шаң қапқан.

- Қабірдің шаңы әсте ауыр болады, - деп отыратын.

Аурухананы жағалап кетпегенімен, алыстап та кете қоймаған. Жылында бір-екі рет жатып шығады.

Сол тұста бағам-қағам деген ағайын табыла қоймапты. Әкесі соны ұмыта алмайды.

Әкесін бұл көке дейді. Көкесінің сол қара қазандай өкпесін осы Әбекең жіпсітті. Ол кісі де әке жетімдігін көріпті. Қалай бірін-бірі көрді, екеуінің аузы солай жабысты да қалды.

Сол Әбекеңді осыдан тоғыз күн бұрын пышаққа жыққан. Басқа қылар қайрандары қалмаған.

Төлен - осы Әбекеңнің жорналшы баласы. Аудандық газеттің білдей редакторы. Бір басына беделі жетіп жығылады. Білмейтін бәлесі, танымайтын адамы жоқ. Шежірешілігі әкесінен де асып түскендей. Әкеңнің есімін айтқанша, тұқымынды шежірелеп те үлгереді.

Сол Төлен өзіне ақыл салған. Бұл не десін. Бәрін көріп тұрып.

«Өзің білден» аса алмаған.

Қайтып Төлен бас сұқпады. Қияс кетті. Осындағы Әліп ағайды алып келіп, әкесін көрсетті. Ол кісі ісік садасындағы екі ғұлама болса, соның бірі болатын. Операция жасауға екі жақ та келісімін берді.

Бұл да ширыққан. Ширығатын жөні бар.

Өз әкесі де осында жатыр. Тоқ ішегі қабынған. Айтпақшы, Әбекенді де алып ұрып жүрген осы тоқ ішек болатын. Шақтының шаңыжеп қойған дейді Төлен. Болса болар дейді бұл да. Өйткені өз көкесі де жер үстіне кейінде ғана шыққан.

Көкесін ойлағанда жүрегі сазып қоя береді. Бір шешімге әлі келе алмай жүр. Жанын қайтсем аман алып қалам деп амалдайды да. Ең құрығанда бір күнге.

Төлен өзіне ақыл сала келгенде, бір сұмдықтың ұшығын шығарған. Терезе алдындағы терекке қарап тұрып:

- Қыс көзі қырауда... жапырақтар өзін-өзі жеп жатыр, - деген.

Содан тағы бір күні бас сұққанда:

- Әкеміз ұзаққа бармас, - деп қойып қалған.

Бұл үндемеген. Әліптің артын баққан.

Әбекен операция жасаған күні тағы да кіріп шыққан. Сонда осы Төлен отырып-отырып:

- Тоғыз күн қалды, - деген.

Шынымен, содан бері тоғыз күн өтіпті.

Бұл да біледі. Операция небәрі бір сағатқа созылса, оның сзтілігі тоқсан пайыз. Үш сағатқа созылса, жетпіс бес пайыз. Бес сағатқа созылса, елу пайыз...

Рас, операция ауыр өтті, тоғыз сағатқа созылды. Алайда бұл тоғыз күндік ғұмыр қалды деген сөз емес қой. Бұл соған жынданады.

Отырып-отырып, телефон шалып Төленді издесін. Әкесін мәйітхананың есігінен сығалатпай, бірден Ақшатауына алып кетіпті.

«Бүгін - жұма. Шеттің қазағы оң жаққа бір қондырмай, мәйітті қара жерге бермейді. Дүйсенбі күні жамбасы жерге тиетін болды» деп іштей тон пішіп қойды.

- Топырақ салуға барармын, - деді.

Дауысын шығарып айтқанына өзі таң қалды.

Сонан өзін қолапайсыз сезініп, көп отырды. Ешкіммен де хабарласпады. Сол күйі көкесіне кіріп шықты. Барса, төсегінде шоқиып отыр. Берген сәлемін селқос алды. Бәрін біліп отыр екен. Өзіне көңіл айтты. Дауысы жер түбінен шыққандай болды.

Бұл тағы қолайсыз жағдайға қалды. Біле білсе, көңілді өзі айтуы керек еді-ау...

- Әбекеңнің жамбасы дүйсенбі күні жер иіскер... - деп бір қойды.

- Мені бәлнісіңнен шығар... Топырақ салып қайтайын... - деп және өтінсін.

Бәрін осы сөз шешті.

Әйтпесе көкесін де пышаққа жығар ма еді?!

Достың күткен сөзі осы екен. Арбакешін шақырып алып:

- Әкейді жеткізіп сал, - деген.

Бұлай дегенде өз үйін ойлаған.

Содан арбакеші жоқ. «Ақшатау кеткен болды» деді бір ойы.

Арбакешін жұмыс аяғына дейін тосты. Келді-ау, ақыры. Айтқанындай Ақшатау тартыпты. Көкесі Әлжан ақсақалдың шілдеханасын күзетемін депті. Өзіне сәлем айтыпты, «дүйсенбіде ерте шықсын» деп.

Аман болсам жетермін деген. Жете алмады.

Қолдан келгені - батасын беріп жіберді.

Сол күні облыс басқарып отырған бір дәудің баласына операция жасады. Бұл содан шыға алмады. Операция үш сағатқа созылған.

Сол дәудің баласы үш күннен кейін қайтыс болды.

Жүрегі дір ете түскен. Есіне еріксіз Төлен түскен.

Көкесі болса Әбекеңнің қазасынан кейін қайдасың Сарытерек деп ауылға бір-ақ тартқан. Содан бері ай өтті. Бөтендей әңгіме шықпай, жаны жай тапқандай болған. Әні-міне дегенше мал көкке ілігіп, Арқаның саумал ауасы есіп қоя берген. Бұл енді көкесінің денсаушылығының әзірге сыр бере қоймайтынына кәміл сенген.

Сонда да томаға-тұйық жүруінен жазбады. Әйтеуір, жүрегі қобалжиды да тұрады. Бір жаманат хабар еститін сынды. Беймезгіл қоңыраудан тіксінеді... Беймезгіл қонаққа жаутаңдай қарайды...

Бір күні жеткен хабар. Жетсін деген. Ертесіне қарамады.

Түнгі жол жеткізбейді екен. Қанша асықса да ауыл қарасын ілң қараңғылығында бір-ақ көрді. Шошайып тұрған киіз үй иормегесін жүрегі орнына түсейін деді. «Абырой жазған екен» деі қойды.

Маусым туып, сырттағы жылудың ішке кірген кезі. Көлікте отырған күйі сапаршылығына байлап, бамдат намазын оқыды.

Көлігін алыстау доғарған. Жүгіріп шыға қойған ешкім болмады. Ішінен «бұл қалай» деген де қойған. Сол беті:

- Ассалаумағалейкум!.. - деп босаға табалдырығын аттаған.

Үйдегілердің барлығы өре түре келген. Сәлем алған ешқайсы болмады.

Төрде ұзынынан төсек тартып жатқан әкесін жазбай таныған. Дағарадай болып басында біреу отыр.

- Әликмәссалам! - деген сол отырған болды.

Дір ете қалды. Таныс дауыс.

Төленнің даусы...

Бұл абдырап қалды.

Алдымен көкесіне сәлем беру керек пе еді...

Әлде Төленнің әкесіне көңіл айту керек пе еді...

Тығырықтан көкесі алып шыққан.

Ол Төленнен көз алмай жатыр еді.

Мұның көңіл айтқаны біртүрлі болып шықты. Төленге бекем бол деп тұрып, өзі жылап жіберсін. Булығып жылады, қыстығып жылады. Өзінің дәрменсіздігіне...

Содан көзі көкесіне түсіп кеткен. Нұрланып жатыр екен. Бас салып көкесінің маңдайынан иіскеді. Салалы саусақтарын сипалап біраз отырды.

Қалаға алып кетем деген.

- Ешкімді де шақырма, ешқайда да апарма, - деді көкесі.

Ентігін басқаннан кейін тағы да сөзге келген:

- Сүйегім шаршады, - деді ол, - Жаратқан өзі салған жанды өзі алайын деп жатыр...

Күн тастөбеге шыға пышаққа іліккен марқа басының сілікпесі шығып қалған. Жозыны жағалап орналасқандардың қақ ортасында көкесі отырды. Кеше ғана төсек тартып жатты деуге аузың бармайды. Малдас құрып, қашаңдағыдай еңселі отырды. Бөлек табақпен келген басты көкесі боларда-болмастан Төленге ұзатқан. Төлен болса азарда-безер болған. Бірақ көкесі қоймады.

- Бұл - әкеңнің сыбағасы...

Дастарқанға да батаны Төлен жасады.

Көкесі мағұрланып:

- Доскенім жетті ғой. Енді онсыз да қысқа күнді кешіктірмей, қайта бергенің жөн болар, Төленжан. Доскенім біреу еді, міне, сенімен екеу болып отыр. Жаным Әбекеңнен артық емес, бүгін алса да пейілмін, - деген.

- Малды біржайлы ғып келемін. Әрі кетсе бүрсүгіні қара көрсетермін, - деген Төлен ықыластана сөйлеп.

Тұрып бара жатып қоштасқан да жоқ. Артына да қарамады.

Ілескен Дос болды. Оңаша шыққанда ғана барып:

- Әкейдің аяғын бөлесе болар еді, - деп қойды.

- Неге? - деп қалды Дос.

- Алар кіріпті, - деді.

Сыбырлап айтты.

Дір ете қалды. Алар деп отырғаны - аяққа кірген ісік.

Бұл әңгімені естіген. Ауылдағы қонағасылардың бірінде. Сонда молда сұңқылдап отырған:

- Аллаһ Тағала пендесін бақилық қылар бұрын хабаршы қып аларын жібереді. Алардың үш күндік ғұмыры бар... - деп.

Бұл қараптан-қарап тұрып қитықсын. Расында да, қалай байқамаған. Аяғына ісік кірген адамның үш күннен аспайтынын бұл да білетін. Соған орай қалаға қайтпайтын болды. Айтқандай, үшінші күні көкесінің көзі жұмылды. Ыңқылдаған да жоқ, ыңшыңсыз жөнөді. Ешкімге салмақ салмай өтті. «Жақсының жаны тез шығады» деген осы екен ғой деді іштей. Олай болса, көкесінің жақсы адам болғаны ғой...

Көкесі ой-қырға хабар салып, ешкімді де жинамады. Қоштасам деп жұрт та келтірмеді. Өз ажалымен өлгенін үлкен олжа санады. Ұлына аса пейілді еді. Пышаққа жықпағаны үшін...

Айтқандай, үшінші күні Төлен де жеткен. Қонағасына деп қысыр қалған есік пен төрдей бір қулықты матап алып келіпті.

Сөйтсе, білген екен ғой...

Төлен екеуінің көрісін көріп, ел жылады.

- Операцияға жатқызуым керек еді, - деді қор-қорс етіп Дос.

- Операция жасатпауым керек еді, - деп Төлен еңкілдесін.

Осыдан кейін ол Төленнен айырылмады. Тумаса да туғанындай көрді.

Бара-бара отбасы болып араласты.

Қалай күз болады, арсалаңдап Төлен жетеді. Күздігін алып. Қалай қыс туады. Солай сәлем айтады. Соғымын сойып қойдым, алып кетсін деп.

Бір күні Төлен журналшылығын тастап кетті. Бұл қатты ренжіген. Реті келгенде сонысын бетіне басқан. Төлен сыр бермеді. Өзі басылғанда ғана:

Сенің де жұмыстан кеткенің дұрыс болар еді, - деді.

Бұл қатты ойланған. Төленнің айтып отырғаны бір жағынан дұрыс та. Жұмысы құрғыры әбден-ақ қажытып жіберген. Мұнда түскеннің тірі қайтқаны некен-саяқ.

Қашанда да еңсені езеді де тұрады. Мұның жұмысы - сондай жұмыс...

Төлен бәрібір жазуын қоймады.

Кітап жазып жатыр деген.

Әкелері жөнінде.

Аман болсын деп қояды. Кітап жазыла жатар...

Бүгін де ерте тұрған. Ниетін білдіріп, дәретін алуға кіріскен. Оң аяғын жуғанда байқады. Жалма-жан сол аяғын да жалаңаштаған. Ол да ісіп тұр екен.

Ол есіне еріксіз Төленді алды. «Алар келген екен» деп ойлады.

Байқақтап тағы бір күнді өткізді.

Жұмысынан қалмады. Еш жері ауырмайды. Өзіндегі өзгерісті ешкімге тіс жарып айтқан жоқ.

Ертесіне де жұмысына барды. Ісік тізеге шапқан екен.

«Енді бір күн қалды» деді іштей.

Төленнің даусына салып.

Ертесінде тағы да аяғын түгендеген. Ісік қара санға шапқан екен. Төленге хабар салды. Келіп қайтсын деп.

Ол қоштасып үлгермеді.

Бұл құптан кіре жүріп-ақ кеткен.

Есіне бүгінгі күннің жұма екенін түсірді. Неге екенін қайдам, жедел жәрдем шақыруды ойға да алмады.

Ел Достың өлімін әр саққа жүгіртті. Біреу жүректен кетті деді. Енді біреулері өттен кетті деп жатты.

Тағы да Төлен тосын қалып танытқан:

- Онкологиялық диспансер де бір, мәйітхана да бір. Бұлар шығарып жатады, олар қабылдап жатады. Мұндағылардың да,

ондағылардың да еттері өліп кеткен. Қайта жанын бұл күнге дейін сүйретіп келді де... Дұрыс бол-де... Жанын қинамай...

Төленнің осы сөзінің жаны бар сияқты.

Аяғына ісік кіргені бір жаратқанның бой жазуға берген уақыты екен-ау. Әйтпесе Достың кейінгі екі-үш жылда етінің ауырғаны болмапты. Анда-санда тісі құрғыры сырқырап, жанын көзіне көрсететін. Ол да сап тыйылған. Шамасы, мұның тәні өліп кеткен екен-ау...

Диспансерге жұмысқа кірген күні.

Осыдан отыз жыл бұрын.

- Қу жаны жүріпті-ау... - деді қонағасына жиналған жұрт.

Ақадыр,
25.12.1998

БЕЛГІМАЛ

Бұл өгей әкені ғана білетін.

Мұның түсінігінде өгей деген - тумаған деген сөз. Олардың асыранды балаларын сабап, құлынша жұмсайтындарын көрген. Содан оларды жарата қоймайды.

Өз әкесі туғанынан.

Тумағаны атасы...

Демек, мұның өгей атасы бар....

Ойын баласы болғандықтан ба, оны өгей деп білемпті. Аула балалары бірін-бірі қыжыртқанда, неше түрлі кемсік сөздерді тауып алатын. Солардың бірде-біреуінің аузынан «сенің атаң өгей» деген сөзді естілемпті.

Осыған қарап, бәлкім, атам өгей емес шығар деп те ойлайды...

Атасының өгей екендігін мектеп табалдырығын аттағанда бір - ақ білді.

Мұның атасы тумаған екен.

Мұның атасы өгей екен...

Атасының есімі - Әбжан. Ортадан жоғары бойы бар. Шоқша сақалы өзіне жарасып тұрады. Құсқұйрық мұрты да сыртқа Теппейді. Өмірінде біреуге ұрыспақ тұрсын, жекігенін көрген емес. Қашанда ат үстінде жүреді. Соған қарап, атам осы атматымен туған шығар деп те ойлайды.

Бұрын не істегенінен хабары жоқ. Білетіні, жекеше мал бағады. Баққанда жылқысын, сиырын, қой-ешкісін қосып жаяды.

Атасы туған болғанда, тек есімі Әбжанов болады екен. Ал Мұғалім мұның тек есімін журналына Майлин деп жазып алды.

Осыдан кейін атасының өгей екендігіне бойсұнды.

Майлы атасын, әрине, көрген жоқ. Сонау отызыншы жылдары өмір сүріпті, елдің айтуынша, еті ширақ болыпты, бір ауылды асырайтын қауқары болған дейді. Халық жауы ретінде ұсталып, атылыпты.

Өгей деп отырған Әбжан атасы да оншалықты алыс болмай шықты. Қан жағынан. Туған атасымен шөбере болып келеді екен. Қазақтың әмеңгерлік салтымен жесір қалған әжесін алыпты.

Ел атасын Әбеке дейді, ал өз әкесі Әбжан атасын қашанда әке дейді.

Бұл мектеп есігін ашқан жылы әжесі дүниеден озды. Қылтамақ еді. Кейінгі уақытта таза ас-судан қалған. Ат айтып, көрінбеген дәрігері қалмады. Сонан ауылдағы бақсы-балгерлерді жағалаған. Олар жыланның басын жұтуды қосқан.

Ауылдың іргесінде Әулиешоқы деген тау бар. Таудан гөрі атауында тұрғандай шоқыға жақын, төбеден биік аралық тау.

Кезінде онда ордалы жылан індепті. Арқадан арқар ауған жылдардың бірінде көшіп келген-мыс. Ел осы шоқыға жақын қонбай, айналып барып көштік жерден үй тігеді екен. Соның өзінде кереге көздерінде өріп жүреді дейді. Алайда осы өңірде жылан шағып, адам уланып өлді деген жаманат хабар шықпапты. Соған қарап, бәлкім, олар ұсыз жыландар шығар деп те ойлайды.

Бір күні мұнда кен іздеп геологтар келіпті. Іздеген алтындары әлгі жыландар індеген Әулиешоқыдан шығыпты. Алғаш өрт қойыпты. Сонда да жыландар кетпей қойыпты. Соңынан тікұшақпен сорып алыпты. Не керек, әйтеуір сол шоқыны жыланнан тазартыпты.

Дегенмен жылан атаулы құрып кеткен жоқ.

Қырсық шалғанда, әжесіне қажеттісі сужыланы екен. Ол болса Қарасуда болады дейді. Қарасу болса ауылдан кем дегенде жиырма шақырым жерде.

Інісі Асан екеуі су жағалауынан талай рет жылан ұстап әкелген. Атасы соның бәрін жоққа шығарған. Сужыланның көзі төбесінде болады дейді. Не керек, сондай жыланды тапқан.

Әжесі қайратты адам еді. Жасы алпысқа келді деп айта алмайсың. Жүгіргенде өздерін басып озады. Бұзау, құлын тартуға ешкімді де шақырмайды, өзі сауа береді. Биені де өзі байлап, өзі ағытып жатады.

Түйір дән өтпей қалғанда, қаймаққа малдырып қамшы салдырған. Лақылдап құсқанда бір тегене қара қан аралас құсық шыққан. Ел жағасын ұстаған.

Біреулер енді жақсы болып кетеді деді.

Біреулер іштегі жара қотырланбай, жанын қинайды-ау деп күдік қосты.

Содан әжесі дәм сызбай бір жеті жатты.

Аптығына да шыдады, шөліне де сыр бермеді.

Біреулер аштық енді тері асты майын жейді деді.

Біреулер шөл бұлшық етті жейді деді.

Алайда әжесі өңін бермеді.

Ол кісі пірадар адам еді. Төсек тартып жатып та намазын қаза қылмай жүрді.

Осыдан кейін біраз уақыт бақаны қорек етті. Бақа болғанда көл бақасы. Қотыркөл деген жайдақ көл бар. Соның бақасы.

Бақа аулауға әкесімен бірге өзі де барады. Бір сапарында жүз шақтысын бір-ақ аулап әкеледі. Оларды саумал құйылған жанторсықта сақтайды.

Екінті ауғанда торсық пісіледі. Шайқап-шайқап жіберіп, тобаруын тосады. Соңынан аузын ашады. Бақаның қайсысы секіріп шықса, сонысын қаймаққа малып, басын жұтқызып жібереді.

Үлкендердің айтуынша, бас әрі қарай өзі кетеді дейді.

Кейінде ол да өтпей қалды.

Сужылан аулауға сонан кейін шыққан. Оның да басын Қаймаққа малып жұтқызады. Оның қоректігі бақаға қарағанда әлдеқайда қуатты болса керек. Өйткені әжесі кейінде кәдімгідей ширап, үй іші істеріне араласа бастаған.

Тағы бір аптадан кейін өңеш тарс жабылған. Әрі қарай ештеңе де өтпейтін болған. Қоюы да, сұйығы да. Аз-аздап құсық келеді. Қап-қара... кесек-кесек...

Атасы мен әкесі сыбырласып жатады. Сөздеріне қарағанда, іріп түсіп жатқан кесектер ет емес, бауыры болса керек.

- Бәлкім, жыланның бас еті шығар, - деп күмілжиді әкесі.

- Бәлкім, бақаның бас еті шығар, - дейді атасы.

«Болса болар» дейді бұл да іштей.

Өйткені әжесінің іш дәреті жоқ.

Ішкен ауқаты жоқ, қайтып іш дәреті болсын деп өз ойын бекіте түседі.

Сөйткен әжесі қыркүйек асырып барып көз жұмған.

Бәрі сықтап жылаған. Алайда бәрінен көп көз жасын сыққан атасы болды. Көзінің жасы кәдімгідей сақалын жуып отырды. Жұма сайын атасы мен өз үйлері аткөпір болып жатады. Әжелеріне арнап дұға оқылады. Алғаш елді шақырып әлек болған. Кейін үйреністі. Шақыртпай келетінді шығарды.

Бірте-бірте бәрі де ұмытылайын деген.

Атасы солай соқа басы сопиып ай жүрді. Төрт ай өткенде әже кіргізді. Мұның бұрынды-соңды көрмеген адамы. Шылаушын кигені болмаса, жаңа әжесі өзіне жастау көрінген. Шылаушыны әжесін еске түсіретін болғандықтан ба, ол үйге бұрынғысынша барып жүрді. Қолдан келіп жатқан шаруаларын айтқызбай атқарып тастайтын.

Уақыт өте келе әжесінің мінезі өзгере бастады. Қайда барса да атасын сыйғызбай қойды. Сонда да атасы сыр бермейтін. Атына мініп алып, жекешелердің малын алдына салып кете баратын.

Күндердің күнінде үлкен үйде беймәлім ағайлар мен апайлар пайда бола бастады. Кейін білсе, жаңа әжесінің балалары екен.

Атасы оған да кейімеді. Алайда бұрынғыдай араластық-қораластық бәсеңсіді. Өзі де шақырмайынша, үлкен үйге аяқ баспайтын болып алған. Сөйте-сөйте бұлар үлкен үйге барудан тыйылған. Екі үйді жалғап тұрған атасы ғана. Сол кісінің ғана келісі үзілмейді.

Бұл төртінші сыныпқа барған жылы ұмытылмайтын бір оқиға болды.

Таң алагеуімінен сабаққа барып келсе, үйде әдеттегідей атасы отыр екен. Сәлем салып, төртгі үйге озып, шешініп келген. Әңгімелеріне құлақ салса - қолқа...

- Мынау Ақтоғайға екі аяқты тырылдағыңмен барып келейік, - дейді атасы.

Неге екені белгісіз, әкесі жауапсыз отырды.

Біраздан кейін барып дүңк еткізді:

- Бұл сапардан абыройсыз қайтамыз, - деп.

Мұның жүрегі шаншып кетті. Өз әкесі болса ғой, жүгіріп кетер еді деп ойлады. Басқалар үшін өгей болса өгей болар, ал бұл үшін туған. Өгей әке, өгей шеше деген болады. Ал өгей ата, өгей әже деген болмайды...

- Жұмысыңнан қалма, онда өзім бара беремін де, - деді атасы дауысын бәсеңдетіп.

Әкесі тағы да үнсіз қалған.

- Мен барам! - деген бұл.

Бәрін өзінің осы сөзі шешті.

Әкесі ауысымынан босасымен, бұлар екіаяқпен үшеу болып Ақтоғайға тартқан. Сайын даланың самалына беттерін өптіріп, сүт пісірім уақытта жетіп барған. Атасының Қайша есімді бір қызы ертеректе осында тұрмысқа шыққан екен. Бұлар ат басын

сол үйге тіреген. Бірінші күні ешкім де қысыр әңгімеге бармады. Әңгіменің көкесі ертеңінде басталды.

Қайша тәтесінің үйіне көп адам жиналды.

Ет желініп, бата жасалғаннан кейін атасы күніреніп берсін:

- Бұл сапар құдалық жолмен емес, құда жұрттық жолмен келіп отырмын. Бала мен немере ерткен жолдың ақжолтайы болады. Соның абыройын пашпайық деп ат басын осы ауылға тіреп отырмыз. Күндердің күнінде қалай болады деп ақыреттік малымды белгілеп едім. Сол малым осыдан үш жыл бұрын қолды болған еді. Ізі осы ауылдан шыққан...

Әңгіме төркіні енді түсінікті болды. Шынында да, осыдан үш жыл бұрын атасының есік пен төрдей аты жоғалып кеткен. Табылмай қойған соң қасқыр тартып кеткен шығар деп қойған. Сөйтсе, ізі осы ауылдан шыққан екен ғой. Атасының айтуынша, сол жылқысын іздеп осы ауылға үш рет ат ізін салыпты. Бәсе, кей-кейде атасының үш-төрт күнге жоғалып кететіні болатын.

Өгей әжесі быжылдап жатқанда, әкесі:

- Жоқшы ғой... - деп сабырға шақыратын.

Алайда атасы жоқ іздеуін қоймады. Әуелі ауылды жағалатып көрген. Одан көрші ауылға ауысқан. Одан көрші ауданға да жеткен.

- Аудан аралап жоқ іздеген не сұмдық? - деп әкесі быж-тыж болған.

- Белгімал ғой, - атасы күмілжіген.

Атасы айтса, сол малы табылып отыр.

Алқа-қотан отырған жұрт:

- Түстеңіздер! - деген.

- Түстесем, осы ауылдағы қайың бел шұбар менің ақ адал белгімалым болады! - деді атасы.

Ел шу ете қалды.

- Мүмкін емес! - деді отырғандар.

- Көз алдымызда жүрген мал! - деді олар.

Мал келтірілді. Енді жыға алсайшы. Сонда атасы білегін түрінген. Сабырға шақырған әкесін де тыңдамаған. Сол беті орнында тұра алмай тұрған малды құйрықтан айналдыра тартып, шөкесінен түсірді.

Енді не істер екен деп бұл да аңысын аңдыған.

Атасы тізелеп отырған күйі аспай-саспай жанқалтасынан бәкісін шығарды. Орамалдың орауын жазып көзәйнегін алды.

Сол бойы шұбардың құйрығын көтермек болды. Алайда жаны бар құйрық қайтып бір орында тұрсын.

- Біреуің келші, - деген атасы.

Лып етіп өзі жүгіріп барған. Құйрыққа ие болатындай күш бар ғой. Атасы сол асықпаған күйі шұбардың құйрық шыбығын тіле бастады. Көзәйнегін киіп, мыж-мыж болған салапан қапшықты алып шықты, оның орауын жазып бір жапырақ қағазды жоғары көтерді.

- Оқышы, айнама! - деген.

Бұл ежіктеп тұрып оқып берді:

- Керней Түйте Әбжанның белгімалы! 1966 жыл. Ақшатау...

Бұл айқайлап жіберді.

Бәрін көріп тұрған ел көздерімен жер шұқыды.

Одан кейінгі әңгіме шорт кесілді. Қайтып белгімал жөнінде ешкім де жақ ашпады.

Қайтып қазан көтерілді.

Әкесі сол бойы жүріп кетті. Атасы екеуі кешкілік шығатын болды. Міне, қызық.

- Мынау үстіңізге жапқанымыз, - деп төгілтіп атасының аяқ астына қасқыр ішік тастады.

- Мынау айбанамыз, - деп атқа мінгескен екеуіне бір ерттелген тай жетектеп келді.

Бұл тайға ауысып мінді.

Ауылға таң ата жеткен. Осыдан кейін-ақ атасының денсаушылығы кете бастады. Шу асауды шөкесінен түсірмек тұрсын, атқа өздігінен мінуден де қалды.

Көп ұзамай елді әуре-сарсаңға салмай көз жұмды.

Белгімалы өзіне бұйырды.

Жаназасын шығаруға шақырылған молда айтты:

- Ақырет күніне асыққан екен, - деп.

Бұл сөз өзіне де, әкесіне де жақпады.

Әкесі алакөзденіп молдаға қарады.

Од қипыжықтап әуелгі сөзін түзеген болды:

- Белгімалын тосып жүр екен ғой, - деп.

Әкесі үндемеді. Молда сасайын деді.

- Белгімалдың іздете тұрғаны да абзал еді, - деп қосып қойды.

- Абзад еді... абзал еді... - деп шуласты мүриттері.

Қарағанды,
24.02.2009

БЫЛЖЫР

Ел ол кісіні Тоқаң дейді.

Не үлкені, не кішісі ол кісіні азан шақырып қойған атымен
атамайды.

Тоқтыбек деп...

* * *

Бұл - бір атаусыз күй.

Алқаракөк аспанда көшкін бұлт жүйткіп барады. Зеңгір
аспанда ақшулан бұлттың аламаны өтіп жатқандай. Кенет
Жарқ-жарқ етіп нажағай оты көрінді де, келер сәт жер-көкті мың
сан тұяқтың сатыры жауып кетті. Жылқы көшіп бара жатыр еді.
Көкте...

Түйдек-түйдек түйілген жабағы бұлт сетінеп, жер бауырлай
бастаған. Сол бауырлаған бұлттың бауырынан бір тамшы үзіліп
түсті...

Баданадай тамшы...

Сонсоң тағы бір тамшы...

Сонсоң тағы бір тамшы...

Тамшыға тамшы қосылып, бірін-бірі жұтып жатыр. Бұрын-
ғылар өмірзая деп осындайдан кейін айтады екен ғой. Бар нәрсе
жоғалып жатыр. Баянсыз болып...

Былырап бастаған сарын еді, шамырқанып барып дың ете
қалды.

Күйші сұлқ түсті.

Алғаш бетте қу тақтайдың шегі үзіліп кеткен ғой деп ойлаған.
Жоқ, үзілмеptі. Соған сенбегендей шекті сипалап отыр.

Ішегі аман. Сонда үзілгені не?

Қу тақтайын айналдырып біраз отырды. Қайтып қол созбады.

Өзінің кіндігінен өрбіген үш ұл, он шақты немереден жалғасы
табылмады.

Қолындағы ғұмырлық серігіне тағы да үңілсін.

Қу тақтай болып қалғаны да. Домбыра еді...

Ешкімнің қолына ұстатпаған кәделісі еді.

Бұл Жолай күйші болатын...

Қанды жорықта осынау қу тақтайды жастанып жатар еді.
Ондай жорықтың талайын бастан өткізген. Ұлытау асып, Кіші
жүзге өтер еді, Бетпақты кесіп, Алатауға шығар еді.

Сол сүргіндердегі серігі осы қу тақтайы болатын.
Сол серігімен айрылысқысы бар.
Амалсыздан.

Кәделі нәрсе қашанда биікте тұруы керек. Арсаң дүниеде қолына тиген дойырдан оң қолының саусақтарының басы бірікпей одан әрі тарбия түскен. Қу тақтайға бір қарап, саусағына бір қарап, баяу орнынан көтерілген. Сол теріс тұрған бойы, қу тақтайын басына көтерген күйі қалағын жоғары қаратып тас мүсін болып қалсын. Үйде Баймамыр немересі отырған-ды. Орнынан атып тұрып, атасының қолынан қастерлі домбыраны алып, соншама бір ыждағаттылықпен уық арасынан өткен шауға ілсін.

- Алақанын аудара сал...

Бұл Баймамырдың күтпеген әңгімесі еді.

Өз сөзінен Жолай күйшінің өзі де селк ете түсті. Сонсоң бір-біріне бажырая қарасын. Атасы көзін тайдырмады.

Келер сәт екеуі де үнсіз қалсын.

Немерелері арасынан сарынға осы Баймамыры жақын. Алайда сарын жамыратуға жоқ. Сарынды қайталауға бар. Басқа немерелері де құр тыңқылдан әріге бармай тұр.

- «Көкейкестіге» тартып тұр... - деді Баймамыр атасының қай жағынан шығарын білмей.

- Былжырап... - деп қосып қойды атасы.

- Сарыны соншама жер тартқандай... екен...

Күйші немересіне жалт қараған.

Оның шөгел қарасына төзу мүмкін емес еді. Баймамыр есіктен ата жөнелген.

-Былжыр... Былжыр...

Күйші ұзақ отырды.

Ақшам жамырай құлағына бір сарын келген.

- Беу, мынау таныс сарын ғой!..

Бұл Баймамыр болатын. Алты қырдың астындағы отау үйінен аңыратсын келіп. Атасы Жолайдың «Былжырын».

- Тыштым... - деген күйші.

Ертеңінде-ақ ел ішінде әңгіме ду ете түссін.

- Жолай батыр қу тақтайын шауға іліпті... - деп.

— Шауға мына әлтекелер жауырын іледі деп естуші едік... — деп тағы біреуі күмілжісін.

Қалай дегенде осыдан кейін Жолай батыр қайтып жорыққа шықпады.

Қалай дегенде осыдан кейін Жолай күйші қайтып қолына қу тақтайын алмады.

Бірақ Жолай батырдың, Жолай күйшінің барлығы әманда білініп тұратын, сезіліп тұратын.

Жолайды көрген ел есіне бес қаруын түсірер еді.

Жолайды көрген ел жер тартқан сарынды аңсар еді.

Ай артынан ай ауып, ел Жолай күйшінің жаңа тірлігіне де бой үйрете бастаған. Кескен томардай отырысы ешуақытта өзгермейтін болған. Ұйықтап отырғаны да, ой қуып отырғаны да белгісіз, әйтеуір, бір жұмбақ отырыс. Кереге көздерін жалаңаштап қойып, осы отырысынан бір танбайды.

Тоқсанға кірген жасында қашанғы қаздып отыра берсін. Біресе Дәрімбай баласының, біресе Қойшыбай баласының ауылын шаңдатып қайтады. Тіршіліктерін көреді. Сарымбай баласының ауылын сонсоң бетке алар еді. Өйтетіні, онда Баймамыр немересі бар. Ыңылдап отырады. «Былжырды». Қай-бір ұмытып қалған сарынын сөйтіп еске түсіреді.

Бүгінде солайынша Сарымбай баласының ауылын көздеген. Бірақ Қойшыбай ауылынан қайтты. Үйде бір нәрсесі ұмыт қалғандай. Асықсын келіп, асықтырсын алапат бір тылсым күш.

Жолда ақбоз мінген секер көрінсін. Бұл атты қарсы салды. Келе шаужайына жармассын.

- Қона кет!.. - деп.

- Асық, отыңа асық!.. - десін әлгі жолаушы.

- Ныспыңды айта кет, - деген бұл.

- Тоқтыбек... — деп көзден ғайып болған.

Ентелеп келіп үйге бас сұқсын. Көзге бірден түскені, шауда ілініп тұрған қалақбасы еді. Болды, біткені осы. Баяғы томар отырысына ыңғайлана берген. Сол кезде қу тақтайы дың ете қалсын. Бұл еріксіз көзін жерден көтеріп, қалақбасына қараған. О, құдірет, домбыра алақанына аударылып түсіпті.

Құйылсын келіп өксік сарын...

- Сүйінші, сүйінші!..

Шобыр мінген баланың Мағыжан екенін жазбай таныған. Дәрімбайдан туған немересі.

- Баймамыр көкем кішкентайлы болды, - деп қояды.

Бұл атырапта біз ұстарларға сүйінші сұрамайды.

Тоқтыбек... Манағы беймәлім жолаушы көз алдында көлбеңдеп тұрып алсын. Сол бойы Мағыжанды алдыға алып, жаман шобырмен Баймамыр ауылына жеткен. Отау үйге кіре майқоңыр жылбысқының құлағына үш рет айқайласын.

- Тоқтыбек!.. Тоқтыбек!.. Тоқтыбек!..

О, ғажап! Жылбысқы үілдеп жатыр еді. Үіл емес еді бұл. Анық естіді. Былжыр сарынын.

* * *

Тоқтыбекті солайынша Жолай бабасы ғана Тоқтыбек деп атаған. Қалғандары Тоқаңнан аса алмаған.

Сол Тоқаң өсе келе дәулескер күйші болды. Бабасының қалақбасын қолына алса болды, «Былжыры» елді бусандырып беретін. Сонан қоғамдасқан заман келген. Бәрі ортақ болды. Бабасының қалақ домбырасы да ортаға түскен. Кейін бөлшектері келді де, тыңқылдақтарын тартып алып отқа жаққан. Одан кейін келген қызылдары да қу тақтай ұстағандарды оңдырмады. Рысқұлбек күйшіні он жыл арқалатып, итжеккенге айдап жіберген. Қараның Аманы сол итжеккеннен діңгене болып оралды. Ал өзінің он саусағын төс пен балғаның ортасына салған.

Сонан домбыра көрсе үркектеп тұратын. Алайда «Былжыр» сарынынан кете алмаған.

Оңаша қалған сәттерінде үйді астам сарын жайлар еді.

Бұл «Былжыр» болатын.

- Өзі ойнап жатыр, - дер еді көзіндегі мөлт жасты жеңімен сүртіп.

*Қарағанды,
16.10.2010*

БІЛӘЛ

- Аллауәкбар! Аллауәкбар!..
Азанды алғаш болып Біләл зәңгі шақырыпты...

* * *

Шақар орда бұзар жасына іліккенде мектеп директорлығының орынтағына отыра қалам деп ойламағанды. Келген жері тамырластық жағынан індеткенде, қайын жұртына есеп. Басқа тамыр-таныстан, ағайын-жамағайыннан жұрдай. Осы қайын жұртына тастай батып, судай сіңіп отырған жайы бар.

Бұл қатардағы мұғалім болып келген. Жолдамамен.

Нәпақа айырар жері солайынша қайын жұртынан бұйырды. Бұл жақ күйеу балаларын шерідейін төбеге көтереді екен. Қайын жұртының шүкіршілігін көріп, бұл да тоқ.

Обалы нешік, пәнін жетік білді. Аты-жөні баяндамалардан түспейтін дәрегейге жеткен.

Оның осылай өшпей де, өспей де жүре беруі әбден мүмкін еді. Әр нәрсенің себебі бар ғой. Бәлкім, өзі себеп болып жүретін шығар. Әйтеуір, Шақардың заманы туды да қалды.

Дау-дамайлы демократия заманы келіп, тарихшылардың да тасы алшысынан түскен. Шақар тарихшы еді. Кезінде партия кадрының тарихшылардан іріктелгені белгілі. Әкесі соған сеніп, тарих оқуына күштегендей қылып берген. Алайда заман өзгеріп, тарихшылар алақапшық арқалап кете барған. Басқа басқа, Шақар мамандығын сата алмаған.

Әлеуеті тұлдыр елдің тарихы да тұлдыр білем. Тәуелсізбіз деп бөркін аспанға атқан қазақ елінің ақтаңдақтары шашынан да көп болып шықты. Ел сол олқылықтың орнын толтыра алмай тыраштанды. Ерінбегеннің бәрі қалам ұстады. Жазды-ай сонан кейін есіп. Оңды, солды, барды, жоқты. Ауыл ішінің бврымтасына жарамағандар дулығалы батыр, қамшылы би болып төрге өңмендеді. Қой соңынан сүмендегендердің сорлысы байшыкеш екен. Бәріміздің түбіміз бір деп жүрген қазекен Шіріндідейін бір-бірінен ажырай бастады. Әуелі қожалары Шықты. Біз қазақ емеспіз деп. Одан кейін сунағы оған еншілес бола кетті. Төлеңгіт дегендері біз төре тұқымынанбыз деп айды аспаннан бір-ақ шығарды. Қаракесек дегендері өздерін қазақ-

тың санатына қоспақ тұрсын, қағанатпыз деп төсін ұрып отыр. Бізден Пайғамбардан басқасының бәрі шыққан деп күпсінеді. Қарқаралы деп ордасын да бекітіп алған. Басқаларының да қазақ болғысы жоқ.

Елдің қазақ болғысы жоқ еді. Жасының да, кәрісінің де. Қарасының да, төресінің де. Содан барып ел атауы да қожыран кете барған.

Шақар елге осы тұста танылды. Ол керісінше елді қазақ болуға шақырды. Алтау алалықты қояйық, төртеу түгел болайық деді. Қарымызға қарай сынайық, қанымызға қарай тартайық деп көсілсін. Алашымыздың алтау екендігін ұмытпайық, Сарытаудың сары даласынан сая таппай жүрген ноғайлардың кешегі Ер Ноғайдың ұрпақтары екендігін жадыдан шығармайық, келіп жатса төсімізді ашайық деп тағы бір аунап түскен. Бұрынсоңды мұндай сөзді естімеген, алайда естігісі келетін жұрт тік тұрып шапалақ ұрған. Сонан былай қалай жиын, солай Шақар сөйлейтін болған. Сөйлегенде кәдімгідей арқаланып кетеді. Елбасының айтатын сөздерін айтады.

Елді өзіне аударып алғандығын Шақар да пайымдаған. Артық кетпейді. Ығына жығылып сөйлейді. Елге керегі сол. Түк бермесең де көптің жағында болсаң, болып жатыр. Бәрі орнына келеді.

Ауылда күнде жиын, аткөпір болады да жатады.

- Аралас мектепті аластайық! - деп ұрандады бұл бір күні.

Дегені болды. Көп ұзамай айналдырған үш мектептің екеуі қазақша болды. Оқушы саны толмайды дегендері бос сөз болып шықты. Аузы-мұрнынан шығып отыр. Соның барлығында Шақардың үлесі бар.

- Көшелерді қазақшалайық! - деді тағы бір күні.

Айтты - болды. Кемпір-шалға дейін көшеге шығып кетті. Көше-көше сайын жиналыс ашылды. Жедел хаттамалары жасалды. Айналдырған үш айдың ішінде ауылдың өзгермеген көшесі қалмады.

Тоқсан төрттің күзінде сайлау деген шықты. Баламалы негізде. Бір ауданға үш мандаттан беріледі екен. Құласаң құла деп ауданды аттап, бірден облыстығының жалына жармасқан. Анау-мынау емес, жесісіп жеті адам түссін. Өңкей ығай мен сығай. Кемі өзі болар. Ішінде облыста дәу қызметтің құлағын

ұстаған біреуі жүрді. Аудан болып тосып алып, шығарып салып жатқаны соны. Бұған бәрібір еді. Өтем деп ойлаған жоқ. Өзгелерге ой салайын деп түскен.

Сонан басталған. Екі адамның басын қосып жиналыс өткізу деген. Онда әлі қатардағы мұғалім болатын. Жабысып қалатындай қызмет емес қой.

Опыр-топыр жиындар жер-жерде көбейді. Біреуіне үлгерсе, екіншісіне үлгермейді. Басында қалыс қалған директоры кейінде қалатындай болды. Заврайононың өзі де келіп кеткен.

- Сенің орның мектеп, кейін кандидатуранды аласың ғой, - деген.

Заврайоно сөзі бұған жақты. Бұл шынымен өз орнын мектеп деп білетін.

Сонан не керек, бір жиында әлгі дәудің өзімен тоқайласқан. Ыңыранып қалған біреу екен. Әзер, ерініп, есінеп сөйлейді. Тұрған тұрысында, сөйлеген сөзінде мен болам деген, мен өтем деген дөңайбат жатыр еді.

Бұл одан ықпады. Айтарын ірікпеді. Қалай дегенде тарихшы емес пе, не айту керектігін біледі. Бұл әлгі дәудей, ешқандай да уәде бермеді. Есесіне елдің қасуға қолы жетпей отырған қотырын мипаздап тұрып қасып берді.

- Туған екен, - деді біреуі.

- Біз саған дауыс береміз, тарихшы, - деді екіншісі.

Сол күннен бастап мұның өмірінде құрт өзгеріс басталды. Тамыз кеңесінің алдында районоға шақыртты. Сол бетте аудандық партия комитеті хатшысының алдынан бір-ақ шықсын. Заврайоно мұны мақтап-ақ берсін. Қолды-аяғын жерге тигізбеді. Жас кадрды көтерейік дейді. Зав шын айтса, отызға толмаған директорлар аудан тұрсын облыста да жоқ көрінеді. Бұл соған кәдімгідей өсіп қалды. Қолма-қол бұйрық шығып, үйге мектеп директоры болып оралды. Мұның директорлығына ауыл тұрсын қойнындағы қосағының өзі әзер сенген.

Сонан бұл мектебімен болып кетті. Жөндеуі дегендейін. Көмір, ағаш түсіру дегендейін. Сайлауға бұрылуға мұршасы болмай қалған. Зав сұраған соң кандидатурасын да алып тастаған.

Кешінде біреу үйіне қоңырау шалды. Ыңыранып қалған дауысынан оны жазбай таныды.

Сол баяғы ыңыраныс.

- Кандидатуранды жай алмай, менің пайдама шығар, - деді.

Бұл сонда барып бәрін түсінді.

Сол-ақ екен, жаңа қызметінің нарқы бәсеңсіді де қалды.

Бірақ бәрі де кеш еді.

Сонымен, директор болып жүріп жатты. Ал әлгі дәу болса, депутат болып сайланды. Әуірімдеп өтті. Жалғыз түсті. Бұл, шынында, мықтының өзі болып шықты. Қалған бесеуін де жарылқап тастады. Біреуінің жұмысы өзгерсе, екіншісі ауданға қарай жоғарылады, үшіншісі көлік жаңартты.

Бірақ енді ел Шақардың ығында жүрді. Ел оны қонаққа шақыра бастады. Той-томалақтан қалмайтын болды. Бара қалса сөйлемей қайтпайды.

Жаңа жұмысы қолайына жақты. Елмен емін-еркін араласуға мүмкіндік алды.

Ең бастысы, ел өзіне сенді. Ақыл салатындар көбейді. Мұның түйсігі бұл жолы да алдамады.

Ауылдың ақсақал, көксақалын жиып алып, мешіт ашайық десін. Ел құлап түсті. Сонан мешіт іздесін. Оны салатындай ауылдан қаржы қайдан табылсын. Бары - ғимараттар. Бос емес, алайда босатуға болады. Ауданның бірінші хатшысы орыс болатын. Оған керегі ел тыныштығы еді. Сондықтан ел меселін ол да қайтара қоймады. Дұрысы, қайтара алмады. Сол жиынға біріншінің өзі де қатысып отырған.

- Дайын мешіт жоқ. Оны салуға ауданның күші де жоқ. Барын базарлайық, - деді бұл.

- Дұрысы, мәдениет үйін мешіт қылған, - деп екінші біреуі шықсын.

- Ауатком үйі қолайлы сияқты, - деп тағы біреуі шықты.

Осы сөз бәрін шешті. Бірінші аупартком үйін сұрамай тұрғанда, сұрап тұрғандарын бере салайын десе керек. Бұларды қолдап шықты.

Сонан басталсын. Бүкілхалықтық құрылыс. Ел бәрін мешітке тасыды. Айналдырған үш айдың ішінде құрылыс бітіп те тынды. Кәдімгідей айшығына алтын жалатылған, көгілдір күмбезді мешіт болды да қалды.

Тұсаукесер деген бүгін ғана шыққан жоқ. Ол сол кездің өзінде бар-тын. Мешіттің тұсаукесеріне келген халық ырғын болды.

Облыс орталығынан бас имам жетті. Көрші аудандардың да имамдары бұл жиыннан сырт қала алмады.

Бірінен бірі асып сөйлейді. Алайда солардың ешқайсы да Шақардан асып түсе алмады. Бұл да сөйледі. Өзін кішірейтіп, өзгелерді көтермелеп көсілсін бір.

- Көзіміз жұмылғанша сауап жинайық, жамағат! - деп бетін сипасын бұл.

Елге бұл сөз жаққан. Аузында Алласы бар ауылдың ақсақалдары басын қосып, өздерінің молдасын сайлап та алған болатын. Сексеннің үстіне шыққан, қақ-соқпен жұмысы жоқ Дәуіт деген қария бар еді. Бұлар соны ыңғайлаған. Облыстың бас имамы соны естіртуге ел алдына шыққан.

Алайда ел есінен ауысқан еді.

- Бас имам Шақар болсын!.. - деп айқай салған біреуі. Сол-ақ екен, ел мұның атын атап отырып алды.

Не айтасың дегендей бірінші бұған қараған.

Облыстың бас имамы да:

- Көптің сөзі - нақтың сөзі! - деп қолдау көрсеткен.

Бұл болам деп те, болмаймын деп те айта алмады...

Ертеңінде мешітте таң алагеуімінде бірінші рет азан шақырылды.

Құлаққа біртүрлі жағымды дауыс еді. Тыңдап тұра бергің келеді.

Бұл Шақар еді...

- Аллауәкбар! Аллауәкбар!..

Барын салған еді.

Біләлдан аспаған шығар...

Аласармағаны да шындық еді.

Алматы,
06.09.2009

ИТ ЖЕТЕКТЕГЕН ЕРКЕК

Бозадыр - араларын алшақ салса, адасып кететіндей үйлері бір-біріне жапсарлас салынған сайын Арқаның аршалы жон арқасындағы далиып жатқан құжыралы стансалардың бірі. Сыралғы емес, сырт көзге қораш көрінгенімен, ауылдан алыстау, қалаға жақындау, түтіні түзу, біреуі келіп, біреуі кетіп жатқан керуенсарай - қордалы мекен. Қырдағы қазақылық біржола көшіп келмесе де, үй аралатып шаң беріп-ақ жатады. Елдің жамыраған орысшасы озғындамаса да, көштен қалып тұрған жоқ.

Шойынжол болған соң мұндағылардың тыныс-тіршілігі темір жолға иек артқан. Алдарына құман алдырып, қыш кесені дастарқан жағалатып айналдырған үлкенді-кішілердің әңгіме ауаны осы шойын жолға байланып қалған. Қарайғырдың гудогын естімесе, бозадырлықтардың тамағы тамақтарынан өтпейтіндей. Бұлары өздеріне білінбегенімен, келген қонаққа бүтін аяқтонға сырт жамау жамағандай ерсі көрініп тұрады. Іргелес жатқан Ақшатаудың кеншілері сүп-сүр болып сұрқай киінсе, бозадырлықтардың киімдері олпы-солпылау, сарала, торала болып келеді.

Ел іліге алмай жүрген қол жұмысы мұнда жыртылып айырылады. Балғашы дейсіз бе, белтемір қағушы дейсіз бе, белағашшы дейсіз бе, әйтеуір, баршылық. Одан қалды, қарайғырдың тізгіні бар. Локомотивші дейсіз бе, паровозшы дейсіз бе, тепловозшы дейсіз бе, электровозшы дейсіз бе... Бұлардың барлығын бағзыша қарайғыр деп бір-ақ қырқады. Шойын жолға кіргеннің жаяуы жоқ. Бұтартарлары қашанда табылады. Бұлар ел сияқты қаңтарылып көлік тосып тұрмайды. Дрезина дегендерін аударып салып, жүйткіп береді. Олар үшін дрезиналары біздің велосипедіміз сияқты. Қаласа, мінеді, қаламаса, қаңтарып қояды.

Шойын жол дегеніңіз өз алдына жатқан бір мемлекет іспетті. Ондағы қолтығына қағаз қысқандар аудан, облыс басшыларын жүре тыңдайды. Өйтетіні, бұлар тіке Мәскеуге бағынады, жарылқаушысының қазығы тереңде, тоқпағы жапырау. Оның үстіне бұлар - анау-мынау емес, жартылай әскери мекеме. Сонан да мұнда тәртіп қатаң. Өздері қарсы келгенде

кәдімгідей қолдарын шекесіне апарып, бір-біріне құдиып тәжім жасайды.

Киістерінің бітімі де бөлек. Дөптеп қарамасаңыз, милиция ағайын деп те қалуға болады. Погондары бар, жұлдызшалары бар, шекелігі таңқы келген қалпақтары бар... Көпке қарамай, көкке қарайтындай осындай жағдайлары бар. Соған орай жалақыларынан жұқ тұрады. Қара нан жеп, қақалып отырғаны жоқ. Құрығанда қаймақ жағып жейді.

Жұмыс уақытында жаяу жүрмейтінін айттық. Автобустен үй-үйді жинап жүріп жеткізіп салады. Сырт шыға қалса, онысы тағы да тегін. Ең жайлы, бөстегі жамбасына батпайтын вагондарда кетіп бара жатады.

Жұмыстан шыққаннан кейін де жаяу жүрмейді. Бұтартарлары тізіліп тұрады. Алды - «Москвич», кейінгісі - «Жигули». Ара-тұра «Волга» мінгендері де кезігіп жатады. Бұлардың еңбек демалысы да ерекше. Тұп-тура екі ай демалады. Соның жартысын курортта өткізеді. Жолдамасы тағы тегін. Ай сайын көтерме сыйлықтары жүріп жатады.

Ақшаны күреп табатындар осылар.

Сол бөлек-салақ мекемелердің басын біріктіріп тұрған мекеменің айбыны аупартком мен ауатком ғимаратынан бір мысқал да кем емес. Құрқылтайдың ұясындай құжынаған бөлмелердің босы жоқ. Бәрі де жұмыс басты. Өзінің кәсіподағы, өзінің комсомолы, өзінің партиясы бар...

Шойынжолшылардың өз ауруханасы, емханасы, мектебі, интернаты, балабақшасы, асханасы, дүкені, моншасы болады. Тіпті милициясы да бар. Олар жергілікті тұрғындарға өлдім десе де қарамайды. Интернатына жатқызбайды, мектебінде оқытпайды. Асханасы, дүкені, моншасы былайғы жұрт үшін ашық болғанымен, бағасын тұздықтап қойған.

Салкен сондай шойынжолшының отбасында дүниеге келген. Алдымен балабақша барды, одан мектепті тауысты. Одан кейін... Елдің бәрін таңғалдырып, Қарқаралыдағы зооветтехникумға барып түсті. Ел оған сене қоймады. Қаңқу сөз шығар деп. Жоқ, екі жылдан кейін күректей дипломын әкеліп, іргелес жатқан Доңғал шаруашылығына мал дәрігері болып орнығып алды.

Сөйткен шойын жолдың бір кілтипаны бар. Онда істейтін қазақтардың бәрі төменшік. Себебі де белгілі. Майлы жіліктің барлығын қазақ емес ағайын ұстаған. Бауырлардың ішінде

содан қыжыл бар. Үстелі, орындығы, құйрық басар орынтағы бар жұмыстарға оларды әсте жолатпай қоймайды.

Салкенмен бітіргендердің дені осы шойын жолда. Баз баяғыда асау болып көрінуші еді, әлгіндей себеппен бәрі жуасыған. Бір ізбен жұмысына барады, бір ізбен жұмысынан қайтады.

Есесіне Салкен баяғысынан жазған жоқ. Серілігінен қол үзбеді. Айналасын жарылқады да тастады. Ақмай үйдің бірі - осы Салкендердікі. Әктілеп тоқты-торымын жібереді де тұрады. Кәтке-кәтке қаймақ та келіп тұрады. Құнан қойдың қарынымен сары май жарықтық та жетеді. Қап-қап құрт та осы үйді адаспай тауып жатады.

Онан тыс екінің біріне бұйыра бермейтін спиртті бар. Салкен көп мәселені осы кейінгісімен шешеді. Оған бостекі аузын былғамайды. Сөйтіп жүргенінде Андроповтың заманы келген.

Ел бөстекі жүріс-тұрысынан тыйылды. Алайда салтаң жүрісті Салкен тыйыла алмаған. Барам деген жеріне барды, алам деген жерінен алды. Соның барлығы әлгі тоқсанның арқасында. Тоқсан деп спиртті атайды. Өйткені әлгінің күші - тоқсан градус.

Бара-бара тоқсанның өзі қолға түсе бермейтін болды. Түсуі түседі ғой, бірақ бояп береді. Жасылдық қосады немесе йод қосып береді. Осыдан кейін өңештен қайдан өтсін.

Енді бұрынғыдай емес, тоқсан ағыл да тегіл. Сен іш те, мен іш деген заман басталды. Медициналық тоқсанды әлгіндей себеппен ішу мүмкіндігі болмады, ал техникалық тоқсанға бұрынғы қоспасы аздай, парафин қосатынды шығарды.

Алайда адамнан амал өткен бе? Ел таппаған қайланы осы Салкен тапқан. Не керек, ол тоқсандардың әлгі екеуін де жабық ыдысқа жинай берді. Күз өтіп, Арқаның қырбас құлақты қысы келіп түскен. Сол кезде Салкен іске кірісті. Ол жаз бойы жиған-тергенін сыртқа шығарды. Қыстың көзі қырауда ломды түні бойы қалдырып, ертеңінде астына тегене қойып, тоқсанды соның бойымен жүгіртті. Жасыл-масыл бояулар, парафин сынды шөп-шалам, қилы қоспалар лом бойында қалып, мөп-мөлдір тоқсан жарықтық тегенеге сыздықтай жөнелген.

Сол тоқсанның арқасында Доңғалдан Бозадырға ауысып алды. Ел сияқты поссовет жанындағы ветпунктке өңмендемеді. Ол енді ғана ашылып жатқан тазалық милициясына кіріп алды. Жұмыс соңында сүмеңдей бермей, Теміртаудан милицияның қысқа мерзімді арнайы курсын да бітіріп шықты.

Оның есебі өзінде еді.

Жоғарыда шойын жолдың өз милициясы бар дедік қой. Салкеннің көздегені-түп-тура сол орын. Соған бастық болғысы бар.

Өйтетін жөні бар сияқты. Алдымен көздеген жұмысының жалақысы қомақты. Көлденең табысы одан да тәуір деп естиді. Одан қалды, шойын жолыңыз соның қолында. Ашса - алақанда, жұмса - жұдырығында дегендейін.

Өзінің лейтенант екендігін естен шығарды. Майорлық лауазымда отырса, ұзатпай капитандықты, нәсіп етсе, майордың өзін қағып алатынын іші құрғыры сезеді. Енді ол қимылға көшті. Ептеп-септеп, көз үйретіп жүріп шойын жолдың милициясына ауысып алды. Сол баяғы тоқсанның арқасында.

Малдәрігерлік білімі бар жігіттің шойын жол милициясындағы еңбегі көрінбей қалмады. Сол кезде Арқаның ақмайы өзбек жеріне эшелондап кете бастаған. Ақмай деп Арқа қазақтары қойдың құйрығын айтады. Былайғы ел палауға алатын шығар деп ойлайды. Ал білетіндер басқаша айтады. Қойдың құйрығы ең таза өнім көрінеді. Қалалдың қалалы. Дала көкжалы қойды тартқанда, азуын құйрыққа салмайды ма?!. Міне, мәселе қайда?! Құйрықтың ел біле бермейтін қасиетін қазекем

де білсе керек. Әлжуаз туған баласын қойдың құйрығын сорғызып таралтпаушы ма еді?! Осыдан кейін түбіміз Көкбөрі деп жүрген бабалар сөзіне қалай сенбейсіз?!

Сөйтсек, қойдың құйрығында холестерин болмайды екен ғой.

Салкен сондай вагондардың талайын ұстады. Обалы нешік, елдің берген парасына қарамады. Жұмысына барынша адал болуға тырысты.

Енді оның атына мадақ сөз айтыла бастады.

Жоғарыдағы бастықтардың бір келісінде аста-төк дастарқанды өзі көтерген. Сонда арба да сынбас, өгіз де өлмес бір қулыққа барған. Дастарқанға әдеттегідей тоқсан келтірілген. Оның ерекшелігі, қайнатылған еді. Одан масайғандар ешқашанда басқа қырық, қырық бес, алпыстарға айықпайтын.

Сол жолы келгендер абыройсыз қала жаздаған. Солардың басын түзеген өзі еді.

Оның бұл қызметі ұмытылмады. Енді оны облыс орталығына жиі шақыратын болды. Бара-бара өзі бармай, тоқсанын жіберіп отырды. Сондай тоқсан сөйлейтін заман туып еді-ау. Сол заманды Салкен қолдан жасады дегенге кім сенеді?!

Ақыры дегеніне жетті.

Кішкентай да болса бөлімшеге бастық болды. Енді ол аудандық жиындарға дербес шақырылатын тізімге ілікті. Барған жиынысында төрде отыратын халге жетті. Көсіліп сөйлеуді де үйренді. Соңынан қағазға қарамай сөйлеуді әдет қылып алды. Цифрларды жатқа соғатын болды.

Бұрыннан істеп келе жатқандай, жаңа қызметіне тез-ақ көндіккен. Жеміс-жидек түстіктен ағылды-айдерсің. Тегін, әрине. Онан соң балықтың дәурені жүрді. Балқаш Бозадырға арқасын беріп, қасынып-ақ тұр. Мұндайды құр жіберетін Салкен бе, кісі жалдап әлгілерін базарға шығарды. Бір жазда әлгі кәсібімен-ақ қораға жұмыртқадай әппақ «Жигулиді» кіргізіп алған.

Бозадыр - тоғыз жолдың торабында орын тепкен тораптық станса. Соған орай мұнда басқа стансаларға қарағанда, қылмыс оқиғасы жиірек болып жатады. Бұл жағынан артта да қалмай, алдыға да түспей, жуан ортасында жүрді. Жұлқынып шыға қоятындай өзінде білім құрғыры жеткіліксіз. Бұл онысын білмейді емес, біледі. Артта қалмайтыны, төңірегіне іс көзін білетін жастарды жинаған.

Солайша жүре бергенде түк те жоқ, отставкаға подполковник болып шығар ма еді. Алайда жүре алмады.

Шу алабы стансаға тиіп жатыр десе болады. Ал Шудың шуы үзілмейді. Өзбекстан мен Тәжікстанды да жақындатып тұрған - осы шойын жолы құрғыр. Олар Бозадыр арқылы көкнәрларын, басқа да есірткілерін алып өтеді. Бұл жолда олар не істемейді дейсіздер. Тірі контейнерлерді ойлап тауып жүргендер солар. Ит жетектеген, мысық ойнатқанның бәрінің әйтеуір есірткімен бір қатысы болып шығады. Тотықұстың асқазанынан наша табылды дегенге кім сенер?!

Ал әйелдер бұл іске араласса, бітті дей беріңіздер. Олардың құрсаққа салып өтпекші болғандары да ұсталған.

Мұндай қылмысты ашудың бәсі жоғары. Атақ та, ақша да ағылады.

Милициядан қара үздіріп қашқан-пысқандар да бірден Ресей аспай, алдымен осы Бозадырда бас сауғалай тұрады. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір күні олар пойызға отырады. Сонда басып қалу керек. Солайша ұстап жатқандары да баршылық. Бірақ сол жұлқынып жүргендердің тасымалы мысқалдық қана. Бұған

керегі - үлкен қапшығы. Партиясы болса, тіпті қатып кетер еді.

Үйдегі қатыны жұмыста жоқ. Ақша санаудан босамайды. Басы ауырса, ақшаны қайда жұмсарын білмегендіктен ауыратын шығар деп ойлайды өзі. Өйткені бәрі бар. Бос уақыты бола қалса, теледидар алдынан шықпайды. Мексиканың бірде-бір сериалын құр жібермейді.

Бірде кештетіп келсе, әйелі сондай сериалдың бірін көріп отыр екен. Мұның келісімен жұмысы жоқ. Бәрін ұмытқан. Мұның не сиқыры бар деп бұл да үңілген. Ұққаны, онда да наша саудасы жүріп тұр екен. Бір отбасының барлығы наша дертіне ұрынған. Үйдің кенжесі ер жетіп, тергеуші болады. Ол алдымен өзінің жақын-жуықтарын ұстайды. Сонда әлгіге мысықтай ғана бойы бар тәпел ит жол көрсетіп отырады.

Енді бұл ойлансын. Стансаның вокзалында кинодан көрген итінен аумайтын бір қанден жүретін. «Соны неге пайдаланбасқа?» дейді бір ойы. Іздеуші қып, әрине. Алайда іздеушілікке қалай үйретпек?!

Ертеңінде әлгі қанденді жігіттерге айтып таптырып алды. Атаусыз ит болмайды ғой. Ақыры оны да біліп алды. Құныс деп атайды екен. «Құныс болса Құныс, несі бар, қазақта мұнан да жаман атаулы иттер толып жатыр» деп әйелінің қолына әкеліп тапсырды. Істің мәнісін әйеліне тәпіштеп-ақ түсіндірді. Қадау-қадау бұйрықты орындауға үйретсе, оны кәдімгідей жалақы алатын қызметке алатынын жасырған жоқ. Мұны естіген әйелде жан қалмады. Малтабар қанденді сол күні-ақ қолға алған. Сусабынмен жуып, әтірлеп төрге оздырған.

Бірді-екілі бұйрығын мүлтіксіз орындады. Жат десе, жатады. Тұр десе, тұрады. Қозғалма десе, сол бойы жата береді. Одан кейін үй ішінде жұмсау басталған. Таяқты әкел. Аяқкиімді әкел. Телефон тұтқасын әкел.

Сүйекті лақтырады. Тауып әкеледі. Сыраның шишасын лақтырады. Тауып әкеледі. Арақтың шишасын лақтырады. Тауып әкеледі.

Осы жерге келгенде Салкен бастан тартқан қамшыдан кейінгі аттайын тұрып қалады. Миы жетпейді. Құныс ақ арақты сырадан қалай айырады деп.

Қызыл шарапты айыра ала ма екен деп оның да шишасын лақтырып көрген. Байқайды, айыра алатын сынды. Енді ол Шишаны қағазынан тазалап лақтырған. Құныс алып келмек

тұрсын, жүгірмеді де. «Мәселе түсінікті болды» деген Салкен.

Дүкеннен қызыл шараптың біреуін алдырып, нанға ара ластырып жегізіп жіберген. Байқайды, Құныстың шарапқа тәбеті тартып-ақ тұр.

Сонан алдымен арақтан аздап жұтқызып жіберді. Қалың шишаның ішінен сол бөтелкені тауып әкеледі. Сыраның шишасын да солай тапты. Шараптың шишасынан да жаңылғап жоқ. Лимонадтың да шишасын сынға салып көрді. Құныс одан да мүдірмей өтті.

Сонан оны өзі жеке тәрбиелей бастады. Тәрбиесіне әйелін енді жолатқан жоқ.

Ол оған нанға қосып көкнәрді жұтқызып жүрді. Аз-аздан, әрине. Үш күннен кейін көкнәрдің тұрған жерін жазбай тауып беретін болды.

Салкенге керегі осы еді. Өзінің күткендегісінен де асып түсті Құнысы. Көкнәрді анашамен айырбастап та көрген. Бәрібір, нәтиже күткендегідей болды.

Енді ол жорыққа шықты. Бозадырдың пойызына мінген наша курьерлерінің адымын аштырмады. Олар шымшымын да алып өте алмады. Өйткені олардың жолында атақты іздеуші Салкен Зарбаев тұрды.

Атақ та, ақша да өзін осылайша тапты.

Араға кісі түсушілер шықты. Бұл ешқайсысына құлақ аспады. Қаптауынан сауға сұрап келгендер де болды. Өзбек пен тәжік ағайындар да өзін жағалады. Аспандағы айдан басқасының бәрін ұсынды. Жоқ, бұл алған бетінен қайтпады.

Шені де жедел көтерілген. Айналдырған бес-алты жылда майорға жетіп барған. Ел енді оны үлкен қызметке ауысады деп жүрді. Тіпті Мәскеу шақыртып жатқан көрінеді деген де сыбыс шыққан.

Кезінде оған наша таратушылар пышақ та салған. Содан аман құтқарып қалған Құныс еді. Денсаушылығының сол кінәратын алға салып, бұл бәрінен бас тартқан.

Ел ішіндегі беделі мұнан артпаса, кеміген жоқ.

Ол, бастысы, өзінің өресін біледі. Керегі майорлық еді. Онысын алды. Керегі бөлімше бастығы еді. Онысы болды. Ақша да, дүние де керек болған. Оған да қол жеткізді.

Енді ақырын жүріп, ақырын баспақ болған.

Бір күні составта мәйіт кетіп барады деген хабар алған. Кейінгі кезде мұндай мырышталған табыттар Бозадырды көктеп көбірек өтетін болған. Өйткені Ауғанстандағы жағдай онша мәз емес-тін. Қай шайтаны түрткенін, сол мәйіттің құжатын тексеруге Құнысын ертіп өзі барды. Мәйітті төрт солдат құрметті қарауылмен алып барады екен. Құжаттарында кінәрат жоқ. Алайда Құнысы құрғыры мәйітті тырмалап берген.

Бұл мәйітте есірткі кетіп барады деген сөз еді.

Бұған Салкеннің күмәні қалмаған.

Ол мәйітті түсіріп алуға тырысқан. Алайда әлгі төртеуі автоматтарын кезеніп тұра қалған. Бұл болған жайтты жоғарыға хабарлап, түн аудырып төсегіне қисайған. Таң ата есік қағылып, үндеместер келген. Болған оқиға туралы ешкімге айтпаймын деген қолхат алып кетті. Әскери құпия-мыс. Ал істің мәнісін іші құрғыры сезіп тұр.

Олар мұны сырқат деп тауып, қолма-қол жергілікті ауру-ханаға жатқызды. Ауру болса, ауру шығар. Өзі дәрігер болған соң ба, ауырып көрмепті. Темір емес қой. Күндіз-түні күзет арылған жоқ. Ай жатқызып ауруханадан шығарды. Құлантаза мықты деп.

Бұл өзін сырқат сезінді. Әлгілер өзіне инемен бірнәрсе салып жіберген жоқ па деп күмәндана бастады. Осының барлығы өңім бе деп әм ойлансын. Мұндай күйге қалай ұшырайтынын естіген. Жұмысына да құлықсыз баратынды шығарды. Баяғы дәурені сөйтіп бастан бұлбұл ұша бастаған. Жұмысынан да берекет кете бастады. Мұны жоғарыдағылар да аңдамай қалмады. Ақыры оставкаға шығарып тынды. Жап-жақсы зейнетақысымен.

Бірақ енді бұл елегізитінді шығарды. Нені іздейтінін өзі де түсінбейді.

Вокзал жаққа аяқ баспайтын болған.

Барса, өткен оқиға есіне түсіп, іші өртеніп қоя береді. Дені-қарны сау сияқты. Алайда бойын қуалаған бір мазасыздық бар. Содан байыздап бір орында отыра алмайды.

Ине алар алдында осылайша мазасызданатыны болатын. Қалай ине алды, солай жаны жай табатын.

Ол үйден қалай шыққанын білген де жоқ. Өз ырқынан тыс бір сезім алға жетеледі де кетті. Жанында Құнысы бар. Сырт қараған адам түсінбейтін жайшылықтар баршылық еді.

Бір қарағанда ит жетектеген еркекті көруге болатын еді.

Тағы бір қарағанда керісінше еркекті ит жетелеп бара жатқап сынды.

Ауада бір иіс бар сияқты. Оның қайдан шығып тұрғанын бідсе, кәне? Бүкіл тұла бойын балқытып барады... Әлде, жаңбырдың иісі ме? Алайда зеңгірде көлеңке түсер шөкімдей де бұлт жоқ.

Сол бетпен аурухана алдынан қалай шыққанын байқамады.

Бұл жерде де байыздап тұра алмады.

Бір мазасыздық мұның бар тұла бойын шырмап алып еді.

О, күдірет, сондай мазасыздық Құныста да бар екен!

Бұл оны енді ғана байқады.

Құнысы мұны айдалаға сүйрелесін. Бармасына жан қоймады.

Айдаласыны күресін болып шықты. Стансаның.

Бара соның бір жерін тырмаласын. Сонан екі аяқтап қаза бастады. Мұның таң қалғаны, ол бұған барын салған еді. Қанталаған тырнағының көбесіне қарар емес...

Сонда барып бәрі есіне түсті. Кезінде бұл жерде тәркіленген есірткілерді өртейтін. Демек, олардың оттан аман қалғандары да болғаны ғой.

Солай болғаны. Құнысқа қарап, басын шайқады. Еш күмәні жоқ. Қанша уақыт өткені белгісіз, ақ қапшықты буманың біреуін алып шыққан. Құныстың сондағы түрін көрсеңіз. Ол бәрін ұмытқан еді.

Ақ қапшықтан басқаның бәрі жоқ еді ол үшін.

Келер сәт Салкеннің көз алды тұманданып қоя берген. Ол да енді ақ қапшықты ғана көрген.

Басталды дейсің талас.

Басталды дейсің ырыл.

Салкен мен Құныс арасында...

Адам мен ит арасында...

Қарағанды,

19.05.2009

КЕРАТ

I

Мен дүниеге келгенде, шахтерлер әкемнің отбасына жиналып, дүниеге тағы бір шахтер келді деп қауқылдасыпты...

II

Шақ-шұқ...

Шақ-шұқ...

Тыр-тыр-ыр...

Қылуғет өтіп жатқан бұрғышылар шапқысының шақылы мен кейінде ғана пайда болған қолбұрғылардың ащы, жіңішке тырылы ілгерілеген сайын алыстағанның орнына өкшелеп ту соңынан қалар емес. Бұлшық еттердің түйіліп, байланып қалатын өрлеуіттен кібіртіктемей келе жатқанда, осы шақ-шұқтардан қашып келе жатыр.

Міне, квершлаг... Қитұрқы бұрылыстар... Жасырынбақ ойнап жүргендей бұрыш-бұрыштарға тығылып алған еңістер мен мен өрлер...

Мұның бәрі Кератқа жақсы таныс. «Қазір айдау жолдай еңіске түседі, қораптар өздері жүйткіді».

Аяғын бос тастап келеді. Айдаушы балада үн жоқ. «Қалғып-шұлығып келе жатқан шығар...»

„Өрлеу де басталды. Қораптар артқа тартатындай, бұл алға. Ауырлап келеді. Сәл де болса босаңсыған болаттай бұлшық еттер қайтып ширықпайтындай.

Гудок аңырады.

Қалт тоқтады. «Қазір байлаудан босатады. Сағал астауда сабан аралас кебек жатқан шығар...»

Айдаушы балада үн жоқ. «Неге босатпайды?»

Гудок қайтып аңырады.

Бала да оянса керек.

- Айт шүү, Керат!

«Өрге кеп тоқтағанын қарашы».

- Айт, шүү!

Керат тырп етпеді.

Борша-бопса терлеген денесі өлімсіреген оттас шамдарының сәулесімен жалт-жұлт етіп, үстіндегі салтақ лайсаңы қарауытып, жұлдыз жұтып жатқан түнгі айдын ортасында адасып қалғап қара жерден аумайды. Жерасты ауыр, дымқыл ауаға ащы тер иісі қосылып, қолқаны атып тұр. Алдап та, жекіріп те Кератты орнынан қозғалта алмай, бала да терледі.

Оқпаннан саумал жел есті. Малқос иіс сейіліп қоя берді.

Мүлгіген тыныштықты бұзып тұрған бірқалыпты тамшылар тырсылы мен баланың шіңкілі ғана.

- Айт, шүү, Кера!..

Гудок үшінші рет аңырады.

«Неге босатпайды? Сауырдағы ұйып бара жатқан лайсаңдарды неге түсірмейді? Неге айқайлайды? Неге?»

Басы дың ете қалды. «Осып өтті-ау...»

Қамшы жаңа көріп жүрген ноқайы емес. Бірақ бастан салғызып көрмеген-ді. Суылын да естіп үлгермеді. «Жанын кейде жегідей жеп жүретін оң жамбасы неге тызылдап тұр? Тыртықтан ұрған ғой...»

- Кера... Кера... енді өзің... енді мен...

«Жас иесінің мұрны шуылдай ма-ау, әлде қорсылдай ма-ау, қалай?»

Тұрып-тұрып мойнынан құшақтады.

Солай екеуі біраз тұрды...

III

Шалп-шұлп...

Бала қорсылынан тыйылды.

Шалп-шұлп...

«Келе жатыр... Секпілбет... Қарабұжыр... Ақсақ...»

Шалп-шұлп...

«Қазір келеді де босатады. Сонсоң барлығы өзі осында кеп түскен тар қорапқа мінеді... Сонсоң?.. Әрине, сағым билеген жарық дүние... Мені де бір шығарса ғой. Жалғыз қалдырады-ау қазір...»

Бірінші болып Қарабұжыр, сонсоң Сақалтай, сонсоң... сонсоң... Секпілбет келді.

Ақсағы дәртеңі ағытты.

Мұндағы өлімсіреп тұрған жарықты жер жұтып қойғандай.
Теміржолдан шықпай келе жатыр. Арттан қораптардың ауыр
тақ-тұқы естіледі.

Тақ-тұқ күшейе түсті.

Тақ-тұқ...

Тақ-тұқ...

IV

Тик-так...

Ағал-сағал астаудағы су мұп-мұздай екен. Дем алмастан-ақ
ішетін су... Тістен өткен соң тайқып шықты.

Тик-так...

Тик-так...

Жөтеледен үзіліп түсіп жатқан баданадай-баданадай ірі
тамшылар мұрынға жанай құлап, қытығын келтіреді. Тура
Кебайталдың қылығы.

Көпке шейін алаңқайда енесімен тұрды.

Ыстық табы қайта қоймаған кезде мұны енесінен айырды.
Үлкен алаңқайда өзі қатарластар бірін-бірі қуып, құйрықтарын
аспанға шаншып, жарысып жүр екен. Біреуі бөлініп жанына
келген. Кербайтал!..

Айдарларынан жел есіп, екеуі сол күні ұзақ шапқан. Жер
апшысын қуырып, шауып еді-ау.

цү Жем бере бастаған кез. Көп уақыт өтсе керек. Алаңқайға
кірер қақпада кідіріп қалған. Енесін көрді. Жанында құлыны
бар. Өзіндей кер екен. Бір жағынан қызғанғандай болды...

Сол күні өзін бұрыннан да қақпайлап жүретіндер тіпті
тықсырып жіберді. Теуіп, тістесіп, көпке дейін жолатпай қой-
ған. Әсіресе жуан мойын Шағырдың тепкісі ерен қатты екен.
Кербайталдың басқамен кетпегені күшіне күш қосқандай.
Мойнынан теуіп жеңді. Әне, Буырыл! Оның құлақ жымитқанынан-
ақ басқалар жанына жоламайтын. Өзі де ығып жүретін.

Сол күні жекпе-жекте бірінші рет жеңілді. Сенгені, серіп-
педей аяғы еді. Буырыл тепкіге түспеді.

Сол күні үлкендерше екеуі ұзақ шайнасты. Шағыр тепкен
мойын шыдамады. Жеңілді. Кербайталдан айырылды. Бірақ
енді екінші Шағыр емес, өзі.

Сол күні Кербайталды өзгертті. Шағырдың төрт аяғын тең басатын Ақбақайын иемденді. Тек Кербайталдай қытықтамайды. «Неге екен?»

Ертеңіне Ақбақай Шағырына кетті. Тоқтатқан жоқ. Несіне тоқтатады? Бәрібір Кербайталдай қытықтамайды. Кербайтал да қайтып келді. Буырылмен тағы да шайнасармын деп ойлаған. Келмеді. Кешкісін әдейі жанай өтті. Құлағын да жымитқан жоқ. Кешегі айбар да жоқ. Өзінен ол да ығатындай.

Тик-так...

Тик-так...

Сонсоң не болып еді?

А-а... Өжірелерге бөлген. Көрші өжіредегі Буырыл екеуі бұрынғыдай емес. Алаңқайға да сирек шығарады. Сондықтан Кербайталды көруі де сирек.

Қар жауыпты. Алаңқайға жібергенде көрді. Бұрын көрмеген сүрең болды. Ұстап алып бәрін жығып жатыр, жығып жатыр. Көпке шейін ұстатпаған Буырыл екеуі болды. Сонсоң? Қазір не болса сол болды.

Дүние өзгерді. Өлде өздері өзгерді.

Түсініксіз. Бұрынғыдай жер тарпып, күлдір-күлдір кісінеуді қойды. Буырыл да, Шағыр да - бәрі... бәрі мәңгіріп кеткендей. Тебісіп, шайнасып жатқан ешқайсысы жоқ.

Кейінгі кезде дәлізге де шығармайтын болды.

Ең соңғы рет алаңқайға шығарғанда Кербайтал шұрқырап келіп мойындасып, жалын тарап, тістеп жалымен ойнаған. Бұл орнынан қозғалмады. Қайтып оны кездестірген емес...

Сонсоң не болып еді? Өжіреден айдап шығып, қуалай жөнелген... Жо-жоқ, әуелі басқаларын алып кеткен. Дәлізге шығарғанда көрген. Жүздеген өжіре бос тұрған-ды...

Сонсоң өздерін... Биік-биік үйлері сондай суық көрінген бір жерге әкелген. Түні бойы иіріліп тұрды. Нәр сызған жоқ. Ертеңінде маңдайында шүпірлеген жазуы бар жұлдызды, күндегі көріп жүргенінен үлкендеу темір жолмен арсыл-гүрсіл қорап үйлер келді. «Бет алыстары күнбатыс па еді?»

Соған тиеген... Содан тақ-тұқ...

Тақ-тұқ...

Қанша жүргендері белгісіз. Тас қараңғы суықта қайта түсіріп, қайта қиқулата қуған. Бір-ақ күннің ішінде бәріне көндігіп

шыға келді. Арбаны да сүйрейтін болды, үстіндегі адамдарды да ауырсынбайтын болды. Аузы үнемі сасып тұратын Сартапал өргізіп-жатқызып жүрді. Үнемі түтіндеп тұратын аузынан түспейтін ұзын пәлесінің иісіне де, иесіне де бойы үйренді.

Сонсоң...

Тарс-тұрс...

Тарс-тұрс...

Алапат күндер басталды. Жантүршігерлік ысқырықтар мен түрс еткеннен кейін ойылып түсетін құдықтар... Аспандағы құс сынды ұшып жүрген пәлелердің гүрілі... - бәрі сондай жат еді.

Көп гүрілдің біреуі мұны Буырылдан айырды. Келесі... келесі бір қара жер лайсаң болып жатқанда, осындай гүрілдің біреуі өзін де алып ұрған. Оң жамбасынан баса алмай қалды. Өзінен анадай аттам жерде қарауытқан кішкене төмпешіктен адам аяғы көрінеді. Басқалары келіп қазып алғанда көрді. Иесі екен.

Оны көтеріп алып кетті.

Қайтып иесін көрген жоқ.

Аяғын сылтып басатын болды. Оң жамбасын ауырсынбайтын болған кезде қорап үйлерге қайтып тиелді. Әкелген жақта жантүршігерлік гүрсілдер жоқ екен. Одан кейін де көп жүрді. Міне, қазір тас қараңғы шыңырауда. Бірақ...

Иесі қайда екен?

Тик-так...

Тик-так...

Иесінің тәтті шақпақ қантын аңсады.

V

Гудок аңырады.

Орнына кеп тұрды. Күндегі тірлік. Тар қораптан түсіп Жатыр, түсіп жатыр. Қарабұжыр... Ақсақ... Айдаушы бала ғана көрінбейді. Мынауысы кім екен? Жұлдызы бар киімі көзіне оттай басылды. «Сартапал иесі!»

Басқа болып шықты. Тағы бір Ақсақ... Аяғын өзіңдей сылтып басады. «Бұл да ана жаққа барып, оң жамбасынан баса алмай қалған шығар...»

Ақсақ жұмған аузын ашпайтын айдаушы баладай емес. Өзімен өзі сөйлеседі. Қала берді, өзіне әлденелер дейді... «Сонау бір күндердегідей...»

Сасық түтін иісі... Оңға... Солға... Тағы басқа ұмытыла бастаған қадау-қадау бұйрықтар бәрі, бәрі сол күндердегідей Тек иесі басқа... «Қант берер ме екен?»

Квершлагке келді. Қораптар әлі көрінбейді. Олар келгенше Ақсақ иесі өзінің ұйысып, тас болып қатып қалған құйрық жалын тарап, күлтелеген болды.

Бәрі жабылып бес қорапты итеріп әкелді. Алғашқыдай зілмәуір емес қазір... Күндегі итіңімен бос қораптарды қайтып әкелді. Осылайша бірнеше рет әрі... бері...

Орта жолда болса керек. Еңіске түсерде қораптардың алдыңғы екеуі аударылып түсті. Өзі де мұрттай ұша жаздады. Шатқаяқтап әзер қалды. Иесі Секпілбеттерді ертіп әкелді. Қарабұжыр бар, бәрі қораптарды орнына қойды. Ақтарылып қалған тас қиыршықтарын қайта тиеді.

- Айт, шүү!

Қораптар енді қозғала берген.

Гудок аңырады.

Керат әдеттегіінше қалт тоқтады. Босатуын тосып тұр. Жаңа иесі босата қоймады. Қарабұжыр кеп дәртені ағытты. Иесі енді Қарабұжырмен айқайласты.

Қанша ұзағанымен, қуып жетіп қайта жекті. Өудім жер итеріп әкепті. «Айдаушы баланың болмағанын қарашы...»

- Айт, шүү!

Керат қозғалмады. «Кеше де өстіп босатқан...»

Босатпады. Өздері артынан итеріп, амалсыздан тартты.

Ауырлап келеді...

VI

Міне, тағы да жалғыз қалды.

Төтелден ағып жатқан мөлдір суды құлағын қайшылап ұз-а-ақ сыңғытып ішті.

Тик-так...

Тик-так...

Көз алдына жон арқасы теп-тегіс, жұмыр мойын Кербайтал келді.

Көз алдына жоталы жол, ботатірсек Ақбақай келді...

VII

Шақ-шұқ...

Шақ-шұқ...

Секпілбет Сергоның қолы қолына жұғар емес. Нән балға Ақсақ Мәмедте, құлаштап соғады.

Сәл әріректегі шапқыға бірінші рет түскен айдаушы бала мен дүлей күш Қарабұжыр - Қожан да ширақ қимылдайды. Мана баланы жассынып басқалар алмағанда, Қожан алған. Қателеспепті. Қолбұрғыға ауысқан Қоңқақ Ахмет мұның жанында қорбалаңдаған маймақ сияқты. Тегі шапқы деген майым-майым маймақтардың қолы емес.

- нешінші? - келгендер кен тиейтін күрекшілер еді.

Қожан жауап орнына жұдырығын көрсетті. Бесінші дегені. Күрекшілер бос тұрмай, бөлініп алып, шапқышыларға көмектесті. Бірінші болып Мәмедтер бітті.

- Ура-а! Бар үш жоспар!..

- Ура-а!..

Осы кезде Қожанның жуан дауысы қатар шықты:

- Біз төртті бастадық!

- Ура-а!

Айқайменен жандарына келген десятникті де байқамапты.

- Сәл кешігіппін, көріп тұрмын...

- Қайдағы үш, біз төрттің де мұртын сындырып қойдық...

Тағы да ура! Тек баланың ғана дауысы шықпады. Біржолата қарлығыпты.

Траншқа бәрі жиналды. Күрекшілер, шапқышылар, қолбұрғышылар, дәрі атушылар... Десятник сөз сөйледі. Үш жоспармен құттықтады.

- Шахтаға батареялы екі электровоз... субұрғылар...

- Ура-а! Керат үшін ура-а!

- Левитан хабарлады, бүгін Керчь азат етіл...

- Ура-а!

Керчь Секпілбет Сергоның туған жері еді, жылап жіберді. Бірін-бірі аспанға атып, бұрынғыдай күңкілдеспей емен-Жарқын сөйлесіп, тарай бастады.

Квершлагке келді.

Керат та жоқ, тиеулі тұрған вагондар да жоқ.

- Обал дағы... Қап, бес вагонды ағытып қоймай...
- Қалай сүйретіп кетті екен бәрін?

VIII

Оқпанға мана келген. Иесі әлі жоқ...
Оң жамбасын оңбай ауыртып алыпты. Не боп кетті өзі? Мына қораптарды әзер тоқтатты ғой.
Қызық өздері. Уралап алып әлі жоқ. Бұл келгелі қаш-а-ан?
Көз алдына сол бір күндер келді
Ура-а! Өне, Буырыл шауып келеді!
Ура-а! Міне, серпіле шауып өзі келеді
Ура-а! Тарс-түрс... Аяқтары жерге тиер-тиместен адамдар шауып келеді.
Ал бұлар әлі жоқ!
«Қызық өздері...»

IX

Ертеңінде айтқандай-ақ шахтаға батареялы екі электровоз түсірілді.
- Қош бол, Керат!

X

Жер үстіне шығарылған Кератты көрші совхоздан біреулер келіп алып кетіпті.
Совхоздан ауданға май таситынға саяды.
- Қош, шахтер ат!..

XI

Жарық дүниені бір көрсем дегені бекершілік екен. Жарқ етті де жоқ болды.
Салдыр-гүлдір арба... Қораптардай ауыр болмағанымен, жүрісі тым ұза-а-ақ!
Ертеңді-кеш байлаудан бір босамайды.
Бұл тірлігінің мазасыз болатын түрі бар.

Арбаның шиқылы...
Шабаланған иттер...
Адамдардың ұзынды-қысқалы қамшылары...
Үйреніп қалған тас шыңырауды аңсады.
Гудок үнін естімегелі қаш-а-ан?!

XII

Батареялы электровоз рахат...
Бәрі де енді жұмысқа жаяулап барып, жаяулап қайтпайды...
Шапқышылар біржолата бұрғыларға ауысты.
Ақсақ айдаушы мен бала электровозда...
-Айт, шүү Кера!
Темір атқа әлі үйренісе алмай жүр.

XIII

Айсыз түн көрдей қап-қараңғы. Өліарадағыдай ызғар бар.
Керат қайтып келіпті.
-Ура-а!
Бала қалған шөпті әкеліп салды. Өткен-кеткенді айтып, бәрі
махорка орай бастаған. Оттық талы сөне берген соң Мәмед қағаз
жақты. Бала шар етті.
Ақшаңқан жарықтан Кераттың қарашығы ағып кетіпті...
Бәрінің иықтары селкілдейді...
Діні қатты деген Қарабұжыр Қожанның өзі көзіне жас алды.

XIV

Мен дүниеге келгенде Керат о дүниеге кетіпті.
Шахтерлер дүниеден тағы бір шахтер өтті деп күрсінісіпті...

*Қарағанды,
1974 жыл*

НАҚҰРЫС

Ауылдан күн қызылқұлақтанып қылаң беріп келе жатқанда ақ шыққан. Бұл жазмышты қойсаңшы. Мінген аяғында береке болмай, көліктен көлік ауыстырған. Содан қалаға жаяу жалпылап жеткені осы. Күнде келіп жүрген жері емес, ұмытып қалыпты. Көлденең жүргіншілерден сұрастыра жүріп, қалалық Өктәуір уайонкомының кеңсесін тапқаны әлгінде ғана. Мұндай сормаңдай болар ма?! Кеңсе есігінде жау шауып кететіндей бір емес, бірдей екі құлып тұр. Ақыры, кеңсе сыпырушы бадам әйелді де орнынан баса алмапты. Жолым ауыр екен деп ойлады.

Дәл сол! Іздеген кеңсесі. «Сағат таңғы сегізден кешкі беске дейін жұмыс уақыты. Сағат түскі он екіден он үшке дейін үзіліс...»

Қалтасынан жеңістің отыз жылдығында сыйлыққа алған шынжыр баулы «Победа» сағатын шығарды. Кешкі бес те отызды көрсетіп тұр.

«Кешіккен...»

Қарсы алдында тұрған арқалы сәкіні көргенде, шаршағанын сезінді. Енді бел жазуға бекінді. «Аяқ суытқанының өзі қайда жатыр?»

Орнында ма дегендей қалтасын сипалап қойды. Орнында боп, алдарықтап отырған көңілі біртоғаланып қалды. Осыдан үш күн бұрын алған. Бір жапырақ болса да тасқа басылған хатты басқа болса бір сәрі, уайонкомның өзі жазыпты. Осы ит қияннан итарқасы шығып келгенде, бәрін де ауызба-ауыз айтпақшы. «Мейлі, әрі кетсе үш күн қонар...»

Уайонком да қызық. Өзінен сонау бір сұрапыл күндердегі майдандас жолдастары туралы, қыршын кеткен боздақтар туралы, өзі туралы, қызылжалданып, қанжылап жататын қарт Днепр туралы жазып жіберуін өтініпті. Мұның қағаз-қаламнан қалғанымен жұмысы жоқ... Жаза қалған күннің өзінде де бәрін хаттап шығу мүмкін бе?!

Уайонкоммен араласып жүргендей жазғырғанына мырс етіп, қатырып тұрып өзін іштей сыбап өтті.

- Әһ-шүү!..

Жұтынған. Аузы қышқыл татыпты. Ерні кеберсіпті. Сонда барып ұзақты күн нәр сызбақ тұрсын, бір жұтым қара су татпағаны есіне түсті.

Баяу орнынан тұрды. Жүрек жалғамақшы. «Қайдан? Мұнда баласының үйіне келген жоқ қой...»

Қарсы жолыққан жасамыс жөн сілтеді. Ішінен соны пысықтап келеді. «Екі қуартал төмен түсу керек, бір қуартал солға бұрылу керек, тура маңдай алдыңыздан асхана шығады...»

Тапқан асханасын. Асхана емес, масхана екен. Үстел үсті сыра, шараптардан теңселеді. Отырғандар көк түтіннен көрінсе, кәне?

Қайтып шықты. Тағы да жосық сұраған. Жәлеміш боянған екі келіні өзін жазғырып кетті. «Асханадан шығып тұрып асхананы сұрайды, нақұрыс шығар...»

Тағы да екеу көрінген.

- Мына бес қабат үйді айналып өтіңіз. Шағын ғана ресторан бар... Удай! Жо-жоқ... Бағасын айтамыз...

Ыстық болса болды деп бес қабат үйді айнала берген. Айтқанындай-ақ аяқ-қолы жинақы ресторан тұр екен. Маңдайшасындағы жазуларға көз жүгірткенімен, жыланирелең жазуды ежіктеп те шыға алмады.

Көзден таса, елеусіздеу бір бұрышы бұйырмағаны болмаса, бағына қарай адамдар аяғы сирек екен. Есіктен қарыс табан алыс тұрған бос үстелге жайғасты. Ішкі салқындау боп шықты. Ыстық қаққан адамға керегі де осы. «Қолын алдына бос қойған соң» дастарқан мәзіріне көз жүгірткенсіді. Шүпірлеген іркестіркес жазулар біріне-бірі мінгесіп, көзі жасаурап қоя берді. "Даяшының керегі де осындайда екен ғой..."

Даяшыны еркеккіндік болар деп ойламаған. Жиырманың ол жақ, бұл жағындағы баламұрт. Палуан денесіне қарамай, қол араның аузында тұрғандай лыпып тұр.

Ыстық шай сұрады.

- Ішсеңіз какао, қала берді, нарзан су...

Ыстық тамақ сұрады.

- Болмайды. Әзірге болмайды...

Басқасын тауып алайын деп орнынан көтеріле берген.

- Ақсақал, - даяшы өзін иығынан басып отырғызды, - екі жүз коньякқа тапсырыс берсеңіз, шайдың екі шәйнегін тауып әкелейін...

- Ү-үй... күшік...

Орнына қайтып отырды.

Әуелі шай келді. Кемпірінің қанкүрең шайындай болғаны мен, шыныаяқпен ішпеген соң батпайды екен. «Бала-шағамен ішіп үйреніп қалғандықтан шығар...»

Келген коньяктан екі-үш ұрттап қоя салған. Еңсергені шай болды.

Сырттан ешкім кіре қоймаған. Отырғандардың ішінде жасамысы да көріне қоймаған. Болып жатса дастарқандас болмақшы ойы бар еді. Өне-е біреу отырғандарға бармақшы еді, ол райынан да қайтты. Жастардың жарасып отырған басқосуларының шырқын бұзармын деп қаймықты. Қаймыққаны емес, түсініспеуден тайсақтады. «Тарпаң жастардың бірі болып жүрсе...»

Коньяктың тағы да екі жүзін алдырды.

Отырғандардың алды тұрсын, арты да қызайын деді. Әр жерден үзік-үзік ызың-ыңылдар шыға бастады.

- Махаббаттың құдірет күші әлдилеп...

Ән бұйрабас отырған үстелден шыққан.

Жастар жағы бұл әнді көтеріп алып кетпек болып қосыла бергенде, есік жақтағы жетім үстелден зор дауыс шықты.

- Расцветали яблони и груши...

Жастар жағының пәсі қайтып қалды. Үздік-создық шыққан шиқыл-шырылдар да, «той-ақ», «коньяк» деген қиқуға көшкен бұйрабас жігіттер тобы да басылды. Былайғы қалыс қалғандар әннің екінші шумағында қосылған болды. Ән аяқталғанда бұйрабас жігіт орнынан тұрып, қолын алып тұрып, бет-аузының дымын қалдырмады. «Хайуан да бүйтіп еміренбес...»

- Маладес, деревня!.. Поздно болса да вокалистер конкурсына қатысу керек. Шалыпиндер сендердей деревнядан шыққан!..

Әйтеуір, жаман сөз айтпағанын ұғынған. Соған орай рахметін айтпақшы болған. Қараса, «деревнясы» отырған орнында екі қолы екі жағында салбырап, ұйқыға кетіпті.

Жастар жағы тағы да ән бастаған.

- Келе жатсам автобустың ішінде...

Селк ете түсті. Өзі де қалғып кетігіті. «Мас боп қалғаны ма?!»

Даңғыра айқай құлағының етін мұндай жемес. «Ей, өліп қалдым, ой, талып қалдым...»

Көз алдына сонау бір жылдары өзін өлімнен алып қалған санитарка қыз келді. Соғыс біткен соң да қаншама іздемеді?!

Тағдыр маңдайына жазбапты. «Қу соғыс...» Терең күрсінді.

Оған енді, әйтеуір, ән салу керек сияқты болып көрінген. Жо-
жоқ, іштегі шөмен болып қатып қалған әнді айтқысы келген.
Өзінше ән айтып жатқан жастарға қосылды.

*- Помню тот памятный вечер,
Падал платочек твой с плечь...*

Әннің айтылуында табиғилық бар еді. Отырғандарда үн жоқ.
- Деревня, блатной, ә?! Ылғи орысша, военныйларын айтады... -
Твгы да бұйрабас жігіт.
Отырғандарға естірте айтты.

*-... и обещала,
Синий платочек сберечь...*

Зор дауыс бұл биіктікте де ұзақ тұрақтамады.
«Қаншама боздақ қыршын кетті. Жеңіс күнгіні айтсайшы.
Мамед... Гринько... Ярошкевич... тағы...»

*- О друзьях, товарищах,
Где-нибудь,
Когда-нибудь будем вспоминать...*

Ән кілт үзілді.
Күрсініп ұзақ отырды. Асықпай отырып даяшы әкелген
бір бөтелке коньяктың екі жүзін тартып алды. Маңдайының
жіпсігенін білді. Иығынан ауыр жүк түскендей өзін жеңіл сезінді.
Қолына темекі талын алды. «Махоркадай болар деймісің?..»
Манағы ой сорабына қайтып оралды.

*- Помню я пехоту
И родную хату,
И тебя за то, что ты дал мне закуритъ...*

Коньяк орталанайын деді.

*-Давай, товарищ, покурим по одной,
Ну что-же покурим, товарищ мой...*

Алдындағы ішімдіктен тағы да ала берген. Бұйрабас жігіт ыдысына жармасқан.

- Хватит с тебя! Вокалист деген сайын... Войнаға қатыссаңыз да...

- Уайнаң әлі біткен жоқ...

- Как это біткен жоқ? Қырық бірде начался, қырық бесте капут...

- Мен үшін сәл ерте басталды...

- Финны... немцы... может джапана прихватили?.. Бәлкім, революцияға да қатысқан шығарсыз?! Герой, герой...

- Керой болмасам да жеңіс күнін жақындатқаным өтірік емес...

- Әрине, герой емессіз?.. Олай болса, бұлайша тірі жүрмес едіңіз...

- Ү-үй, күшкі...

Екеуін жігіттер келіп ажыратып алды. Бұйрабас тепсінгенімен, алғашқы қарқыны басылып-ақ қалған.

Солай бұлар үз-а-ақ отырды.

Көз байланып, баспалдақты бұрыштан даңғыра әуен ойнала бастаған. Біраздан кейін ел би билеуге көшкен. Өзінің де билегісі келіп кетті. «Мазурка... полька...»

Отыра-отыра ән айтқысы келген. Өзіне тесіле қарап, бұраңдап жүрген бұйрабастан қаймықты.

Ел тағы да екі-үш мәрте би биледі.

Орнынан тұрып, музыкант жігіттерге беттеді. «Катюшаны» орындап беруді өтінген.

- Ветеран войны?

Бұл басын изеді.

Олар басын шайқады.

Сонсоң ұзақ мыжың басталды. Сыпайылап айтқанда, ақша төлеу керек екен әлгі қолқасына. «Қолқаға да ақша алады екен-ау...»

Қалтасына қолын салды. Іліккенін санамай-ақ бере салды.

Аналар өзара күңкілдесіп кетті.

Қайтып барды. Басқа бір военный ән айтып берейік дейді. Келісті. Көңілі жайланып, тәлтіректей басып орнына келіп отырды.

*- Письма нежные,
Очень мне нужны,
Я их выучил наизусть...*

Әннің сөзі ұнағанымен, әуені ұнай қоймады. «Марш керек!..»

- ...ты в кино с другим не хо...ди...

- Тоқтат!

Музыканттар да, билеп жүргендер де, отырғандар да аң-таң...

- Еңге селтеңдеп би билейді!

Жуан жұдырық үстелді ойып жіберердей тоқпақтап жатыр.

Соңғы жойқын тоқпақтан үстелге жан бітіп, жамбастай жөнелген. Жігіттер араласып, үстелді орнына қайтып қойған.

- Марш керек!..

*- Пусть ярость благородная,
Скипает как волна.
Идет война народная...*

Аяғын айтып үлгермеді. Манағы шілмегей, бұйрабас қара жағасына жармасты.

- Полоумный...

- Кім? Не?..

- Идиот!... Нақұрыс...

Айқай-шу жуық маңда басыла қоймады. Біреулер милицияға хабарлауға жүгірісті. Ортаға түскен жігіттер арашадан әріге бармады. Олар болмаса бұйрабас қараның бұған қол көтергендей түрі де байқалады.

- Он войну хочеть... - деп жынын құсып жүр.

Бұл кезде бөкене шал залда жоқ еді.

Есік алдында мелшиіп тұрған швейцар шал өз міндетін ұмытып кеткендей. Көзінде жас бар. Керең адамдай шеттегілерге де жауап қайырмады. Алқынып шыққан даяшы жігіт өзін сүйрелей жөнелгенде де қарсыласқан жоқ.

- Это ты виноват. Почему этого идиота отпустил?..

- Сам ты - идиот...

Шал жұлқынып шықты.

- Он просто контужный... Бывает у них такие тяжкие минуты..

По себе знаю...

- Ну, ну!.. Ни гроша не заплатил...

- Я заплачу за него...

- Вы, что? Тридцать ре...

Ресторан қоңырауы екінші рет шырылдаған.

xxx

Көзін ашқанда көргені ақ төсек, ақ қабырға... Төбе де әппақ...

Ұшып тұрды. Шалбарының, жейдесінің... костюмінің қалта-сын түгел адақтап шықты. Қалтарыс қалған жер жоқ секілді. «Хат жоқ!..»

Баяу есік ашылды. Ортадан жоғары бойы бар капитан формасындағы жігіт ағасы көрінді.

- А-а... Ақсақал, жақсы жатып, жайлы тұрдыңыз ба?

Ұят болыпты. Келген өзіне хат жазатын уайонкомның оң қолы екен. Болған жағдайдың бәрін содан естіп білді. Олар болмағанда милицияға түсіп қалғандай екен.

Бөдене бөтегелі телефон шылдырлады. Тұтқасын көтеріп, сөйлесуге жүрегі дуаламады. Тілдескен капитан бала болды. Жанына бөтендей әңгіме қоса қойған жоқ. Кім екен дегендей басын көтеріп қараған.

- Даяшы жігіт қой. Ақсақалдан ұят болды деп кешірім сұрап жатыр. Қазір келіп қалар. Кеше сіз первыйға елу сомдықты салып кетіпсіз. Соның қалғанын қайтармақшы. Сонан кейін тағы бір хат шықты дейді...

- Қай хат! А-а?! Табылса бопты... Күні бойы шарқ ұрып іздеп, таппай отыр едім.

- Қай хат?..

- Уайонкомның хаты.

- А-а... Ол хатты біз сонау Украинаның қызылізші балаларынан алғанбыз. Сізден сол күндерді әңгімелеп беруді сұрапты.

- Сонда не, менің Украинаға баруым керек пе?

- Жоға, біз де естімейміз бе сіздің әңгімеңізді...

Тегі деймін де...

Сыртқа шықты. Жеңіл көлік күтіп тұр екен. Қас қылғанда әлгі Арқа» ресторанының алдынан өтер ме? Қозғалақтап «Арқаға» арқасын беріп отырды.

Содан көз ұшынан «Арқа» рестораны жоғалғанша тынши алмай-ақ қойды.

*Қарағанды,
21-24.02.1978*

ОЙЫНШЫ

I

- Жолдас майор... - деді бұл.

- Бұрынғы... - деді ол.

Бұрынғы майор мен қазіргі капитан бильярд ойнап жатқан еді.

Оның ішінде үшборттысын.

II

Үшбортты бильярд - аталмыш ойынның ең күрделілерінің бірі. Он бес ұпайға дейін ойналады. Үш шары болады. Ақ, қызыл, жасыл. Міндетті түрде бір шармен екі шарға тигізу керек.

Әр шабытты жүріске бір ұпай беріледі.

- Он бес те нөл! - деді майор.

Капитан үндеген жоқ.

Қалтасына қол салды. Шытырлатып он бес мыңды санап берді. Жасыл мауыты үсті сарала, көкала теңгелерге толды да қалды.

III

Оның жұрт білетін есімі - Ақал.

Көрші-қолаңы да, дос-жарандары да оны тек Ақал деп біледі.

Оны көрген жұрт сыбырласа қалады. «Отырып келген».

Онысы рас сөз. Жо-жоқ, кісі өлтірмеген, қыз зорламаған, үйге де түспеген, қалта да үптемеген. Бар айыбы, қақаған қыста көшеге шыққандарға тілеулес болған.

Түрмедегі лақап есімі «Желтоқсаншы» екен. Оған дейінгісі «Ауғаншы» дейді. Осыдан кейін біраз жайт түсінікті болып қалған болар. Тікелей, қоян-қолтық желтоқсан оқиғасына қатыспаған. Сырт та қала алмаған.

IV

Бозадыр - Арқадағы ірі тораптық стансалардың бірі. Еліміздің теріскей аймағын Алматымен жалғастыратын шойын жол осы

станса арқылы өтеді. Сол күндердегі Алматыдан теріскей бағыт алған пойыздардың аمانы жоқ еді. Терезе атаулы шұрқ тесік болатын. Вагон атаулы айқыш-ұйқыш жазулардан көрінбейді. Түрлі-түсті бояулармен бір жазудың үстіне екіншісін жазған. Әлде өшірген. Қасақана. Оқи алмасын деп. Жіті назар аударған жан бәрібір ажыратып оқыр еді. «Нет! Колбину! Да! Кунаеву!»

Сол пойыздарды стансаларда орыс милициялары қарсы алып, шығарып салып тұрды. Олар да Алматыдағы жағалылардан қалыса қойған жоқ. Олар да ойларына келгенін істеген. Қазақ жігіттері мен қыздарын пойыздарынан суырып алып, сүйреткіге салған. Сонда топтан суырылып, қызыл жағалылардың өзін жағадан алған осы Майыр еді. Жалғыз қолымен-ақ ол бәрін шашып тастаған.

Оны ұстауға үш әріптің адамдары келген. Бұл қарсылық жасаған жоқ. Кешірім сұрап, аяқтарына да жығылмады.

Оған тағылған айып ауыр болатын. Өкімет адамына қол тргенге жеңілдік болушы ма еді?! Оның үстіне іске саяси астар берілген. Сонан бес жылды арқалап кете барған.

Майырдың азан шақырып қойған есімін ел біле бермейді. се некен-саяқ. Соның бірі - өзі.

Алдында оның бас жұмысы жатыр. Толық аты-жөні - Майыр іуытов.

Қазір Майыр Мауытов десең, ешкім білмейді. Бірақ кезінде білген. Осыдан ширек ғасыр бұрын оны бәрі білген. Майыр Мауытович ретінде...

VI

Әкесі Мауыт қан майданда болыпты. «Көнтәжнай».

Соғысты Берлинде аяқтап, елге тек қырық алтыншы жылы оралыпты. Капитан шенінде. Арманы майорлық болған ғой. Соған жете алмаған. Елге келіп көрген баласына сол арманын есім етіп қойыпты. Майыр деп. Майор дегендері де.

Бұл жазмышты қойсаңшы. Мауыт ақсақалдың ниеті алдынан

шықты. Шын көңілден тілеген де. Әлде ниетіне қарай берді Баласы айналдырған оншақты жылдың ішінде майорлыққа қол жеткізді. Бозадыр аудандық ішкі істер бөліміндегі майорлардың ең жасы Майыр еді. Көлденең ел әлі генерал болады деп жүрді Ал әкесі болса осы майырлығының қайырын берсін деп отыратын.

Қан майданда жүріп батыр болсам деген жоқ. Жан олжа деп жүргендердің бірі еді. Даңқ орденінің қалай екіншісін алды, солай ұры ой келген. «Менің елден нем кем?» деген. Жетпей тұрғаны үшіншісі еді. Оны да берді. Алайда... Тағы да екінші дәрежелісі еді.

Кейін оның керек боларын білгенде сол жерде командирге айтып түзетіп алатын еді ғой. Өздері де шатысып келген. Алдымен ел сияқты үшінші дәрежелісін алмай, біріншісін алған. Одан кейін екіншісін алды. Одан кейін үшіншісін алуға тиіс еді. Алды. Алайда алғаны үшіншісі емес еді. Екіншісі. Тағы да екіншісі. «Үшіншіге қарағанда екіншісі жақсы ғой».

Не керек, сол «қателікті» түзетуге ғұмыры жетпеді. Қалай баласы майор болды, солай Мауыт ақсақалға айықпас дерт жабысты. Ақыры сол дерті алып тынды.

VII

Бозадырдың Мауыт ақсақалды білмейтіні жоқ. Ауыл арасының батыры емес, кәдімгі соғыс батыры. Қан майданнан Даңқ орденінің үшеуін әкелген. Жетпей тұрғаны - үшінші дәрежелісі...

Сол жетпей тұрғаны базардан жақсылап іздесе, табылады екен. Оған тіршілік құрғыры мойын бұрғызбады. Кеудесіне тағып, сөлкебайлатып, батыр болғысы келген жоқ. Әуестік те. Қолына ұстап көргісі келген. Құдай күпірлік етпесін, соғыс енді бірер аптаға созылғанда, Кеңес Одағының Батыры атағын алып та қалар ма еді...

VIII

Ел Мауыт ақсақалдың арманы жоқ деп біледі. Өзі де бақилыққа жөнелерде арманым жоқ деп кеткен. Оның жетпей тұрған үшінші дәрежелісін Майыр алып берген.

Қан төгіп...

Бір қолын беріп...

Бір көзін беріп...

Ол ауған соғысынан қансырап оралған.

Соғысқа капитан шенінде кірген. Бар-жоғы үш-ақ ай соғысты... Есесіне үш жыл бойы госпитальдардан шықпады. Ақыры бірінші топтағы мүгедек болып саптан шықты. Азын-аулақ зейнетақысы бар. Мерекелерде ардагерлермен бірге өзінде ұмытпайды. Төрге оздырады. Хатқап береді. Оның ішінде міндетті түрде он сом болатын. Сөйтіп те күнкөрісін көріп жатқан.

Біреуден ілгері дегендейін.

Біреуден кейін дегендейін.

IX

Ауған ардагеріне кеңшілік жасалды. Бес жылын екі жылда өтеп шықты. Бәлкім, түрмеге де мүгедек тұтқын керек болмаған болар. Масыл тұтқын кімге дәрі?!

Бұл ештеңе болмағандай өзін бұрынғыдай еркін ұстады. Барам деген жеріне барды, айтам деген сөзін айтты. Бір жақсысы, бұл ащы суды татып алмады. Содан да беті ашық.

Ел тәуелсіздік алған жылдары неше түрлі ғимараттар қаптады.

Соның бірі - құмар ойыны еді. Аудан орталығынан сондай бір ойынхана ашылған. Соның бір бөлмесі билльярд ойынына арналған екен. Бұл соған барғыштауды жиілетті. Өйтетін себебі, әскерде жүріп осы ойынды ойнаған. Тәуір ойнаушы еді. Көзі түзуде, екі қолы аманда ешкімді алдына шығармаған. Одан Кейінгі себеп, ардагерлер үшін кіру ақысы тегін еді.

XI

Алғашқы бетте ол көрермен сапында отыратын. Түн ауа ойынханада ешкім де қалмайтын. Сол кезде ол қолына кийді

алар еді. Сонсоң жасыл мауыты үстінде сойқанды салар еді. Шар жарықтықтарды бір бұрыштан екіншісіне қуалап, өкпесін өшірер еді.

Онысын ешкімге білдірмеді. Солайынша жарты жыл бойы өзімен-өзі жаттықты. Бір күні ол да қолына кий ұстап тұра қалған. Жай тұрмай қалтасынан жүз теңге шығарған. Сонан ел ақшаға ойнайтын болды. Ел бәске бәс тігісті. Сол күннен бастап әлгі ойынхананың бағы жансын. Ел шолақ қол ойыншыны көруге жиналатын. Ақша суша ақты. Бара-бара ойыншылар Қарағанды, Астанада келетін болған. Майырды іздеп.

Бір күні ойынханада үшбортты бильярд пайда бола кетті. Сонан бастап ел Майырды Ақал дейтін болды. Ақал дегені - үшінші көзі бар дегендері.

XII

Үшбортты бильярдтың өзіндік ерекшеліктері көп-ақ. Соның Майырға майдай жаққаны - борттан ойнайтыны. Бұл оған қол кемістігін сезінбеуге айтарлықтай себін тигізген. Көз кемістігін көзілдірікпен қымтаған. Қалғаны ойнау болатын. Бұл ойнады. Кезекті өзі бастаса, бітті дей бер. Бір шар да бермейді. Он бес те нөл болып шыға келеді. Майырдың пайдасына, әрине.

Әзірге бұған төтеп берер қарсылас табылмай тұр. Балқаштан, Теміртаудан, Қарағандыдан, тіпті Астанада келген ойыншылардың барлығын дырдай қылып сыпырып алған.

Дегенмен біреуі бар. Сүмеңдеп соңынан қалмай келеді. Күнде ойнағандықтан, онымен ойнайтын бәсі бөлек. Ойын үшін қойылған бәс. Мұндай кеңшілікті Майыр тек соған ғана жасайды. Естуінше, үш әріптің адамы. Соңынан салпаңдап қалмай жүргеніне қарап, болса болар дейді. Ел оны капитан деп қолпаштайды. Капитан болса капитан. Бұл да оны Капитан деп кетті. Ең бастысы, ол ойыншы. Бұған керегі сол.

Майырдың өз шарты бар. Кіммен ойнаса да бір-ақ партия ойнайды. Ұтса, алады. Ұтылса, береді-мыс. Ал ұтылғанын әзір ешкім көрген жоқ.

- Он бес те нөл! - деді Ақал.

- Әзірге, - деді Капитан.

XIII

Ақал ойынды кешкі сегіз нөл-нөл бастайды. Әрі кетгі дегенде бір партияға үш сағат уақытын жібереді. Сонан таңғы алтыға дейін өзімен-өзі жаттығады.

Сондай күндердің бірінде өзін іздеп Капитан келген. Айтуынша, ойыншы екен. Бұл мырс еткен.

- Өзіңді жоғары бағалайды екенсің, - деді бұл.

- Ойын - төреші, - деді ол.

Ойнады. Жеребе тартылды. Кезек Ақалға тиген.

Ол өз мүмкіндігін жіберген жоқ.

- Он бес те нөл! - деді ол.

Ертеңінде тағы келіп тұр. Бүрсүгіні де бой көрсеткен. Сонан ді бұл ойлансын. Мұның жұмысы қайда деп.

- Соңынан, - деп жалтарды ол.

Бұл тықақтамады. Кезінде көрерміз деді іштей. Ал өзі күн өткен сайын ұнап барады. Табанының бүрі бар. Мұның жаттығуын құр жібермейді. Ал кешкі сегізде кийін ұстап борт нында тұрады.

Қалай партия аяқталады, солай ақшасын шығарады. Ылғи да бес мың теңгелік тастайды. Осының өзінде бір тектілік жатқанын сезінеді. «Бұл ақшаны қайдан табады екен?».

XIV

Капитан да құр жатпаған. Ол да өз бизнесін ашқан. Үш бортты бильярд салонына ол да қол жеткізген. Кешке Ақалмен, күндіз басқаларымен ойнайды. Мұның ойынының бәсі жадағай. Партиясы бір мыңнан. Есесіне ойнаймын деушілер жыртылып айырылады.

XV

- Жолдас капитан... - деді ол.

- Бұрынғы... - деді бұл.

xvi

Бұл күні Капитаннан бақытты адам жоқ еді.
Осыған дейінгі өміріне түкіргені бар.
Ол Майырды ұтқан еді.

xvii

Майыр Капитанның погонын жұлып алып, қолына ұсынған.
Капитан қоқыс жәшігін меңзеген...

*Қарағанды,
01.07.2009*

ТІЗГІҚОЛ

Батыстағы ызғар мұнда сүйектен өтіп тұр. Керман ит пен Китлер ит екі жақтап еді, енді оған ит-құс қосылды.

Басынғаны да.

Бұрынғы қиқу кетпейтін ауыл жоқ. Бұйығы.

Ең құрығанда әуіпдеп ит те дыбыс бермейді.

Аяққа оралып жататын бала-шаға жұмысқа жегілген.

Ел жұмысты ғана біледі. Сиыр сауу. Май бұлғау. Брынза жасау.

Қолдары босай қалса, биялай-шұлық токиды. Оның өзін Батысқа жөнелтіп жатады. Одан қалса хат жазады. Елдің аман-ғын айтып. Соған келетін жауап құрғыры аздау болып тұр.

Арқа төсіндегі Басши, Орташи және Аяқши Үлкен Қарақұлақты құрайды.

Атауында тұрғандай бұлақты өлке. Шоғырланып ши өседі. Аттылы кісі адасып кететін ши. Қолдары қалт етсе, ауыл балалары ат үстінен орамалдап, ши тартады. Ол құрғыры сағасынан үзіле қоймайды. Кешке дейін ат үстінен түспегенде, бар-жоғы екі бау ғана жинайды.

Ел қолдарындағы бір-екі қарасын ең алдымен бір жаратқанға, одан қалды, осы шиге тапсырады. Мұндай шиі бар жерде мал қоңын бермейді.

- Түсіпханның жоғы білініп қалды-ау, - дейді ит-құстан мезілған ауыл.

Түсіпхан деп отырғандары - осы ауылдың аңсағы. Көлденең жұрт аңшы Түсіпхан деп кеткен. Қырық екінің наурызын шығарып әскерге ілінген. Сонан Батыста. Анда-санда хат келіп тұрады. Жауды қуып бара жатырмыз деген. Алайда қашқан жау әзірге көріне қоймаған.

- Түсіпхан ол жақтан гөрі, өзімізге көбірек керек еді-ау, - дейді тағы бір кейуана.

Бұл елдің ит-құсты шыққанын меңзегені.

- Мергендер алғы шепте болатын көрінеді. Түсіпхан соның жуан ортасында дейді, - деп тағы біреуі тон пішіп жатады.

Түсекең аң қағуға қара сойылмен шығады. Шошаймен аң сіргенді жаны сүймейді.

Бала-шаға үшін қарсақ пен түлкіні қынадай қыратын кезі де болады. Ондайда ит жүгіртеді. Тазының әлеке жүйрігін сонан топтап ұстайды. Мұның қалай деп ел айтпайды. Олжа ортақ Түсекеңнің тазылары қоянды да баудай түсіреді. Ауыл сөйтін нәпақа айырады.

Әдетте қазекем мұндай ауылды қамбар ауыл дейді. Мұндап ауылда қыл ақыры тіс шұқығыштың өзі ауысып-түйісіп жа тады. Мұндай ауылдың ауызбіршілігі жоғары болады. «Сеп-тесіп өмір сүргеннің сіңірі үзілмейді» деген бар. Ауыл содан жұтамай отыр.

Ит-құстың мазалап тұрғаны болмаса.

Міне, сөйткен ауылдың әлгіндей нәпақадан айырылғанына бір жылдан асып барады.

... Бүгін сол бұйығы жатқан ауыл дүр еткен.

Ауыл маңынан шықпайтын тай бар еді. Қызбадан төрт тұяғы ойылып түсіп қалған. Сол тай кейінде жұнттай болып семіріп алған-ды.

Ит-құс соны тартып кетіпті.

Әбдіхан ақсақал содан бір асым ет алған жоқ.

- Малға қоспаған тайым еді, - деп.

Елге таратып жіберді.

- Арты той болсын! Түсіпханым аман-есен оралар ма екен? - деді де қойды.

Сонан ауыл әбігер болып жатқан. Қызылсырап дегендейін. Бірін-бірі қонаққа шақырып дегендейін.

Жермай сұрасып жүгіріп жүргендер бар. Солайынша білешамның жарығы азая берген.

Елдің алды түс көре бастағанда, шағын ауыл қайтып дүр сілкінген.

- Түсіпхан келді! Түсіпхан келді! - деп.

Ауыл қайтып ес жиған. Шала ұйқылы ел бір-бірінен:

- Қайдағы Түсіпхан? - деп сұрасып жатты.

Елдің сенгісі жоқ. Түсіпхан келеді деп кім ойлаған.

Еңсесін түсірмепті. Сол сойдасын бойын жоғалтпапты. Тек оң жақ қолын иығына асыпты. Оқ тиген. Батыста.

Қалғып кеткен ел қайтып оянды. Білте шам сол күні сөнбеді. Тойдың көкесі енді болды. Әбдіхан ақсақал тілеулерің ақ екен деп қысырдың біреуін жарды да тастады.

Ел есін жиған. Соғыстың әңгімесін бітіріп, күнделікті қарын әңгімесіне көшкен. Түнде ғана тартылған тайдың жыры да айтылды.

Ол менің олжам екен, - деді де қойды Түсекең.

... Таңертең ел өз көзіне сенбеді.

Әбдіхан ауласында босаға мен төрдей жойдасынның терісі бақанбаста жаюлы тұр еді.

Ел таң-тамаша болды.

- Қай уақытта алып үлгерді, - деп.

Тізгіқолмен де қасқыр алуға болады екен-ау, - деп.

Ал Түсекең болса жол азабынан сол қолын жастанып бақанбастың астында, жойдасыннан түскен көлдей көлеңкеде беймарал ұйықтап жатқан еді.

*Қараганды,
17.08.2008*

ШЫҒАЙ

Кеше Есен-тін...

Еске десең қарамайды да.

Бардың да, жоқтың да есебінде жоқтың

Дауысы шықпайтын...

* * *

Есен десең, ауылдың үлкен-кішісі бірден біле қалады.

Ауыл сырткөз алақандай болып көрінгенімен, өз ішінде Ескі Ақбұлақ, Жаңа Ақбұлақ болып екіге бөлінеді. Бұрын Ескісі еңселі көрінуші еді, бүгінде Жаңасы екпіндеп тұр.

Ескісі бар, Жаңасы бар, жығасы құламаған осы ауылда үш мыңның үстінде ақбұлақтық баз кешіп жатыр. Екпіндейтіп себебі, мұнда жұрт жаңартушылар жоқтың қасы. Қайта іштен қоныс аударушылар бар. Себеп жеткілікті. Көбеңді топырағына салсаң, дымқылы білінеді. Сонан ел жаужұмыр егеді. Онысы күз шыға күшіктеп береді. Бір қабы он қап болып оралады. Онысың іргелес жатқан кеншілер қалашықтарына шығарады.

Өндіріс болған соң оларда қолақша бар. Сол құрғыры осыларға әлгіндей себеппен ауысып жатады.

Ең бастысы, ауыл Алматы - Астана күрежолының бойында жатыр.

Бұлардың тікелей жолға қатысы жоқ. Алайда нақ осы жол ауылды асырап отыр. Тырмалап шығарған көгін пұлдап қайтқан өзағандар нақ осы ауылдың ақсақ тоқтысына өліп түседі.

Ауылдың Ақбұлақ атауында тұрғандай, бұл - ақмай жер. Тоқтылары тегенедей құйрықтарын әзер көтеріп жүреді. Бас қалары шыдаса да, бұған өзағандар шыдамайды. Көктен тапқандарын осы ауылға тастап кетеді.

Ауыл осылайша екіге бөлінгенімен, күнкөрісі біреу. Ауылдың іргелес жатқан азын-аулақ егістігі бар. Сонан да мұнда қорым күшті. Соған орай ауылдың иті мен мысығынан басқасының бәрі бағымда. Тоқты-торымның жайы белгілі. Сонау қоңыр күзге дейін бұл төңіректе маңыраманың даусын ести қоймайсыз. Олары жайлауға айдалған. Қылқұйрықтарын да желге қосып жіберген. Түйе жарықтық мұнда әу бастан жоқтың қасы. Есесіне

сиыр жарықтықтың дауысы ұрып тұр.

Сойсаң да, саусаң да, сатсаң да - пұл.

Жолдан кейінгі ауылдың асыраушысы, әрине, Есен бақташы.

Оның бар-жоғы біліне бермейді. Ел оның бақташылықтан басқа қарекетін көрмейті. Өмір бойы өкімет жұмысын істемейті. Білетіні, көктем шыға елдің айсаңын жинап алып, өзі қоса өріп бара жатады. Қоса жайылады. Табынды жаяу бағады. Сонан барып бұл ауылдың сиырлары сүттіген. Шелектеп береді. Қаймаққа қол салғанша, жарықтық сап-сары май болып түсіп жатады. Оларын бүйендеп қояды. Қысы-жазы сыр бермесе, оның сыры осында жатыр.

Басқа жердің майы өте ме, өтпей ме, ал осы ауылдың әлгіндей майы шошалада жатып қалмайды.

Кешегі саудамен жұмысы жоқ ауыл төңкеріліп түсті. Сауданың осы ауылда жұмысы бар болып шықты. Ауыл ақшаның дәмін алды. Сол-ақ екен Шасталды. Енді ел сиырға бұрынғысынша мәлік деп қарамайтын болды. Кассасы сияқты. Жо-жоқ, банкісі.

Есеннің де мәртебесі көтеріле түскен. Бұрын мәлік басы бес теңге алып келсе, кейінде бір теңгеге үстемелеген.

Енді ол табынды жаяулап бақпайтынды шығарды. Ерте көктемнен біреудің қабырғасы ырсып көрініп тұрған тобышағын сатып алады да, табынмен қоса жаяды. Қоңыр күзде оясына қол сыймайтындай болып бөгіп тұрады. Соны соғымға өзі атып ұрса, бір қыс тауыспас еді-ау. Жоқ, ол олай істемейді. Мұның сойысына көз алартушылар жеткілікті. Өзі семірген малға көз салушылар қашанда үзілмеген ғой. Сонан Есен әлгі тобышағын пұлдап, онысына жабағыны іліктіріп, жарып тастайды.

Қалғанын түйіншектеп орап қояды. Онысына ерте көктемде тағы да біреудің көтеремін сатып алады.

Өзгенің сиырын баққанымен, өзінде сиыр жоқ. Түліктің басын да ұстамайды. Ұстайтыны - Бұқа. Бұқа деп бас әріппен жазып отырғанымыз - ол кәдімгі бұқа. Мүтіл ауылда осыдан басқа бұқа жоқ. Осыдан кейін қалай ол Бұқа болмасын.

Есен бақташының тілеуі осы Бұқаның үстінде. Онысын өзі бағып жүрген табынға қоспайды. Оның тәрбиесі бөлек. Басы да, төрт аяғы да шынжырда.

Оның ішіп-жемі атымен өзге. Жоңышқамен асырайды. Ол су тати бастағанда көденің майсақалымен ауыстыра қояды.

Қазекем де біледі-ау не деу керектігін. Майсақал десе, май сақал. Көдені сол майсақал кезінде шауып алады. Одан әрін жібермейді. Ұзаса болды, оның селеуі шыта бастайды.

Ал баулығына ел сияқты жаужұмыр салмайды. Ол қызылша сәбіз егеді. Онысын қысы-жазы бойы Бұқасына бөктіріп береді. Сол Бұқасы үшін құс та асырап отырған жайы бар.

Құс болғанда, тауықтан басқа қаз, үйрек ұстайды. Сонан кейін елде жоқты шығарып, бөдене асырауды шығарған. Жұмырі қалары үшін. Елдің айтуынша, Есен осының бәрін Бұқасына жаратады.

Ерте көктеммен ауылдың тірлігіне өзгеріс кіреді. Мауыққан мысықтың дауысынан құлақ тұнады. Оған сиырлардың өкіреш дауысы қосылады. Аяғындағы шынжырын үзердей болып гүжілдеп Бұқа тұрады...

Жолдың барлығы енді Есеннің қорасына бастайды. Ел сауынын жетектеп, қаздай тізіліп Бұқаға кетіп бара жатады.

Ал онда шірет...

Бұқаның шіреті...

Сол шіреттеріне ел екі-үш күн бойы жете алмай жүреді. Сонан да Есеннің бағы аспандайды. Ел құр қол келмейді. Қолтықтарына бірдеңелерін қыстыра келеді.

- Есеке... - дейді сыбырлағандай болып.

Есекесі оны құлағына қыстырмайды да.

- Есеке... - дейді шарасы таусылған келуші.

Ескең жымың ете қалады. Танауы желп ете түседі. Байқаған адамға онысы білініп тұрады.

Келушінің түйіншегі мен сиырын кіргізіп алып, қорасының есігін мұрын асты жауып алады. Елге осынысы өтіп кетеді.

Сонан Ескеңнің дауысы шығады:

- Гүж-гүж... - деген.

- Зеңгі баба, қолдай гөр... - деп зар еңірейді.

Елге осы соңғысы батып кетеді.

Ескеңнің сұрағанын бере салады. Ал Ескең анау-мынау емес, түп-тура он теңге сұрайды. Ал оған тоқты-торым ғана емес, дөнен қойдың өзі де келеді.

- Сүрді ме? - дейді келуші.

- Жасыды... - дейді борша-борша терлеген Ескең.

Ескеңнің осынау түрін көрген ел үндей алмайды.

Келуші де пенде емес пе? Ішінен күмән келтірушілер де шығып қалады.

Жапты!... - дейді бұл.

Тағы бір рет...

Келуші кете қоймайды. Жоқ, Ескең міз бақпайды.

Менікі бір-ақ рет сүреді... - дейді.

Ескең осылайша бір жазда үш-төрт жылдың табысын табады.

Ескеңнің бұқа қорасы үйге бергісіз. Ыстық, суық суын шүмекпен келтіріп қойған.

Кәдімгідей сауна алады дейді.

Ел ішінде енді Ескеңнің есімі жиі аталатынды шығарды.

Барған жерінде төрден орын тиді. Ара-арасында сөз сөйлейтінді шығарып жүр. Онысы әзірге тілектен аспай жатыр. Сонда да ел сұрағандай қылып сөз кезегін береді. Өйткені оның Бұқасы бар. Қалды Бөденесі бар.

Мәселе бөденеде емес, жұмыртқасында. Ел біліп айтса, әлгі шұбардың жұмыртқасы өлгенді де тірілтеді-мыс. Сонан да Ескеңнен бөдене жұмыртқасын алушылар бар. Олар ерекше шіретте дейді. Ел ол шіретке ілігу мүмкін емес деп айтады.

Ескеңнің бұл тірлігі басқаға ұйқы берсе, кәне.

Ауылда бұқа өсірушілер шыға бастады. Солайынша, ауылда жоқ, жерде жоқ жуанмойын бұқалар пайда бола бастады.

Біреуі хохол асып әкелсе, екіншісі орыстың өзінен-ақ келтіріп жатыр. Атына заты сай, жарықтықтар. Тұрқылары түйеге барабар. Мүйізден жұрдай, бәлкім, тетілген болар. Әйтеуір, жылмағай. Есімдерін ауызға ала алмайсың. Өте қорқынышты. Біреуі анау, мынау емес, тұп-тура Тайсон екен. Тағы біреуі Мұхамедәли ...Тағы біреуі Әлимұхамед...

Қорықпай көр осыдан кейін.

Сонан ауылда бұқа қора салудан жарыс басталған.

Бұл жарыстан Ескең де сырт қала алмаған. Ол қорасын кеңіткен. Енді Ескеңнің Бұқасының көрген рахатын басқалардың зеңгі жарықтықтары көре алатын болды.

Бір қызығы, Ескеңнің бұл қызметі тегін еді.

Ел ерте көктемді күткен.

Басталды дейсің сонан сүргін.

Ауылдың жаңа қазақтары мұны тұқыртудың жолын тапқап сынды. Олар бұқаларының жапқаны үшін Ескеңнің жарты ақысын алатын болыпты.

Ескең де үн-түнсіз қала алмады. Үш күн бойы үйінің есігін ашып тастады. Елге шығай берді. Шығысқа бәрін шығарды Құстарының ұшасы... жұмыртқасы... ұлпасы...

Тек Бұқасына шығай бермеді. Бұтақысын да белгілемеді.

Бергенін көп көрмеді.

Бермегенін сөкпеді.

Алайда...

Ауылдың аяғы қызған мәліктері бұқақораны бетке алып бара жатты...

* * *

Бүгінде Ескең атанған...

Есен десең, қарамайды да.

Дауысы ерекше шығады:

- Гүж-гүж... гүж-гүж...

Алматы,

05.09.2004

ХИКАЯТТАР

АҢСАР*Болат Дүйсенбайдың рухына*

Бұрынғы әкімінің аққұла сейістігін кім білген?!

Жұмысынан кетісімен басқа шаруасын ысырып қойып, қаланың сыртынан ипподром салуға кіріскен. Ұзатпай сол маңайдан жылқы зауытын да ашып алды. Әрине, қыруар қаржы шығарды.

«Маңдай терімен тапқаны болса, шашпас еді». Бұл - елдің күңкілі.

«Бұрынғы жұмысында болса, ел сөгер еді. Ішіп қойды, жеп қойды» деп. Бұл да елдің ұзынқұлақта жүрген сөзі.

Қазіргі тірлігіне қарап сүйсініс танытып жүргендер де баршылық. Бұрынғы тіршілігі осындай болғанда ғой дейтіндер де бар.

Ел оның өз қолында тұрғанда ипподромды тегін салып алмағанына таң.

Сонан кеншілер қаласының әлгі ипподромы орналасқан далада тыным жоқ. Ерте көктемнен бастап бәйге алаңына айналады.

Алдымен өтетіні - тәуіт бәйге.

Бұл - көкек жарықтықтың өз атын өзі шақыра бастаған айдың өліара кезі. Ар жағында мамырдың тоғызы көрініп тұрады. Сонан да бұл бәйгені Жеңіс күнінің құрметіне деп орайластырады. Әйтпесе бұл - кәдімгі тәуіт бәйге. Оның айналасындағы қарақұрым жұқармайды. Ел шынымен бәйгені сағынып қала ма, әлде тәуіт бәйгені таңсық көре ме, аяқтыға жол бермейді. Тәуіт болғандықтан, мұнда күліктердің шүлейлері келе бермейді. Аламанға түсіп жүргендері де қара көрсетпейді. Есесіне сұлу мүсін байталдардың нешеме атасын көруге болады. Тура сурет. Ет пен сүйектен жаратылмағандай.

Ел ырғын келеді. Кім келіпті деген әңгіме шығады. Әркім-бірікімнің есімі аталады.

- Ақпан келіпті! - деген әңгіме дүңк етеді бір кезде.

Бәрі елең ете қалады.

Ақпан - елдің бұрынғы әкімге қарсы қойып алған сейістері Әкімнің жылқы зауыты болса, Ақпанның өз алдына бағымы бөлек саңлақ үйірі бар. Ондағы күзет зауыттағы қарауылдан бір де кем емес.

Тәуіттің қысқа қашықтағы бәйгесін әкім бермесе, аламан дығын Ақпан бермейді. Екеуінде де бір іштілік бар. Бәйген-қосқан күліктерін келер бәйгеге қайтып қоспайды. Тағы бір қызығы, екеуі де тәуітке тек байталдарын қосады. Басқа жүрі шылық та байтал қосуды әдет қылып алған. Сонан барып осы жарысты «байтал бәйге» деушілер шыға бастаған.

- Бұл жолы не болар? - дескен жұрт.

Болғаны сол - Ақпан былтырғы Ақбақайын әкеліпті. Сәуегейлік енді басталған.

Байталдың ала аяқтығы көзге ұрып тұрады. Ақбақай десе ақ бақай! Өткен тәуітте иесіне тебілген болса да бір «арба» алып берген. Арба деп отырғандары - кәдімгі автомашина. Сол құрғыры баянсыздау болып жүр. Бәлкім, сонысына қарай өздері арба дейтін шығар...

Елге түсініксіз - оның Ақбақайды бәйгеге қайтып қосуы. Соған орай елдің айтар жорамалдары да әр түрлі. Сайып келгенде айтарлары - Ақбақай былтыр тай болған. Байталға биыл шыққан.

- Бұл - байтал, - дейді бір білгіш, - байтал болғанда, құнажыны!

- Байталдың сонда құнажыны, дөнежіні, бестісі бола ма? - деп қыжыртады жылқышы ауылының бір баласы.

- Сен өнген ауылдан мен де өнгем, бала, - дейді бастапқысы намысқа шауып, - бестісін білмедім, ал байтал құнажын, дөнежін болып екіге бөлінеді.

- Сойтал дегені болушы еді, естімедіңіз бе? - дейді бала дауыстысы мысқыл жүгіртіп.

Алғашқысы осыдан кейін жым болады. Өйткені естіген. Сойталдың байталдың апасы екені есіне енді түсті.

- Сейістігің болса сынап берші, - дейді баланың сейістігін мойындап қалған алғашқысы дауысын бәсеңдетіп.

- Айтсақ, айтармыз, - дейді екіншісі, - бұл шынымен тай, байтал шығар, олай деп айтуымның себебі бұл шіркіннің жалы мен құйрығы сөйлеп тұр, біріншіден, құйрықтың құндыздық

түбі мен маңдайдың кекілдік жалы аман қалған, екіншіден, құйрық ұшынан шыбын қағар қалдырған, ал байталдың құйрығын күзегенде, атам қазақ тарақтағаннан әріге бармаған...

Бала аузы-аузына жұқпай тақылдап тұр.

Елдің бәрі аузын ашып қалған. Ел Ақбақайды әрі-бері айналып

Рас... рас... - десті.

Шабардың қайсысы? - десті жұрт.

Саңлағы! - деді бала.

Ел бұған ду ете қалды.

- Саңлағы дейді?..

Сонан өзара жамырасып кетсін.

- Бұл енді бес жасына дейін шабады! - дейді біреуі.

- Атшабарда көрерміз, - дейді екіншісі.

- Бүгінгі тәуітгі бермейді! - дейді үшіншісі.

Ақбақай шынымен алдына қара салмады. Қарақшыдан шыққан отыз шақты қараның жартысынан көбі көмбеге жетпеді. Не керек, Ақбақай елдің үкілеп қосқан желқабыздарын қайтып бәйгеге қоспайтындай қылып шашып кетті.

Алған «арбасының» кілтін қаладағы жетімханалардың біріне ұсынды.

- Кедейдің жомарты, - деді бірі.

- Асқан, - деді екіншісі.

Бұған құлақ салып жатқан Ақпан жоқ. Жабық КамАЗ-ға Ақбақайымен өзі қоса тиеліп, қара жолдың шаңын бұрқ еткізді.

Келер сәт көз ұшынан ғайып болып бара жатты.

Жылқышы ауылы баласының Ақбақай жөніндегі әңгімесі Ақпанға да жеткен. Индетіп көріп еді, мына Айғыржалдағы Ұшқанның баласы болып шықты. «Мұның сейістігі әкесінен де артып тұр екен».

Ұшқан Ақпанды күтіп отырғандай жайылып қарсы алды.

Алдарына тоңазытылған үйме табақ ет келген. Жапырақтап тұрағанда еттің қаракесегі жылтырымен білем-білем болып алданып түсіп жатты. Және де бірден табаққа түсіреді. Отырған орындарынан қозғалсайшы. Артынан сорпасын томыртқа

қылып ішті. Ішек майды шайып кетеді деп шайды кейінгіге қалдырысты.

Ертесінде Ақпан таң алагеуімінен тұрған. Ауылдан тысқары ұзап, ұзын дәрет сындырды. Асықпай отырып екі бас бамдат намазын қайырды. Сонан таңғы салқын самалды сіміріп біраз жүрді.

Негізгі әңгіме сүт қатқан шай келгенде өрбіген.

- Ат айтып, балаңа ақжолтай тілеп келген жайым бар, - деп шидем жеңінен қармалжықты шығара берген.

- Ниетіңе рахмет, іздеп келген балаң Барқы ғой, артымнам ілескен жайы бар, ат көрсе, бір нәрсені былжырап жүреді Ақбақай туралы ел естіген әңгімесіне мен де өз аузынан қанықпын. Қайырын берсін. Айтқандарының дөп тиіп жататыны да бар, - деп Ұшқан шешілді.

Ақпан қолын екінші жеңге салған. Одан тағы бір түйіншекті шығарсын. Орауын жазғанда Ұшқан жанып түсті.

- Мынасы - жүйрігі, мынасы - тұлпары, мынасы - күлігі, мынасы - саңлағы, - деп жылқы тезегін санамалап берді.

Енді не айтар екен деп бұл сөз қоспаған.

- Мынасы біздің тезекке ұқсап тұр-ау, - деп қалтасынан қолорамалын шығарып, жіпсіген басын сипап құрғатты, сонсоң барып әлгі тезекті орап салып алды.

Бұл күліктің тезегі болатын. Сонан бұл сенде қайдан жүр дегендей бетіне ажырая қараған.

- Осы ауылдың жұртынан, - деп қойды Ақпан.

Бұл да салып алды екеуін.

Біреуіне тиіскен жоқ.

Ұшқан да қол созған жоқ.

Біреу жадылап кеткендей екеуі сол тезектен көз ала алмап қалсын.

- Бұл қайдан жүр, жарықтық? - деп сұрады бір кезде Ұшқан.

- Түйтенің Көкшағырының қиы, - деді Ақпан.

- Болса болар ... Бисмила... - деп Ұшқан тезекті қайтып қолына алды, әрі-бері қарап, - жатыры жүйрік екен, - деп қойды.

Сонсоң Ұшқан орнынан тұрып, сандық түбінен түйіншік шығарған. Оны ашқанда тезектер көрінген.

- Сенің манағы ұстап отырғаның да осындай тезек-тін. Бұл біздің Апақтың Құласының қиы болатын. Қазір соның қиына да зар болып қалдық. Саған қайдан барып жүргенін бір сен

білмесең, біз біле алмадық... Мұның түбі тұлпар еді... - деп
Ұшқан сөзінің аяғын жұтып қойды.

- Бір жоқты бір жоқ табады деген. Жоқшымыз ғой, - деп
Ақпан да сүйкеме жауап бере салған.

Сөйтіп отырғанда Барқы көрінген.

Мына әкең қонбаған құсыңа балдақтық әкеліпті, одан басқа
да бұйымтайы бар екен, - деп Ұшқан кейін ысырылған.

Барқы тезекті қолында ойнатып біраз отырды. Сонсоң барып:

Бұл шабысынан. Тезегінің дөкірлігіне сындырсақ саңлағы...
- деген.

Одан әрі сөз жарастырмады.

Келген ізімен кері қайтты.

Ақбақайын анық біліп отыр. Саңлағы екен. Күмәнсіз. Ұш
адамның бәрі бірдей қателесуі мүмкін емес. Несі бар, бабын
келтірсе, күлігіңе де шаң қаптырар.

Осы малының өзін ойға бөктірген жайы бар. Жылқы болып
жайылып, құлан болып бөлек жусайды.

Сонысынан үмітті.

Ауыл ішінің итбүлкегі, ұланбәйгесі мен қара жарысынан
әбден ақиықтанып шыққан.

Бәйгенің тәуітіне екі рет қосты. Екеуінде де қара үздірді. Түп
қана терледі.

Құлақ түбі...

Шап түбі...

Қолтық түбі...

Қазекем айтқыш қой. «Байтал шауып бәйге алмайды»
дейтіні бар. Қазір мұны «Байтал бәйге алмайды» деп шүнтитып,
шолағынан қайырып жүр. Дұрысы, әу бастағысы. Әйтпесе
шауып бәйге алған байталды көрмек тұрсын, естіген де емес...

«Бап алады...»

Ақбақай үйірге бірден қосылған.

Саяққа да жүрмеді.

Қысырақ та араламады.

Ең бастысы, мұнда әкесі де, ағасы да жоқ.

Мұның әу бастағы үйірі басқа-ды. Құда-жекжаттық жолымен келген. Жиенге атаған бәсіре еді.

Тайды құда жақ өздері жетектетіп жіберген. Ақпан алғаш назар аудармаған. Артынан қарағанда алды көрінбеген. «Жыл сайын ұрғашы табатын тұқымынан болды» деген де қойғам. Мұндай малды қазекем қазанымның берекесі деп ерекше күтімге алып, соның тілеуінде жүреді. Қазақтың қорамы осы.

Кейін назар салса, қолтық бөлек жатыр. Енді алдынан шығып қараған. Алдамапты. Үшбұрыш қалып көріп, саңлақтығым таныған.

Бұл ардың тізерлер ойындары алыс емес-ті. Жылқы жарықтық, қалайда есті мал ғой. Аңсарларын тізелетіп білдіреді. Табаны қызған бие атаулы айғырдың алдын көлегейлей бастаған.

Ақбақай да өзінің назарында жүрген. Кешелі-бүгінді басым көкке көтеріп, иіс алып жүр...

«Табаны дөңгеленіп қыза бастаса керек...»

* * *

Ақпан жаман түс көргендей түн іші шошып оянды. Кісінеген байтал дауысын жазбай таныды. «Қайтеді Ақбақай?» деді іштей. Не болды деп шарбақты бетке алған. Келер сәт шарбақтан қарғып бара жатқан байталдың ала бақайын көзі анық шалды. «Сол ма, сол емес пе» деп қайтып көз тіктегенде, ол шығысты бетке алып құйындатып бара жатты.

«Қайтеді Ақбақай?» деді тағы да іштей.

Әлде қосар алып қуса ма? Әлде күліктерінің біреуімен қуса ма?

Екі аяқты тырылдағын қолай көрген. От алдырып, Балатолағайдың иінінен қайтты. Ақбақайдың сыры өзіне мәлім. Қуса, жететін, қашса, құтылатын саңлақтың өзі.

Асықпай жүріп бағын бензінге толтырды. Одан сырт тағы да бөлек-салақ бензінін алды. Сонан бұл да тартқан...

Керегетастан біреу көріпті.

Ақбауырдан да көргендер бар екен.

Кернейжұртқа келгенде тізе суытқан.

Ақбақайдың тастаған тезегін сонда көрді. Кәдімгідей тобарсыған екен. Қолына алып біраз отырды. «Саңлағы» деді іштей.

Бұл жерді Кернейжұрт дейді. Ата-бабалары көшіп-қонып жүргенде осы жерде ерулейді екен. Керней - ақмай ел. Жоғында жұрт та болады. Кернейлер ерулеп жатыр деп қоңсы отырған жұрт та ағылады екен. Көшкін жұрт ақсақ-тоқсағын, көшке ере алмайтын немесе көш жолын көтере алмайтын тұяғын бір Құдайға тапсырып, осы жерге тастап кетеді дейді.

Сөйткен бабалар жұртына Ақпан тәуеп етіп біраз отырды.

Керней жұртының іргесінде Керней ауылы орналасқан. Бұл - кейінде бой көтерген ауылдардың бірі. Суы, тоғы келіп тұр. Онда ет жақыны тұрсын, көзтанысы да тұрмайды. Сонда да сол ауылға ат басын тіреді. Келген үйден тоқтықтың иісі шығып тұрды. Дастарқаны ақ пен майлы бауырсақтан қайысып тұр. Тоңазыған ет те келді. Жапырақтап турап отырып біраз әңгіме айтылды. Соның көбісі - қыр әңгімесі.

Қазан көтертпейін деп әдейі кешігіңкіреп келген. Құтпан намазын қазаға шығармай, оны да оқып тастады. Сонан барып жөнін айтқан.

- Керней ауылынан, Керней атасынан... - деп.

Осы сөз жеткілікті еді.

Үй иесі жетпістің жуан ішіне кірген сықпытын бермес қыылшырайлының өзі екен. Есімін Тұрар деп қайырып, есті әңгімелер айтып отырды. Ауыл Керней аталғанымен, онда ұрпағы түгілі, жиен, жұрағаты да тұрмайды екен. Есесіне басқалары тұрады. Керней жұртында. Бұл мекен құтты болып шығады. Өзі әке-шешеден жалғыз екен. Өзінен бұрынғылар тұрмай, шетіней беріпті. Тұрғаны - өзі. Шешесі осы Керней жұртына келіп босаныпты. Есімін қырқынан шығарып барып қойыпты. Тұрар деп. Тұрған соң.

Қазан қайта көтерілген.

Тұрар ақсақал да көріпті мұның Ақбақайын. Дұрысы, туысын естіпті.

- Байтал кісінес, - дейді.

Сонан Тұрар ақсақал ұзақ сонар әңгімеге кеткен.

- Жылқы сынды есті малдарда да адамдардікіндей сезім болады. Сүйіспеншілік деп айтуға келмес. Алайда соның өтпелісі болса керек. Оны атам қазақ аңсар деген. Оның ішінде жылқы малына қаратылып айтылады. Адамнан кейінгі төрт

аяқтыдағы малдың естісі - осы жылқы жарықтық... - дсп әңгімесінің әлқиссасын қайырған.

Әр жағын өзі сабақтай жөнелген.

Өз жатырына шаппайтын да осылар...

Өз қарындасын үйірінен айдап шығатындар да осылар...

Қоса шабыстырмай, құнан шығарын да шеттетін де осылар.

Төрт аяқтыда түс көретіндер де осылар...

- Сенің Ақбақайың түс көрген, - деген Тұрар ақсақал.

Бұл аңысын аңдып сөзін бөлмеді.

- Түсінде аңсарын көрген. Соған жеткенше тоқтамайды. Опп енді ешнәрсе де тоқтата алмайды. Айғырдан шыққаннан кейіп өзі қайтып келеді. Осы жерден қайта берсең де болады...

Шынында, қайта берсе де бол атын. Ауыл да басы қайырыл аты 11 жұмыстар жеткілікті еді. Алғаш бетте түнделетіп те шықпақшм болды. Соңынан айныды. Құдайдың таңы атсын деп.

Ертеңгілік кешегі шешімінен тағы да айнысын. Оны әуестік жеңген еді. Ақбақайдың аңсарын көргісі келген. Ақжолтам тілеп қала берген Тұрар ақсақалмен қош айтысып, тырылдағып кері бұрмай, қиялай шығысқа салған. Жолдың сарсаңы көбірек болды. Жолдағы он шақты ауылдың ешқайсысы мұның Ақбақайын көрмеген болып шықты. Не болса да деп бетінен таймай, жүрді де отырды. Сайын даланың жалғызаяқ жолдары қашан адастырып еді. Көп ұзамай қыр асты жалғыз үйдің үстінен шығарған. Төбеттері еріне әуілдей үріп, мезгілсіз келген мейманның хабарын иесіне білдірісті.

Қазақтың жолымен жөн сұрасысқан соң-ақ, үй иесінің қабағы өзгеріп сала берген.

- Қайдалы деген шал естісең, мен боламын, - деген нұрлы келген шал.

Қазіргінің шалы көсе келер еді. Мына кісінің бітімі бөлек екен. Жіберген сақалы белуарынан келеді. Аудан орталығындағы мешіттен сондай бір-екі шалдарды көріп жүруші еді. Есіне еріксіз сол кісілер түсті. Артынан ақсақалға деген сыйластығы, құрметі ояңған. «Сүйегі асыл екен» деп қойды іштей сүйсініс танытып. «Жөнімен қартайған екен» деп және қойды.

- Аруақ іздеп жүрмін де! - Қайдалы ақсақалдың дауысында бір ризалық жатыр еді.

Ақпан оны бірден түсінді. «Бұл кісі де сейіс болды, қара і шуынан емес екен» деді ішінен. «Бәйге аты деп, немесе саңлақ» ігі іму кермейді. Тіпті байтал да демейді. «Аруақ» дейді.

Жоқшы болсаң, осы жерден қайтарсың, - деп және қойды.

Ақпан селк ете түсті.

Қойнына қолын салып жіберіп, төгіліп тұрған саралжықты й/іуіі шықты. Жоғары көтеріп:

Бапыңыздың сыралғысы! - деді Ақпан.

Енді байталың шабады... - деді Қайдалы ақсақал.

Сонан Ақбақай қайтып келді.

Түк болмағандай.

Айғыр атойлар деп ойлаған. Алайда мойнын жерге салып іірге қосқаннан әріге бармады. Іле-шала иесі қолға қаратқан.

Ай жабында тұрды...

Ай кебінде тұрды...

Ай артынан ай аунап, тамыз кірген. Бұл айда ел ас бергіш-, Тірілерін түгендеп біткен туысқандар енді аруақ шақырып, І-бабаларын тірілте бастайды. Ру-руға, ата-атаға бөлініп ^{ьш,} аруақ жарыстыру басталады. Жиын-терімі аяқталған, імаса шаруасын ойсыратқан ел ата-бабаларына бағыштап 'уын айтады. Соның бір қызығы - бәйгенің аламань. Бірінен рі асып түседі. Тіпті алғашқы келген қарамның бәріне бірдей 5а байлайтын үрдіс шықты. Мұндай бәйгелерді қазір тігілген 5а санына қарай, «алтыбас», «жетібас» деу үйреншікті жайтқа налды.

Сөйтіп жүргенде Арқаның төлеңгіттері ас береді екен деген 5ар келді.

«Бәрекелдісін» айтып, бұл да екі қолына түкірінді. Бүгінде ібарына жабын да, кебін де жаппайды. Бұрынғыдай киіз үй Тікпейді.

Шатыршада баптайтын қалып шығарған. Асқа тура бір жұма Мғанда сол шатыршаға Ақбақайын кіргізді. КамАЗ-ға сол күйі деп, аяғын жерге тигізбей төлеңгіт жұртына түсірген.

- Ақпан келіпті! - деген әңгіме лезде тараған.

Ақпанның есімі Арқа жұртшылығына жақсы таныс. Ол 'Тысқан бәйгесінің байрағына таласады. Сонан да Ақпан есімі лған жерде қилы әңгіме жүреді.

- Қандай бақабас әкеліпті бұл жолы? - сауал жарыса шыққаі і
- Тағы да байтал дейді... - деп жұрт естігендерін жамырас.і
айтып жатыр.

Ауада күз иісі шыққанымен, тамыз - қалайда ыстық аіі
Арқаның маңдайыңды жіпсітіп тұратын қанжылым қызум
күн көтерілер-көтерілместен қойны-қонышыңды қуалай жо
неледі. Бұл жақтың үрдісінде атшабар екінгі ауғаннан кейін
жіберіледі.

Алғаш отыз шақырым делінген. Кейін алғашқыларынан аіі
нып, тағы бес шақырым қосты.

«Құдайына қараса етті». Ақпан іштей налыс білдірді. Му
нысы енді қысастық. Шабардың дені өкпесін шаң қаптырған соң
шаппайды. Айналым ұзарған сайын оның шаңы да қоюлан.і
түседі, әрине.

«Бап шабатын болды» деп күбірлеп...

Екінгі ауып, жарапазаншы:

- Атшабар!.. - деп айқайлаған.

Алғаш ұлан бәйгесін өткізді. Сонан жорға жестірді. Онан
қайтып тоқ бәйгесін қарақшы асырды.

Аламан сонсоң басталған.

- Тура жүз отыз төрт тұяқ саналды!.. - жарапазаншының
даусы жер жарады.

Ел ду ете қалды:

- Сағынайдың асынан да асып түсті, - деп.

Өзі болса «сағынайшылдарын» деп тыжырынып жаратпады.
«Садаға кеткірлер» деп және қосып қойды. Ол астан бұл астың
бәсі төмен. Ондағы атшабар - бәйгенің ұраны. Қазіргісі - бұзау-
тайыншалардың тапырашының әр жақ-бер жағы...

Шабандоз баланың бастығын түзеді. Соңғы рет құлақ түбінің
тұзын татып:

- Тұзы бапқа ауған екен, - деп қойды.

Шабандоз балаға «өкпесіне шаң қаптырманы» барынш.і
тапсырды.

- Екі бүйірдің де мазасын алмаймын, - деп бала тақ ете қалды.

Ақпанның келер тапсыраны сол екі бүйірі болатын. Бала
соны меңзеп, сұңғылалық танытты. Оған Ақпан іштей риза бол-
сын.

Бала ұзап, «Алла жарылғасынын» айтып бұл қала берді.

Ақпан оны бірден түсінді. «Бұл кісі де сейіс болды, қара жаяуынан емес екен» деді ішінен. «Бәйге аты деп, немесе саңлақ» деп езу кермейді. Тіпті байтал да демейді. «Аруақ» дейді.

- Жоқшы болсаң, осы жерден қайтарсың, - деп және қойды.

Ақпан селк ете түсті.

Койнына қолын салып жіберіп, төгіліп тұрған саралжықты алып шықты. Жоғары көтеріп:

- Бапыңыздың сыралғысы! - деді Ақпан.

- Енді байталың шабады... - деді Қайдалы ақсақал.

Сонан Ақбақай қайтып келді.

Түк болмағандай.

Айғыр атойлар деп ойлаған. Алайда мойнын жерге салып үйірге қосқаннан әріге бармады. Іле-шала иесі қолға қаратқан.

Ай жабында тұрды...

Ай кебінде тұрды...

Ай артынан ай аунап, тамыз кірген. Бұл айда ел ас бергіш-ах. Тірілерін түгендеп біткен туысқандар енді аруақ шақырып, ата-бабаларын тірілте бастайды. Ру-руға, ата-атаға бөлініп алып, аруақ жарыстыру басталады. Жиын-терімі аяқталған, болмаса шаруасын ойсыратқан ел ата-бабаларына бағыштап сауын айтады. Соның бір қызығы - бәйгенің аламаны. Бірінен бірі асып түседі. Тіпті алғашқы келген қарамның бәріне бірдей арба байлайтын үрдіс шықты. Мұндай бәйгелерді қазір тігілген арба санына қарай, «алтыбас», «жетібас» деу үйреншікті жайтқа айналды.

Сөйтіп жүргенде Арқаның төлеңгіттері ас береді екен деген хабар келді.

«Бәрекелдісін» айтып, бұл да екі қолына түкірінді. Бүгінде шабарына жабын да, кебін де жаппайды. Бұрынғыдай киіз үй де тікпейді.

Шатыршада баптайтын қалып шығарған. Асқа тура бір жұма қалғанда сол шатыршаға Ақбақайын кіргізді. КамАЗ-ға сол күйі тиеп, аяғын жерге тигізбей төлеңгіт жұртына түсірген.

- Ақпан келіпті! - деген әңгіме лезде тараған.

Ақпанның есімі Арқа жұртшылығына жақсы таныс. Ол қатысқан бәйгесінің байрағына таласады. Сонан да Ақпан есімі аталған жерде қилы әңгіме жүреді.

- Бәлі!.. Шөл Тобықтысы бар, көл Тобықтысы бар, жол То -
бықтысы бар жабылып бір ас беретін уақыты жетті, - десті жүр і
Бәйге малының санын алтауға жеткізіпті.

«Алтыбас» деп қойды Ақпан.

Түйін түйген Ақбақай шабыс тілеп тұрған. Зар күйі ғой бұл
Бағын байламайын мұның деп Ақпан үй алдынан шатыршасын
көтерген.

Мұны көрген жұрт аузын жия алмады.

- Ақпан әбден асқан екен...

- Ақбақайдың биыл әперген екі арбасы аз болыпты оған...

- Бір айда байтал екі рет шапты деген не сұмдық?..

- Малдың киесі деген қайда?..

Ертеңінде салып ұрып Ұшқанның сейіс баласы Барқы келген.
Не қам жасап жатқанын біліп кел деп әкесі жіберіпті.

Бұл Ақбақайын қосатынын жасырған жоқ.

- Алып қойдым бәйге малын! - деді.

Шімірікпей айтты. Нық бір сеніммен айтты. Ол баптың
шабатынына сенген.

- Есебіңіз түгел ме? - сейіс бала басқа сөз қоспады.

Ақбақайды көрем бе деп ойласа керек, жер шұқып біраз
отырды. Бұл көрсетпеді.

Мұның есебі түгел.

Саусақтарын тағы бір санамалап өтті. Түйіннің түскеніне
төрт ай қарады. Құлын енді көлбеу түсті.

Ақбақай енді шабады!..

Бап шабады!..

Ақбақай енді шабады.

Өзі үшін!..

Іштегі құлыны үшін!..

- Ақпан келді!.. Ақпан келді!.. Ақбақайымен!..

Ел бәрін күтсе де, осыны күтпеп еді.

Ел енді Ақпанды көруге асықты.

Оның Ақбақайын көруге асықты.

Ақбақай тұрған бойы сурет еді.

Ұрғашы біткеннің бәрі көрікті. Алайда бәдендінің де бәден-
дісі болады ғой. Сол көрік Ақбақайға жуасу арқылы келген.

Ел Ақбақайдан көз ала алмаған.

Көрмеге қоятын мал екен, - деді бір мүмін.

Мұнан артық баға жоқ еді.

Алайда бұл көрме емес, атшабар ғой.

Екінті құлай сақалы белін сүзе түскен қария аттан түсіп
жатты

- Кім бар-ау? - деп ес берген.

Бұл селк етті. Таныс дауыс.

Бұл Қайдалы сейіс еді. Баянауылдың қадірменді ақсақалы.

Аңсар айғырын аламанға алып келіпті.

Өткен-кеткенді айтысып көп отырды. Соңында Ақбақайды көрсетуін өтінді. Құлақ түбін, шап түбін, қолтық түбін ұзақ қасыды. Саусақ ұшын тіліне тигізді.

- Бап шабады! - деді келген мейман.

- Бап шабады! - деді бұл да.

- Шап безіне тұз шығыпты. Бап іріп кеткен болды... - Қайдалы сақалдың даусы дірілдей шықты.

- Қоссаң екінші келеді! - деді Қайдалы ақсақал дауысын қатайтып.

- Бірінші ше? - деді бұл.

Аңсар келеді, - деді теріс қарап тұрған күйі.

Аңсар... Аңсар...

Бұл Ақпанның Қайдалы ақсақалдың айғырына қойып алған өзінің аты. Ақпанның осы аты оған жабысты да қалды. Қазір Аңсар десең, бәрі біле қалады.

- Бап ше? - деді бұл Қайдалы шалдың сөзіне күмәнмен қарап.

- Баптан айырдым. Аңсардың тұзы бабымен ағып кетті...

Қазір нағыз зар күйінде. Оның бабы енді қорлана бастайды. Ол өзі үшін ғана шаппай, бабы үшін де шабады. Бап шабады... - Қайдалы қарт кейінгі сөзін нығарлай айтты.

Бұл жақ жазған жоқ.

Қайдалы қарттың айтқаны айдай келді де қалды.

Аңсар бірінші келді.

Екінші болып... Ақбақай өтті...

- Бап шапты, - деді Қайдалы ақсақал.

- Бап шапты... - деді Ақпан.

ИТБЕГІ

Тұяқ Ысқаққа

Ақшағат дүр сілкінді.

Түн ішінде мылтық атылды.

Қатарынан төрт рет.

Іле қаңқ еткен иттің жетім дауысы жетті.

- Асат екен!..

- Не болып қалды соншама?

- Болғаны сол, жатырынан қағынды деп ...

- Сонсоң?..

- Желқұйынды атып тастапты...

- Соған бола төрт оқ шығындап...

- Үшеуі күшігі...

- Соны да сөз деп!? Тағы бір иті күшіктер...

- Сөз болғанда қандай, Желқұйыны ауылдың соңғы таймасы емес пе?.. Олар азғанда дүрегейдей топырлатып күшіктейді дейді ғой. Соны көтере алмаған да...

- Жатырынан қағынған десеңші...

- Өзің де біліп тұр екенсің ғой...

* * *

- Ылыққан немелер, күс сияқты қиқулап, ұшқалы жүр ме?..

- деп кіші шешесі үйге сөйлей кірген.

Мұны естіген әкесі күні бойғы ыңқыл-сыңқылын сырып тастап, далаға оқтай атылған.

- Кәһ-кәһ!.. Кәһ-кәһ, Желқұйын!..

Ауыл сыртындағы иттің шәуілі, арсылы, ырылы, қыңсылы қосылып кеткен итшуыл тұр.

Көп ұзамай алқынып қайта кірген.

- Әйтеуір, аман екен... Жатыры қағынбай тұрғанда жүрейін,

- деп сөзіне жауап тоспастан жолға жинала бастады.

- Артын алақаныңмен жауып отырайын деп пе едің? - деп кіші шешесі күңк етсін.

- Оттапсың!.. - десін әкесі.

Желқұйынды қарғыбауға отырғызып, бұлар тарақтағанша, сапарға да дайын болған. Шығып бара жатып:

Апта айналып келемін, - деп жөнін айтсын.

Ерейменге баратын болдың ғой, - деп кіші шешесі тон пішсін.

Әкесі сол бойы қайырылған жоқ, бөтен ауыз сөз де қоспады.

Енді бұл ойлансын. Үлкендердің тураламай, итқұс деп атауында бір шындық жатқан сияқты. Әкесі айтар еді:

Бұл шіркіндер құсқа шыққанда кәдімгідей құс сияқты қиқулайды, - деп.

Айтып отырған құсы - дуадақ. Жаз бойы көкті пышақкесті оралды-ау. Сонан бөтегесінен бөртеп, далпылдап ұша алмай қалады. Біреуге жем болып кетпеуі үшін дыбыс бермеуге тырысады. Ал ит болса, сол дуадақтың дауысына салып, дулап береді. Құс солайынша ұсталып қалады. Дала көкжалы да осы тәсілді қолданады. Соған орай қасқырды итқұс деп атайтын шығар деп өзінше тон пішеді. Қасқырдың құсша қиқулағанын естіген емес, алайда өзі солай ойлайды.

Құмайтазы дейтіндері де бар. Жерде жүгіргенде тазы, өкшесі жерден көтерілгенде құмай болады дейді. Құмай деп отырғандары - құс атауы. Кіші шешесі де дөп басып тұр. Ит демей, құс деп...

Желқұйынның қар басқанына биыл үшінші жыл болады. Тазының таймас деген тұқымынан. Біз жақта жоқ тұқым. Қытай асқан бабаларымызда сақталып қалған. Елуінші жылдары бері өткен туғандар әлгі тұқымды кері алып өтіпті. Ереймендіктер сол таймасты ұстап, қасқырға салуды әуезе көреді екен. Бір жазда құдалық жөнімен Ереймен барған әкесі қатарынан қайта-қайта үш жыл барғыштап жүріп, осы Желқұйынды соқыр күйінде алып келген.

Жасынан ит танып өскен Асатқа таймастың сопақ басы қатты әсер еткен. «Ешкібас» деп қойған іштей. Барбиған башайларын көріп те сүйсінсін. Ұнамағаны - құлағы. Есекқұлақ екен. Ал ұнағаны құйрығы болды. Сымпылдың сымпылы ...

- Ит жақсысы сымпылынан, - деп отыратын әкесі.

- Ат терге!

Бұл сасып қалды.

- Ойланбай айта сал! - деген кіші шешесі.

Мұның аузына түскені:

- Желқұйын! - болды.

Бір аптадан соң көзін ашты. Тағы бір үш күн өткенде, қарайғанға кәдімгідей көз тоқтатып, жан-жағын ажырата бастады. Араға тағы бір апта түскенде дыбысқа елеңдейтін болды. Желқұйын десең, жалт қарайды. Қадау-қадау, шолақ шап, кел, кет сынды бұйрықтарды тез-ақ меңгеріп кетті. Екі қайталантпайды.

Әкесі ауру-сырқаудан сырт болсын деп итаяқты да аршадан шапқан. Тез ширайды деп қараторғай ұшасын өз қолымен қақтап берер еді.

Бұлардың тұрған жерін ауыл деуге келмейді. Олай дейтіні қалай дегенде, қалаға ұқсастығы көптеу. Жұмысшылар кен тіндегідей аспан тіреген үйлері болмаса да, екі-үш қабатты үйлері баршылық. Тіпті тұтастай көшелері де бар. Дені мекемелер. Мектебі, емханасы, ауруханасы, тұрмыстық комбинаты, мәдениет үйі кәдімгідей екі-үш қабаттан тұрады, екінші қабатына сатымен көтеріледі. Ауылдың қараборбайлары соны таңсық көріп, осы мекемелерді айналшықтап, шыға қоймайды. Ал төрт қабатты бастықтардың мекемесінде, бұлардың ішінде, болғандары ілуде біреу. Өйткені оларда күзет бар. Әке десең, өткізбейді. Елдің айтысы бойынша, онда да саты бар. Ел жоғарғы қабаттарға сол сатылармен көтеріледі екен. Онан басқа екі лифт бар дейді. Біреуі адамдарды көтереді де, екіншісі құрал-жабдықтарды көтереді-мыс. Көтергенде бірден төрт адамды көтереді дейді. Бейне өзіұшар сияқты. Жерден тік көтеріледі. Қайтып тік түседі. Бастықтардың лифтісін көрмесе де, кеншілердің лифтісін көрген. Оған кемінде бір дастарқан адам сыйып жүре береді. Бірақ онысын кілет дейді. Адамдар жер астына сонымен түседі. Сол кілет арқылы кенді қыр үстіне шығарады.

Екінші жағынан кеншілер қонысын қалашық деуге де келмейді. Өйткені өлгеншектердің түтіндері әлі үзілмей тұр. Өлгеншегіміз - кәдімгі жеркепе. Оларда да ел тұрады. Негізінен ауып келгендер. Жер аударылғандар. Кешегі жау тұтқындарының тұқымдары. Олар ел сияқты жұмыс істемейді. Немен шұғылданаты бір өздеріне ғана аян. Елдің айтуынша, олардың дәкіменттері де жоқ. Соған қарамастан тұрып жатыр.

Жұмысқа тұра алмайтындары - саяси жағынан сенімсіздер. Ата-бабаларының кінәраты бар. Өздерінде де бар, ытырынып Совет өкіметін жақтырмай тұрады. Өліп бара жатсын, орысқа барып тіленбейді. Өліп бара жатсын, өз тілдерінен басқа тілде сөйлемейді. Сонысымен елге жұмбақ. Осыған орай ел де олармен араласа қоюға құлықты емес. Олардың айналдыратыны - сауда-саттық жағы. Кенттен шыға алмайды. Сонда да саудалары жүріп тұр. Шыға алмайтындары, кент жабық қалашықтар қатарына жатады. Мұндағы ел Мәскеу уақытымен жүреді, Мәскеу уақытымен тұрады. Әлгілердің ішінде тау халықтары басым. Болгар, гректері де кездеседі. Кейінгілері боза ашытумен, шарап қайнатумен шұғылданады. Ал алдыңғылары ит өсірумен айналысады... Негізінен абшарқалары. Олардың күтімі баланың хүтімінен де бапты. Өйткені Ақшағатта иттің бағасы жүріп тұр. Сауда жүрген жағдайда шахтердің айлығын шығарады.

Қазақтың қоржын үйлері кенттің шетіне қарай орналасқан. Үй деп те айтпайды, соғынды дейді. Өйткені қалай болса солай, ықылассыз, соға салған. Аяқ алып жүре алмайсыз. Бір-бірімен қабырғалас мұндай ащы шектей шұбатылған соғындыларды ақшағаттықтардың өздері шуалшын деп кеткен.

Тұра осыған ұқсас өкімет үйлері де бар. Оларды барақ дейді. Қыс түскенде жаяу борасын әдгі үйлерді басып қалады. Ауыл баласының мұндайда аяғы жерге тимейді. Олар борасын жүрген үйлерді басып, мектептеріне кетіп бара жатады. Сондайда арттарынан аяққа оратылып Майлыаяқ, Жолдыаяқтары ілесер еді. Олар мектепке дейін шығарып салады, қайтып та кетпейді. Бастарын алдыңғы екі аяғына салып жатар еді тосып. Сонан ақшам түсіп, балалар сабақтан шығады. Сәл аялдап, ойынға алданып қалар еді. Ымырт жапса да олар қорқа қоймайды. Өйткені олардың Бөрібасарлары үнемі жанында жүреді.

Асаттың Желқұйыны бар. Өзінен бір елі қалмайды. Ұйықтағанда ғана бөлек жатады.

Бала сайын Бөрібасардың жоғы түсінікті. Алайда әр үйде үргеншектің барлығы шындық.

Оның да себебі бар. Мұндағы қыр қазағы иттерді өздерін асырау үшін асырайды. Асырағанда аң қақпайды, бөрі де талатпаймайды. Бары құлағы сақ болса болғаны. Үргеншек болса, тіпті қатып кетеді. Қысқасынан қайырсақ, табыс табады. Мұн-

да адамдарды жұмысқа қабылдағандай, иттерді де жұмысқа қабылдайды. Күзетші қылып... Рас, табысы шақтердікіндей бола алмайды, колхозшынікіне жеткізбейді...

* * *

Тазының таймас тұқымы тәкаппар келеді. Кірпияз келеді. Жатқан жерін таза ұстайды. Әрине, құйрығын сыпырғы қылып, үй айналасын шаңытып жатқан жоқ. Бастысы, сырт жемтік әкелмейді, итаяқтан ғана тамақтанады. Өзі қараторғам ұстағандай болса, онысын ұзап барып ас қылады. Адал асыңды арамдауға да жоқ. Керек десеңіз, көз де салмайды. Тектілігі осылайша мен мұңдалап тұрады. Мысықша дәреттенеді. Ауылдың бұралқыларындай үй аралап тіміскіленбейді де.

Әкесі - аңкөс адам. Аңға тазымен, оның ішінде таймасымен шыққанды әуезе көреді. Аңға шығатынын басқалар тұрсын, үй іші де білмей қалады. Жетекпен түлкі алмайды деп сырт бақылаушы болып тұрады. Таймаста үн болмайды, бұлар да тіс жармайды. Бірақ бәрі ойлағандай жүріп жатады.

Қоянды қуып алмайды, буып алады. Жолын кес-кестеп, жазыққа шығарып алып, төтеннен қосылар еді.

Түлкіні терлетіп алар еді. Алдымен адымын аштырмай қуар еді, соңынан итбүлекке салар еді. Бұл екі ортада шап терісі қатып, айласы асқан деген түлкіңіз адымын аша алмай қалады.

Дуадақ оруы да қызық. Әуелі құс көзіне түспейтіндей жер таңдайды. Соңынан дулап дауыс береді. Дуадақ - аңқау құс. Бұл бармайды. Келмей жатса, тағы бір дулап қояды. Сөйтіп, дуадақ өзі келеді. Бұл екі-ақ аттап барып, далбалдап ұшқанша тамақтан орып жібереді.

- Текті, текті, - деп тамсанады әкесі, - құс жарықтық қалай дегенде өзі үшін алады, ит болса...

- Иесі үшін алады, - деп бұл тақ ете қалады.

- Иесі үшін алады деген осы-е...Алғанда да һарам кетірмейді ғой. Оруын айтсайшы, оруын. Пышақпен кескендей.

Бұл бәрін түсінеді. Әкесі өзімен-өзі сөйлескенімен, әлгі әңгімелерді бұл ұға берсін деп айтады. Көз көрмеген әңгіменің құлаққа сіңбейтіні бар. Аң қағуға да мұны сол үшін алып шығатын сияқты. Әйтпесе үйлерінен қызыл үзілген емес.

Кіші шешесі жақтырмағанда:

Одноразовый... - деп отырады.

Онысы - түсінген адамға текті деген сөзі. Өйткені Тәуіт бір сапарында не екі дуадақ, не екі тұлкі, не екі қоян алмайды. Не алса да жалқылап алады.

Ауыл итіне де көп сүйкенісе бермейді. Балаққа жармасқан ауылдың бұралқыларына да қарамайды. Шындаса, мойын омыртқаларын ұсатып жіберер еді деп ойлайды бұл. Әзірге Жеқұйынның алдын кес-кестеген ит көрген емес.

Сонан да Асаттың мерейі ауыл балалары арасында үстем. Әкесіне деген ризашылығы да алабөтен.

Бір күні үйге Асан шал келген.

- Тұқым алайық, - деп.

- Не айтып тұрсың өзің? - десін әкесі.

- Жүйрік ортақ деген бар емес пе? Тұлпар - ортақ, қаптағай Ортақ, келепан - ортақ, қаратіл - ортақ... Таймас - ортақ...

- Ал?...

- Алы сол, тұқым алайық деймін.

- Қайтіп? - десін қитыққан әкесі.

-Сүріп...

- Сондағы сүргішбай өзіңбісің?..

- Е-е... - деген келуші манаурап, - әйеліңнің аулығын қойып, енді итіңнің жырбақайына қарауыл болайын дедің бе?

- Жәутіктеріңе былғатпаймын, - деді әкесі тістеніп.

- Көрерміз... - деген келуші зілденіп.

Асанды ел Асан деп атамай, Асан шал деп шалын тіркемелеп атайды. Үлкені де, кішісі де. Бұлайша ерекшелей қоятындай елде басқа Асан жоқ. Алайда ауылдағы сақалды еркек осы Асан ғана. Ел сол сақалын сыйлап айтатын болса керек. Өйтпесе әкесіне құрдасқа жақын адам. Заманында колхоз басқармасы болып істеген.

Сөйткен Асан шал бұларға жұдырығын қалта ішінде түйіп, зілденіп кетті.

Өзің сүрмексің бе? - деп.

Ақшағат кенішінде қорғанысқа қажетті кеңдер өндіріледі. Кешегі соғыс кезінде танкібұзар оқтарды осы жерден өндірген. Бұл кеніштің қазақ-орысы қарақағаз дегенді білмеді. Өйткені

бұлардың Батысқа барғаны жоқ. Шақтерлердің броньдары бар. Сұрансаңда жібермейді. Содан да қыр қазағының осындағы жұмысқа кіруге деген ынтасы жоғары. Бірақ оларды адам-ау деп жатқан бұлар жоқ. Өздерін шақтерміз дейді, шахта сөзін де бұзып, шақты деп атайды.

Бір жақсысы, қарын тоқшылығы бар. Он сегіз сағатқа шыдас берсең болды. Жер үстінде паегің дайын тұрады. Ауыртпалық бар. Кенді қолмен шабады. Кейіндеу тұтқын жапондар келді. Тұтқын немістер келді. Ауыр жұмысқа соларды жекті. Олардың өлгендері өлді, өлмегендері Ақшаға тты мекендеп қалды.

Одан бермен де талай су ақты, жер қарайды, дегенмен мұндағы кен өндіру тоқтаған емес.

Қорғаныс болғаннан соң-ақ күзет мықты. Жүзінші бөлім деген бөлім бар. Ол әскери болып табылады. Былайғы жұрт оны біле де бермейді. Өйткені құпия бөлім. Иті барлардың барлығының сол бөліммен қатысы бар, әйтеуір. Өйткені онда итті жұмысқа алады, жұмыстан шығарады... сатып алады...

Өзің дұрыс болмасаң, итіңді де жұмысқа ал майды. Сондықтан мұнда көшіп келген қыр қазақтары бір ізбен жүруге құлықты.

Иттің қажеттігі - мұнда күзет мықты.

Шақтыдан шыққан кеннің күзеті итке тапсырылған. Сонан жүз шақырым қияндағы Бозадыр стансасына барып тиегенше, итте де, иесінде де маза болмайды. Онан кейін екі күн демалыс. Сонан қайтып жалғасады.

Асаттардың мұнда көшіп келгеніне үш-төрт жылдың жүзі болған. Әкесі - соғыс мүтедегі. Ауылда шатауат болып істеген. Мұнда ондай шот қағатын жұмыс табыла қоймады. Алға соғысқа кіргенін салған. Сонда да жұмыстың реті келмеді. Есесіне Желқұйынды жұмысқа кіргізді. Үйді асырап отырған - сол Желқұйын. Басқа елді қайдам, ал осы үйдің тілеуі - Желқұйынның үстінде.

Мұнда көшіп келген себептері көп. Анасы баладан қайтыс болды. Шарана теріс келген. Ақшағатта болғанда, анасы да, бауыры да аман қалады екен. Өйткені мұндағы дәрігерлер мықты. Алматы, Мәскеулерден келіп емделеді. Оның үстіне әкесінің де денсаушылығы сыр бере бастаған. Дәрігерлерге көрініп тұрмаса болмайды дейді.

Сонымен, бұлар Ақшағатқа жылжыған. Алды-арттарына кіші шешесі де қаратпады. Кіші шешесінің есімі де Жібек. Бірақ бұл айта алмады Жібек деп тіркемесімен. Кіші шеше дейді. Оған қазір елдің бәрінің құлағы үйренген. Ал кіші шешесі өзін тумам дейді. Кейін білсе, бұл бөтенім емес деген сөз екен ғой.

Кіші шешесі - бәденді адам. Шегелеп сөйлейтін жандардың қатарынан. Сөзін қалай рәсуа қылмаса, ас-табаққа да сондай. Өзіне жақсы қарайды. Барды ұқсата біледі. Өзінің түбі осы Ақшағаттан. Бұлардың қоныс аударуының тағы бір себебі осында жатыр.

Сол кіші шешесі осындағы итқораға жұмысқа кірді. Санитар болып.

Мұндағы қоралар екеу. Біреуі осы - итқора да, екіншісі - атқора. Екеуі де атшаптырым жерді алып жатыр. Атқорадан адам үзілмейді. Ауласында ұзынды-қысқалы жүздеген арба тұрады тізіліп. Шақтының жүгін осы арбалармен тасымалдайды.

Итқорасы болса қиқулап тұрады. Шынында да, иттің құспен бір пәлесі бар. Олардың құс болып сұңқылдайтындары бар. Мұндағы иттер операцияға керек. Барағы да, қапталы да, төбеті де сонда. Не көбеймейді, не азаймайды. Кіші шешесі оларды Мүгедектер дейді. Расында, солай. Өйткені мұндағы дәрігерлер операцияны адамға жасамас бұрын алдымен осы иттерге жасайды. Шешесі солардың итаяқтарына ас құяды, астын тазалайды. Бар-жоғы осы. Ал Желқұйын болса осы иттерді күзетеді.

Асат шешесіне еріп талай барған. Біреуінің аяғы құндақтаулы болса, екіншісі белінен шойырылған. Біреулері әлгі аяқтарын тістелеп ауре, ал енді біреулері басын алдыңғы екі аяғына қойып, мөлиіп жатады. Енді біреулерінің көзінен жас көрінеді. Сонда Асаттың жаны шығып кететіндей көрінетін...

Кіші шешесі де өзі сияқты екен. Соларды аяп, өбектеп жатады. Ең жаманы, мұнда ондай сезімге орын жоқ. Соқыр, шұнақ, ақсақ иттер жыртылып айырылады. Онысы аздайын, мүлдем аяғы жоқ самаурын иттер де бар. Самаурын деп төрт аяғы бірдей жоқ иттерді айтады. Соның бәрін істейтіндер - адамдар. Адамдар болғанда, ақ халаттылары. Дәрігерлер...

Бұрынырақта дәрігер болсам деп қиялданып қоятын. Дім-кәс әкеме бір себім тие ме деп. Қазір ойға да алмайды. Әрі-беріден кейін әлгі дәрігерлеріңді жек көреді. Жек көретіні

соншалық, асай-мүсейлерін көздерін ала беріп, қасақана шатыстырып қояды.

Бұл әңгімелерден әкесінің де хабары бар. Содан ба екен, әкесі бұл жаққа мүлдем аяқ басқан емес.

Білетіні - Желқұйыны. Соны ұрғашы тарақпен күлтелеп жатады. Тараққа темірлігін немесе мүйіздігін пайдаланбай, ағаштығын пайдаланады. Мұндай тарақ терісіне жара түсірмейді. Жалпы, әкесі ағашқа құмар. Сонан да бәрін ағаштан шабады. Бұл үйдегі түйнеш те, табақ та, балдақ та, тарлау да ағаштан шабылған. Болмай бара жатса, құрандысын жасай салады. Ең бастысы, залалы жоқ.

Бұл әкесінің ісмерлігін іштей мойындайды. Не істесе де жанын салып істейді. Әкесінің қолынан шыққан дүниелер бейне-бір зауыттан шыққандай. Оларын табиғи бояулармен жосалап қояды. Ит тарақты бояп қажеті жоқ. Аршадан жасағандықтан, қынатүстеніп тұрады. Аршаның иісі шыққан жерге бүрге жоламайды. Сонан да Желқұйын қотырдан дін аман.

Кіші шешесінің де місекерлігі бір басына жетеді. Ит түбітінен шұлық тоқығанынан басқа, белдеме де тоқиды. Оларды сұраушылар көп. Солардың көбісі - шақтерлер.

Санитар болып істегендіктен, анда-санда болса да ит майын шыжғырып жүреді. Өкпенің бірден-бір дәруі - осы ит майы. Құрт ауруының мың да бір емі. Осындағы кәрістердің құрт ауруымен ауырғаны естілмейді. Естілмейтіні - олар ит етін біздің жылқы етімізден де жоғары қояды.

Енді түсінікті болар. Ақшағат тек қана кен өндіріп қоймайды. Ит те өсіреді. Пышаққа жығу үшін, күзет үшін, сойыс үшін.

Мұның қайсысы болсын қып-қызыл ақша.

Мұнда итке операция жасайды...

Мұнда итті жұмысқа алады...

Мұнда ит етін жейді...

* * *

- Бұларға бұтын көтеріп зәр сындырғандардың бәрі ит...

Шам шақырған әкесінің мінезі қызық.

Ол кісінің ашуы ел тараған соң басталады. Сонда да біреуді жеті әкеден әрі жіберіп жатпайды, басқа да былғаныш сөздермен былапаттамайды. Жазығы - күңкілдейді. Өзімен-өзі.

Қайдан екені белгісіз, аршат тауып әкелген. Бәлкім, Ерейменнен, бәлкім, Қарқаралыдан. Шипасы жағынан аршаның өзінен аршаты күшті. Өйткені не нәрсенің болсын құнары оның тамырында болады. Әкесі сондай себеппен таймас үшін суаяқ құрап жатыр. Айтысы бойынша, тұтас шабуға келмейді.

Әй, иттің де иті бар ғой. Дүрегей де ит, таймас та ит деп кім айтты екен? А?.. Құс патшасы бүркіттер сынық, не қосар жұмыртқа шайқайды. Ал таймастар жалқы ғана күшіктейді. Аң патшасы болмаса да, таймастың тектілігін осыдан көрмес пе? Топырлатып күшіктейтіндей оны доңыз, қоян, итақай көре ме? Аздың құрметі жоғары. Әйтпесе алтында қасиет қалар ма еді?.. Көлденең жатса... Таймас та солай.

Мұндай сөзге Асат та елеңдей қалады. Құлағына жағып барады есті сөз. Бір сәт өзінің жалғыздығын ойлады. Келер ввт әкесінің де бір атадан жалғыздығы есіне түсті. «Ім-м...» деп қояды іштей.

- Тоғыз аптадан кейін топырлата салатын итақай деп жүр ғой, мұндар... Жоқ, не асылдың бәрі тереңде жатады. Таймастар дүниеге түйетолғақпен келеді. Тоғыз апта көтерсе де, екі жылда бір толғатады...

...Әкесі барып-барып әзер басылады.

Оның сөзін өзінен басқа естіп жатқан ешкім жоқ.

Асан шал баяғыда ұзап кеткен.

Биылғы күз ересен суық келді. Жаздан кейін бірден қыс түскенден болды. Қара суық табаннан өтеді. Әкесі соны көтере алмады. Жағдайы күн өткен сайын нашарлай берді.

Содан үйдің берекесі кете бастаған. Кіші шешесі де ашушаң болып алған. Сөз көтере алмайды. Беттен алады. Бұл үндемей құтылады. Ермегі - Желқұйыны. Сол ғана мұны түсінетіндей. Алыпсоқ та бір пәлені сезетіндей. Әкесінің жанынан шықпайды. Басын алдыңғы екі аяғына салып жатады да қояды.

Шешесі итқораға жүгіріп кеткенде, өзін қасына шақырып алған:

- Мен олай-бұлай болып кетсем, қорықпа! Жылама да, Сықтама да! Шешең өзі жөнелте жатар. Оған да тапсырып Қойғам. Саған айтарым, қандай жағдай болса да мені ата-

бабаларымның басына апарып қой. Шешеннің оң жағына қояды ұмытпа!..

Бұл әке сөзіне онша мән бермеді. Тұрып кетеді деп ойлады. Бұрын да солай болған. Талай жатып, талай тұрып кеткем Сөйткен әкесі ертеңінде көз жұмды.

Кіші шешесінің айтқан жоқтауы сай-сүйегін сырқыратты.

- Молаңды күзетіп қалдым-ау...

Бұл сөз Асатқа ауыр тиген.

* * *

Бабаларының қорымы Ақшағаттан сегіз шақырым жерде болатын. Әкесін жаяу-жалпыламай, ат арбамен апарып қойды. Бұл кезде Арқаның қара суығы басталған.

Қайтарда күтпеген оқиға болды. Желқұйын қорымда қалып қойды. Қалай шақырса да орнынан қозғалмады.

Ауылға тек төртінші күні ғана оралды.

- Есті жарықтық! - деп қойды кіші шешесі.

...

- Молаңды күзетіп қалдым-ау...

Кіші шешесінің осы бір жоқтау сөзі естен шығар емес.

Моласы несі деп бір ойлады. Қай моланы айтып тұр деп тағы ойлансын. Айтқан моласының тұрып жатқан соғындылары екенін іштей біліп тұр. Бәлкім, дұрыс та шығар деп ойлады. Ол үшін мола ғой... Жаратқан Алла кіші шешесіне бір шикіөкпе де бермеді. Ау, сонда күзететіні қалай? Демек, кіші шешесі ешқайда да кетпейді ғой...

Іші жылып қоя берді.

Әкесінің аманатын тастай қылған. Мал шалып, алдымен жетісін, соңынан қырқын да өткізіп тастаған. Күйкі тірлік соңынан басталған. Ағайын-туғандардың араласуы жиілейін деді. Мұны қолдарына алмақшы. Өз қолы өзіне жеткенше бағып-қақпақшы. Реті келіп жатса, бөлек отау шығармақшы.

Бұл тіс жармады. Әкесі бәлендей бөтен сөз қоспаған. Ендеше, басы неге ауруы керек? Бәрін уақыт көрсетеді деп шешкен.

Сонымен, кіші шешесімен тұрып жатыр...

Кіші шешесімен тату.

Қату да болған. Әкесі жоқта бұзауды жамыратып алған. Үйді асырап отырған жалғыз төрт емшек еді. Сонан сабасын келіп мұны. Көкала қойдай қылды.

Мені аямасаң да әкеңді аясаң-ды. Енді қайттым, бейшараға ыстық сүтті үзіп алатын болдым-ау...

Бұл не десін. Тіс жармады.

Өзімді сауам ба?..

Мұның жаны шығып кете жаздаған.

Үйден безіп шыққан. Ымырт үйіріліп, құтпан шыққан уақыт. Қайда барарын білмеді. Айналып келіп аранға тоқтаған.

Шөптің үстіне шығып алып ал кеп қыстығып жыласын. Өзінің дәрменсіздігіне.

- Асат, ау, Асат!.. Келе ғой енді, айналайын...

Бұл тіс жармады. Біраздан кейін елегізіін деді. Алыпсоқты деген. Алыпсоқ деп отырғаны - Желқұйынға дейінгі дүрегейлері. Кәртайып барып өлді. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді дейді ғой. Ауылдан ұзап барып өліпті. Әкесі жеткен жері деп жерошақ қазып, сол жерге көмді.

Тышқаншылап жүрген шығар деп қойды. Сөйтіп жатып көзі ілініп кетіпті. Түс көрді. Сақылдаған сары аяз ішінде жүр екен. Тас болып қатып қалыпты. Қатпаймын деп жанталасып жатыр... Сөйтіп жатып оянып кетті. Қараса, жанында Алыпсоғы жатыр. Күпәйкесінің омыраулығын шешіп тастапты. Қыз-қыз қайнап жатыр.

Алыпсоғын бұрын да жаман көрмейтін. Енді оған жабысты қалды. Алдымен байбалам салған кіші шешесі болды.

- Мынау кісікіктеніп барады. Алыпсоқтан басқа ешкімді көрмейді, - деп.

Әкесі ойланып қалған.

Оңаша қалғанда ғана күбірлегендей қылып:

- Итке әуезе бола берме, - деген.

- Неге? - деген бұл.

- Ит болып кетесің...

Бұл да тілін тартпады.

- Мұнан да ит болғаным жақсы еді, - деп.

* * *

Кіші шешесінің таңғы шаңқылынан көз ашқан. Алдымен мән бермеген. Соңынан таң атпай не боп қалды деп құлақ түрген.

- Асатымның әкесінің орнынан садаға кет! - деп қояды.

Байқайды, үйде біреу бар.

Дауысы құмығып шығады. Мұрын астынан міңгірлеп қалған біреу. «Кім екен?» Біраздан кейін пайымдай бастады. Бір жерден естіген дауыс. А-а... Асан шал...

Орнынан атып тұрған. Қалай жетіп барғанын білмейді.

Қол-аяғы байлаулы, көзі бақырайып Асан шал жатыр Аузына әкесінің шылғауын тығып қойыпты.

- Жазасын өзің бер! - деді кіші шешесі.

- Ит қосам! - деді бұл шімірікпестен.

- Қоссаң, қос!..

Жаннан тәтті ештеңе жоқ екен ғой. Асан шал Желқұйынға қара шалдырмай кетті.

Бәрі түс сияқты. Дір-дір етеді...

- Балам! - деді кіші шешесі.

- Шешем! - деді Асат.

* * *

Таймастан тұқым алу мүмкін емес дейді ит соңында жүргендер. Алайда орайын келтірушілер бар. Әкесі бастап бұлар үш рет алды. Алла қаласа, төртіншісін де алады.

Осыдан бастап Асаттың Асат есімі ұмытыла бастады. Оны көрген көлденең жұрт итбегі дейтін болған.

Үш ретінде күшігін соқыр күйінде, саңырау күйінде аманат иесіне апарып берген. Сонау Ерейменге барып. Бәтуа солай. Әкесі солай бәтуаласқан.

Бүгінде Ақшағатқа бара қалсаң, ел шақтерлердің жалақысы емес, итбегі жөнінде әңгіме айтады...

Иесінің мәйітін үш күн күзеткен Желқұйын туралы айтады...

Асан шалдың аузына шұлғау тыққан Асаттың шешесі жөнінде айтады... Қашқан Асан шалға жете алмаған Желқұйын жөнінде айтады...

...

Ауылдың Асан бастаған шалдары жер шұқыды.

Нағыз итбегі екен! - деді біреуі.

Итбегі... итбегі... - деп бас шұлығыды қалғандары.

Бабасы Бәутік ес берген екен... - деп қалды Асан шал.

Ол не қылған ес? - деп сұрады шалдардың біреуі.

- Асаттың Бәутік бабасы да итбегі болатын. Ел өсіре алмаған таймасты сол кісі өсіре алды. Қотанымыздың құты еді. Ауылда Таймас барда, қотанға итқұс жоламайды. Сол дәуренді Бәутекен өз қолымен шолағынан қайырды. Жатырынан қағынды деп өзін де, дүниеге келген он күшігін де өз қолымен бауыздады.

- Неге? - деп қалды бастапқы шал.

- Негесі несі? Ойбай-ау, таймас тазының тектісі емес пе? одан да жалқы табады. Көрінген сарыған соң тектіліктен не қалушы еді? Солай, жаным...

* * *

Таймасты бір көрсем деуші едім...

Итбегіні бір көрсем деуші едім...

Арнайы іздеп барғам. Ақшағаттың орны ғана қадыпты.

Қирандылар арасынан Желқұйын ізін іздегем. Таба алмадым. ауысы ғана қалыпты. Құлағымнан қайдағы бір құс дауыс кетпейді.

Итбегімен де кездесе алмадым. Кейін білгенімдей, көшіп кетіпті.

Ерейменге.

* * *

Ақшағат маған таймас болып үріп тұрғандай көрінді...

Ақшағат маған Желқұйын болып ұлып тұрғандай көрінді...

Алматы,

10 -13.07. 2010

КӨРЛЕУІТ

-Ау-у!..

Сайын даланың көкжалы төбе құйқанды шымырлата ұлиды

* * *

Астана қаласының батыс шалғайында мал бейіті бар. Жергілікті қазақтар малқорым деп айтады. Ел олген мысығы мги итін, тотықұсы мен бөденесін соған жерлейді. Қаланың Ақмо.м атауы кезінде оған көлікпен қатынайтын. Қазір қорым қала ішіне қарай кіріп барады. Көзге шыққан сүйелдей жайы бар Ел айтады, сол қорымды әне-міне тегістегелі отыр деп. Орныма көкпен таласқан үйлер салады деп.

Сол қорымда белгісіз төмпешіктерден көп нәрсе жоқ. Ара-тұра шарбақпен қоршалғаны кездеседі. Белгітас қойылғаны да ұшырасады.

Солардың біреуі еріксіз назар аудартады. Жерден өсіп шық қандай шомбал тасқа маржандай ұсақ әріптерді қашап тұрып түсіріпті.

Онда:

«Қолтырауын/Көрлеуіт/.

/1984-1999/.

Иттөбелестен Қарағанды мен Астана қалаларының бірнеше дүркін абсолютті чемпионы» деп жазылған.

* * *

Нарық келіп ауыл төңкеріліп түскен.

Бұзылғаннан сау тұрған үйлердің баршасы жіліктеліп, іске жарайтыны Астана, қалды Қарағандыға асырылған. Соңғы тамыздығын күні кеше ғана өзіне қарап тұрған мына Ақадыр тасып алып жатыр. Әкімі үш қабатты үй тұрғызып алыпты. Үй емес, бейне сурет. Ел айтады, кірпішіне қызыққан деп.

Кешегі ормандай сыңсып отырған ауылдың жұртында от-тыққа жарар-жарамас қадалары қалған. Көп қабатты үйлер ауылда сап түземесе де, баршылық болатын. Көбінесе екі және үш қабатты болып келетін. Қазір солардың барлығынан хабар беріп тұрғандай, орындарында төмпешіктер қалған. Алғаш бетте ондай үйлерді бұзып алып, тақталауға кемі бір

ай кететін. Жерошақтың түтінін шығарып, асар айтып бұзбаса, мұндай шаруа екі-үш адамның қолынан келе бермейтін. Келе-келе үй бұзушылар тақыстанған. Үш қабат үйіңізді үш күнге жеткізбей, шатырын бір бөлек, кірпішін бір бөлек, сылағын бір бөлек шығарып береді. Кірпішін қолға ұстасаңыз, жағаңызды ұстайсыз. Зауыттан жаңа ғана шыққандай... Сол кірпіштің шіретінде Қарағанды, Астана, Балқаштұр. Жұрт мұндай ауылды бұған дейін Шешня деп келген. Қазір атауы өзгерген. Көлденең жұрт жай ғана қиранды дей салады. Ал сол ауылды сорып отырғандары Клондайк десе, еміп отырғандары Копайгород дейді. Алдыңғы тобының қолы ұзын. Олар осындағы бұрынғы шақтыларының ішінде қалған темір-терсекін қыр үстіне Шығарып, топырағын тегістеп бітті. Қазір жаңа кәсіп тауыпты. Ауыл тұрсын, бүгінде аудан орталығында мәйітхана жоқ. Ел мәйітті сақтаудың жайын ойлап жан ұшырған. Соның амалын осылар тапқан. Ол үшін жеті қат шақты астынан мұз алып шықсаң болды. Қазасы бар үй солайынша малын дайындап, жерін қазып қана қоймай, осылайша мұзын да ойластырады. Біле білген жанға бұл да байлық. Мұз сатып алғың келмей ме - бар да өзің қазып ал.

Екінші топтың тірлігі көмірмен, темір-терсекпен байланысты. Бұл жерден, әрине, көмір шықпайды. Осы жерде мұнарасы көкпен таласқан қазандық болған. Содан ұшқан түтін Қытай асады деп отыратын үлкендер. Сол мұнараны ел жабылып жүріп құлатты. Рас айтса, екі жүз мың кірпіш шығыпты. Әкімі сол кірпішті әр босағаға қылдай қылып бөліп берген дейді. Жалаңаяқ отырған елдің жүгіріп жүріп саудалайтындай шамасы қайдан болсын?! Содан әлгі әкім ел қолындағы кірпіштің бәрін өзі сатып алыпты. Жарты бағасының жартысына, әрине. Сол мұнараның түбінен көмір шығыпты. Елу жыл бойы қорланған көмір құр қол алдырсын ба, қыбырлаған жанның барлығы сонда жүрді. Ел қысқы күндегі мұз ойып, балық аулаған балықшылар сынды бастарына қалқа тігіп, көмір шабуға кіріскен. Сондағы қарулары - балта мен шапқы. Сөйтіп те арба-арба көмір шапқан. Іргелес жатқан елді мекендердің барлығы Қарағандының майлы көмірін қойып, осы тамызықты жылытқы қылған. Күніне бір шелегін салсаң, үш бөлмелі үйіңізді қыз-қыз қайнатып тұрады.

Бұл ауылдың кірпішіне деген сұраныс та күйіп тұр. Кезінде

мұнда қорғаныс зауыты жұмыс істеген. Ондай зауыттардың кірпіші отқа күймейтін, суға батпайтын. Ең бастысы, балталаса і мұрты сынбайтын. Сол кірпіштен зауыт салынған. Сол кірпіштен ретін тауып үй де салушылар шыққан. Қорғаныс болған соң-ақ онда сәулен болады. Сол себептен осындай кірпіштен үй салуға рұқсат та берілген. Содан мұнда бал айырған арадай ел көп Біреуі көруге келеді, біреуі алуға келеді.

Іргеде қып-қызыл болып Күзекадыр жатыр. Қарсы еспеде Қызылеспе зауыты. Заманында екеуі де дүрілдеген. Ой-қырдың қазағы осында жиылған. Қалай құлады, ел сүйегін солай жинап ала алмай қалған. Зауыттар қожайыны ағылшындар еді. Сол ағылшыныңызды көрген қазақ некен-саяқ. Көргендер орыстың ағы дейді. Көрмегендер орыстың сақауы дейді. Кеңес өкіметі қалай келді, солай олар өкшесін жалтыратты. Өздерімен бірге ештеңе алып кеткен жоқ. Қалғанына бұлар ие бола алмады Жалаңаяқтықтарын көрсетіп алды. Азуын айға біледі деген орысыңыз да көткеншектік танытқан. Сол зауыттар қайтып қатарға қосылмады. Солардың кірпіштері қып-қызыл күйінде көз етіңді суырып, ішінді күйдіреді. Бұзып алам, шауып алам деушілер жыртылып айырылады. Солардың бүтін алғаны жоқ. Олардан қалғаны - қирандысы.

Бәлкім, бұлар тарихтың мұжылмас жәдігері болар. Осылай тұра берсе, әрине. Әй, қайдам, күндік көрісін ойлағандар оның да амалын табар. Кейінгі ұрпақ олардың орнын да таппас.

Елдің алды қалаға көшіп біткен. Көшкендеріне он жылдан асып барады. Әлі көшіп біте алмай жатыр. Тентіреп қайтып келушілер де бар. Бір жақсысы, олардың баспаналары дайын. Келеді де кіре салады. Содан елдің запы болып қалған жайлары бар. Көшу жөнінде ашық әңгіме айтыла қоймайды. Ендігісі шойын жолы бар стансаларға қоныс аудара бастады.

Көшудің жайын бұл да ойластырған. Алғаш шойын жолы бар стансаны қолай көрген. Соңынан айныды. Бұған салса, қалада тұрмақ. Тұрып кетер еді. Қолынан келмейтіні жоқ. Ұшақтан басқасының бәрін жасап көрген. Өкініштісі сол - ілдебайларының баяны болмады. Ешкімге де керегі жоқ екен. Соңынан өзіне де керек болмай қалды. Темір-терсек қылып өткізді де жіберді.

Ауылда да тұрғысы бар. Мал асырар еді. Қарындап, бүйендеп май шайқап, саудаға шығарар еді. Шелектеп сүт сауған күндерді қайтып әкелер еді. Түйе асыраса да болар еді. Қазір шұбатқа деген елдің аңсары ауған. Шұбатсыз той өтпейді десе болады. Қымыз да солай. Бұл - оның басында жүрген ойы. Ойында жүрген ісін бастап та жіберер ме еді, көткеншептейтіні - атадан жалғыз. Сүйенері жоқ. Сенетіні жоқ. Сенім болмаған жерде шаруаның баяны болмайды. Оны басынан талай өткерген. Соның салдарынан талай жамағайынымен шығысқан. Бұл ағайын, жамағайын дегенге берсең ғана жағасың. Алмады ма - өзіңді атқа теріс мінгізіп қоя береді.

Ойға алғаны оны алға сүйрейді. Елден озып кетем демейді. Калып қоймасам дейді. Ақыры ойлап-ойлап, ондай қонысты да тапқан. Сондағы көздегені - Қарағандының Майқұдығы.

Бұл - қыр қазақтары үшін қайнаған ауылдың өзі. Бұрынғы атауы Майқұдық еді. Қазір Қоянды деуді шығарып алыпты. Олай дейтіні, бұрынғы Қарқаралы дуанының қаракесектерінің бас қосар жері Қоянды жәрмеңкесі болатын. Майқұдық та солай. Сол қаракесектер ырғын отырған кешегі Ақтоғай, Қоңырат, Шет, Ақадыр, Тоқырауын, Егіндібұлақ, Талды аудандарының қазақтарын осы жерден кездестіресің. Содан да Майқұдық қазағының шемені аз. Ерте тұрып, ауылды көздеп күн салып тұрмайды. Ауылда көрші тұрғандардың мұнда да көрші тұрып жатқандары бар. Ұзынсарыға келгенде бұлар ауылды біржолата ұмытады. Өйткені ауыл қазақтарының бір-бірін көруі жиілейді.

Майқұдық - кеншілер қаласының шеткері ауданы. Атауында тұрғандай, құдық суы қақаған қысыңызда қатпақ тұрсын, қабыршықтанбайды да. Ел ауызсуын осы құдықтан айырады. Құдық дегені - әншейінгі атауы. Әйтпесе бұлақ. Күндіз-түні тыным алмастан шапқылайды да жатады. Осындағы тоғыз бұлақтың бірі. Жергілікті халықтың түк істемей, осы бұлақ суын саудалап, нанын айырып отырғандары бар. Кейінде құтылап сатушылар да шыға бастады.

Қаланың басқа аймақтарына қарағанда, мұнда үй бағасы түсіңкі. Себебі Майқұдық қаланың орталық ауданына жатпайды. Қалаға жиырма шақырымдық шалғайлығы бар. Қолақшаң болмай бара жатса, мұнда малдай есеп айырысуға болады. Бір-бірлерін жақсы танитын болғандықтан, жатып-

жастанып есеп айырысып жатады. Атаған малын төлдетіп алып та есеп айырысуға болады. Мұнысы қыр қазақтарының жолын ашып тұр. Кешегі ауылдың жарты қазағы осында тұрып жатса, сондай себебі бар. Солардың көштен қалып, аштан өлгені жоқ. Мұндағы қазақтың кіндігі ауылдан әлі үзілген жоқ. Ауыл қазағы тапқан-таянғанын осында әкеледі. Көтерме саудамен базарға шығарады. Ал онда тұрған өзінің көршісі болып шығады. Сондықтан мұнда кәпір сауда жоқ. Сондықтан мұндағы қазақтардың бір-біріне қарыздар емесінің аманы жоқ

«Көргің келмеген кісіңе қарыз бер деген» бір сөз бар. Мұнда сол сөзіңіз жүрмейді. Қарыз алған адамыңыздың төріңізде талтайып отыруы мүмкін. Оны ешкім де сөкпейді.

Осында ортаншы бажасы тұрады.

Келгенде сол бажасының үйін түстеген. Есімі - Шодыр. Қазақ та қоя береді ғой. Әкесі Федор деген орыс досының есімін қойыпты. Кейін ағайындары Шодыр деп кеткен.

Реті келіп жағса, сол Шодыр бажасынан баспалап үй бағасын білмекші. Реті келіп жатса, баспанасын айдарлап, белгілеп кетпекші. Тіпті сатып алады. Жартылай ақшасын төлеп. Оны көтеретіндей қалтасының қауқары бар.

Бажасы көп қабатты үйде демесең, қонды тұрады. Есіктері бөлек төрт бөлмелі үйді бауырына басқан. Сол төрт бөлмелі үйден төрт үйлі жанның өріп жататыны болады. Солардың біреуін таныса, біреуін танымайды. Сол аткөпір тірлігіне қабақ шытып жатқан бажасы жоқ. Өзінің кеңқолтықтығын біліп, сыйсам, осыған сиям-ау деп келеді.

Қашан келсе де бажасы мұрнына су жетпей, шаншылады да жүреді. Күнделікті кәсібін айта қоймайды. Күндіз үйінде де, түнде жұмысында. Бірақ күндіз де жұмыс істейді білем. Өйткені қарасын көрмейсің. Бәлкім, екі жұмыс істейтін шығар. Білгені, осы жұмысынан күреп ақша табады.

Айтып отырса, Майқұдықтың қаладан еш кемі жоқ. Топ думан дейсің бе, қарт деймісің, сүйек деймісің, казино деймісің, иттөбелес деймісің - бәрі осында.

Иттөбелес дегенде, бұл кәдімгідей елең ете қалған.

Есіне бірден Көрлеуіт түскен.

Бажасының айтып отырғаны рас болса, ит асырағандардың жолы болып жатыр-мыс. Иесін асырап жатқаны былай тұрсын,

үлде мен бүлдеге бөлеп қойғандары бар дейді. Ондай иттердің құны мына тұрып жатқан үйіңізден де қымбат көрінеді. Айтып отырса, кейбір иттердің бағасына екі-үш үйіңнің пұлы жетпейді екен. Әрине, дейді бұл іштей. Өйткені ауылда да сондай бір тірлік бар.

Қазір ауылдағы екі үйдің бірі ат ұстағыш. Кетіп бара жатқан тулақ көрсе, бәйге аты деп ойлайды. Ауылда не көп - той көп. Байға тисе де - той, бала тапса да - той. Қыл ақыры баласы бір сынып бітірсе де той. Ауылдағы тоғыз бітірген бала институт бітіргенге есеп. Сонан да той, сонан да атшабар. Дімкәсі ауруханадан шықса да той. Ақсарбасын айтып жатады. Сол тойлардың бірі бәйгесіз өтпейді. Бәсіне кемі тулақ тігеді. Атан тігетіндер де шығып жатыр. Тіпті темір көлік тігушілер де болып жатады. Ел сол бәйгіден үмітті. Иттөбелесі, әрине, бұған таңсық.

Сондай төбелестің барлығынан еміс-еміс хабары бар. Бажасының айтқанына сенсе, мұнда қоразтөбелес те, қырғауылтөбелес те, қыл ақыры бөденетөбелес те бар көрінеді. Ел соған тойға барғандай әлем-жәлем киініп барады дейді.

Иттөбелестің бәсіне не үй, не машина тігіледі екен. Болып жатса бәсін қолақшадай да береді дейді. Мұнысы өзіне жағып тұр. Неге екені белгісіз, үйді де, машинаны да ұтып алатынына сенімді. Қайтып ұтып алып жатсаңыз, пәтер мен машинаның пұлын қолақшадай да алуға болады екен. Мұнысына іші жылып қалды. «Кім біледі?» Қолақшаңызға керегіңді сатып аласыз ғой.

Бажасы айтып отырған иттөбелесте күзетші болып істейді екен. Сол күні бажасына ілесіп, иттөбелеске қоса кеткен.

Мұның білетіні - тазы, тазының әлекесі, төбет, тарақты, дүрегей, бөрібасар, қапталтын... Сөйтсе, иттің неше түрлі көкесі осында екен. Қызылды-жасылды - бәрі де қилы түсті. Шымқай қарасы да, шымқай ағы да бар. Бәрі де тұмалдылықты. Көздері жайнап тұр. Қозаның сөнбеген шоғындай қып-қызыл. Тайыншадайы да, қолбасындайы да осында. Құйрықтысы да, сымпылы да өріп жүр. Тіпті жалдысы да көзге түсіп қалған. Бәрін адам бейнесінде жұтындырып әлем-жәлем киіндіріп қойыпты. Төрт аяғына бәшпай кигізіпті. Мойындарында алақандай алқалары бар. Орден-медаль таққандары да баршылық.

Мұнда салмақ деген болмайды екен. Үлкен-кіші, ауыр-жеңіл деген түсінік атымен жоқ.

«Жауқайдалап» неміс абырғалары жүр. Одан ағылшын доғы да қалыспайды-мыс. Маң-маң басып қытайдың шарпайлары шыға келгенде, көзіңді көлегейлей қоясың. Түркіменнің алабайлары да кісі жейтіндей... Солардың нешеме атаулары есінде қалмапты. Қазақтың қасқыр бен аюға салатын қапталы мен бөрібасары да осында.

- Иттің күші тілерсегінде, - дейді бажасы.

Ауылда өскен мұның оған күлкісі бар. Бұл білсе, иттің күші - тісінде. Иттің күші - азуында. Оның басты қаруы түсі де емес, тілерсегі де емес - тісі.

Төбелесетін иттің болмысы бөлек. Жақындап кетсең, ақситып азу тісін көрсетеді. Бұлардың түп-төркіндерін соған сайып, ит-күс деп біледі. Мұндай тұқым ыр ете қалғанда, денеңе кәдімгідей діріл кіреді.

Төбелестері екі есікті, биіктігі аттылығы жетеқабыл өжіреде өтеді. Өжірелері сегіз сынық бұрышты, темірмен айқыш-ұйқыш торланып тасталған. Сырттағылар кіре алмайды, іштегілер шыға алмайды.

Есіктері жабылысымен төбелес басталады. Ішіндегілер өлер тірілеріне қарамайды. Олар аман қалу дегенді білмейді. Олар өлтіруді ғана біледі. Олар өмір сүрудің мәнісін солай деп қабылдайды. Қадалған жерлеріне жабысып қалатыны да содан. Мұндағы екеудің бірі ғана аман шығады. Олар соны түсінетіндей. Төбелестің бітуі соған байланысты. Екеуінің де өжіре ішінде қалатын кездері болады. Мұнда тең деген ұпай жоқ. Жеңіс соң өлгеніне беріледі.

Иттің топтап төбелесуі деген болады екен. Иттөбелес сонымен ашылады. Бір итке қарсы екеуі төбелеседі. Үш итке қарсы тұратын жойдасындар да кездеседі. Мұндайда ғимарат іші жаңғырып кетеді. Ит ырылына елдің қиқуы қосылады.

Одан кейін жекпе-жектер басталады. Төбелестің көкесі осы. Олардың тарпа бас салатындары болады. Алдымен ойқастап жүріп алатындары да болады. Бұтын көтеріп, зәр сындыратындары да болады. Артқы екі аяғымен топырақ ататындары да болады. Олардың мұнысы адамдардың төбелесіне ұқсап кетеді. Екі аяқтылар аруақтарын шақырғанда неше түрлі қимылдарға барады ғой. Сол секілді.

Иттөбелестің ішінде иелерімен бірге қызылөкпе болып жүрген қиқу қосұшылар да жыртылып айырылады. Жүргенде әрқайсысы байбатшасын белгілеп, бәске ақша тігеді.

Мұның да арқасы қозған. Өжіреге үш рет шыққан шарпайға бұл да тіккен. Күректей бес мың теңге. Шарпайы кемітіп айтқанның өзінде атан өгіздей. «Мынаған дүниенің тамағы керек қой» деп қояды. «Иттің мешкейі осы шарпайлар шығар» деп аузын жыбырлатқанын өзі де білмей қалды. Сол өзіне меншіктеп қалған шарпайының өжіреге төртінші рет шығатынына сенімді еді. Алайда шарпайы құрғыры алдап соқты. Ұзынынан сұлап түсіп, өжіре ішінде қалды. Аспанға атылған алабай шарбы майын жарды да тастады.

- Бастан құлақ садақа, - деген бажасы.

Бұл енді шынымен жынықты. Азын-аулақ ұтып алғандары да болды. Ондайда Тастан өткен бақытты адам жоқ еді. Бір ұтылып, бір ұтып түн де ауған.

Таң қылаң бергенде тағы бір бес мың теңгесінен қағылған.

- Келесіде жолың болар, - деген бажасы.

Тас оған атымен ренжіген жоқ. Бақса, иттен бұл да бірдеңе іледі екен. Біраз иттің жеңетінін тура болжады. Мұның жаны содан тоқ. Өзін кәдімгі итбегі сезінді. Ауылда да неше түрлі Итбегілер бар. Астындағы атынан түсіп, тазыға айырбастап Жібергендер бар. Тазының әлекесіне машина бергендерді де істіген.

Ел оларды аусарға санайды. Енді сол аусарларға өзі келіп осылып отыр. «Несі бар, бұл да өмір» деп қояды.

Содан көзін жұма алсайшы. Күні бойы көрген төбелестері көлбеңдеп көз алдында тұрды да қойды. Бәрін қайтадан тағы бір рет пысықтап шықты. Дұрыстап ойланғанда, ұтып та кетуге болады екен. Осы жерде бәске ақша тігіп те өмір сүріп кетуге болады ғой деген ұры ой келсін. Көп ұзамай ол ойынан айнып қалды. Қалайда дегенде, онда кездейсоқтық толып жатыр. Дұрысы, кәдімгідей ит төбелестірген.

Ойынан Көрлеуіт кетпейді. Бәлкім, жолы болып, пәтер де ұтып алар. Пәтер ұтып алған адам машина да ұтып алмай ма? Әрі қарай ойлануға қорықты...

Бұл енді иттөбелеске кіруге кәміл бекінді. Бұған дейінгі Кешкен ғұмыры талақ. Енді бұл итбегі болады.

Тас - итбегі...

Ауылға алған автобусының билетін өзгертіп, Қарабұлаққа алды. Сол Қарабұлақта бұлардың Жәркен есімді үлкен бажалары тұрады. Мұның Көрлеуіті сонда.

Осынау пермер бажалары бұлардың барлығынан да бақуатты тұрады. Иен далада тұрып, қалада жоқ екі қабатты үй тұрғызған. Сорап ұрып, шүмектетіп су да кіргізген. Үй айналасын қоршап, бау-бақша да отырғызған. Көлдей көлеңкесі бар теректер де пайда болған. Сөйтіп отырып мыңғыртып қой өсіріп отыр. Сөйтіп отырып алалы жылқы өргізіп отыр. Қойының егін Ақжал кенішінің асханасына өткізсе, қымызы Ақжалдан да өтіп, Балқаш асып жатыр. Осы бажасы өзіне шақырған. Қоңсы болайық деп. Осы жерде отырып балаларды оқытайық, өсірейік, жеткізейік деп. Бұл не істемек сонда? Сондағы жанашырлық жасап ұйғарған жұмысы қарауылдық екен. Бес-алты жұмысшысы бар. Солардың сиген-тышқанын есепке шығаруы керек екен. Өзіне есеп бермейтін адамның өзгеде не шаруасы бар? Бұл қабырғаммен кеңесемін деп кеткен. Қайтып қара көрсетпеді. Бажасының екеуара әңгімесін жамағатына жеткізген. Жамағаты - келіншегі. Перзентханадан үйіне бес мұрынбоқты кіргізіп берді. Жатырына атұстар жазып қойғанымен жұмысы жоқ. «Мен де оңай емеспін» дегі қояды.

Бесжыл гірмерболғанда тышқақ лақ ауыстырмаған жездесін келіншегі де сойып салған.

- Қойының жүнін жегір, - деп.

Сонан өзіне жекірсін.

- Басыңа қарауылдық жазып қойған ба? - деп.

Бұл ауылда қарауыл болып жұмыс істеген. Сапырапта. Кейін жамағатын да қарауыл ғып жұмысқа кіргізіп алған. Үйдегі бес мұрынбоқтың біреуі де осы тізімде жүрді. Сол жұмыстың бәріне бір өзі қайдан жетсін. Бұларды ұшпаққа Көрлеуіт жеткізген Сапыраптың күзеті соның мойнында. Күндіз-түні күзетеді. Төрт күзетшінің жұмысын бір өзі атқарады. Соның екі зарпылатын бастығы, қалған екеуін өзі алады.

Ел оны қасқыр деп есептейді. Жатыры ит-құс жақ болған соң именеді, қалды қорқады. Көрлеуіт ұлы нағашыларынан ауған.

Тастың біреуден ілгері, біреуден кейін ілдебайында Корлеуіттің осындай өзіндік орны болды.

Бұларды мамыражай тірлігінің жүрісінен жаңылдырған - нарық еді. Коммунизм құрғыры келмеске кетті. Социализм жарықтық сенбеске кетті. Қалғаны бәз-баяғы - капитализм. Өзіңе ешкім қол созбайды. Сенен де ешкім ештеңе дәметпейді. Қасысаң, қотырың өзіндікі. Сол нарық бұлардың сапырапын кілтсіз, құшыпсыз жапты. Одан жанармай құрып кеткен жоқ. Оның құлағын басқалар ұстады. Енді не істедік дегенде, бір Жаратқан іздегенін алдынан шығара салған. Ауылдан сегіз шақырым жерде айырпалан қонатын кең далаң бар. Таздың басындай жылмағай. Бәлкім, табиғи, бәлкім, қолдан тегістеген. Басындағы қора-қопсысымен, бес-алты қоржын қалқаларымен бір ауыл болып отыр. Соның бірі - сапырап. Сапырап болғанда - әуекәресін. Ұшақ, тікұшақ сонымен ұшады. Мұны Көрлеуітімен сол сапырапқа шақырды. Қарауылға.

Барды. Айырапырт бастығымен тез-ақ тіл табысқан. Ел Орекең деп кеткен кісі екен. Шын есімін ешкім де білмейді.

Мейлі, Орекең атанғанына қарағанда, жаман адам болмас» деген.

Ұшақ күніне бір рет қатынайды. Ұшақ болғанда, кәдімгі он екі кісілік «жүгерісі». Екі қанатты жарықтық бір тоқтамайды. Қысы-жазы. Ұшақ облыс орталығы Жезқазғаннан қатынайды. Қарағандыдан да келіп қонады. Негізінен пошта тасымалдайды. Басы артық жүктері де болып жатады. Түсіп жататын бес-алты бала-шағасы да болады.

Орекең бәріне жауапты. Білсе, машинаның тоқуын бітіріпті. Өзінің айтуынша, айырпаланды да ұшырады. Мұнысына мән бере қоймаған. Қолынан келмейтіні жоқ. Машинаның қилы түрін жасаған. Әттеңі, айдай алмайды. Рұқсаты жоқ. Әуешана да жасап көрген. Онысымен көршілес жатқан кеніштің директоры касқыр соғып жүр дейді.

Бір күні нарық бұларға да келген. Облыс орталығынан бір топ адам келді де, үш күннің ішінде бәрінің опай-топайын шығарды. Бұларға қалғаны қора-қопсылары екен. Әуекәресінді төгіп тастаңдар деп кеткен келгендер. Сөйтіп қағаздағанмен, кәресінді қой тоғытуға қолданған. Талайлары машиналарының кеудесін осымен тазартып алды. Онан басқа бір «жүгері» қалды. Айтуларынша, ұшуға жарамайды. Онысын «списайттап» кетті.

Орекең екеуі оңаша қалғанда:

- Бізге қалғаны - осылар. Қалағаныңды ал, - деген.

Бұл не десін. Алла жарылғасынын айтқан. Аз күнде алауыз болмағанын олжа санады. Қайтып мұны ешкім де қарауылдыққа шақырмаған. Әркім жөнін тапқан. Көрлеуітін біржайлы қы лайын деп Жәркен бажасына барған.

- Отар қойлық кәресін... әуекәресін тап, - деген бажасы.

- Неге сонша көп? - деп сұраған бұл.

- Тоғытқа, - деген бажасы.

Амалы қайсы, Орекеңе қайтып барған. Барса, «жүгері» ұшып жүр. Әрі ұшып, бері ұшып қонған. Ұшқышын шыққанда бір-ақ көрді - Орекең. Сонан Орекеңнің тасы өрмелесін. Ел есін жиып, егін еге бастаған. Егістіктердің егісін зиянкестерден тазартудың ұмыт болғаны қашан? Ел «жүгеріні» жүгіртіп жүрген Орекеңді көріп, соны есіне түсірді. Сол жылы аудан бітік егін алды.

Орекеңнің есімін бүкіл аудан білді. Істеп жүрген кәсібіне сүйсініп білдірді. Бірақ ашық түрде емес. Олай дейтіндері- оның прауасы жоқ. Ұшақ айдауға. Оның үстіне ұшақ құрғыры списайт етілген. Мұны естіп, аудан әкімі тыныш ұйықтай алмады. Алдымен бір ұшып көрді. Соңынан тағы бір ұшты. Үшіншісінде аңға шықты. Төртіншісінде Орекең шарт сынған:

- Өзің ұш! - деп.

Кейін өзі де ұшпады. Кәресіні құрғыры түтесілді. Жай кәресінге ұшпайды.

Тас сол кәресіннің арқасында Көрлеуітін Жәркен бажасына қолғанат етті. Естуінше, Көрлеуіт әзірге қотаннан қой бере қоймапты. Сол Көрлеуіті қазір мұның көз алдында тұр!

Көрлеуіт емес - пәтер!..

Көрлеуіт емес - машина!..

Содан мұның тынышы кетсін. Құдайдың таңын әзер атырды. Ертеңінде салып ұрып Қарабұлақтан шыққан.

* * *

Бажасы бір пәлені сезгендей, жақтырмай қарсы алды. Онысы жүріс-тұрысынан білініп-ақ тұрды. Әр нәрсенің басын шалысып үйге кірген. Бажасы қалайда әңгіме арнасын Көрлеуітке жуықтатпауға тырысты. Жанасып бара жатқан жерінде тұрып кетеді, не шиқылдап жөтелгенсиді. Бейне Көрлеуіт бұл дүниеде

жоқ секілді. Сыртқа шыққанда да Көрлеуіті көзіне ілікпеді. Әлде оған бірнәрсе болып қалды ма?! Ондай жаманаттың ауылы алыс сынды. Әр жерден көзі шалған қасқыр башай із Көрлеуіттің амандығын айқайлап айтып-ақ тұр. «Шамасы, жасырған».

Бұл да қитығып ештеңе демеді. Сонан бажалардың әңгіме-ісі жараспады. Бажасы одан биылдың өзінде Көрдеуітпен үш қасқыр алғанын жасырып қалды.

Қайынбикесі де бажасымен жараса қойыпты:

- Тамақ шақ келтірмейді, - деді түсін бермей.

Бұған керегі осы еді. Жолым болады екен деп ойлады.

Төсек екі қабат үйден бұйырмай, сырттағы тақтаға салынды. Көрлеуіттен тырс еткен хабар болсайшы.

Шодырды салып, өжіреден тұмалдылықтардың біреуін іле кеткен. Сол құрғыры түні бойы жамбасына батып шықты. Үркер ауа барбаң жүріс білінді. Бұл жүрісті Тас, әрине, жазбай таниды. Көрлеуіт аяғын ала жата кеткен. Тұмсығындағы жын әлі кете қоймапты. «Дуадаққа шыққан екен» деді. Бұрынғы күдірейіп тұрған жон арқасы жазыла түсіпті. Жарайды деп қойды іштей.

Сол күйі екеуі барбаң жүріске салып, Жәркен ауылынан алыстай берді. Тасжол ешкі сүті пісірімдік жерден өтетін.

Көрлеуітті көріп, Шодыр бажасы талып түсе жаздады.

- Тас, - деп айқайлап жіберді бажасы, - бұл бізге баспана на емес, патша сарайын да ұтып береді.

Естігісі келген сөзін естіп, бұл да талып түсті.

- Бұл қандай ит? - деген аптығы басылғанда бажасы.

- Қандай ит болсын - Көрлеуіт! - деген.

- Көрлеуіт...- деді бажасы мұның сөзін ұмытып қалмайын дегендей қайталап.

- Көрлеуіт, - деді бұл.

- Көрлеуіт деген не?

- Ит пен қасқырдың буданы.

- Әкесі қайсы? Қасқыры ма? Иті ме?

- Қаптал.

- Қаптал деген несі тағы да?

- Тазы мен төбеттің буданы.

- Әкесі қайсы? Тазысы ма? Төбеті ме?

- Төбеті.
- Бұл жарамайды.
- Неге?
- Төбет десең, ит қосып қуады бізді...
- Неге?
- Не болса да асыл тұқымынан болуы керек...
- Мен айттым ғой, қапталы деп.
- Бәрібір.
- Енді қайттік?
- Анықтама алу керек.
- Кімнен?
- Ветеринардан.
- Алайық.
- Оны алу мүмкін емес.
- Қалай мүмкін емес?
- Қалай мүмкін?
- Мен-ақ алайын ондай анықтаманы...
- Онда неге тұрсың?
- Тұрмағанда не істейін?
- Шап!.. Жаздыр!..
- Не? - деп.
- Волкодав!.. - деп.

Бұлай дегенде Тас ауылдағы Байлық бетбырашты ойға алған. Иіні жуас адам еді. Ондай анықтаманы алатынына сенімді. Сол кісінің шарбағына талай жойдасынның терісін жайып тастаған. Байлық быраштың түлкінің терісін сорға илеп, пұшпағынан төгілдіргенде, өз көзіне өзі сенбей қалатын. Осыны алған Көрлеуіт пе деп, илеген Байлық па деп.

Шодыр көкпенкөк ондықтың екеуін жерге атып ұрды. Қалғанын келген соң аласың деп. «Бұған дүниенің анықтамасы келеді».

Бұл ауылға қайтып барды. Екі он мыңдықтың біреуін ғана бұзды. Анықтама алуға жартысының жартысының жартысы жетті.

Сонымен, Көрлеуіт төбелеске шығатын болды.

Бұл түні екеуі де көз ілмей шықты.

Ертесінде ел сияқты бұлар да Көрлеуітті киіндіріп апарып, италаманға салды да жіберді.

* * *

- Ау-у!..

Қасқырдың шуланына қарағанда, құрты әдеқайда текті. Шуланның құтын барақтардың пайдаланып кетуі мумкін. Ал құрт өліп бара жатса, оларға құтын бермейді.

Тас бала кезінен нағашыларының қолында өсті. Сондағы қасқыр асыраған үйлердің талайын білуші еді. Айтатын уәждері - тұқым аламыз дейді. Ол кезде қазіргідей кино-сина жоқ, казино жоқ. Елдің өкімет жұмысын бітіргеннен кейінгі ермегі - аңшылық... Шошай ұстағанның барлығы өзін аңшы сезінеді. Әлекеге түлкі шалдырғанның барлығы аңшы емес. Мылтықпен қасқыр алғандар да бұл есепке кірмейді. Қақпан қазғандарды бадырайтып тұрып қақпаншы дейді. Көрошақ қазғандарды шұқығандай етіп апаншы дейді. Қоян ілгендерден аспағандарын қояншы дейді. Ал аңшы атаулы санаулы болады. Аңшының әлекесінің саны кемінде екеуі болады - барлаушысы мен қарауылшысы. Аңға шығатын атының бес-алтауы болады. Кемінде мінілмеген қосары болуы шарт. Олар аларын ой жүгіртіп, ақылға салып алады. Сондықтан олардың саны көп те емес, Бір ауылда - болса біреу. Болмаса - жоқ. Соның бірі кіші нағашысы - Тім.

Тім нағашысы оқымағанның зерегі, аларын алдымен ой жүгіртіп алады. Шаршылы кілемге шықпағаны болмаса, атан жілікті, нағыз апайтөстің өзі. Ауылдың көзі шыныдайын патынаған бұқасын мүйізден алып, бұрап жібергенде, сирағы топайынан бөлініп сала берген. Мұнысы - қар күшінен немесе кара күшінен емес, әдістен, ой жүгірткеннен. Сол қалыппен әуелі әуегін белгілеген. Сол қалыппен апанын түстеген. Бөлтірігін сонан соң алған. Көзін ашпаған, соқыр күйінде. Нағашы атасы мен әжесі ойбай салған.

- Жетпегені осы еді, - деп.

- Тұқым аламыз, - деген Тім нағашысы.

Кіші нағашысы алған бетінен қайтпады. Ит алсын деген ниетпен Италар деп атады. Жанына қосар қосты. Қосары - кәдімгі қапталдың күшігі. Оны Бөрібасар деген. Ол да соқыр. Көзін ашқандағы көргені болсын деп әдейі ересектеуін қосқан. Бой үйретсін, көз үйретсін дегендік. Екеуін бір емізікпен еміздірді. Бөлтірік көзін ашысымен-ақ емізіктен бас тартты. Сонан

бастап бұлардың қоректенуі екі айырылды. Қаптал бергенің бас-көз жоқ жалап-жұқтап қояды. Бөлтірік өліп бара жатсын кісі көзі майлы сүйекке көз салмайды. Не болмаса көміп тастайды. Көз тасада қазып жейді. Күн өткен сайын екеуінің арасындағы алшақтық айқын біліне бастады. Қит етсе, бөлтірік жалын күдірейтіп шыға келеді. Күшік болса құйрығын қыса қалады. Нағашысының көзін алып, бұлар ауылдың төбет салар еді бөлтірікке. Аяқ баспайды сонда маң төбеттер. Айбар шегіп, үргеннен әріге бармайды. Бөлтірік басы артық әрекетке бармайды. Азу тісін ақситып жата береді. Сол жеткілікті.

Енді бөлтірік өлі еттен шығайын деді. Ұшқан шыбынды қағады. Жүгірген қоңызды тісіне басады. Әйтеуір жақын маңнан жыбырлағанды құр жібермейді. Алдымен тауықтың бір шөжесі жоғалып кетті. Сонан екіншісі. Сонан үшіншісі. Тауық ауылда есепке жоқ. Сойып жесең, тіс ішінде қалады. Ұстаса, жұмыртқасы ін ұстайды. Сарысын қамырға қосса, жайма нан етке бергісіз болады дейді. Соңынан тауықтың өзі де ғайып болды. Шөжелер шулады да қалды. Көктен көлеңке түссе бітті, іпілдеп кірерге жер таппайды. Бұл білінбей қалмады. Осындағы өзі құралпы Борат тағасы бар. Сабазың бұған шыдамады. Сабасын келіп бөлтірікті. Сонда қыңқдегендыбысшығармады. Керзі етігін киіп шығып тепкілегенде құйрығын қысып, үйшікке тығылсайшы Жоқ, көзін алмаған күйі бәрін көтеріп алды.

Не деген төзімдік!

Не деген сабырлық!

Сол сабырлық нағашысында бар.

Тім нағашысы бәрін сабырға салып, шыдас берді. Таяқтамай тұрсын, дауыс та көтерген жоқ. Не керек, ақыры тағының тәбетінің бөлек болатынына көзі жетті. Бөлтірік болса бөрілігінен таймады. Үйдегі қозы-марқалармен ойнағансып, шалып түсетінді шығарды. Көгі ұзамай бір марқаның құйрығын ойып түсірді. Сонан тағы да біреуінің құйрығы жалбырап жүрді. Кейін тоқты-торымдарын да тартып кетті. Нағашы-тағалары сонда да елге ләм-мим демеді.

Солайынша бір жыл өтті.

Солайынша екінші жыл да өткен.

Енді оны темір торға алған.

Үшінші жыл өгіп, төртінші жыл қар басқанда тұқым аламыз деп алаөкпе болды.

Бесінші жыл да солай өтті.

Нағашысының шыдамы алтыншы жылы бітті...

Далаға алып шығып, жалғыз оқпен қаңқ еткізді.

Құрттан тұқым алғандар бар деушілердің аузына осымен су құйылды...

- Шуланнан тұқым аламыз, Құдай жазса, - деген Тім нағашысы.

Енді ол ұрғашысын асырауды ойдаған-ды...

Арқаның Бетпақдаладан үзіліп Балқаш көліне құлар жағын қыр қазақтары жалпақ тілмен шөл деп бір-ақ қайырған. Кызығы сол, жөн сұрасқанда Балқаш құлайтын қазақ көлге бара жатырмын демей, шөлге бара жатырмын дейтін.

Сол шөлдің көгі кісі бойындай...

Сол шөлдің тарбағаны қашқан тайыншадай...

Нағашылары қалмақ болып келетін жұрт сол себептен қысты соғым соймай-ақ өткере береді. Содан да бұл өлкеде ит-құс қырғын.

Әдетте әуектегі жал саны онға толар-толмас болар еді. Ал бұл жердің әуегінде қанша жал барлығын бір Құдай біледі. Жекен ауған жылы азайып, қайтқан жылы көбейеді.

Соның бірінде үлкенді-кішілі, ұрғашылы-еркекті отыз шақты жал бар. Жортқандарында көз байлаған шаң тұрады, қыста екпінінен боран тұрғандай. Ғажабы сол - сонша жалдың бар-жоғы біліне бермейді. Білсе, Тім нағашысы сынды жым іздегендер біледі.

Сөйткен әуектің абаданы жоқ дегенге кім сенер.

Абадандық та басқа қонар бақ сынды. Сол бақ айналып-айналып келіп шуланның өзін тапқан. Әуекті басқаратын мұндай шуланды құртқа дейді.

Мұнда жабайы шошқа қалың. Ел оларды доңыз деп, қаракиік деп әспеттегенімен, қыр қазақтары бадырайтып тұрып шошқа дер еді. Құртқа бастап жортқан әуек бір түнде одардың екі-үшеуін түсіреді. Сонсоң жатар еді. Керіліп-созылып, бойжазып... Мұндай бой жазулар кейде апталап созылады. Сонсоң тағы да шығар еді жортуылға ашқұрсақ. Бұл жолы доңызын алмай, киігін алады. Келесі жолы күсқа шығады. Алғанда дуадағын

түсіреді... Солай жалғаса береді. Ал сол төңіректегі малға бұлар аштан қатса да тиіспейді. Сондықтан да бұл жақтағы қазақтар ат жаратып, жал соғуға арнайы дайындалмайды да. Кездесіп қалып жатса, аңшылығының асып бара жатқандығынан емес әуестіктен түсірер еді. Онысын бір келген қонағының аяқ астына тастар еді.

- Үйдегі кішкентайдың құйрығы иіскесін, - деп.

Тақымы мықты болады деген соң келген қонақ жал терісін алмай қайтсін?!

Мұнан сырт әуектің басы түгел.

Жаз өтіп, қоңыр күз шығарып, желтоқсанның шулам борасындары басталғанда, бұлардың жалдары құлпырып шыға келген.

Ақжал болып...

Көкжал болып...

Қызылжал болып...

- Ау-у!..

Жер дүние жал болып ұлыр еді...

* * *

Өжіреге не үшін шыққанын Көрлеуіт білмеді.

Жаңа иесі тар шарбақтың ішіне жібергенде не істеу керектігін түсінбеген. Сөйтіп, әрі-сәрі болып тұрғанында, қарсы есіктің басқа бір ит пайда бола кеткен. Бұл оның иісін алмақшы болып оң аяғын көтеріп тұра қалған.

Бұған ел ду етіп күлген.

Өлгі иісалмасы мұны тарпа бас салған. Сонда барып қана қимылдаған. Шаптан алып лақтырып жіберген. Сонда да анаусының қоятын түрі жоқ. Бара-бара шындайын деген соң мойнынан алып сілкілеп тұрып алған. Солайынша тұрып-тұрып тастап жіберген.

Мұндай кереметті көрмеген ел жанығып берген. Өзіндей салмағы бар иттерді қақпақыл қылған. Жиналған ел Көрлеуіт күшіне тәнті еді.

Кейінгі үшеуін тілерсегінен алып ұрып, бұрап-ақ тастаған Алайда ел тынши алмаған.

- Волкодав!.. - деп күңіренген жер дүние.

- Көрлеуіт!.. - деген.

Бұл Тас еді. Шыдай алмаған. Аузына Волкодав түспей, Көрлеуіт түскен.

Көрлеуіт!.. - деген дүниені тарс ұмытқан Тас.

- Көрлеуіт!... - деген өжіреге итінген жұрт.

Адамнан өткен ашқарақ бар ма екен? Қарын тоқтығында тойымсыз. Қызық-шыжыққа келгенде де семіздік көрсетпейді. Оларға Волкодав аз еді. Толып жатыр ондай бөрібасар - Бөрібасарлар. Оларға керегі басқа бірдеңе еді. Жетпей тұрған бірдеңе табыла кеткен.

Көрлеуіт еді ол...

Зал күңіренсін келіп:

- Көрлеуіт! - деп.

Бұл оларды түсінбеді.

Оларға керегі қан еді.

Көп қан еді...

-Ау-у!..

Құртқа да ұлыған.

Жоқ іздеп.

Ол тек өзі білетін ғана иісті іздеген.

Жоқ еді сол иіс.

-Ау-у!..

Бұл сол жоқ иістің иісін алған.

Төменде ойдым-ойдым ауылдар жатыр еді.

Әуіп-әуіп үрген төбеттердің даусы ауылдан асып, алысқа естіледі.

Бұрын қасқыр соққандарға өкімет мұрын басы үш сом беретін. Соның өзінде қырып түсетін. Бертінде өсіп, жүз сомға дейін барған. Мұнан қасқыр құрып та кеткен жоқ, көбейіп те кеткен жоқ.

Кейінде доллармен төлейтінді шығарды. Қасқырды қытайлар керексінді. Оның ішінде құртын. Шал-шауқанды жасартады дейді.

Сол-ақ екен, қазақ қасқырдың құртын қырып берсін. Машимен қуды, тікұшақпен түйілді. Мелкашкамен қарауылдады, томатпен шіреттеді.

Елдің алды қос-қостан машина міне бастады.

Тұқым шашарға қалдырмады.

- Ау-у!..

Шулан құртты іздеген.

Құртқа құртты іздеген.

* * *

- Көрлеуіт!..

Өжірені айнала қоршаған елдің қиқуынан құлақ тұнады.

Ел бұлардың Көрлеуітінің есімін исатқа білетін болған. Көнге тігетін ақшаларын қазір тек Көрлеуітке қояды. Сондықтан да оның есімі ел аузынан түспей жүр.

- Көрлеуіт!..

Ысқырып-қышқырынған қиқудан құлақ тұнады. Мұндайда ит те құтырып кетеді екен. Қай-қайсы болса да бір орында тұра алмай, өжіре есігіне ұмтылады. Өжіре есігінен басқа ештеңені көрмейді. Дүниенің рахаты сонда деп біледі. Өлер, тірілеріне қарамайды. Дүние біткенді қан-жоса қылады.

Қазір бұл да үйренген.

Жай ғана талауратып талап тастамайды.

Қимылсыз қалғанша шайқасады.

Дал-далын шығарады...

* * *

- Ау-у!..

Төменде өзімен-өзі жатқан бұйығы ауыл дүр сілкінді:

- Бөрібасар ғайып бопты...

Бұл баяғы Тім нағашысының Итадармен қосып тәрбиелеген Бөрібасары болатын.

Ауылдағылардың аузында жүрген сөз осы болды.

Отырып та айтады,

Тұрып та айтады.

Жатып та айтады.

Бөрібасар десе бөрібасар еді. Қасқыр алмағаны болмаса, маңмаң үргенде тау қозғалғандай еді-ау.

- Шулан иісін алған, - деді жал соғушылар.

Айтқандай-ақ, желтоқсанның жаяу борасынымен бірге Бөрібасар да оралған.

Беріп қойыпты мынау! - деп Тім нағашысы екі санын шапаттап.

Қайдағыны шығарып... - деп нағашы атасы күмілжіген.

Шуланнан тұқым алды деген осы! - деді нағашысы.

Көп ұзатпай соқыр күйінде алып келген. Бөлтіріктей емес, тәрбиеге көнген. Соңынан қасқырға салған. Құрты болмаса, шуланына түспейді екен. Енді қайттық деп шуланға қайтып ұйлықтырмақшы болған. Алайда...

Көрлеуіт тұқым шашпайды екен.

Өтек! - деген нағашы атасы айызы қанып.

Ешкімге керек болмай қалған сол көрлеуітті Тас алған.

Бір күні Майқұдық ду ете қалған.

- Астанада бөрібасарлар келді!.. - деп.

Олар шынымен бөрібасарлардың тұқымынан еді. Тайыншадай-тайыншадай сұрқынан адам қорыққандай. Жайдың өзінде ырылдап, төбелес іздеп тұрады.

Бұлар да алақандарына түкірінген. Құдайымыз берді деп.

Төбелестің бәсі де өсіп шыға келген. Кіретін билет құны да аспандаған. Соның он пайызы - осылардікі. Соған тағы да он пайыз қосты.

Бұл төбелес үш күнге созылды.

Матка дегені болады екен. Бұл ең бастысы дегені. Ең бастыл ары төбелестің басында емес, керісінше, бір-бірімен соңында шығады. Және де ең соңына дейін бір-бірімен кездеспейді екен.

Сол ең бастылардың қатарына Көрлеуіт кірді. Астанада келген бес бөрібасардың үшеуіне де осындай құрмет көрсетілді.

Соңғы күні сол үш бөрібасар мен Көрлеуіт қалған.

Астанада келгендер:

- Астана, - деп жанығады.

Қарағандылықтар болса:

- Майқұдық!.. - деп күркірейді.

Ақтық айқаста бөрібасарлардың біреуімен шықты. Оның алдында да сондай біреуімен кездескен. Өзін шайнап тастай жаздаған. Сонда бұл байырғы амалына барған. Тұмсықтан алып тарта жөнелген. Күні бойы жанығып жүрген бөрібасар бұйдасын жетелетіп жіберген тайлақтай жуасыды да қалды.

Сүйретпеге түскен бөрібасардың мұнан кейін қадірі қалмады

- Волкодава на мыло!.. - деп жанықты келушілер.
- Крокодил!.. - деп тепсінеді орыс ағайындар.
- Қолтырауын!.. - деп қазекеңдер езеурейді.

Сол-ақ екен, осы атау Көрлеуітке жабысты да қалды. Енді ел Көрлеуітті Қолтырауын деп атайтын болды.

Ақтық шайқаста аузын ашып, жаба қойған. Бөрібасардың тұмсығы Қолтырауынның аузында қалды.

Сүйретпеге салды-ай келіп.

Иесі жан ұшырған:

- Сауға!.. - деп.

Ортаға ақ орамал тасталған.

Ішіндегі жап-жасыл ақшалар өжірені жауып кетті...

* * *

Қарабұлақтағы Жәркен пермердің шығыс жағында жайдақ алаңқай бар. Сол жерге кісі бойындай шомбал тас қойылған.

Онда:

«Көрдеуіт/Қолтырауын/.

/1984-1999/.

Иттөбелестен Қарағанды мен Астана қалаларының бірнеше дүркін абсолютті чемпионы» деп қашап жазылған.

* * *

Ел айтады:

- Тас оны Астананың мал қорымынан ұрлап әкеліп қойған, деп.

Қарағанды,

04.03.2004

ҚИЯМЕТТІН БЕЛГІСІ

Жасы жер ортасынан асты.

Асқанда, түйдей құрдастарынан адасып қалып, Пайғамбар жасына итініп отырған жайы бар. Бұл дүниенің көзтаныстары жзапған уақыт. Шер тарқатар табалдырық қалмаған. Өз қатарластары болмаған соң, топқа да түсе бермей, саяқси береді. Сонан ба екен, мәлімсіз нәрселерді көп ойлайтынды шығарып жүр. Ол бір ұйық сынды. Тұңғиығына тартады да тұрады.

Бұрындары қолы жетпей келгендері бүгінде түкке тұрғысыз болып қалған. Алаң көңіл біршама саябырсыған.

Ауылдың көпей шалдары сынды селкеулі бес тал сақалын саудаға салып, атақ шығарып, дақпырт қуып жүрген жоқ. Өткен. кеткен бірді-екілі молдадан жаттап алған дұғаларын алға итінітіп, үй жағалап, нәпақа айырып жүргендердің де қатарынан емес.

Балаға да, бәйбішеге де, өкіметке де қарап отырған жайы жоқ. Өзірге өзінің күнін ешкімге түсіре қоймаған жайы бар. Сондағысы, ісмерлігіне сенеді. Қолынан келмейтіні жоқ. Қодынан аяқтонның жұлығы түскен емес. Қайысбаумен қайқайтып середі. Кебістің өзін ұлтандап жатады.

Бүгінгінің тоны күндік ғана. Елдің шалбарының аулығы турмайды. Тұрмайтын себебі, зауыт-пәбіріктер сым атаулыға

салмайды. Әйтпесе еркектердің аулығын керіп әкетіп бара жатқан ештеңелері жоқ. Онда қысық көз көршіні қойып, мұхиттың әр жағында жатқан елдің де бақай есебі жатыр. Қазақтың баласы әкесінің белінде қалсын деген. Анасының құрсағына жетпесін деген.

Қамбал, дамбал, баулық пішіп жатса, сондай себебі бар.

Қазіргі жүріп тұрғаны - шапан. Ел бүгінде шапанға әуейі болып алған. Тойға барса да шапан ала жүгіреді, топырақты елімге де шапанына сүрініп барады. Сол шапанды сыртын атылда әйел қалған жоқ. Сондықтан да ауылдың көпей шалдары бұған ділгір.

Сол көпей шалдардың ішінде өзінің де жүретіні ел көзінде. Онысына көлгей салып, қуыстанбайды да. Ел ішінде отырып, онсыз да аз шалдың санын қалай кемітпек. Мұндайда қашанда бөркіне қарайды.

Күні бүгінге дейін екі нәрседен қалмай келеді. Бірі ауылдың топырақты өлімі болса, екіншісі - торқалы тойы. Мұның екеуі де кәдімгідей сын. Бірінен де қалмайды. Біріне де құр қол бармайды. Дұрысы, бара алмайды. Барса, дұрыстап барады. Дұрыстап батаға жазылады.

Содан барып ауылдың есті шалы санатында.

Содан барып ауылдың сесті шалының қатарында.

Мұның тіреп тұрған ешкімі жоқ. Өзінің де біреуді жарылқап тастағаны шамалы. Алайда бабалардан қалған жол бар. Сол жолы адастырмай келеді.

Мұның ата-бабалары жолынан жығылған емес. Жолын да берген емес. Ертеде әкесі нағашы атасымен, нағашы ағаларымен қансонарға шығыпты. Содан сол нағашы ағаларының біреуі түлкі шалдырып, онысын әкесінің, яғни мұның нағашы атасының қанжығасына байлапты. Сонда әкесі:

- Күйеу болсам, бұл шаңыраққа мен ғана күйеуім, жолым күйеу емес. Ата-бабаның жолы қайда? Байлаңыз алтайыны менің қанжығыма, - депті.

Бұл - сөйткен атаның баласы.

Ел құлағына сіңісті болған Салық деген есімі бар...

Бұған дейін қияс жүрмеген. Ендігісіне жол жоқ.

Бұл содан басады.

Басқаның не әкелгенімен жұмысы жоқ.

- Салық не әкеліпті дейді?

- Салық неше сомға жазылыпты дейді?..

Қалған ел сонан кейін барып жазылады.

Салық түйе берсе, басқасы бие береді. Салық жүз сом шығарса, көпей шалдың сорлысы кемі елу сомға жазылады.

Заманының жақсарғаны болар. Әлде заман өзгерді.

Той-томалақ көп. Байға барса да той, қайтса да той. Қатып алса да той, тастаса да той. Корші ауылда қыздай тапқан балаға да той жасапты деп естиді.

Өлім-жітім де көбейіп тұр... Жо-жоқ, өлім-жітімге байланысты өткізілетін амалдары көп. Соның барлығы той болып өтеді. Сонан да өлім-жітім ел көзіне көбірек болып көрінеді. Баяғының қонағасы күнінде берілуші еді, бүгінгінің қонағасы кәдімгі кәсіподақ жиналысына айналған. Жарыса келіп көпіреді, жарыса кеп көбіктенеді. Өйтетіні - марқұмды жалған мақтайды,

мақтауға сөз таппайтын бүгінде қазақ жоқ. Олардың сөзін естіп отырып тура өле салғың келеді.

Одан марқұмның үші келеді...

Одан марқұмның жетісі келеді...

Одан қырқы келеді. Тағы да сол дырду.

Жылы келеді. Тағы да тапыраштану.

Одан кейін құдайы дегендері басталады. Үш жыл өтті деп, бес жыл өтті деп, жеті жыл өтті деп, он жыл өтті деп. Қасиетті сан болса-ақ бітті, құдайы дәм деген жол бермейді. Қазіргі қазақта қасиетсіз сан жоқ. Содан да алақандай ауылдың осындай тірі-өлі тойлары таусылмайды.

Осыдан бес-алты жыл бұрын алып жүрген пенсиясы бәріне жетуші еді. Киім-пиімге де, ішіп-жемге де, той-томалаққа да, өлім-жітімге де... Тіпті кәдімгідей артылып қалатын. Қазір сол құрғыры жетпей қалатынды шығарып жүр. Себебі жоғарыдағыдай.

Тіршілік қой деп демдейді өзін. Сол тіршілігін бәрінен де жоғары қояды. Бұл жалғанның бес күн жарығы үшін.

Сонан барып осы тіршілігіне шүкіршілік етеді.

Сол тіршілігі құрғыры қалаға сүйрейді. Сол тіршілігі үшін ел-жұрттан жасырынып, қаланың базарына шығып келеді.

Уақытта да тұрлау жоқ. Қазіргінің уақыты кешегі уақытпен бірдей емес сияқты. Бұрын кешті қарайта алмаушы еді, бүгінгінің кеші қалай батса, таңы солай сарғаяды.

Мұны қияметтің бір белгісі деп біледі. Баяғыда ел ішінде Бұқардан оқып келген Абадай деген молда болды. Сол кісі айтып отыратын. Қиямет боларда Алла Тағала білдіреді деп. Өзінің белгідерін жібереді деп. Бала тумай жатып кәртаяды деп.

Сол белгісі келіп тұр...

Кеше де тойға барған жайы бар. Ауылдың қыздары басын құраған. Қыздар дегені айтарға ғана. Әйтпесе кәдімгі көпей шалдың өзі. Қырықтың жетеуіне келгенше көзі соқыр, құлағы керең, аузы мылқау болып келген. Бір сөзбен айтқанда, әйел баласына әйел деп қарамаған. Бір сөзбен айтқанда - қыздар. Жо-жоқ, қазақ қыздар деп бас қоспаған еркекті айтады ғой. Мынауысы бас қосып қойды. Қосқанда қандай, бірден балалы-шағалы болып, жетісті де қалды. Баяғы сол көрші ауылдағы қыздай бала тауып алғанды үйге кіргізіп алыпты. Әлде,

бәтшағырдың өзі кіріп алған. Әлгінің олжа баласын қыздардың атына да жазып үлгеріпті.

Не керек, тойды дүркіретіп-ақ жасады. Ауылдың өздігінен жүретінінің қалғаны жоқ. Көрші ауылдардан да қопарыла келді

Бүгінгінің әйелі жанаспай жатып туып береді... Мұны да Абадай молдадан естіген. Бұл да қияметтің бір белгісі. Қалай келіп тұр?!

«Қиямет төбе көрсетіп тұр» деп іштей нәс сүресін күбірлеп оқып шықты.

* * *

Әуелгі базаршылап барғаны теріскей келді.

Көктем шығарып барғандықтан, ауылдағыдай қаланы да ита-лай иектепті. Жер-көкті көзін ашпаған күшік басып қалған екен. Бір-біріне тығылған қарақұлақтарды қызықтаушы қарақұрым жыртылып айырылады.

Өрқайсының төлқұжаты бас-басына жазылып қойыпты. Кәдімгі тууы туралы куәліктен айырмасы шамалы. Әкесі кім, шешесі кім, бәрі қатталған. Әдетте ауылда итке ыңғайына қарай Алыпсоқ, Бөрібасар, Таймас, Барақ сынды аттар беруші еді. Мыналардікі біртүрлі, құлақ кеседі. Біреуінікі анау-мынау емес, тура - Бетховен! Екіншісінікі - Лист. Үшіншісінікі - Эйнштейн!..

Бұларды да кәдімгідей жеті атаны тергегендей тергейді екен. Жетінші атасы кім, алтыншы атасы қай жерлік - соның барлығы қағазға түсіріліпті. Соны естіп, бұл жағасын ұстаған.

Тазының әлекесін төрге оздырған ауылдың қазағы емес пе? Итте құда болмайтынын біледі. Сонда бұл шіркіннің жеті атасы кімге дәрі, неге керек? Бұл соны түсіне алмайды. Бір қызығы, жеті атасының түгелдігі ит бағасын аспандата түседі екен.

Біреуі тұрып:

- Жеті атасынан бері Барақ, - деп қояды.

Күшік бағасының тұздылығын сонысымен түсіндіреді.

Мұның түсінігінде ит саудасында қыр қазағы көбірек жүрсе керек еді. Өйткені бүгінде ауылда ұрлық-қарлық өршіп тұр. Қазір ауылға бас-басына ит керек. Шөптің қорымына, егіннің қорымына, малдың қорымына, қотанның қорымына, қыл ақыры бақшаның қорымына. Былтыр көршісі Боқтының ерте көктемнен отырғызған жаужұмырын жаз шығармай-ақ қазып

әкетті. Қызанақты күзде ұрлайды деп білетін қазақ жаз шықпай-ақ орнын сипалап қалатынды шығарып жүр.

Ауылдың иті марғау. Ит-құс білінгенде ғана дыбыс береді. Қара көрсе, шабаланушы еді. Қазіргісі үндемей қаба береді.

Ит саудасы қалалықтардың өздерінен аспайды ма деп қалды. Үлкен де, кіші де өріп жүр. Тегін күшік үлестіріп жатқандай. Әсіресе бет-ауыздары опа-далаптан көрінбейтін қыз-қырқынның қарасы молдау. Сатушылар да қыз-қырқын, сатып алушылар да тағы солар. Олардың саудасы сыбырдан аспайды. Еркектердің саудасы айқаймен өтіп жатса, олардікі сыбырмен-ақ орнына келіп жатыр.

Солайынша, бұл да қарақұлақтарды қызықтап кете барған. Әуелгі шаруасын тарс ұмытқан. Ауыл қазағына тән кәдімгі итбегілі ұстасын. Саусағын жіліншігіне жүгіртеді, езуін қолымен айырып, тісіне үңіледі, саусақтарын барбитып құлақ түбін қасиды.

Бір тұста баттитып тұрып «Бикелер үшін!» деп жазылған екен.

Алғаш назар аудармаған. Болса болар деп қойған. Сылқымдардың сөмкеге салып жүретін иттері болады дегенді бұл да естіген. Бөденедей ғана бойы бар тырығын бұл да көрген. Алайда мыналары ол күшіктерге ұқсамайтын секілді. Кемітіп айтқанның өзінде марғаудың әр жақ-бер жағында жатыр еді. Сонан бұл да мойын созсын. Байқайды, үлде мен бүлдеге бөккен сылқымдар әлгі қарақұлақтардың таңын қызықтайтын сыңайлы. Солардың біреуі қолындағы жабын шешіп, әлгінің қасасына сүйріктей қолын соза беріп, қаси бастаған...

Бұл басын еріксіз ала қашқан.

- Күлес! Күлес!.. - деген.

Іштей...

* * *

Көлденең жұрттан сөлкебай, салпыншақтары пұл болыпты дегенді естіген.

Салпыншақтар деп отырғаны Ленин, Сталин, Брежнев сынды күнкөсемдердің бедерлі бәдіреттері бар, ішінде әйтеуір қыпқызыл болып бір жұлдызы жүретін түйреуішті, шығыршықты, шығыршықсыз, бұрандалы, бұрандасыз кеудеге тағатын омыраулық қилы айырмалар, белгілер, медаль-ордендер еді.

Біреулер сіріңкенің қорабын жинайды, енді біреулер темекі қорабын жинайды деп естуші еді. Қарап отырса, бұл да жинапты. Сөлкебай, салпыншақтарды.

Бұл да өз заманының адамы. Соған орай бұл да олардан кенде емес. Маңдай терімен тапқаны. Ешкімнен ұрлап алған жоқ. Адалы.

Ыңғайсызданатын жайты да бар. Салпыншақтары өзінікі болғанымен, кезінде жұрт көзін түгел жинап, басшысы, хатшысы, әйтеуір, бір бастығы, не бастықсымағы қыдыып омырауы на қадаған. Сахнаға шығарып. Төрге оздырып. Бұл сонысынан жасқаншақтайды. Елдің табасынан қорқады.

Бейнетпен келген сол салпыншақтарын базарға шығарған.

Обалы нешік, бұл жұмысты ғана білді. Елден оқ бойы озып кеттім демейді. Дегенмен де қара оздырғаны - тайтаңбадай шығыңқы шындық. Оған әлгі қоңыраулатып жүрген салпыншақтары дәлел.

Салпыншақтардың ешқайсы өздігінен келген жоқ. Онда шүмектеп аққан маңдайының ақадал тері бар.

Қиыны алғашқысы болды. Бес жыл бел бүкпей шүмектеген. Тоғызыншы бесжылдықтың екпіндісі атанған. Сол аттас айырым белгісін омырауына қадаған. Көп ұзатпай «Ерен ерлігі үшін» деген медаль қоса берілген. Келесі бесжылдықта тағы да екпінді атағын жеңіп алған. Енді стахановшы атанған. Жиналыстарда залда отырмай, президиумда отыратын хәлге келген.

Стахановшы атанысымен-ақ олардың саны жедел өсе бастаған. Әуелі екпінді дегендерін түгендеген. Бәленбай бесжылдықтың екпіндісі. Түгенбай бесжылдықтың екпіндісі. Ондайдың ұмытпаса, үш-төртеуі бар. Сонан кейінгі қадірлісі - социалистік жарыс жеңімпазы дегендері. Одан да баршылық. Мерекелік медаль дегендері бар. Ол да тізіліп тұр. Ең соңында еңбек ардагері деген темірін де алып тынған. Елдің айтуынша, бұл оның алған соңғы медалі-мыс. Оның арасында қилы ордендері де бар.

Мұның да кеудесі солайынша сөлкебайларға толған. Соларға арнап арнайы костюм-шалбар да тіктірген. Жо-жоқ, тіктірген - қыздары, бұл қарсы тұра алмаған. Өйткені елдің бәрі де көк түсті сәтен костюм-шалбар киіп, алған темірлерін қақтауға шығарған балықтайын желбезегінен тізіп қоятын. Бұл да тізген.

Байқайды. Оң жақ омырауы толды. Сол жақ омырауынан да едәуір орын тиген. Бұл соған насаттанады. Елден қалмағанына. Той-мерекелерде бұл да төрде отырады. Ара-арасында сөз де сөйлеп қояды. Кезінде қалтақапқа арақ-шарап салып беруші еді. Кетер еді сонан көше жағалап. Салынып ішкен жоқ. Елден қалмайын дегені.

Рахаты - бүгінгісі. Берерлерін хатқапқа салып береді. Ақшалай, әрине. Көп емес. Әйтеуір, жоқтан бар. Бұған бәрібір. Әйтеуір, хатқап берсе болды. Бала-шағасы соған риза. Бала-шағасының ризалығын көріп, бұл да шүкіршілігіне келеді.

Сөйткен сөлкебайларының қадірі қашқан. Қашқаны сол - сырт құлақ естуі саудаға шығыпты. Алғаш түсінбеген. Әлі түсініп біткені шамалы. Әйтеуір, біреулер керексінеді екен. Алғашқы дүмпуде сол сөлкебайлардың бағасы аспандап тұрды. Үйдегі жалғыз ұл соны меңзеп, өтініш жасағанда, бұл қолындағы шыныаяғын жіберіп қалған. Абырой жазып, онысы қата кеткен. Енді, міне, сөйткен сөлкебайларын өзі саудаға шығарып отыр. Елден ұрланып.

* * *

Қарағандыға келіп көржер базарын тауып алған.

Атына қанық еді. Сықап тұр. Жер үстіндегінің бәрі бар-ау деп қалды. Сұрастырып жүріп сөлкебай саудашыларын да тауып алды. Түгі де жоқ. Өзі сияқты қырма сақалдылардың қатары. Әуелі алушылар қатарында бір рет өтті. Осыншама сөлкебай болады деп ойламапты. Тұнып тұр, әншейін. Қызылды-жасылды, бұрышты, бұрышсыз, домалақ, қиықты... Екінші рет өткенде өз сөлкебайларын діттеген. Бағаларын сұрап бөгеліңкіреп қалды. Сұраған затының бағасын естіп өз құлағына өзі сене алмады. Айтып отырғандары рас болса, қомақты-ақ сома. Сонан алушылар қатарында үшінші мәрте өткен. Саулаласып көрмек...

Сол-ақ екен, басталған.

- Сенің өзіңе не керек? - деп біреуі шықсын.
 - Неменесіне айналшықтап жүрсің? - деп екіншісі шыққан.
- Мұның білгені бағасы ғой. Аузына түскені сол болды.
- Қанша тұрады? - деді бұл әуелгі сауалынан жазбай.
 - Түсіріп берейік бағасын, - деді олар.

Бұған салса, сол түсіріп беріп жатқан бағалары да жетеді
Соған аузы құрғыры бармай тұр. Аузын басып, жөткіріне береді

- Алмайсың ба? - деді.

- Өзімде де бар... - деді бұл міңгірлеп.

- Қайта айтшы! - деп жабыса қалсын қырма сақалдысы.

Бұл жауап орнына қолын қолтық қалтасына апара берген
Сол-ақ екен, қалған көксақалдылар да бастарын түйістіре
қалды. Бірінен бірі бой асырып, мұның қолтығынан суырып
алған орамаға көздерін тіге қалсын.

Орама айтарлықтай қомақты болатын. Шығарып жатыр
бәрін. Орденін де, медалін де, ақыр-тақыр белгілерін де.

Елде үн жоқ. Ақыры біреуі күңк етті.

- Осының бәрі өзіңіздікі ме? - деп.

Бұл не айтарын білмеді. Тек басын изей салды.

Сол-ақ екен, өзінің бағасы артып берсін. Күні бойы сен деп
түртпектеп тұрғандар енді сіз деп сызыла қалды.

Қайдан білсін мұның кезінде стахановшы болғандығын.

Бұлардың саудасы алысқа ұзамады. Алушылар қотара сатып
алды.

Кетіп бара жатып көзі тағы бір салпыншықтарға түскен.
Көзіне түсті емес-ау, оттай басылған. Өйткені үйде ондайдың
екі-үшеуі бар. «Төрт бала тапқаны үшін» деген. «Бес бала тап-
қаны үшін» деген.

Үйреніп қалған ауыз бағасын сұрастырған.

Удай екен.

* * *

- Салық! Салық! - деген дауыс шыққанда бұл селк еткен.

Кім екен деп бұрыла берген. Сөйтсе, Боқты көршісі. Екі езуі
кұлағында.

- Саудам өтті, - дейді.

Бұл оны түсіне алмады. Несіне қуанып жүргенін.

Мұның да саудасы өтті. Алайда қуанған ештеңесі жоқ. Қайта
қимасынан айрылғандай күй кешіп отыр.

Боқты көршісі мұны боларда-болмай жетелеп алды.

- Издеп жүргенімді әлгінде ғана таптым, - деп қояды.

Онысы не екен деп қояды бұл іштей. Сол беті бұлар өзі сау-
да жасаған саудашыларға келді. Бұл аяғын әзер басып келеді

Бір түрлі барғысы жоқ оларға. Амал қайсы, көз ашқанша жетіп-ақ келді.

- Салық, - деп қояды, - мен таптым, - дейді қуанышты Боқты.

Бұл әліптің артын бағып, нені деп сұрамады да.

Боқты бара әлгілермен саудаға кіріссін. Қолма-қол тоғызыншы. онынышы, онбірінші бесжылдықтардың үздігі деген үш телгіні қалтасына қатар жытырсын.

- Тура сенікіндей, - деп қояды.

Іші удай ашып қоя берді.

* * *

Жолай бұл көлік сатып алды.

Ойыншығы. Немереме деп.

Шын мәнінде, онысы немересі емес, жиені. Кейінгі үрдіспен айтады да. Бүгінде немере де - немере, жиен де - немере.

Ұлды қойшы, қыздың мұнда үшеуі бар.

Үйдегі кісі осы үшеуді айналады да жатады. Үш қыз тапқан ананың орны жұмақ деп қояды. Қосағының жұмаққа баруына, әрине, қарсылығы жоқ. Алайда күмілжитіндей жөні бар сынды. Ешқайсысы әлі орнын таппай отыр. Құдиып оң жақта отыр.

Кенже қызы осы қалада тұрады. «Березка» деген жерінде. Бұрынғы атауы «Қайыңды» еді. Қазіргілер «Аққайың» дейтін көрінеді.

Ауылдың қазағы мұнда да жол тапқан. Қазағы сыңсып отырмаса да, осындағы оныншы мектеп дегендері кәдімгідей қазақшаланып қалды.

Келіп жүрген жері емес пе, қолма-қол жетіп келген. Сырт есікті ашып кіргенімен, іш есікке жете алмады. Кенжесі шаңқылдап ұрсысып жатыр еді. Кесканың төрайымымен. Төрайымы төменде, қызы жоғарыда. Бұлардың тәжікесінен ұққаны, қызы берешек болып шықты. Кескаға. Газ үшін. Төрайымы:

- Балаң үшін төле, - дейді.

- Төлей алмаймын! - дейді қызы.

- Неге? - дейді төрайымы.

- Балам үш айлық! - дейді қызы.

Расында да, қызы кішкентайлы болған. Е-е, ол жылбысқы да үш айлық болып қалған екен ғой деп, уақыттың жүйріктігін тағы бір рет көкейінен өткізді.

Осымен әңгіме тәмамдалған сыңай танытқан. Жоқ, тынбапты Сарт еткен дыбыспен есіктің ашылғаны білінді. Қызының ащы дауысы қоса шыққан:

- Сен қойныңдағы итің үшін төлегенде, мен де төлеймім!- деген.

Төрайымы бұған жауап қата алмады.

Ал кеп енді бұл ойлансын. Бір жағынан, қыбы қанған. Қызының беттілігіне сүйсінген. Екінші жағынан, ал кеп ойлансын, жетім ойдың ұшығынан шыға алса, кәне! Қойныңдағы итің деп кімді айтып отыр дейді. Бәлкім, байы болар деп қояды. Сонсоң келер сәт ол ойынан айнып-ақ қалады.

Әлгінің қойныңда шынымен-ақ ит болғаны ма?

Осынау бәдік ойынан өзі шошып кетті.

Қалай бәдік айтқанын өзі де байқамады:

- Алас! Алас!..

Қалас! Қалас!..

Күлес! Күлес!..

Түгес! Түгес!..

Көш!

Көш!..

Ел ұлдың күйігін тартып жүрсе, мұныкі керісінше.

Былайша қыздарына қояр кінәсі де жоқ. Бәрі де оқыған. Өз қолдары өз ауыздарына жеткен. Қыздарының үлкені Астанада отыр. Министрлікте істейді. Шешесіне тартқан, адуынды. Бетті Інілерін, сіңділерін сүйреп жүрген сол.

Сол қызы университетті қызылға бітірген. Кафедрада қалды. Сонан бастап мұның көңіліне алаң кірді. Кәрі қыз болып қалып қояды-ау деген. Кандидаттығын үшінші мүшелінде қорғап шықты. Іле докторлығы дегенді шығарған. Сөйтіп жүргенде қызы құрғыры қырыққа да толып қойды. Дүркіретіп тұрып той жасады. Бұлардың қосқаны - сойыс малын жеткізіп берді. Қалған шығынның бәрі қызынан еді.

- Қазақ қыздарының арасынан шыққан ұлы ғалым болады! деп қояды академик деген біреуі.

- Ұлтымыздың келешегі! - деп қостайды тағы бір академикі.

Бұл оларға кәдімгідей сеніп қалды. Тойдан ауылға марқайып

қайтты. Алайда одан беріде тағы да үш жыл өткен. Ештеңе өзгерген жоқ. Қызы доктор да болмады, министр де болмады.

Сонан артынып-тартынып қызына тағы да жол тартсын. Бұл тағы да күйеу мәселесін көтерген. Қызы салғаннан ытырынып, жолатпады.

Айтылмаған сөз қалмады.

Байдан өлгеннің моласын көрмедім, - деп қызы шарт кетсін.

- Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан! - деп бұл да қарсы уәжге көшкен.

Осыдан кейін қызы жуасығандай болған. Бұл соны пайдаланып кетпекші болды-ау.

- Көлденең көк аттыдан тауып алсаң да біреуді тауып ал! - деген.

Қызы қайтып тіл қатқан жоқ. Ауыр темір есікті шалқасынан тастады. Амал жоқ, бұл мойны ішіне кіріп, шығып бара жатты.

Шығып бара жатып:

- Бәдік! - деп естірте айтты.

Бәдік қызы әкесінің айтқанын әлде естіді, әлде құлақ асырды, әйтеуір, үнсіз қалды.

Алайда бұл бәдік қызына бәдік айта алмады.

Сөйтіп жүргендерінде бәдігі елуге толсын.

Тағы да дүркіретіп той жасады. Бұл барған жоқ. Бармадың деп жазғырған да ешкім болмады. Ішкі сезеді. Баяғы сол мақтау екенін.

Оған еті өліп кеткен.

Бұл да сондай бір мадақтан өткен. Соның куәсіндей осылайша жұрт жиналатын. Сол көпшіліктің көзінше кеудесіне әлгі лекебайларын қадар еді...

Бұларда соның бірі жоқ. Есесіне сөз көп. Мадақ сөз. Көзге қарап айтатын.

Сонан бәдігі бір күні сап ете қалсын. Айтуынша, әзер келген. Бүркітін тастар жерді әзер тауыпты.

Бүркіт деген сөз жаққан бұған.

Онысы кім екен деп қояды іштей. Өзінен сұрауға жүрегі дауаламады. Қызы өліп отыр. Бүркітім деп. Шамасы, жиені болғаны. Бір жылы сезім бойын қуалай жөнелді. Айналдым

деп толғанып қояды қызын. Бұлар қайтып бұл жөнінде сөз қозғамады. Үш күн жатып, Бүркітімді сағынып қалдым деп бәдігі қайта жолға жиналған.

Барсын деген бұл іштей.

Боқты көршісінің бет бедері қазаққа келгенімен, өзгелігі көрініп тұрады. Сөйтсе, бұл елге жиен екен. Осындағы бір апалары қазақтан бай таппағандай, өзбек асыпты.

Сол апалары кейінде қайтып келіпті. Соңынан ерген бала осы Боқты екен.

Сонан әлгі апалары қайтып байсыраған жоқ. Жігітшілік білдірген қазағын да, басқасын да моқап, жанына жуытпады.

- Иісалмас! - деп қыжыртты біреулері.

- Өзбеккөрген! - деген екіншісі.

Бұл алғашқысын түсінсе де, екіншісін түсіне алса, кәне, Өзбеккөргені несі деп қояды. Бірінші рет естіген сөзі. Қалай өзінің қазақкөрген деп күбірлегенін аңдамай да қалды. Өзбек көрген деген сөз болғанда, қазақкөрген деген сөз неге жоқ деп тағы да бас қатырсын.

Бәрін соңынан білді гой.

Сөйтсе, әлгі Боқты ешкімен бірге жатыпты.

Бала да болса бұлар да бірдеңені сезеді. Қолайы келсе-ақ, бұлар Боқтыны ортаға алады.

- Ешкімен жатқаның рас па? - тықақтайды біреуі.

- Төсек салып жаттыңдар ма? - қостайды екіншісі.

Боқты үндемейді. Тұрып-тұрып қорсылдап қоя береді.

Қыстытып жылағанда, жуық маңда басылмайды екен. Бұлар жалынып-жалбарынып жүріп әзер қойдырады қорсылдағанын.

- Қалай екен? - дейді бастапқы жауаптаушы.

- Не қалай? - деп Боқты қарсы сұрақ қояды.

- Ешкіні айтамыз!.. - деп бәрі шулап қоя береді.

- Білмеймін! - дейді Боқты.

- Сонда кім біледі? - дейді бұлар.

- Көкем, - дейді төмен қараған бойы Боқты.

- Ешкімен жатқан сен бе, әлде әкең бе? - деп бұлар алғашқы сауалын анықтай түседі.

- Көкем, - дейді Боқты.

- Сонда сен не істеп тұрдың? - дейді бұлар.
 - Мен ешкіні ұстап тұрдым, - дейді Боқты.
 - Әкең қайда? - дейді бұлар.
 - Тұрмеде, - дейді Боқты.
 - Сен ше? - дейді бұлар бір нәрсені көңірсітіп.
 - Біз Қазақстанға қашып келдік.
 - Сені де тұрмеге қамайды ғой... - деп бұлар аянышты
 міңгірлейді.
 - Қазақстанда ондай заң жоқ, - дейді Боқты.
 Бұлар қуанып кетеді. Өйткені Боқтыда бір тазалық бар еді.
 Тән тазалығы...
 Жан тазалығы...
 - Қазақстанға ондай заң керек! - дейді Боқты төмен қараған
 күйі.
 Бұлар үндей алмаған.
 Керек екендігін біле тұрып...

Тағы бір жыл өткенде, бәдік қызының дәрежесі өсті. Министр болмаса да, қызысыз министрің қозғала алмайды екен. Бұл соған пісті. Екі сөзінің бірінде қызының аузынан Барыс деген түспейді екен. Онысы кім екен деп біраз жүрді. Шамасы, күйеу бала болды деп қойды.

Сонан Салық ақсақалдың көңілі тоқ. Енді қызының ортаншысын айналдырған. Онысы дүкен ұстайды. Не жеймін, не ішемін деп отырған жаннан емес. Бәрі бар үйінде. Жоғы - бала мен бай. Бай жоқ болса, бала қайдан болады деп сөзді алыстан бастаған.

Бұл қызы өзін түсінгендей болды.

- Адамым кездеспей жүр, - деп қояды.

- Бәрі маскүнем! - деп қояды арасында.

Осы сөзден кейін өзі де қойып кетті. Жынды суды.

Сонан бұл да іздесін. Жігіттің төресін. «Тақиялы періште» деген кино бар еді ғой. Сондағы кемпір қалыңдық іздеуші еді ғой. Бұл да солай. Айырмасы - бұл күйеу іздеп жүр. Мұның көзіне бәрі төре болып көрінеді. Баспалап білсе, аман-сауы жоқ. Бәрі де ішеді екен. Жо-жоқ, ішкіштер емес. Тек ішеді. Ал қызы мұны жаратпайды. Бара-бара ішетіндерді өзі де жақтырмайтын болды. Сонымен, күйеу таңдауды қыздың өзіне қалдырған.

Бір күні ортаншысы келген. Сақаң бәдігінен гөрі осы қызын ақылды санайды. Ақылды болмаса, соншама байлық жинап алар ма? Тек, соқа басы...

Жоқ, Сақаң үнсіз қала алмады. Баспалап отырып, бәдігіне айтқан уәжін ортаншысына да жеткізген.

- Әке, әкелші сол жігітіңізді! - деген ортаншысы.

Бұл тілін жұтып қойған.

- Сыра ішетіні де жарамайды ма? - деп міңгірлеген.

- Жарамайды! - деген қызы.

- Бәдік апаң жаратты ғой, соларды, Бүркітін айналып отыр әні!

- Қайталаңызшы! - деген қызы.

Бұл қайталады.

- Бүркіт дегені байы емес! - деген ортаншысы.

- Енді кімі? - деді бұл.

- Иті, - деді ортаншысы.

- Қайдағы ит? - деді бұл.

- Үйіндегі, - десін қызы.

Бұл отырған орнынан қайтып көтеріле алсашы.

- Барысы ше? - деді бұл тал қармап.

- Ол да иті! - деді қызы.

- Сонда ол екі итпен тұра ма?

- Алдыңғысы қайтыс болған...

- Қайтыс болғаны несі?

- Өлген.

- Қайталашы! - деген қызына.

Ортаншысы жақ жазбады.

- Ол не қылған иттер? - деп бұл қайтып сауалдаған.

- Кәдімгі ит те.

- Төбеті ме?

- Жоқ-а...

- Тазысы ма?

- Ол да емес...

- Енді қайсы?

- Шарпайы!

- Онысы несі тағы да?

- Қытайдың иті де.

- Қалғаны сол еді?
- Бүгінгінің бикештері сонымен тұрады...

Сонан бұл тағы да ел көзіне көріне алмай жүрді. Сырт көз өзін сөгетін сынды. Екі қызына бола. Жо-жоқ, ортаншы қызына бола.

Көше өтіп бара жатып, стол үстінде отырған төрт жігітті көрді. Жігіттер саны төртеу болғанымен, стақан саны үшеу екен. Бұл оны анық көрді.

Таптым деді бұл іштей.

Енді бұл оларға қалай жұғысарын білмеді. Қызының сөзі әлі кұлағында тұр. «Әке, әкелші сол жігітіңізді!» деген.

Ол көп ойланып, басын қатырмады. Еркектің басын қосатын шөлмек емес пе еді. Барды да, ақаңның біреуін сатып алды. Өтіп оара жатқан болып әлгілерге шишасын көрсетіп, бола ма деген. Олар ығысып, орын берген. Білгені, жігіттер бұл жактікі емес екен. Үйлі-баранды екен. Сонан көңілі пәс тартсын. Әлгілерге *“Оолмай тұр”* деп орнынан көтеріле берген. Сонан жүрек талмасы ұстасын.

- Жеткізіп салайын, - деген стақан ұстамайтыны.

- Мейлі, - деді бұл.

Жолда бұл өзін жақсы сезіне қоймады. Ұшынып қалған шығармын деп бір қойды. Арақтан адам ұшынушы ма еді деп тағы өзін қыжыртсын. Үйге жеткенде ортаншысының мөлт қара «Джипін» көрді. Енді кетейін деп жатыр екен. Әкесінің мынау түрін көріп, кәдімгідей абыржып қалды. «Жедел жәрдем» шақыра бастаған. Сөйтсе, әлгі стақан ұстамайтыны дәрігер болып шықты. Оның айтысына қарағанда, төніп тұрған ештеңе жоқ екен. Тек, шаршапты. Неге екені белгісіз, әлгі дәрігер жігітті жақын тартып, ұнатып қалды.

Өзінің басын көтеріп, кезерген ернін дымқылдап отырды. Осы баланы бір жерден көрген сынды. Әрі ойлап, бері ойлап есіне түсіре алсашы? Сонан есімін сұраған.

- Серік, - деген дәрігер жігіт.

Серік... Серік... Қазақ үшін Серік деген есім орыстың Иванымен бірдей ғой. Енді әкесінің есімін сұрауға оқталған.

- Білсеңіз, әкемнің есімі - Боқты, - деген жігіт.

Бұл тілін тістеп қалды. «Бәсе» деді іштей. Боқтының төртіншіден кейін қаланың мектеп-интернатында оқыған баласының барлығын білетін. Сол баласының дәрігер оқуын тауысқанын да құлағдар. Алайда сол баласы ауылға келе қоймайтын. Бір себебі бар шығар деп қоя салатын.

Сөйткен баласы, міне, алдында тұр.

Жай тұрмай, мұны бір ажалдан алып қалды.

Бұған ұнағаны - ащы судан татып алмайтыны.

«Бір биеден ала да туады, құла да туады» деген осы деп қойды іштей.

* * *

Ақыры сол Боқтының Серігі бұған күйеу бала болып шықты Сырт естуі, ортаншысы екеуі жаман тұрмайды. Біреуі - дәрігер, біреуі - коммерсант.

Баяғы «Бикелер үшін» дейтін ит базарын қайтып жағалағап.

Көп әуре болмай тауып алған.

Ит атаулысы жетеді екен. Бірінен бірі өтеді.

Бұған керегі - шарпай. Қытайдың шарпайы. Бұл соны көру үшін келген. Біреулерден сұрастырып еді. Онысы құрғыры жымың ете қалды.

- Ол бикелер үшін ғой, - десін жайбарақат.

Ол жаққа күні бойы беттемей тұрған. Енді де беттегісі жоқ. Сонау ит өлген жерден келіп, көрмей қалай кетсін. Қыз келіншектер төңіректеген жаққа бұл да беттеген. Амалсыздап. Аяғын санап басады.

Бұл көрмейін десе де болмады. Көзіне қаптаған иттердің таңы түсе берді. Басқаларына қарағанда әлгі шарпайдың бұттығы қомақтырақ көрінген.

«Қыз-қырқындардың итпен неге тұратыны түсінікті болды...

x x x

Жарты жыл өтпей жатып-ақ күйеу балалары кенеттен қайтыс болды. Дәрігерлердің айтуынша, жүрегі тоқтап қалған.

Дәрігер де өз денсаушылығына қарамайды екен ғой дескен жұрт.

Кептің бәрі мейрам суынан басталған.

Сүйекке түскендер арасында сыбыр-сыбыр көбейген. Мұнысы не екен деп бұл да мазасыздана бастаған. Сонан жаназалыққа белгілеген молдасы өзін оңашаласын:

- Күйеу баламыз қызтеке екен, - деді.
- Қызтекесі қалай? - деп енді бұл қайран қалсын.
- Жерге не деп береміз? - десін молда.
- Не деп бергені несі? - бұл қарсы сауалдасын.
- Еркек деп береміз бе?
- Енді ше?
- Бұрын тұрмыста болыпты?
- Тұрмыста болғаны қалай?
- Қызтеке болған соң болады да...
- Енді не істедік?
- Амалын есептейміз...

Амалын есептеу ұзаққа созылды. Темекі тартқан ба, насыбай атқан ба, еркекше боқтаған ба, дәретті қалай алған, отырып алған ба, тұрып алған ба... - бәрі есепке алынды.

- Еркек! - деді молда бала.

Бұл үнсіз қалды.

- Алас!.. Алас!.. - деп күбірлей берді.

Мұның ойынан Бүркіт шықпай қойды. Ит деді-ау деп қояды. Соның ит екеніне сене алсашы.

Қала болған соң онда мал қорымының болатыны белгілі.

Егер Бүркіт ит болса, ол өлген болса, әрине, оны сол мал-қорымға барып жерлейді. Иттерге ескерткіш белгі қойылады дегенді бұл да естіген. Ертеде Қарағандының хайуанаттар бағында адамша сөйлейтін Батыр деген піл өткен. Кезінде циркте әртіс болыпты. Кейінде хайуанаттар бағына көшкен. Сол сөйлегіш пілді көруге жер-жерден жиналатын жұрт. Бұл да оны талай рет барып, тамашалаған. Бір күні соның өлгенін естіді. Сонан телесандық арқылы Қарағандының мал қорымына жерлегендерін көрсетті. Сонда оның басына ескерткіш тақта қойып, баттитып тұрып «Батыр» деп жазғандарын өз көзімен көрген. Демек, Бүркіті сол Батырмен қатар жатса керек.

Сұрастырып жүріп оны да тауып алған.

Қарағандының теріскейінде Тихоновка деген жапсар ауыл бар. Кезіндегі қарашекпенділердің ауылы. Бүгінде кішігірім қалаға айналған. Оның өзі екіге бөлінеді. Ескі деп. Жаңа деп.

Іздеп жүрген қорымы әлгі Ескісінде екен. Тіпті мал қорымы деуге келмейді. Кәдімгі адамдардың зиратынан, қорымынан аумайды. Ескерткіш-белгілерден көз сүрінеді. Әлгі Батырдың да жатқан жерін көрді.

Онда «Адамша сөйлеген піл - Батыр» деп жазыпты.

Бір қатарында мысықтар жерленген екен.

Оларға қарағанда ит қатарының қарасы молдау көрінген.

Біреуінде:

«Бетховен, мен сені сүйемін!» деп жазыпты.

Бұл көзін әрі алып кетті.

Сөйтіп жүріп діттеген жеріне жеткен.

«Бүркіт!

Мен сені ұмытпаймын!» деп жазылыпты.

Талып қала жаздады.

Ес жиып көзін қайта салғанда, төменіректегі «Сенің Алуаң» деген сөзді көзі шалды.

- Бисмилла, бисмилла, - деді бұл.

- Алас, алас...

Ес жиғанда өзінің әлгі ескерткіш белгіні қазып жатқанын көрді. Тырнағының көбесі әбден сөгіліп кетіпті. Неге екені белгісіз, сонысын ауырсынған жоқ.

Сол екпінмен ескерткішті қазып алды. Сол екпінмен оны сүйреп апарып ойсаңға түсірді. Қайтып барып босаған топырақты көсеп, бетін жасырды.

- Уһ... - деген бұл.

- Күлес, күлес...

* * *

Абадай молда айтушы еді. «Адам мен хайуанның төсектес болуы - қияметтің белгісі» деп.

Бұл қаладан келісімен кәдімгідей төсек тартып жатып қалды. Екі-үш күн өткен соң уайымдай бастады. Саржамбас болып жатып қалам ба деп. Есті құлақ шал емес пе? Балаларына айтып, телесандықты алдырды. Ендігі ермегі - сол телесандығы.

Көрместі көрсетеді.

Біреу балконда отырып сайрап отыр.

Ешкі асырайды екен. Сүті адамды таралтады дейді. Бұл қылып ете қалды. Есіне бірден Боқты көршісі, оның ешкімен жатқан көкесі оралды.

Түні бойы сандырақтап шықты:

- Қияметтің белгісі... - деп.
- Өзбеккөрген деп... - деп.
- Қызай... - деп.
- Қыздар... - деп.
- Қызтеке... - деп.
- Шарпай... - деп.

Қарағанды,

30.08.-01.09.2009

МЫҢҚЫШ

Бәрі де кейінгі бес жылда басталды. Бұған дейін бейқам жатқан сайын далада құрылыс қызып берді. Астананың құрылысынан бір де кем емес. Қазір ел қала салумен әуестеніп кетті ғой. Қолдарынан келсе, тағы да бір астана салып алмақ. Айтұшылар Ақордада үш миллион адам тұрады дейді. Алматыда қазірдің өзінде сонша халық тұрып жатқан көрінеді. Жуық маңда Шымкент пен Қарағанды қалаларында да миллион жан тұрады-мыс. Елдің жарты халқы осы төрт қалада тұратын болса, ендігіге жол болсын?! Дұрысы, әрине, қала құрылысын тоқтата тұрған. Әйтпесе иен даладан қыстақ таппай қалуымыз әбден мүмкін.

Білетіндер айтады, сол Астанаға кеткен қаражатқа тағы сондай он шақты қала салуға болатын еді деп. Бекер деп айта алмайсың. Шыққыр көзің көріп отыр. Теледидардан көргені бар. Астананың әлде он жылдығы, әлде он бір жылдығы деп жұрт тағы да үймелесін. Қиырдан, шиырдан. Жапыра мақтан жатқан. Кезек қысық көз қансуға келгенде, ішіне қанын тартқан бойы:

- Бізде жыл сайын мұндай оншақты қала салады, - десін.

Сондағы сұхбат алып жатқан жорналшы баланың сықпытын көрсең... Оны тек көру керек еді. Ол тілін жұтып қойғандай еді. Иегі көкпеңкөк болып тұрды да қалды. Әлгінің жанында селтиіп тағы біреуі тұрған. Көмекке сонысы ұмтылған. Көмек болғанда, жұдырығын ала жүгірген жоқ, әрине. Тіл көмегі де. Сайрап жатыр да жағына сүйеніп. Таза қала дей ме-ау, озон қала дей ме-ау, әйтеуір, келістіріп жатыр. Сонан сіз не айтасыз дегендей, әлгіге қараған. Оның да саппастың өзі екен.

- Бізде мұндай соналы жерге қала салмайды, - деп қарап тұр.

Содан әлгі екі баланың екеуі де көксандықтан көрінбей кетті. Аман болса жарады, әйтеуір.

Баяғының қазағы қойшы болып келуші еді. Кетпен ұстағанға шекесінен қарайтын. Қазіргі жай атымен басқа. Күрек ұс тағандардың бәрі - құрылысшы. Қой жарықтықты баяғыда-ақ қағылған-соғылған сары қазаққа бақтырып қойған. Құйрығын сорсаң, су татып тұрады. Ет қып асуға жарамайды. Кәуаптық бірдеңе болмаса. Сол қазағыңның ауылда тұруы мүмкін,

қыстауда тұруы мүмкін. Бірақ жұмысы - Астанада. Өйткені құрылысшы. Ал құрылыс, нағыз үлкен құрылыс - олардың айтуынша, Астанада. Құрылысшы дегенде де қырып бара жатқан ештеңесі жоқ. Қай қазақ там салғанды кәсіп етіп еді?! Өзі істемейді, өзбекті, қалды қырғызды, қалды қарақалпақты жалдайды. Ал оларға бәрібір. Сенің баспанаңның жайына басын ауыртпайды. Балшықтан саласың ба, кірпіштен саласың ба, шыныдан саласың ба, темірден саласың ба, қағаздан саласың ба... - бәрібір. Ақшасын алса болды. Өйткені өзінің қора-қопсысы бөлек.

Өздері итініп отырған Қарағандысын бұл да жақсы көретін. Көксандықтың жорналшы балалары еліміздің саяси, экономикалық тірегі деп сайрап жатқанда, ішпей-жемей ықылық атып отырушы еді. Күні кешеге дейін есті қала санатында келген, ел түзелгісі келсе, кәдімгідей мысал қылып ауызға алатын Қарағандың қазір төменшік. Қала ішіндегі Бесоба деген жерден салған үйлерінің кірпіші құласа, бір жөн, айдың күні амаңда бес қабатты үй Қожекеңнің моласындай бір жағына қарай қисайып тұрды да, шаңы бұрқ ете түсті. Жер сілкінген жоқ. Шахтада жарылыс болмаған. Күн күркіремеген. Сонда не болған дейсіз ғой? Өзбектің тамшылары екен салған... Салғанда іргетасы болмай шыққан. Түстік жақта үйді төбесінен бастап салады дегенді естіп еді, соны көз көріп отыр. Енді әлгі жерге қайтып бес қабатты үй салып жатыр дейді. Қазақ моланы молаға қосушы еді. Бұлар оба ішінде там салып әуре. Бұған не айтарсың?!

Қазір жер-көктің бәрі астан-кестен. Топан суы таңсық болмай қалды. Сөнді деген жанартаулардың думпуі бүйірден естіле бастады. Беті әрі болсын, ғайыптан тайып, сондай бір дүмпуі біздің жақтан шығар болса, әлгі құрылысымыздың орнын сипап қаларымыз нақ. Баяғының құрылысшылары жұмысты іргетастан бастаушы еді, қазіргілері жұмысты бүйірінен бастай береді. Бір мектепті ауыл болып, аудан болып бір бесжылдықта әзер бітіруші еді. Бүгінгі құрылысшылардың қарқыны жойқын, бір тоқсаннан асырмайды.

Ауыл жылы деп біраз күпсінгеніміз бар. Әкемізден қалғандай, несиені ауылға тықпыштадық-ау. Ал сол несие құрғыры қаладан аспады. Содан да ауылға барып бір кірпіш те түспеді. Бірақ

сонда да құрылыс жүріп жатыр. Сайын далада. Ешкім де қала салып жатқан жоқ, ешкім де ауыл салып жатқан жоқ. Есесіне қора-қопсы салушылар көп. Алдында бес ешкісі болса бітті, қора сала бастайды. Есік-терезе деген болмайды. Ондай саңылау қалдырсаң, үптеп кетеді. Содан да бәрі құндақтаулы. Содан да қолына қараған малы қотыраш.

Содан да қора-қопсы көп. Атқора да осында, итқора да осында, шөпқора да осында, тауыққора да осында, тракторқора да осында... Бәрі құндақтаулы. Қыл ақыры жер де. Жекеменшіктен алған. Өзекті жанға сапар көп. Әлгінің жерінің үстінен өте қалсаң, ақы сұрайды. Әлгі жекешенің суынан іше алмайсың, көліне түсе алмайсың. Дәрет алуыңа да рұқсат жоқ. Содан да ауылда памперс сатыла бастады. Баяғының сапаршысы жолдан артынып-тартынып келуші еді, қазіргінің сапаршысы артынып тартынып шығады. Қырда осындай тасбақашылық тірлік бар.

Құрылыс болған соң, оның асай-мүсейлері жеткілікті. Соның барлығы қу даладан табылады. Өйткені мұнда тастанды қалашықтар жыртылып айырылады. Бұрын дүрілдеп тұрғап өндіріс орындары болған. Одақпен бірге олар да құлады. Орыстар Ресейіне, немістер Алманиясына ағыла бастады, корістер болса «Қазақмысқа» кіріп алды. Шын мәнінде, ол «Қазақмыс» емес, «Кәрісмыс».

Қалғаны - қазақтар. Шошақтың шөлінде қалғаны. «Кәрісмыс» қазақты қайтсын. Мұнан басқа олардың «Грейсі» бар. Ресми түрде шіркеу деп тіркелген. Ал шекесіне барлық діндарлар үшіі і деп жазылған. Жалпақ тілмен айтқанда, діндарлардың мінәжат үйі. Оған кірген қазақ басындағы баспанасынан айырылыгі жатыр.

Жанша ақсақалдың немересі заң институтын қызыл дипломмен бітірген. Денсаушылығына байланысты әскер қатарына ілікпей қалды. Сонысы өзіне пәле болып жабысты. Қайда барса да жұмысқа алмай қояды. Амалы қанша, атасы ауылға шақырған. Оған барған бала болмады.

Сол немересі ақыры ұрынды. Ұрынғанда өзі жайлы қазитке құлақтандыру береді ғой. Арақ-шарапты аузыма алмаймын деп. Шылым шекпеймін деп. Насыбай атпаймын деп. Қызыл дипломмен бітірдім деп. Күндердің күнінде бізге керегі сендей адам деп біреулер құлақтасады. Көрсетілген мекенжайды іздеп

барса, «Грейстің» өзі екен. Жұмысқа кірейін десе - «Грейс», кірмейін десе, құлақ естіп, көз көрмеген жалақысы бар. Не керек, жұмыс табылғанша кіре тұрайын, соңысын көрермін деп заңгер болып орналасып алады. Соңынан ерген қарындасы бар еді, көп ұзатпай ол да әлгі мінәжат үйін адаспай тауып жүреді.

Бұлар өздерін мейлінше биязы ұстайды. Үстеріне шаң жуытпайды. Бейпіл сөзге бармайды. Көрші-қолаң бұларды балаларына үлгі ете бастайды. Жанша ақсақал келінін жарата бермеуші еді. Шай құйса, шорылдатады деп, етелігі тізесінің үстінде жүреді деп, киген киімдерінің өтекке бір басарлығы бар деп. Сол келіні де түзелген. Берген шайы етке бергісіз еді. Жасы келген адам ептеп мақтаншақтау болады ғой. Ақсақал да келіні мен немерелерін аузынан тастамайтын болған. Кейінде қалаға барғанда, баласының көрші-қолаңының оларға көп жұғыса қоймайтынын аңдаған. Сол кепті өзі де сезінген. Ұлы да «Грейстің» табалдырығын аттағанда ғана барып, істің мән-жайына қаныққан. Содан қан құсып, жер бауырлап жатып алған. Обалы нешік, келіні мен ұлы салып ұрып-ақ келген. Алды-артына қаратпай, қалаға сүйреген. Бір жаз, қыс бойы сүйегіне ілініп торалмай қойды. Соңынан қолын бір-ақ сілтеген. Қалашыл кемпірінің де жолын қиған. Сөйтіп, тоң-торыс жатқандарында, Жанша ақсақал алғашқы райынан қайтсын. Ел не себеп болды екен деп етектеріне құмалақ шашысқан. Құмалақ дұрыс сөйлесе, ақсақал шынымен келінді болады екен, нағыз қазақы ортадан дейді. Көптен күткен той да келген. Жанша ақсақал кемпірінен басқа жан ерітпеген. Бірақ қайтуы жедел болған. Кейін білсе, әлгі барынша қазақы тәрбие алған немере келіні де «Грейстен» шықпайды екен. Бұл жолы ақсақал баяғысынша жатып қалған жоқ. Туған-туысқанын жинап алып, болған жайтты жасырмай айтып, туған баласын бала-шағасымен бірге әйкәпір атандырды. Осыдан бастап әке мен бала арасындағы қатынас пышақкесті тыйылды. Мұнан ақсақалдың ел ішіндегі беделі түсіп қалған жоқ, әрине. Сонымен, Жанша ақсақалдың кемпірінен басқа бала-шағасынан айырылған жайы бар, Алайда құбас емес екендігі де елге аян.

Бүгінде қазаққа қалғаны - бауырына басқан жері ғана. Асты-үсті байлығы өзіне бұйырмай жатыр. Тіпті жердің өзі тоқымдап, пұшпақтап жат қолға кетіп жатыр деген де сыпсың бар.

Қаққан қазығы ғой. Қазақ баласының... Солайынша қазақтар ешқайда кете алмайды. Кеткенде де оларды ешкім тосып отырған жоқ. Ел осыны түсіне бастаған. Оның үстіне өндіріс болған жерде міндетті түрде сәулен болады. Сәуленге ұшыраған адамды қазы-қартамен күтсең де ұзаққа бармайды. Оған керегі озонның емес, сәулен. Соны ескермегендіктен жаманат хабар жиі естіледі. Өйткені жылы орнын суытқан, жерұйық іздеп, сәуленінен ажыраған. Балыққа ауа қалай керек болса, оларға да сәулен солай керек. Кейбір орыстар қопаңдамақ тұрсын, қозғалған да жоқ. Есесіне аман жүр.

Бәлкім, ілгеріде бәрінің де бір-бір мамандығы болған болар. Қазір бәрі де жаппай құрылысшы. Әйелі де, еркегі де. Шал шауқан қалмаған, олардың бұл дүниенің ісімен шаруалары жоқ, барар жерлеріне барған, ал кемпір-сампырлар құрылыстың саудасында жүр.

Саудаға шығарар нәрселері аз емес. Өндіріс орындарының көбі соғыс жылдарында салынған ғой. Ол тұста кірпіш те бола қоймаған. Бірақ сол кірпішіңізге бергісіз тастар бар. Текше тастар. Түстері қызыл. Соған орай қызылтас дейді. Гауһартас дегендейін. Қызыл болатыны - онда темір бар. Арасына лайсаң жүгіртсең болды, қиюласа қалады. Ел осы қызылтасқа жеңсік. Әсіресе астаналықтар. Әлгі текше тастардың жалпақтығы атшана өткендей. Қырлары түп-түзу, ашарамен кескендей. Білетіндердің айтуынша, әлгі тастар субұрқақ салуда таптыр майды екен. Астананың байшыкештері де әлгі тасқа үйір дейді. Қарағандылық қалталылар да емініп отырса керек.

Ел енді үйден ұзамай-ақ ақша табудың көзін тапты. Әркім өз үйінің алдына әлгіндей текше тастарды тау қылып қалап қояды. Оның жанында орыстың әлпештеп аспандатып жүрген кремль кірпіші адыра қалсын. Қып-қызыл болып көз етіңді суырады ау. Әшекейлеп керегі жоқ. Қайдан қарасаң да мен мұңдалап тұрады.

Ең бастысы, ел қалаға көшуден тыйылды. Сөйтіп жүргендерінде Астанада құрылысшы болып жүрген Айсан оралған. Біржолата. Себебін ешкім білмейді. Өзі айтпайды.

Айсан жөнінде ел ішінде әңгіме көп. Ауылда жүргенінде қора салып көрмеген оның есімі бүгінде сайын далада аспандап тұр. Қызылжалдықтардың қалаға ағылғаны соны барып паналайды.

Паналатқанда жұмыс береді. Бастық емес, бастықтан былай да емес. Алдына барған қызылжалдың кеудесінен итермегені анық. Өзінде жұмыс болмаса, басқасынан тауып береді. Сонан да Айсан жөнінде өтірікті-шынды әңгіме жайылған. Айсанға ілескеннің көбісінің өз аяғынан тұрып кетуі ол жөніндегі аңызды өршіте түскен. Он қабат үйінді бір жылға жеткізбей көтеріп береді дейді көтермелеп сөйлеушілер. Сыртынан қыжыртатындар қосалқы ат жапсырып, қашыртқы салып жүр. Сондағы айтатындары - мыңқыш. Оның өзінде кекеп, мұқап айтады. Сүйсініп айтатындар қарасы да қою. Айсан демейді, Айсан мыңқыш дейді. Сөйткен Айсан қаланы тастап, ауылға оралып отыр...

Мыңқышқа ауылда да жұмыс жетерлік еді.

Айсанның туған ауылына оралуы көп нәрсені шешкен. Бақса, бұлардың қызыластары сутегін кетіп жатыр екен. Кемінде үш бағасын шығарып сату керек дейді. Бұған елдің біреуі нанып, біреуі нанбады. Қалай дегенмен бұлардың жиыны ортақ бір мәмілеге келген. «Қызылтас» деген ресми емес артель құрды. Оның басшылығына бірауыздан Айсанды сайлаған. Артель болған соң төраға болуы керек еді, ел қоярда-қоймастан президент деп отырып алды. Сонымен, Айсан президент болып шыға келді. Оны растайтын мұнда әкімдік жоқ. Ол құрғыры баяғыда-ақ тарап кеткен. Тарайтындай жөні бар. Мектеп жабылған. Поштаның керегі де болмай қалған.

Аурухана ұстайтындай мұнда дәрігер тұрсын, медбикенің өзі де жоқ. Оларды керексінетіндей қызылжалдықтардың өздері жоқ. Өйткені олардың ыңқылдап-сыңқылдауларына уақыттары жоқ.

Бір кездері аудан осы Қызылжалдың аузына қарап еді-ау. Өзінің толмай жатқан жоспарларын осы Қызылжал арқылы толтыратын. Сөйтіп, қуреп ақша табатын. Сыйлық-милық легендейін, он үшінші айлық-пайлық дегендейін.

Қызылжал қазір де асырап отыр. Асырап отырғаны сол, өз котырларын өздері қасиды. Ешкім арызданбайды. Ешкімнен ештеңе сұрамайды. Ешкімге берешек емес. Өйткені Қызылжал ауылы жағырапиялық картадан сызылып қалған. Келешегі жоқ дейді. Соны айтып жүрген - өзіміздің қаракөздеріміз.

Келешегіміз бар дейді. Оны да айтып жүрген өздеріміз. Қызылжалдықтар. Олай деп айтар жөндері бар. Әрқайсысының

ұялы телефоны бар. «Актив» те емес, «Билайн» да, басқасыда емес. Телефон болғанда, спутниктік. Оған ешнәрсе кедергі емес. Дауылың да, жауының да. Теледидарды жозы табақшаларымен көреді. Қырымды да көріп отыр, Ұрымды да көріп отыр. Бұларды қинайтыны тоқ еді. Оның да ретін келтірген. Алдымен судиірменін далбасалап көрген, одан кейін желдиірменімен біраз алысқан. Қазір қытайлық шаққы торларын пайдаланады. Жанның рахаты. Өзіңнен ештеңе сұрамайды. Оған керегі - күнің сәулесі. Үш-төрт сағат күн ашық болса, жетіп жатыр. Қорланып алады. Сонан түніңіз самаладай жап-жарық болып тұрады. Осының барлығын шығарып жүрген - Айсан. Алғашқыдай емес, ел Айсан десе, елең ете қалатын болған. Өйткені ол жүрген жерде береке жүреді.

Қазір қызылжалдықтардың қызылтас саудасы жүріп тұр. Бұрынғыдай ала-құла баға жоқ. Бір-ақ баға. Келушілер арзандат дейді. Бұлар міз бақпайды. Қашанғы қаңтарылып тұр берсін. Ақыры бұлардың бағасына келіседі. Ел сөйтіп қисайған жығаларын түзей бастаған. Бұлар ел сияқты бас-бастарын «жіп» - «Джип» мінбеді. Жоқ емес, бар. «Мерседестері» де бар. Бірақ ортақ.

Бұларда бары - керек техникалар. Тас кесетін, тас шабатын, тас жонатын деген сияқты. Ал олардың бағасын қалта құрғыры көтере бермейді. Сондықтан да қоғамдасады. Әрқайсының үлесі бар, алайда артельдің меншігі, ортанікі.

Қызылжалдықтардың осынау тірліктеріне үйренгені соншалық, саудалары түн қараңғысында да жүріп жатты. Сауданың есеп жүрген жерде жүретіні белгілі. Бұлар да ақшаларын санай бастаған. Табуды білген қызылжалдықтар енді тапқандары ұқсата бастаған. Ұқсатқанда, қалалардан үй ала бастады. Кейінде үйді өздері салатын болды. Қалада салар ма еді. Айсаннан қаймығады. Оның не Алматыда, не Астанада, не Қарағандыда, не Бурабайда үйі тұрсын, пәтері де жоқ. Есесіне Қызылжалда қызылтастан өрілген екі қабатты қызылшатырлы үйі сайрап тұр. Шын мәнінде, ол өріліп салынған болатын.

Ел сөйтіп балаларын қаладан оқытуға көшті.

Қазы мен қартаны шайнай берсең, шығып қаласың ғой. Ел осынау тірліктерінен де жалығайын деген. Бір желпініс керек еді. Соның ретін тағы да Айсан келтірген.

кедей елінің маңғаз бір батырының жербесігі Қызылжал мен влдсарлас жатқан. Кейінде соның басына барып дұға оқытып, зчгеп етіп келушілер жиілей бастаған. Айдалада қайбір ждғдай болсын. Еріксіз қызылжалдықтармен дастарқандас эслатын. Сондай бір әңгіменің сәтінде кедейліктердің Есет эигтырларының басын кетерсек деген ниеті білінген. Батырдың жербесігі Көктау үстінде болатын. Көктаудың Арқа жеріндегі жлтаған таулардан айырмашылығы шамалы. Алайда қнясы көп. лығуы оңай емес, түсуі одан да қиын. Аруақты бабаның үрім-'Зүтақтарын осы жағы қинайды екен. Мұның арты қолқамен згтхен. Қызылжалдықтар ағайыншылық көрсетіп жатса, «аражаттан қараспақ. Барлығы келіп Айсанға тірелген.

Мұндайда қалыс қалатын Айсан ба еді?! Төрт көзі түгел тғырғанда, текшетастарына елде жоқ бес есе баға сұрасын. Мұны естіп, ауылдастары айтып отырған сөздерінен жаңылды. Ткы Айсанның есі дұрыс па деп.

Айсанның есі дұрыс еді. Есесіне қалғаны тегін. Айсан расында тұнғылалық танытқан. Реті келіп тұрған шаруа да. Қызылтастың голайша нарқы көтерілді. Ендігіде астаналықтар да әлгіндей тағаға алады.

Сонымен, Айсан вахташылап жүрген үш-төрт жігіттің басын ысып, жұмысты бастап та жіберген. Бара-бара үш-төрт жігіттің ыарасы қоюлана түскен. Мұндағы ақша жақсы. Ешкімді де жүгіртіп, сандалтып қоймайды. Қолма-қол есеп айырысады. Жұмысыңа адал болсаң, біреудің айлығын бір аптада шығаруға долады .

Ықылас болған жерге береке үйірілген ғой. Көп ұзамай ғыш-қызыл болып, Есет батырдың күмбезді кесенесі бой көтерлі. Әлеміш-жәлеміштеп бояу сүйкеген жоқ. Қоңырлық бар. Салауаттылық бар. Өзіңнің иманыңды сұрап тұрғандай. Көз салсаң, ішің жылып қоя береді. Оның басқа кесенелерден ерекшелігі, осынау табиғилығында еді. Еңселі десең еңселі, өзге оқшау^т түседі. Сыртқа тепшейді. Қайта өзіңді тартып, алға іллай бір қадам басқаныңды білмей де қаласың. Ергежейлілік жоқ, сомдық бар, шоңдық бар. Күмбез иелері де сөздерін кейін жұппады. Төрт темір тұлпарды есік алдына әкеліп, байлап тастады.

Сол-ақ екен, басталды. Қызылжалдың қызылтасынан мазар салу. Әу баста Айсан көне қоймаған. Өйткені бұлардың көтеріп

жүрген күмбездері тұтас, бітеу. Өйтетін себебі, бітеу, тұтас салынған күмбездер жауын, дауыл, борасындарға шыдас береді. Мұндай күмбездер ғасырлар бойы мызғымай тұра береді. Қозы Көрпеш - Баян Сұлудың кесенесі сондай. Домбауыл кесенесі де сондай қалпымен міз бақпай тұр.

Елге де керегі сол. Екі-үш адам аяқ жиып отыра алатындай қуыс қалдырса болып жатыр. Күз жауында, қыс боранда қал-қалап дұға оқуға жарайды. Мұнан Айсан бас тарта алмайтын еді.

Басталды дерсің содан. Ел қып-қызыл кремль кірпішінен бас тартып, ақыреттік үйлерін Қызылжалдың қызылтасынан сала бастады. Қызылжалдықтар вахташылап басқа жаққа кетпей, енді басқалар Қызылжалға вахташылап келетін болды, Шомбал бітімді кәдімгі қойтастары да кәдеге жарап жатыр. Одан соғылған мазарлар да табиғи қалпымен асқақ. Бұлардың бір ерекшелігі, олардың барлығы бүгін емес, осыдан бәленбай ғасыр салынғандай әсер беретіндігі еді.

Бұл екі ортада Кедей елінің азаматтары үш жүзге сауын айтудан асып, Қырғыз бен Өзбекті, һәм Ресейді құлағдар етіп, Арқада құлақ естіп, көз көрмеген ас берді. Бозы бар, қарашасы бар, мыңның үстінде киіз үй тікті. Жиналған ел жүрген жолынан жаңылды. Ауыл емес, тура қала ма деп қалғандайсың. Ел кірген үйін қайтып таба алмай сенделді.

Сол асқа жиналған елдің бәрі Есет батырдың басына барып, дұға бағыштап, тәу етті. Күмбезді мазардың сәулетіне таңдай қағысып, Айсандардың мәртебесін өсіріп берді.

Сол астың жұрты қызылжалдықтарға үш жыл азық болды. Ел әкелген затын қайтып тиеп әкетпейді ғой. Бәрі қалған. Қаңсыған қи да, Қарағандының көзден ғайып болған антрацит көмірі де, ойдан-қырдан шабылған баялыш пен сексеуіл де, ақсөңке тезек те, бастырғыға деп жинаған сырғауыл да көлденеңінен жатқан күйі қызылжалдықтарға бұйырды. Ел не таппады дейсің сол жұрттан. Ұялы телефон дейсіз бе, еуро дейсіз бе, теңге дейсіз бе, доллар дейсіз бе - бәрі табылған. Бұл асқа қытайлықтар да келген екен деп күмпілдесіп жүрді кедейліктер. Өйтетін жөндері бар. Олардың юань деген біраз ақшасы табылған.

Кедей асынан кейін қызылжалдықтардың жұмысы жаңа қарқын алды. Ел мола жаңартуға бет бұрды. Ауыл молда-

ларының хадис тауып, мола жаңартуға болмайды деген бопсалары жайына қалды. Адамнан қайла қалған ба? Олар молаға тиіспей, күмбезді сыртынан көтерді. Бұл кезде Айсандар да ешкімге жалына қоймайтындай тәжірибе жинақтаған болатын. Олардың тақыстанғандары соншама, мазарларды жерден де өріп шығаратын болды.

Қоңыр күзге дейін бұлар сондай күмбезді бейіттің төртеуін көтерген. Төртеуінің де сәулеті аттылы кісі түсіп қарағандай еді.

Қызылжалдықтардың қоңыртөбел тіршіліктері осылайша төңкеріліп түскен. Қыс бойы жиған-тергендерін бойға құт деп шалжиып жатса да болар еді. Жоқ, бұлар олайша жата алмайды. Жата алмайтындары, қалталарында ақшалары болмаса, жүре алмайды. Жүре алмайды емес-ау, ауырып қалады. Сондықтан ауылдың жасы-кәрісі жұтқыншақ сынды үнемі қозғалыста болады.

Айсандар да сондай тірліктің соңына түскен. Ерте көктемге дейін бұлар текшелеп қызылтас дайындайды. Қалды қойтастар жинайды.

Бір күні бір топ нөкерімен Жанша ақсақал сау ете түскен. Кезінде дүрілдеп тұрған Қызыджал кенішінің партком хатшысы болып тұрған. Жай ғана хатшы болмай, аупарткомның бюро мүшесі еді. Соған орай ел бұйрахатшы дейтін сыртынан. Күндеп емес, сүйсініп айтатын. Олай деп айтатыны, Жанша ақсақалдың мінезі шәлкес, заңнан сырт жұмыс істедің бе, бітті дей беріңіз, бюродан бір-ақ шығарады. Ал бюроға барған адамның оңбайтыны белгілі.

Сол шәлкестігінен болар, мынау Кедей елі бабаларына ас береміз деп басын қайта-қайта қосады ғой. Ондайда ұйымдастыру комитеті немесе ұйымдастыру алқасы деген болады. Соның басшысын сайлай алмай жүреді ғой. Бар ғой жігіттер, бар. Қимайды да соны. Сонда Жанша ақсақал:

- Бәленбай рет басымызды түйістірдік, тағы бәленбей рет бас қоссақ та қимайтын түріміз бар, басқаға кетіп қалмай тұрғанда сендер қош көрсеңдер, мен осыны өзіме қидым, - депті.

Ел не десін, қимаймыз деп айта алмайды ғой. Солайынша Жанша ақсақал Кедей асын ұйымдастыру алқасының президенті болып сайланып кеткен.

Содан бері бұл елдің тізгіні сол кісінде. Күнделікте бір ауыл болып отыратын кедейлер еді. Қазір жиырма мыңның

үстіндеміз деп күмпілдеседі. Болса, болар. Қазір жөн сұрассам екінің бірі кедей.

Сол кедейлерді жатқызып, өргізіп отырған Жанша ақсақал сау етіп келгенде, Айсан іш тартқан. Жанында кім жоқ дейсіз?! Жазушысы да, суретшісі де, соты да, прокуроры да өріп жүр. Басына орамал байлаған, көйлегінің етегі жер сызған бейтаныс сары келіншек еріксіз назар аудартақан. Алдымен амандасқаны қызық еді. Төбеден түскендей бірден:

- Ассалаумағалейкум! - десін.

- Сәлемші болсаңыздар төрге шығыңыздар, - деп бұл да қарсы жүрген.

Байқайды, сары келіншек Арқа қазағына ұқсамайды. Жүрісі жылдым. Жылан жүріс. Сөйлегенде де аузы-аузына жұқпайды екен. Оның бір сөзін ұғып, бір сөзін ұқпай тұрды.

Келушілердің қолқасы тосын еді. Басқасын күтсе де Айсан мұны күтпеген. Өмір бойғы азығы алдынан шығайын деп тұр.

Жанша ақсақалға сенсе, осы төңіректе жүздің үстінде Кедей елінің марқасқалары жатыр екен. Марқасқалар болғанда, ел таныған, арттарында сөз қалдырған тұлғалар. Біразын санамалап та берген. Айсан сол аруақтардың бірін білсе, бірін білмеді.

- Бұлардың кедей еместері де бар, - десін Жанша ақсақал.

Бұл - Айсанның бұрын естімеген әңгімесі. Ол кісінің айтуынша, кезінде бұл жерді сарыүйсіндер жайлапты. Осындағы кетеуі кеткен екі-үш күмбез солардың аруақтары-мыс.

- Бұрын білуші едім, қазір ұмыттым...

Ұмытса, ұмытқан болар. Олар тұрсын, өз аталарын да түгендей алмай жатыр емес пе?!

- Ал мынауысы өзіміздікі...

Жанша ақсақалдың айтып отырғаны - келісті күмбез. Осы өңірдегі күмбездердің еңсегейі. Басқалардан оқшауланып тұрады. Өйтетіні, сүйегін бірден жерден өріп шығарған. Мұндай қалау бұл өңірге тән емес.

- Өзіміздікі болғанда, аға баласы, - деп қойды ақсақал.

Аға баласы дегенде құлағы елең ете қалған. Өйткені бұл ата аға баласы деп Жұбан атасын біледі. Баланың тұңы болғандықтан, марқа ата деп те айта береді. Сол тұң атаның мекені бұл жерден кемінде үш жүз шақырым жерде.

Бұл жақта не қылып жүр деп ойлансын. Қайрақты өзенінің әрі-берісінде өздерінен басқа біреу жайлады дегенді естіген емес

- Жұбан Барбай батырды естіген боларсыңдар, біздің Ақыл батырмен замандас екен. Ел егерлігінде біздің батырдың найзасы қата тиіп, иманын осында тауыпты. Сол батырды іздеп жатқан ешкімі жоқ. Басына бір белгі қойса болар еді...

Бұл да естімеген әңгімелері. Барбайды да, Ақылды да батыр деп біледі. Бірақ біріне-бірі қарсы шықты дегенді естіп тұрғандары осы. Сонан ауыздарын ашып қалған.

- Тегі... - деймін де.

Қарап тұрып қысылсын. Осыған дейін өзін білетіндер қатарына қосып келген. Қыртысты тарих деп осыны айтар болар. Біреуін естісе, екіншісін естімеген. Бәлкім, естіген. Бірақ мән бермеген.

Жанша ақсақал қанша дегенмен сұңғылалығын істеді. Қолтығына қыстыра келген Кедей елінің кереқарыс шежіресін ашып жіберіп, Айсанға көзге шұқығандай етіп көрсетсін:

- Сен бізге көгеншар боласың! - деді өзіне жақындатып.

Бұл Айсан естімеген сөз еді. Жиен мен жиеншарды айыра алады. Ал көгеншар деген сөзді бірінші естуі. Әйтеуір, жиен сөзімен бір байланысы бар екені айқын.

- Салауат ақсақал бізге жиен болады. Соның немересі сен бізге көгеншар боласың...

Одан әрі ешкім де сөзін саудаға шығармады.

- Келісе жатармыз, - деді Жанша ақсақал.

- Келісерміз...

Айсан бұл сөздің аузынан қалай шығып кеткенін аңдамай Қалды. Әйтпесе бұлданып көрмекші болған.

Сарт сауда деп қойды іштен. Сарт сауда деп Арқа қазақтары жобамен, долбармен жасалған сауданы айтады. Сонымен, сарт сауда басталып кеткен.

Әлгі іш дәреті бетіне шыққан сары келіншек келушілердің таныстыруынша, арқасы бар көріпкел екен. Киген киімі де ел назарын еріксіз өзіне аударар еді. Не мұсылманша емес, не қазақша емес. Алайда әуретті жерлерінің барлығы далдаланған. Әйел баласы болған соң қолына сөмке ұстаушы еді, немесе қарына ілер еді. Ал көріпкел әйелдің қолында таспиқ жүр

еді. Бісімилләсіз сөз айтпайды. Ал айтты ма, жуық маңда тоқтайды деп айту қиын. Айтқан сөзін түсініп болу мүмкін емес. Себебі жеткілікті. Ең алдымен тез айтады. Одан кейін әдейі болса керек, түсініксіз қылып айтады. Ара-арасында араб сөздері анық естіліп қалады. Ең соңында барып қазақшасына көшеді. Айтыскер ақындардың үйдегі жаттандылары сияқты бұлардың да өз жаттандылары бар сынды. Олары тез айтылса да анық. Екпіндетіп айтады, лепіріп айтады. Тыңдаушысын күстаналайды. Себебі һақ жолында ешкім адал жүрген жоқ. Содан да әрбір тыңдаушы өзін кінәлі сезініп тұрады. Оларға керегі де осы.

Бәтуға келісімен, ел келген көліктеріне бөлініп, Есет батырдың кесенесін бетке алған. Құйғытып-ақ жеткендерімен, Көктау бұларға алдыра қоймады. Үздік-создық өрмелеген жиын шай қайнатым уақытта барып бабалары басында басын қосқан. Ұмсынып ешкім алға шыға қоймаған соң Айсан жөткірінді, ешкім тырс етпеген соң амалсыздан оң тізесін бүгіп, құлпытастың алдына келіп отырған. Жанына біреуі келер деп ойлаған. Онысы бекершілік екен. Сонан ешкімге де қарайламай, құлқуалласын бастай жөнелген. Үш қайтарып барып иасинге түскен. Аяқ жағында жаңылыссын да кетсін. Ал есіне түсіре алсашы. Сырттан көмек күткен. Сол кезде ойына көріпкел келіншек оралған. Көзіне мұсылман келіншек болып көрінген-ді. Бір жәрдем содан болар деп ойлаған. Бәлкім, ол Құран оқымайтын шығар деген ой келгенде барып ұмытылған жолдарын жалғап әкеткен.

Дұғасын қайтарғаннан кейін әлгі келіншекті көзімен іздестіріп, қайтып тауып алған. Бұл қасақана көзін тіктеген. Ол көзін тайдырған да жоқ. Ең біріншіден аңдағаны, оның қасы жоқ екен. Бәлкім, табиғи, бәлкім, қолдан жасалған. Қолдан жасалғанда жұлып тастаған да. Жыланкөз екен деп қойды іштей. Сол-ақ екен, Гауһарай деген есіміне қызғаныш танытсын. Жақұт деп қоймағанына тәубе деп қойды. Тағы да іштей.

Ол кезде бұл келіншекпен қайтып кездесемін деп кім ойлаған?! Көп ұзамай ұялы телефоны шыр ете қалған. Кедейдің азаматтары екен. Қозаң бабамыздың кесенесінің жобасын әкеле жатырмыз дейді. Бұл не десін. Келмеңіздер деп айта алмайды ғой.

Телефон шалушылар ертеңінде-ақ бой көрсеткен. Мәлт қара төрт «жіп» есік қақпасына төне келіп тоқтаған. Ішінен бір қорам адам сау ете түскенде, ең алдымен көзге аппақ болып киінген молдасы мен Гауһарай шалынған. Кейінгісі де аппақ болып малына киініпті.

Бұлар асығыс екен. Ылжырап пісіп, дастарқанға түсіп тұрған етке де қарамады. Келушілер ауыз тиеміз деп асықты жілікті айналдырып, Айсанды ғана алып, қара жолдың шаңын бұрқ еткізген. Жолы сапарластарының әңгімелерінен түсінгені, келер жазға дейін Қозаң бабаларының кесенесін көтеріп, ас бермекші. Қозаң деп отырғандары - Кедей елінің іргелі бір тармағы. Ұрпақтарының долбарлары бойынша бабаларына шамамен үш жүз жыл болған. Бай да болыпты, бағылан да болыпты. Болса болар дейді бұл.

Бәрі де күмгілдеп сөйлеп келеді. Жанымызда бөтен отыр-ау деген ой қаперлеріне кірмейтін сияқты.

Содан Гауһарай құйрығын басып отырған көлік алға суырылып шықсын. Қалған ел соның соңынан ерді де отырды. Белден бел, белеңнен белең асып отырып, үш сағат бойы тоқтамастан Малқора деген көңге жеткен. Бұл көңнің басқа көндерге қарағанда ерекше ештенесі де жоқ-тын. Алайда енді осы көңнің ел аузында жүрері анық. Өйткені Қозаң бабаларының елде жоқ кесенесі осы жерге түспек.

Көңнің атында тұрғандай мұнда төрт түлікті мыңғыртып өсірсе керек. Жер ауаны да соған қарай ыңғайлы екен. Аттылы кісі көріне қоймайтын томарлы ши сыңсып-ақ тұр. Шиі бар жерде жұттың болмайтыны белгілі. Осыған қарап бабаларымыздың бірдеңе білгеніне тәнті боласың. Оның осынау селеулі тәтті ойын Гауһарайдың ащы даусы бұзсын:

- Мұнда қаракиік те өсірген екен, - деп қойып қалсын.

- Астағрипалла, - деп молдекең шалқасынан түссін мұны естіп.

Ел не айтарын білмей аңтарылды.

- Қайдағы қаракиік? - деп бұл да күмілжіген.

Әрі-беріде бұл жерде шошқа өсірілді дегенді естімепті.

- Бабаларымыз емес, мұжықтар өсірген, - деп көріпкел келіншек дауысын жұмсартқан.

Осыдан кейін барып келушілер сөз жарыстыра бастады.

- Колхоздастыру кезінде болған шығар, - деп біреуі күңк етті.
- Қара шекпенділер өздерімен бірге ала келген болар, - деп екіншісі әңгімені ұзартты.
- Шошқа да түліктің бірі, - деп тағы біреуі білгішсінін.
- Астағрипалла, - деп молдекең тағы да оң жағына қарай қисая кеткен.

Бисмилласын айтып, енді Гауһарай молдекеңді айналшықтап қалды. Біраздан кейін ол кісі де басын көтерген.

Бұл кезде Гауһарай қара жерді теуіп, аруақтарын шақырып ерні-ерніне тимей беймәлім күбірге көшкен. Ара-арасында адам айыра алмастай ағцы дыбыстар шығарып қояды. Бір кезде дір-дір етіп басылған.

- Аруақтармен тілдестім, тазалау керек, - деп әңгімесін қысқа қайырсын.

- Тазалау керек, тазалау керек... - деп молдекең таспиғына жабыссын.

- Тазалау керек, тазалау керек... - қалған жұрт та қалыспаған Айдалада күрек қайдан табылсын?!

Ел құйрығы басқан жерлерін жаңарта бастаған. Қалай дегенде қаракиіктен иіс қалды десе керек. Сол екі ортада молдекең иасинді күңіренге жөнелген.

Ел алақанын жайып, бата қайырып, мал қора көңін иіс-қоңыстан аластаған болды.

Жо-жоқ, аластағанның көкесін Гауһарай көрсеткен.

Қайдан пайда болғаны белгісіз, көріпкел келіншектің басында байлауыш пайда бола кетті. Үңірейіп екі көз бен ауыздың орны ғана көрінеді.

Кенет көріпкел бір орында қалт тұра қалды. Екпіні қатты болатын. Басқа біреу болса омақасынан түсер еді. Ол болса серіппедей иіліп барып-барып аузынан от бүріксің...

- Алас!.. Алас!..

Көріпкелдің дауысы мұндай ащы болар ма еді?! Отырғандардың шошынғандары да болды. Дір-дір етіп қалғандарын жасырғысы келгендері де болды. Ал Гауһарай адам танымастай өзгеріп сала берген.

- Күлес!.. Күлес!..

Содан Гауһарай шай қайнатым уақыт бойы арыстандай ақырып, жолбарыстай күрілдеп, аруанадай боздап, үйірін ал-

дырған айғырдай азынап, елдің сай-сүйегін сырқыратқан.

Содан сұлқ түскен.

Содан молдекең дем салсын. Әйтеуір, бетін бері қаратты ғой.

- Тазалау керек!.. - деген көріпкел.

Сонымен, бұлар мал қораны тазалауға кіріскен. Айсанның жанкештілігі осындайда көрінетін. Бұл жолы да солай болды. Қайдан әкелгені белгісіз, мал қорада алып бульдозер пайда бола кетті. Қытайлық жетпіс тонналық қораптық машиналар да жүйтки жөнелді. Айдалада жүріп жатқан мұндай құрылысты көріп, елдің тыныш жата алмасы белгілі. Біреулер Айсан зауыт салып жатыр деп тон пішсе, енді біреулері кірпіш шығаратын жай салып жатыр деп күмпілдеседі. Мал қораға аудан әкімінің Келуі желсөзді одан әрі үрлей түскен.

Көп ұзамай жұмысшылар тұратын жылжымалы уагон сандары да көбейе түскен. Біреуінде тынығады, енді біреуінде Жүрек жалғайды дегендей. Көктем шыға ел аппақ жұмыртқадай Ақтаудың ұлутасынан салынған ғимаратты көріп, бір-бірінен Көзайым сұрасты. Қауға сақал шырақшысы да көп тостырмады. Наурыз тойымен қосарласа киіз үйлер де бой көтерді. Нағыз Жұмыс енді қызған. Баянауылдан жасылан тасылды. Ақтаудан ұлутас ағылды. Балқаштан балуантастар әкелінді. Мыңбұлақтан мәрмар шабылды. Әйтеуір, бұлардың жұмысы таспен байланысты еді. Біреуі қашайды, екіншісі жонады, үшіншісі қалайды.

Қалаушылар жұмысы сырт көзге ғана оңай. Әйтпесе бұл - қар талдырар жұмыстың өзі. Баянауылдың тілім нандай жасыланынан мазар салмақ тұрсын, пеш салып көріңіз... Екі қолыңызды төбеңізге қойып безіп кетесіз... Өйткені жұмыс өнбейді. Жұмыс өнбеген жерде адам титықтайды. Титықтағаны сол, екі қары саудырап түсіп қалады. Мұндай адамның жуық маңда торалып, қайтып қатарға қосылуы екіталай. Сондықтан да Айсан әркімнің жұмысын өзінің қадағалауына алған. Зорығып кетпесін дейді. Зерігіп кетпесін дейді. Содан да құрылыстағы мазаршылардың орнын жиі ауыстырады. Бұл тәсілдің артықшылығы шаш етекпен. Ешкім де зорығып та, зерігіп те кетпейді, бірінің жіберген қатесін екіншісі түзейді, түптің түбінде шеберлігін арттырып, бесасап қалаушы болып шыға келеді. Қырық күн шілде түскенге дейін бұлар бәрін тап-

тұйнақтай қылған. Тамыз туа Қозаң ата ұрпақтары ас бермекші. Тап осы кесене басында. Бас бәйгесіне - «жіп», түйе палуандығына - «жіп», жорға бәйгесіне - «жіп», барлығы жеті бас көлік тікпекші. Жетіден де асыруға мүмкіншіліктері бола тұра, осы санға тоқтаған. Жанша ақсақал жеті саны киелі сан деп жабысты да қалды. Қалғандары сол кісіден аса алмаған.

Сонымен, бұл ас көлік санына қарай жетібас ас болып өтпекші. Соған орай ел ішінде әңгіме көп. Көбінесе асырып өсіріп айтады. Бұл асқа былайғы үйсіндерді, былайғы адайларды қойғанда, кешегі қырғыз Шәбденнің ұрпақтары да келеді-мыс.

Айсан жұмыс бітсе де, ешкімнің тізгінін өзіне бере қоймады. Осыны күткендей Жанша ақсақал бастаған Гауһарайлар тағы сап ете түссін. Басқасын күтсе де, бұлар осынау қараны күтпеген. Тағы не ойлап тауып келді екен деп қойды іштей Айсан. Бір сайтанын күтіп, басқалары да іш тартқан...

Бұлар ештеңе сұрамады, олар да өздігінен айта қоймады. Біраздан кейін өздігінен күбірлеп отырған Гауһарай екі алақанын сарт етіп соғып қалсын. Сол-ақ екен, басталды. Ара арасында қышқырып қойып Гауһарай аруақтармен тілдесе бастады. Бұл жердің аласы мен күлесі толық бітпеген екен. Аузынан от шашып, Гауһарай елді өзіне біржолата қаратқам. Өлеусіреп барып сөнген шырағдайын бір кезде ол да сылқ ете түскен. Ел бұл жолы не істерлерін білмей жаңылды. Бұрында молдекең дем салушы еді. Дұға, аяттан бір нәрсе білсе Айсан ғана біледі. Сонан жұртшылық ошарылып бір қайран қылмайсың ба дегендей Айсанға қараған. Енді Айсан қысылсын. Амал жоқ, Гауһарайдың қолын алып, тамыр ұстаған. Әлсіз де болса жүректің соғысы білініп тұр. Адам жаны құлақ ұшында болады деген соң қолын құлағына апарған. Бұл жолы жүрек соғысы анық білінген. Сол-ақ екен, Айсанның жүрегі орнығайын деді. Әр жағын өзі де біледі. Бұрында өткен Мәдия бабасы емші болған екен, оның өзінде оқығаны екен. Сол кісі мұндай науқастарды тірі сумен түшкіріп жазған ғой. Өзі де бала-шағасына оңашада қолданып көрген. Солардың қайсысы болсын орындарынан тұрып кеткен.

Гауһарайға да сонысың істеген. Тірі сумен түшкіріп бергенде Гауһарай басын әбжыландай қақшиып көтеріп алған. Сонан Айсанға жабыссын да қалсын. Қалш-қалш етіп құшағына еніп

барады. Айсан қарадан-қарап тұрып қысылды. Сонан не керек, бір кезде басылды-ау, Гауһарай өзін ретке келтірді.

- Енді болмағанда кетіп қалғандай болдым-ау, молда қайным, мен саған қарыздармын, - деп қойды.

Тамам елдің көзінше.

Бұл, амал жоқ, көзін тайдырып әкетті.

Сонан қашақ. Гауһарай тұрған жерге барғысы тұрсын, жолағысы жоқ. Жоқ, көрешігі әлі алда екен. Іші құрғыры сезген, бұлардың келісінің тегін еместігін.

- Бірер күнде Алматыдағы ағайындар да жетеді. Асыл ағанды білесің ғой. Соның тумалары. Бабаларының басын іздеп жүр. Соған жолбасшылыққа жүреміз. Сенің бізбен жүргенің дүр-ес...

Жанша ақсақал нені айтса да езбейді. Айтып отырғаны - осы елдің сорпаға шығар мықтысы. Алматыда отыр. Алматыда отырып бабасын іздегені Айсанның құлағына жақты. Алайда өзі іздемей, өзгелерінің іздегені миына кірмеді. Оның ішінде өзінің де неге болатынын түсінсе, кәне?!

Алматыда «Майбахпен» жүреді дейді. Алматыдан шыға қалса "Ми" мінеді дейді. Кейінгісі де көлік, оның ішінде тікұшағы.

Әлгі іздейін деп жүрген аруақтары Асылдың әлде жетінші, әлде алтыншы атасы екен. Әлеумет күмбез дейді. Еңсегейлігі Барбай күмбезінен сынық кем емес деп қояды. Бұл білетін ондай күмбез Талдының бойында болса керек. Әрі-бері жүргендерінде көріп жүретін. Ел ақбейіт деп әспеттейді. Олай дейтіндері балшығын биенің саумалына пісірген. Оның үстіне ешкінің қылымен болаттаған.

Болаттан шығады. Болаттау - Арқа мен Бетпақтың арасындағы жоталысы. Түскей қазақтары тауын қоспай жай Болат деп айтады. Ал Арқа қазағы міндетті түрде тауын тіркеп айтады. Бұған қарап тау атауын Арқа қазақтарының қойғаны байқалады. Түскейлерде не тау, не төбе болады. Басқадайы болмайды. Ал Арқа қазақтары төбенің өзін төбелік, төбешік, төбесін деп жіліктеп алып кетеді. Одан қалса, шоқылары бар. Бұл - төбе мен таудың аралығындағы омыраулық.

Бұл да бір мызғымай тұрған жаратылыс. Бұдан жүз жыл бұрын осындай болған болар. Бәлкім, мың жыл бұрын да осындай болған шығар. Бұған қарап енді бір мың жыл осылай тұрар деп бопсалайды. Өйткені тау болаттан болып тұр. Мұнда

да Жанша ақсақалдың жолбасшылығымен келген. Болаттың бауыздау алқымындағы Қасқабұлаққа абылайшаларын тіккен. Бұл абылайшалардың бұрынғы абылайшаларға тартары жоқ. Бұлардікі атымен бөлек. Сүйегіне дейін. Бұрынғысынның тек атауы қалған.

Бұлардың Қоржынтүбектері бар. Бұрынғы жабық әскери қалашық болатын. Кейін Одақ тарағанда ол да пышыраған Алайда ондағы қалған қоқыс маңайындағыларға ұйқы берсс, кәне?! Ұшақ дейсіз бе, тікұшақ дейсіз бе... соларыңыз тау болып үйіліп жатар ма?! Ел соны металл сынығы ретінде өткізіп әуре Жай уақытта бір бұрандасын да ажыратып ала алмайтын жұрт соның пәрша-пәршасын шығарған. Елде жоқ темір пісіретін көсеулер пайда болған. Соларымен темір атаулысын бөлшектеп бітірген. Ендігі бір кереметі әппақ шатыршалары еді. Қаттылығы соншама, жаныған пышағыңыздың өзі тайғақтап тұрады. Ел соларды кәделеріне жаратты. Киіз үйдің сүйегін бұрынғыдай киізбен жаппай, осы жібек шатыршалармен көмкерген. Аспаныңыз тесіліп кетсе де, тамшы жібермейді. Оның үстіне құс мамығындай жеп-жеңіл болар ма?! Басын қосқан үш таяққа жабасалма жасасаңыз, жетіп жатыр. Абылайша бола қалады. Жолға шыққан осы өңір қазағы осындай жабасалмамен жүреді. Бұлар сондай жабасалмамен шыққан. Қозының көпейін сүйегінен ажырағанша қозаға қойған. Былжырасын деп.

Былжыр - Арқа қазақтарының жолазығы. Отқа пісірмей, қозаға пісіреді.

Ол екі ортада мазар іздеп сандалған. Балдақ бабаларының. Ол кісінің басы осында жатыр-мыс. Жанша ақсақал бала кезінде көріпті.

Біраздан кейін ондай мазардың біреуі көзге түскен. Жанша ақсақал өті жарылғанша қуансын. Оны көріп, өздері де бір шаттыққа кенелген. Салып ұрып келгенде, тағы біреуі көзге оттай басылсын. Апалы-сіңлідей бір-бірінен ауса, кәне?! Пішімі Арқа мазарларына әсте ұқсамайды. Тіпті сынық та жуымайды. Бұлардың дұдамалын жоққа шығарғысы келгендей Жанша ақсақал алдымен жөткірінген. Сонан барып:

- Самарқанның сарттары салған, - десін.

Бұлар солай ма дегендей гу ете қалды.

Басында белгісі бар екен. Онда ұрықтың ныспысы, ата-

тегі жазылыпты. Білгендері, Жалайыр ұрығы екен. Келесісіне барғанда тағы осындай жазу көрген. Кеш қарайғанша мұндай мазардың жеті-сегізін адақтап шыққан. Бәрінің басында белгісі бар.

Жанша ақсақалдың сұрқы кісі аяйтындай еді. Басу айтатындай араларынан озаңы табылмады.

- Біздің бала кезімізде мұндай белгілер болмаған. Бәрі де Кедей ұрықтары болатын...

Жанша ақсақал иегі дірілдеп, кемсеңдеп берсін.

- Мүмкін емес! - деді ол шамырқанған дауысымен.

Салып ұрып алғашқы мазарға қайтып оралған.

- Мүмкін емес! - деді ол тағы да.

Сонан иасинді күңіrentсін келіп. Өлгіндегі абырлықтың бірі қалмаған. Батасына келгенде өзіне қараған. Сол-ақ екен, бұл да шұбыртып берген:

- Өлһәмдүлилла рәбил ғаламин. Уәссалату уәссаламу ғала брасулина Мұхам еддин уәғала әлиһи уәсахбиһи әжмағин. Уәғфу әнна уәғфирләна уәғамна әнта мәуланна фансурна әлал қаумил кәфирини. Алаһума салли ғала Сәйдина Мұхамеддин уәғала әли Сәйдина Мұхаммед!

Йа, Раббым! Осы оқылған Қасиетті Құран аяттарынан болған Сауапты басты пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстапа саллаллаһу әлейһи уассаламның мүбарак таза рухына бағыштадық. Сен өзің жеткізе гөр, ей, Алла Тағала!..

Одан кейін сақабаларды санамалады. Одан кейін барша әулие-әмбиелерді түгендеп өтті. Одан кейін кезек Балдақ бабасына да жеткен.

- Біздерді жерден шығатын, аспаннан түсетін, көрінетін және көрінбейтін, ойланатын және ойланбайтын бәлелерден өзің сақтағайсың, Йа, Раббым Алла!

Ей, Алла Тағала! Дұғамызды қабыл, ниеттерімізді асыл ет-кейсің!

Рәббәнә әтинә фидниә хәсанати уә фил ақирати хаснәтан уәқинә ғәзабанәр. Раббәнәғфирдий уәли дәйә уә лил мүминә иәумиа қумул хисиәб.

Бирахматика йа әрхамәр рахимийн!

Аллаһ акбар!..

Елдің бәрі бетін сипасты. Арнайы алып шыққан ақырет-тіктерін байлады.

- Сол беті тұр жарықтық. Сүйегінің мықтылығы да... Сынықтығы жоқ... Адам жеген арғындар көшінде көргем. Осы мазарларды паналап едік. Балдақ бабамыз ұрпағына сөйтіп те пана болған. Мал ұрлығын көрдік. Адам ұрлығын да естіп жүрміз. Ау, аруақ ұрлағанды кім көріпті?! Көргендерің бар ма?! Естігендерің бар ма?! Қай атамыз ұрық ұрлап еді?..

Жанша ақсақалдың дауысы қарлығып барып біржолата семді.

Сонан екі иығы селкілдеп қоя берсін. Ол топастықтың қысастығына төзе алмаған еді. Солай ұз-а-ақ отырды. Қайтып құран аяттарын оқыды. Қайтып бетін сипады. Сонан күрек алдырды. Мазардың табанын ала бет топырағын ала бастасын. Бұлар артын бағып тіс жармады. Күрек бойы топырақтан кейін жай қолымен тауыса бастады. Құлаш бойы түскенде көктастың сынығы көрінген. Онда жәдитше Арғын Балдақ батыр деп жазылған екен. Анық көрінеді. Жанша ақсақал асылымен қауышқандай. Дауысы әлгіндей құмығып шықпай, емен-жарқын шығады.

- Менің Балдақ бабам осы! Біздің Балдақ бабамыз осы! Топырағы осы жерден бұйырған. Маған салса, қазір қазып алып кетер ем Арқаға! Амал қанша, Алланың бұйыртқан топырағы осы болған соң. Аманат та болмады-ау. Мола жаңартпа деген бар. Көктасын жаңартпа деген жоқ. Шабыңдар ауылға Жеткізіндер көктасты. Балдақ деген жазу болсын... Балдақ батыр деген... Бір аптада жетсін!..

Жанша ақсақал шаршаған еді. Кейінгісі бұйрықтан гөрі өтінішке ұқсайтын.

Мұндай болады деген Айсанның ойы тұрсын түсіне кіріп пе?! Жаны түршіккен. Ұялы қоңырауын алып, Жанша ақсақалдың бұйрығын жігіттеріне жеткізді.

Өздері жүріп кетті. Абылайшалары сол тігілген жерлерінде қалды. Мойынқұмды іштей көктеген. Жалайырларды іздеп. Тапқандары болды. Алайда оларың иісалмастардың өзі болып шықты.

- Сенің молаң бізге неме керек? - деп қарап тұр.

Тағы бір жалайыры алдарынан шыққан.

Онысы өздеріне жосық сілтесін:

- Моладан басқа шаруаларың түгел ме еді? - деп.

Құммен бірге көшіп жүрген жалайырларды орнынан басу мүмкін емес еді. Ақыры таулары шағылып қайтайын деген.

Жалаңдап тұрған Айсанның жігіттері бұлардан бұрын жеткен екен. Кісі бойы темір қоршаумен қоршап үлгеріпті. Көктастың орнын да даярлап қойыпты. Бұларға қалғаны Құран оқып, бабаларға дұға бағыштау еді.

Қайтар жолда Ақжолтай Ағыбай батырдың басына барып Құран оқымақшы болған бұлар. Ал Ақжолтай батырдың басы Тайатқаншұнақта болатын. Осыдан бір жиырма жыл бұрын ол кәдімгідей тарихи жәдігер еді. Өнер туындысы деуге де болатын. Соны өзіміз құрттық. Мәдениет жылы деп бір бардық басына. Өнер жылы деп тағы бардық қасына. «Мәдени мұра» бағдарламасы деп тағы ақша бөлдірдік. Бояушы алжығанда сакалын бояған. Біздің де тірлігіміз соған ұқсас еді. Батырдың бұрынғы мазарын ел жазбай танитын. Қазіргілер жанында тұрып:

- Мынау кімнің мазары? - дейтін кепке ұшыраған.

Баяғыда Бөкейдің Оралханы келіп еді-ау бабасының басына.

Тәу етіп. Сол келісі тегін емес екен. Атажұрты осы өңір екен. Арты бабалары Қаратай батыр болады. Найманның Қаратайы. Мынау Қуандықтың Тоқа баласынан тегін сұрасаң, «Тоқамыз» деп тақ ете қалады. Қаракесекпен жөн сұрассаң, «Қаракесекпіз» деп тұрып алады. Қаратай ұрпағы да сондай. Өздерін Қаратай еліміз дейді. Ауыздарына алдымен Найман бабалары түспейді-ау...

Сейдімбектің Ақселеуі Оралханды Ораш деп еркелететін. Сол Ақселеудің Орашы алдымен бір келген. Үндіге барар сапары алдында тағы да келген. Бұл жолы ұзағырақ жүріп алған. Ақселеудің емшектесі Кәріптің Өмірімен апталап Тайатқаншұнақты, Ақдаланы кезген.

Кәріптің Өмірі ғұмыр бойы өзінің Шажағайын қара сөзбен жырлаған ғой. Оның күркірі үш күндік жерден естіледі деп жазады-ау Өмекең... Содан екеуі жергілікті редактордың астындағы уазикті аударып алып, Шажағайды іздеп кетеді. Түс ауа бір сызашыққа келіп тоқтайды ғой.

- Келдік, - депті Өмекең Ораш інісіне.

- Шажағайдың күркірі естілмеген сияқты еді, - деп күміл жіпті қонақ.

- Арнасы ғана қалды ғой, - деп көзіне жас алыпты Өмекең.

Сонда Ораш ағамыз ботадай боздапты:

- Бабаларым татқан суды маған татуға жазбаған екен... - ден

Содан құмды шайнаған дейді. Күтірлетіп. Батыр бабаларына тартып.

Рух жайлаған өлке дейді бұл алапты. Тарақты Мамыт батыр да осы жерде мәңгілік дамылдап жатыр. Керней Ес батыр да осы жерде. Кедей батырлары да осы жерде.

Жанша ақсақал алдымен Қаратай бабамыздың басына баруды қош көрген. Заманында осы өңірді жайлапты. Кейінде Шығысты қалмақтар төңіректенгенде, еріксіз қоныс аударыпты.

Елге оралысымен ешкімге де ақыл салмай, Жанша ақсақал белгісіз үйсін атасының мәлімсіз бейіттерінің басына білгенін айтып, тақтайша орнатты.

- Ертең іздеп келсе, не бетімізді айтамыз? - деп.

Сөйтіп жүргендерінде іздеушілер де сау ете қалған. Бірақ бұлар аға балалары екен. Арғын Барбай батырдың ұрпақтары мыс. Бабаларының басына тәу етуге келіпті. Жанша ақсақал айтып жүрген жайт олардың құлағына жетіпті. Іштерінде бейіттің жай-жапсарын білетін тарихшы-археолог бала да бар екен.

Барбай батырдың басы у-шу болды да қалды. Келген ғалым бала Жанша ақсақалдың айтқанын бекітті. Ақсарбас шалып, бейіт табалдырығын қаңдады. Бұл келісіміздің басы деп қояды. Тағы да келмекші. Алдарына ақсақалдарын салып келмек. Бір белгілерін сонан кейін қоймақшы.

- Тәңір жарылқасын!..

Жанша ақсақал бұл жолы ашылмады. Бәлкім, ішінде ақса қалы болмағандықтан ба екен. Келушілердің екпіні әлемет еді. Аяқтыға жол берсе, кәне! Сөзге де солай. Білетіндері тек Барбай бабалары ғана. Олар үшін сол Барбай бабаларынан басқа батыр жоқ сынды. Оларға салсаң, сол батыр бабалары шүршітпен де соғысқан, жоңғармен де соғысқан. Соғысқанда кәдімгідей қой бастаған. Кемінде мыңдығы болған.

Жанша ақсақал не де болса үндемеді. Бәлкім, желбуаз балалар деді ме?! Әйтеуір, бас ұстағаннан әріге бармады.

- Мұны Машай ұстас деп айтады, - деп қойды.

Сонсоң айтқан сөзін әрі қарай таратып әкетті. Машай атасы - Қаракесектің сырт кеткен бұтақтарының бірі. Өзі батыр дейді.

Исі Қаракесек баласы Қарқабаттап шапқанда, ол кісі өз атын ұранға қосады екен. Сол кісінің бас ұстауы өзгеше болыпты. Содан Машай ұстас деп кеткен екен.

Бұлай бас ұстаушылар бисмилләсін айтып, ұртынан кесіп ауызға салады. Одан кейін екі құлағын жайғастырады. Одан кейінгісі таңсық. Алдымен екі көзінің оясын жалаңаштайды. Одан кейін бастың етегін ажыратады. Осыдан кейін құйқа өздігінен ысырылып түсіп қалады. Оң көзін ойып алып, оң жағында отырғанға, сол көзін ойып, сол жағында отырғанға ұсынады.

Бас ұстаған адам бата қайырады. Жанша ақсақал батасын шұбырта келіп:

- Бәрімізді Барбай бабамыз бен Ақыл бабамыздың аруақтары алқап жүрсін! - деп бетін сипады.

Одан кейін де даурығысып біраз отырды. Артық кеткен ешқайсысы жоқ. Сырт қарағанда жарасымды әңгіме өрбіп-ақ жатқан сынды. Сонан жаймаға жеміс әкелінді. Дембелше біреуі ортаға қарбызды атып ұрған.

- Бата қайырыңыз! - деген Жанша ақсақалға қаратып.

- Бата басқа қайырылады! - деді Жанша ақсақал міз бақтастан.

Келушілердің жүрістері сұйықтау еді. Қайтулары да сұйық болды.

Сол күннен бастап Жанша ақсақалдың ыңқыл-сыңқылы көбейе бастады. Таза жатып қалар ма еді. Гауһарайлар болмағанда. Алматыдағы Асыл ағаларының қолқасымен шыққан екен. Мөлт қара төрт «жіп». Іші тола кісі. Атақтары жер жарады... Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі дейді... Этнография академиясының академигі дейді... Болса болар дейді бұл іштей. Сөздерін шығындамайды. Сөйлесе, ыңыранады. Екі ауыз сөз айтса, бәрін бітіріп тастағандай мұрындары аспан қыдырып кетеді.

Гауһарай келушілерге Жанша ақсақалды таныстырған:

- Дала академигі! - деп.

Ішіндегі біреуі қырт екен:

- Мола академигі, - деді естілер-естілместей.

Мұның екі беті ду ете қалды. Құлағының қызарғанын да сезді.

Өзін ыңғайсыз сезді. Жанша ақсақалды алға салып, етегіне мұны да сүріндірген түрлері.

Өзіне келгенде:

- Мыңқыш! - деген.

Гауһарайға деген құрметі осыдан кейін қайтып оянған. Өлгі атақтары жер жарған академиктердің өздері бұл сөзге мән бермеген. Тек Жанша ақсақал ғана сөз зергерлігін аңдатып өтті.

- Тауып айттың, қарағым, қастерлі сөзді. Балшықтан адам жасағанды мыңқыш дейтін бұрынғының молдалары, - деп жөткірінді.

Жолай ел бұларды жүргізбеді. Қозы жайылым жер сайын дастарқандарын жайып, қол қусырып күтіп тұрды. Киіз үй көтергендері де баршылық екен. Бұл құрметтің кім үшін жасалып жатқанын іштері сезеді. Елдің аузынан Асыл Ермектің есімі түспеді. Өзінің де есімі аталып жатты. Жанша ақсақалға да кезек тиген. Гауһарай боса болмаса... Елді түстеп қана қоймай есімдерінен де жаңылмады. Бір қаға берісте:

- Асыл ағаң сені біледі. Өзім жеткіздім. Сәлем айтып жатыр Ренжітпейді ағаң, - деп қойды.

Қашанда осы. Жұмбақтап сөйлейді, астарлап ишаралайды Қайным деп сөйлеуші еді, онысын қойған сынды. Бір-екі рет өзіне қаратып Мыңқыш дегенде, бұл еріксіз құлақ тіктеген.

Талдыға жетпей сызашықтап ағып жатқан Ақсу бар. Онда да қорым жеткілікті. Өзен жағалаған бейіттердің дені көшші-қонда түскен ғой. Ал мыналардың одан хабары жоқ сынды.

- Бұл жерде шайқас болған ғой, - деп қояды біреуі.

- Ана обалар тегін қойылмаған ғой, - деп қостайды екіншісі.

Обаны қоймайды, оны үйеді ғой. Одан кейін мынау айқас-қалардың оба деп айтып отырғандары - дауыт. Ал дауытты қазақтар жер дауына қарай үйген. Есебі шекара бағандары іспетті.

Осыдан кейін Айсан келушілердің сөзіне құлақ салуды қойған.

Ақсудың өкпек тұсында бұлар еріксіз ат шалдырған. Елден ерекше оқшау екі бейіт тұр еді. Біреуінің айбыны ересен, екіншісі де қалысып тұрған жоқ. Біреуінің пошымы дулығаға келеді. Екіншісі де сол іспеттес. Бәлкім, сәукеле болар...

Бәрі де көліктерінен аунап түсіп жаяулаған. Алматылық оқымыстылардың таңданыстарында шек жоқ.

- Кімдікі болса да мыңды айдағандікі, - деп қояды.

- Айдағандікі, айдағандікі...

Жарамсақтар қашанда табылған ғой.

Бір кезде дауыс шықсын. Тура жер астынан шығып жатқан сынды. Айсан жалма-жан көзін қыдыртып, Гауһарайды іздеген. Сол деді іштей. Көп ұзатпай өзен жарқабағынан Гауһарайдың өзі де көрінген. Өзінен бұрын сарыны жеткен. Зарлы еді сарын. Содан қанат біткендей көз ілеспес жылдамдықпен, қатар тұрған екі бейіттің ортасына қыстырылсын. Бір ғажабы, осының бәрінде әлгі сарын біресе алыстап, біресе жақындап естіліп тұрды.

- Ақайт!..

Бұл бір әлемет дауыс еді. Құлақ жарғағын жарардай дауыс еді. Осының бәрі келсаптан жоғары бойы бар келіншектің қай жерінен шығып жатқаны түсініксіз еді. Мұндай дауыс мақұлықатта - әуілдекте ғана болса керек. Келер сәт осы Гауһарай не айтып тұр деп ойлансын. Аңдаса, біреумен тілдесіп жатыр. Сыбырының өзі құлаққа анық естіледі.

Ақайт емес, ақ айт деп тұр екен.

Бір кезде кетсін Гауһарай көсіліп...

- Ақайт!..

- Ақ айт!..

- Ақ айтты менің киём, ақ айтты менің ием, мынау тыныстаған жеріміз аруақ жанаған жер екен, мынау қосбейіт жүрегінің түгі бар батыр мен серігіне қойылған ескерткіш екен. Қан майданда жауының жүрегін алыпты, жау қайдалап ақырғанда, өті жарылыпты. Бұл... Бұл - Басқыр бабамыздың бейіті...

Расында да, бұл Басқыр батырдың бейіті болатын.

Гауһарай болса лекітіп сөйлеп жатыр:

- Жанындағы серігі анамыз екен...

Айсан осы мен қағыс естіген жоқпын ба деп қайта құлақ Тосқан. Жоқ, қағыс естімепті.

- Бұл анамыз да батыр болыпты... Ер-азаматтан қалыспай, бақанмен-ақ жау құлатыпты...

Айсан тіксініп-ақ қалған. Қазақ дәстүрінде әйелге бейіт соқпайды. Соғар болса оның елден ерекше ісі елге білінген болуы керек. Мұндай әңгімені естисе, керең болсын. Ел бұл қорымды Басқыр басы дейді. Демек, ол әйел емес. Егер ол әйел болса, қорым әйелдің атымен аталуы керек еді. Бәйбішебейіт, тоқалтам деген атаулар сондай жайттардан қалған.

Онда Басқыр бабасы артын қысар еді.

- Бізде әйелге арнап бейіт салмайды! - деп дүңк еткізсін бұл.

- Салмайды... салмайды... - деп күбірлесті жұрт.

- Бұл - Ұмай-Ананың қолы...

Гауһарай бұл жолы да сылқ ете түскен.

Көкке ұмсынған қолы ауада ілініп қалғандай әсер қалдырған. Амалы қайсы бұл жолы да демін салуға кіріскен. Бұрынғылары айт пен той екен. Айсан шынымен сасайын деді. Кескен теректей серейді де қалды. Тамыры болар-болмас соғады. Дем алып жатыр ма екен деп көзіндегі көзілдірігін мұрын астына апарған Алайда мұндайда сүзіле қалатын тамшы құрғыры тұрмады Жағдай қиындайын деген.

Елдің көзі өзінде. Не істеп, не қойып жатқанына есеп беруден қалған. Аузына аузымен жабыссын да қалсын. Көріктейін ауа айдаған. Сонда ғана барып Гауһарай көзін ашқан.

- Бұл менің қолым... - деді әлсіз ғана.

Айсан жақ жазған жоқ. Етек-жеңін қаққыштап тұрып қалсын

- Қайным, қарызым молайды...

Ернінің қызылы азайып, көгеріңкіреп түр еді.

- Өзіңдікіндей көрмеймісің? - десін...

Бұл бір сиқырлы сыбыр еді. Неге екенін қайдам, құлағына жақты. Айналшықтап тұрып алсын. Тағы бір айтар ма екен деп үміттенсе керек.

Бірақ көріпкел келіншек қайтып жұмған аузын ашпады.

Сонан мұның көңіліне алаң кірсін.

Сонан ұзын хабар жетті. Жанша ақсақал жатып қалды деген Бұл соған көрінген екен ғой деп жобаласын. Естуінше, Барбай баба ұрпақтары тағы келген. Бұл жолы қояр құлпытастарын ала келіпті. Соны қоймақшы болып, қатым Құран түсіріп, ауылдың, ат жетер жердің барша қарасақал, ақсақалдарының басын қосады ғой. Сонда сөз тиген Жанша ақсақал ел егерлігінде Барбай батырдың өз бабасы Ақыл батырдың қата тиген найзасынан жазым болғанын жеткізбей бе.

- Қалмақтың қатынының қолынан өлсе де, сенің саудырыңның көсеуінен өле қоймас... - деп тістеніпті келушілердің көксақалы.

Содан келушілер қайта буынып-түйініпті.

- Бабамыздың көктасын тастап кетіндер, ең құрымағанда кеуделігі жалаңаш тұрмасын, - деп жалбарынады Жанша ақсақал.

Сонан Жанша ақсақалдың күрсінісі көбейіпті. Оларды аруақ іздеп жүр деп пішкен ғой.

- Батыр іздеп жүр екен деп бабамызды қалмақтың қарнының қолынан қалай өлтірмекпін? - деп қисайған жағынан түзелмепті.

Бұл келгенде, Жанша ақсақал әлі сөйлеп жатқан болатын. Барынша сабырмен қарсы алған. Өзін көріп қуанғандығын көзінің оты білдіріп-ақ тұр. Қазанға әлі ет салмай, малға бала жүгірткенінен араларында бір өрелі әңгіменің өрбитінін іштей сезген.

Жоқ, Жанша ақсақал қашандағыдай машығынан жаңылмады. Түп әңгімесін бастағанша, талай түрен әңгімені аударыстырып тастаған. Соның құлаққа жаққаны қабірстаны еді. Бұл әңгіме өзінің басына келмеген. Мың ойланса да таппас еді.

Кедей елі бабаларына ас берген Тәуіш басына қатырып тұрып Мәрмәр тастан ескерткіш көтерген. Елдіктің бір белгісі болсын деп. Көлденең өткен көк аттының өзі түсетіндей болмаса да, арнайы кідіріп, бетін сипауларына жетіп жатыр еді. Әлгі белгіге арап-ақ, бұл жерге аруақ жанағанын айттырмай-ақ білуге болатын. Бүгінде сол ас өткен жердің бұрынғы Тәуіш басы аты ұмытыла бастап, таза Кедей басы аталған. Әрі-бері өткен Кедей баласының тоқтамайтыны жоқ. Жанша ақсақалдың өзі бас болып Балқаш пен Қарағандының бауларынан тасыған қарағай мен бойтеректің өскін-шыбықтары бой алып кете алмады. Рух іздеген балалардың емін-еркін отырып кеңесе алатын бір жайын салсақ деп жүруші еді. Оның да реті келе қоймаған. Әрі-беріден кейін өзі көшіп те келмекші болған. Бірақ тіршілігі құрғыры соған жар бермей-ақ қойды.

- Енді бет түзеп отырмын, -деп қойды Жанша ақсақал өзімен-өзі сөйлескендей болып.

Мұның бар-жоғымен шаруасы жоқтай.

- Тездетпесе және болмайды, - деп қосып қойды.

Ет те келді. Бас та мүжілді. Сорпа да ішілді. Әңгіменің тиегі сонсоң ғана ағытылған. Ақсақалдың айтуынша, түскейден бір бала келген. Иман жолында жүрмін депті. Түсінде аян берген-мыс. Кедей бабасы аян беріп, менің шырақшым боласың депті-мыс. Арнайы соны айтуға келген. Кедей елінің ақсақал-қарасақалы алдында әлгі әңгімесін айтып, баталарын алмақшы екен.

- Бұл елде молда бала жоқтай шімірікпей айтты. Ит қосып қуғым келгені. Сонда да сабыр сақтап, шырағдан салып жатқанымызды, шырақшы баланың сол шаруамыздың орауын да жүргендігін сыналап жеткіздім. Түсінетін бала екен, Алла жарылғасынын айтып, бір түнеп ізінше қайтты. Алайда бізді шаруалы қылып кетті. Енді шырағдан салмаса болмайды Шырақшы бала табыла жатар...

Ішкі қылып ете қалды. Аруақпен ойнамайды. Не айтарын білмеді.

- Тірі шалдардың батасын ала жатарсың. Алдымен Кедей шалдың батасын ал, құсыл құйынып, түнеп шық. Қалған әңгімені сонан кейін жалғастыраймыз...

Ертесімен ертелетіп аудан орталығын бетке алған. Арнайы мешітке кіріп, Кедей бабасына арнап қатым Құран түсіртті. Сол күні Кедей бабасының басына түнеді.

Ертеңінде басқа адам болып ояңған. Ішкі жан дүниесі ән салып тұрғандай. Өзінің жан дүниесінде бір өзгеріс барлығын бұл түйсінген.

Жанша ақсақалдың айтқысы келген әңгімесін пайымдай алған. Бұл соған семірді.

Жоқ, бұл бәрін тоқтатып, елде жоқ, жерде жоқ шырағдан салатын болады. Тура Жанша ақсақалға қайтып тартып кеткісі келген. Жоқ, кете алмады. Жібермеді, көзге көрінбейтін бір күш Ақыры тағы қалған. Айдалада жеңін жастанып тағы да қонған.

Сонан басталсын құрылыс. Қалаушы Айсан да, қалғаны жәрдемші. Мыңқыш десе мыңқыш! Арқаның барлық тастарын араластырып жібергендей әсер беретін бұл құрылысқа әрі-бері өткеннің аял жасамағаны болсашы.

- Бұл не құрылыс? - дейді сұраушылар.
- Сегізжақ! - дейді Жанша шал.
- Мола ма, мазар ма? - дейді әлгілер.
- Жақпен қай атаң мола салып еді? - дейді шал қарсы сауал салып.

Осыдан кейін келгендер жым болады.

Өйткені қияс шал қабақ бермейді. Келушілер өздігінен Айсанға баруға шалдан аса алмайды.

Айсан жебірленіп ойланған. Бұл құрылыстың биіктігі отыз құлашқа жететін болады. Ұшарында міндетті түрде айшық

қадалады. Одан төменде сегіз қанатты жұлдыз орналасады. Одан төменде жұмырланып күмбез тұрады. Одан төменде сегіз қанатты қабырғалар жамырайды. Ал қабырғалар болса сегіз қанатты жұлдыздардан жамырап ұшады. Мұның ұшары да, іретасы да сегіз қанатты жұлдыз долады. Сегіз қанатты жұлдыздардың әрқайсының өз атауы болады. Босаға, Үшарқар Таразы, Сүмбіле, Үркер...

Ал әзірге бұл құпия бола тұрады... Жанша ақсақал екеуінің арасындағы!

Даланың бұл әңгімесі айтылған жерде қалмаған. Тау-тасты, өзен-көлді көктей өтіп, Алматыға да жеткен. Қоңырау шалған Гауһарай еді. Айсанның жүрегі дір еткен.

- Айсан!..

Дауысы қандай қоңыр еді. Құлағына жағып барады.

- Ертең жолға шығам, өзін тосып ал... Айсан...

Бұлайша ешкім де есімін әуеңдетіп айтқан емес.

Тосса, тосып алады, несі бар. Оның үстіне құрылыс қарқыны да бәсеңдеп тұр. Себеп жеткілікті. Жұмысының төбелігі көрінген сайын сан тарау ойлар жамыраған. Сегіз жақты жұлдыздардың барлығы бірдей емес қой. Ендеше, барынша ойлану керек болады. Бәлкім, Гауһарай ой қосар...

Ертеңінде ауыл дүр сілкінді. Түн қараңғылығында Алматы-Қарағанды күре жолының Ақшатау тұсында жол апатынан үш адам тіл тартпай кетіпті. Біреуі Алматыдан шыққан Гауһарай да, қалған екі адам Айсан мен Жанша ақсақал... Тосып алуға шыққан... Алдыңғысы қалғып кеткен, кейінгілері де сертек отырмаса керек...

Ел у-шу болды да қалды. Бірақ ел есін бермеді. Көлденең түскен үш мәйітке көлденең берді. Үшеуін Айсанның соңғы салған мазарына арулап қойды.

- Мұндай кемел мазар Арқа төсінде бұрын-соңды болмаған, - деп қояды қонағасына жиналғандар.

Сырт адам барібір оның мазар еместігін бір ұлы түйсікпен түйсінер еді. Соны айтар ауыз болмады.

Есесіне пендешілік айтушылар бұл жолы да көп болды.

- Жарықтық, Жанша ақсақал көне сөздің қамбасы еді, бабамыздың жатқан жерін тауып беріп қана қоймай, қаншама ерлігін құлағымызға сіңіріп кетті, - деп күрсіністі Жұбан Барбай батыр ұрпақтары.

Төрехан МАЙБАС

Айтуларынша, биыл келістіріп ас бермек.

Ал Арқа төсіндегі өзі бейнелеген сегізжақтың үстінде бейкүнә
үш жұлдыз - Үшарқар Таразы тұр еді...

Сол Үшарқар Таразыға сегізжақ табанынан үш адам мәңгі
қарайтын болады.

Гауһарай көріпкел...

Жанша ақсақал...

Айсан мыңқыш...

*Қайыңды,
02.09.2012*

ТІРІ АРУАҚТАР

Айдың аманында елде жоқ үрдіс пайда болды.

Ауылдың түстігін ала көлденең көк атты көзайым бергендей, құрылыстар бой көтере бастады. Ақтаудың ұлутасынан, Баянауылдың жасыланынан, Балқаштың балуантасынан салынған мұндай құрылыстар облыс орталығы тұрсын, Алматы мен Астананың өзінде де жоқ.

Қалай жаз шығады, солай бұл жерде киіз үйлер пайда болады. Содан қоңыр күзге дейін жығасы қисаймай тұрады-ау. Еңсесі өзгелерден биік, бірі біріне ұқсамайтын осынау құрылыстар елдің назарын өзіне еріксіз аудартады. Жосық сұраушылар қашанда табылады ғой.

- Мазарат, - деп тақ ете қалады ауылдың жалаңбұттары.

- Тірі аруақтардың шаруасы ғой, - дейді жақамағандары.

* * *

Елдің сілікпесін шығарған қайта құрудың құлағы қырда да қылатқан.

Ел ес жиғанша ер-азаматтың мойнына күнде болып нарықтың мойынтұрығы түсіп те үлгерген. Ауылға жағалауды соққан ақкөбік толқыннан да екпінді ескексіз қайықтайын аласапыран кірген.

Баяғының бірін-бірі алмастырып жататын қызылы мен ағы сынды бүгінгі ауыл да ақи, көки болып қақ айырылған. Ақилары намазға жығылып үлгергендері де, көкилері - жығыламыз деп жүрген езбелері.

Арқа қазағы иегінің сайын даласындай тұқылсыз ақыр-тақыр келетіні таздың басындай жылмағай жатқан топырағынан болса керек. Соған қарамастан ел ішінде бір ессіздік белең алған. Осыған дейін көсе болып келген ауылдың үлкендерімен жастары да жармасып, сақал жарысына түскен. Ел сонан да қайсысының ақи, қайсысының көки екенін олардың иегіне қарап ажырататын болып жүр. Ботай осылардың алғашқыларының сапынан көрінген. Әуелі сапарының бар-жоғы белгісіз мұрт қойды, соңынан санап алуға болатындай селдіреген селеулі сақалын саумалап жүрді. Бұрында босағада отыра қоймаған оның төрден орнын біржолата ойып тұрып алуына осынысы жетіп жатты.

Атай шалмен тізелесіп, қандай болсын дастарқанның кенеуін келтірді.

Табақ мүшесіне ілікті. Кәделі жілік мұжыды, жөні келіп жатса, бас та ұстады. Бұл ауылдық жерде кәдімгідей дәреже болатын.

Ел ішінде айтшылау көбейген. Бата жасау, дұға бағыштау Құран оқу дегендер шықты. Молданың әлі жетіспей жатқан кезі Ел шіретке тұрды. Сонан да әлгіндей құдайы дәмдер беруден ел құлағдар болып отырды.

Қырдағы қазақтың өлім-жітімнен аманы жоқ. Қай үйге барсаң да төрге оздырып, алақанын жая қалады. Құлқуалланы қайтара алатындардың қадірі осындайда білінген. Аяғы аспаннан салбырап түскендей, жұртты көзге ілмейтін дүмшелер де пайда болды. Кейінгілері елдің иығындағы шапанының жағасына қарағыштайды. Саралжығына жоламайды. Алтайына шақыртпай-ақ барады.

Сөйгіп жүргенде жер-жерде мешіт салудан бәсеке басталған. Бұлар да оған білекті түріп тастап тұрып кіріскен. Жаңасын салуға күш жоқ. Барға есебін амалдай тұруға бәтуаласқан Сондағы көздегендері - құлып үйі. Өйтетіні, ауылдың құлыбы көрнекі жерге салынған, басқа лашықтарға қарағанда андағайлап көзге түседі.

Кешелері күндіз-түні киносын қойып, келіп жатса, сахналарына әртістерін шығарып, елдің ризашылығын алып жүргендердің бүгінде қайда жүргендері белгісіз. Ішінде кітапханасы болушы еді, ол да қаңыраған. «Правда», «Известия «Партийная жизнь» сынды актип газет-журналдар шоқпыт орнына жүрді де, қалғаны тамызыққа жаратылды.

Кейінгілер оны тойханаға айналдырған. Топырақты өлімнің де жөн-жосығы сонда жасалып жатады.

Ел сол құлыптап жабылып жүріп торт жерінен айқұлақ өріп, көгілжім тартқан күмбезін де шығарған. Атшаптырымдай шарбақ та тартқан.

Қоңыр күзде тағы бір тірлік басталған. Қаладан қайтқандардың құр қолы болмады. Терек дей ме-ау, көктерек дей ме-ау, байтерек дей ме-ау, бойтерек дей ме-ау, әйтеуір, солардың көшеттерін топырақ ашып оғыртызды. Жер жетпегендерін мінгестірді.

Елдің алғашқы екпіні тау суындай еді. Бәрін жапырып іс-теген. Мешіт қажет деп тапса, қолындағы соқыр тиынына дейін әкеп беретін. Әлдеқалай қолғабыс тигізе қалса, ақы сұрамақ тұрсын, онысын қойындасына да айта қоймайтын. Өйткені елге солай болу керек сияқты көрінетін.

Енді имамның кім болатыны жөнінде талас басталды. Одан әркім үмітті. Өйтетіні араларында оқығандары жоқ. Әліпті түртетіні естілмейді. Оқып жүрген дұғалары - жаттап алғандары. Қайсы болсын саудыратып оқиды. Бұл жағынан бір-бірінен асып түседі. Әрқайсысының меншіктеп алған өз мақамдары бар.

Ботай ақилар мен көкилердің бұл тірлігіне араласпады. Өзі-Не еш қатысы жоқтай, көнегін сырт салды. Жұма намазынан қалмады. Оқып жүрген нәпіл намазын да кемітпеді. Қатыстағы адамы Атай шал ғана.

Ел имам сайлауында жақ-жақ, топ-топ болып ырылдасып жатқанда, бұл құлақкесті, козшықты шаруаға барды.

Айдың аманында өзінің жаназасын өзі шығарды.

Бұл қалай деп ел есін жиғанша, бесін намазымен жарыстырып, қонағасын беріп тастады.

Мұндайды бұрын көріп, естімегендіктен, алақандағыдай ауылда аузын ашып, көзін жұмбаған адам қалмаған-ды.

- Тірі аруақ!.. - деп күңкілдесті жұрт.

Бұлай дегенде ел саусағын шошайтар еді.

Ботайға қаратып.

Аруақты елдің бәрі біледі.

Әлде білегін сынды. Білгені сол, ол қайтқан адамда ғана болады деп біледі. Өлген адам одан мақрұм дейді.

Аруақтар артында қалған ұрпақтарын алқап жатады-мыс.

Мына аузы түкті аққұлақтар жұмыстары жүрмей жатса, екі-үш әріптен тұратын боғауыз сөздерін қыстыра қояды. Содан кәдімгідей күш алады. Сол боғауыз сөздерін жиып-теріп, кере қарыс кітап шығарды. Ашып алып жібереді-ау сабаздарың!.. Бізде де сондай бір тірлік бар. Шымкентше боқтау, арғынша боқтау, адайша боқтау деп жіліктеп жатырмыз. Телесандықтың түймесін басып қалсаң не «Тамашасы», не «Шаншары» шығады. Қашан бассаң да «шишигина» деп боқтап тұрғаны.

Немісті жеңген орыстың қысы дейді. Бос сөз.

Жалаңқол танкке қарсы шығып, боқтауменен мүтіл Еуропаны жаулап алғандар осылар. Орыстар неміс итті солай жеңген Боқтап.

Бізде ондай сөз естілмейді. Біздің боғауызға жабысуымыздың жөні жоқ. Бұл - қазақша айтқанда, оттаубай!

Топты ел алдында шаршы алаңға өкіріп-ақырып шыққан шынжырлы палуандар болған. Соларды шиаяқтар жерге қазықша кіргізіп жіберген. Әуіп деп!

Әуіп деген палуан бел алып кетеді. Кемі аяқ-қолдарының дірілі басылады. Шірене тартқанда аяқтары шегенделіп береді. Ондайларды аспанға ата алмайсың. Тізеден жоғары жерге кіріп кетеді бура сандары.

Тістесіп жатқан шайырлар да солай. Пәлі деп демеп жіберсең, жеткілікті. Өкшелері көтеріліп қоя береді. Таңды таңға ұрып, ақкөбіктенгенше жырлар еді. Төгілдірер еді қиссаны. Ұмыттырар еді мына пәни дүниені...

Бүгінгі ел шайырға шабыт беретін автоколік деп ойлайды. Содан да айтыстың бағы төменшік. Олардың күні бойғы сұң қылы сол айтылған жерінде қалады.

Атай аруақты атадан. Мұндай атадан кеңестіктер ытырынған. Бұл ата да айдалып, атылып, тігерлерге тұяқтары қалмағаннан. Сонан барып бұл атадан Атай жалғыз. Өзінің қалай аман қалғандығын әлі күнге дейін түсінбейді. Нағашыларының қолына қарап, жаным қалды-ау деп ойлайды өзі. Онысы бұлыңғыр елес болса да есінде бар.

Сонан детдом өткен.

Онысы өлтірмеді.

* * *

Аруақ деген - рух...

Ілгері-кейінді бабаларымыз бізден гөрі рухты болса керек. Сол жығасыз рухы ел шетіне жау келіп тигенде білінген. Қиын-қыстау сондай күнде аруақты бабаларының есімдері ауызға ілінген. Қарқабат десе, құмырсқыдай быжынаған қара кесектер басын қоса қалған. Қанжығалылар Бөгенбайлап шапқан. Қабанбай деген айқай шықса, басын көтермейтін найман болмайды. Жайшылықта бір-бірімен сыйыспайтын Қоныштағай, Кәрсен, Керней аталары Машай деп атойласаң, тастай

ұйып түседі. Керней деп айқайласаң, бесіктегі баласына дейін жұдырығын түйіп жатады. Мұндайда саржамбас жатыс болмайды. Қазақ даласы басын солай көтерген. Бойын солай тіктеген.

Бүгінде сөйткен бабалардың үбір-шүбірі қашақ. Екінің бірінің әскерге барғысы жоқ. Мына иен даланың осыдан кейін келешегі барлығына сеніп көр.

Туған жерін, туған топырағын тастап, шетел асып жатқан қандас мұрынбоқтарымыз біліне бастады. Бесіктен белі шықпай жатып қағынан жерінетіндей не күн туды екен деген ой еріксіз жетелейді. Ұлдың мұндай ессіздігі қыздың қызылын өзгеге бұйыртып жатыр. Пішпе көрмеген қысық көздер біздің қызымызға арадай үймелеп берсін. Ол жыртиғандардың бір жөні болар-ау, олардан туған қысық көз жиендермен не істеу ерек?..

Сол жыртиғандардың бұтханы әйелін қазақ еліне кетіп аламын деп қорқытады екен. Ал керек болса?!

Мына жоңғарлардың түбіне сол қысық көздер жетті деп күмпідеседі тарихшы ағайындар. Жоқ, мың мәрте жоқ! Олардың түбіне жеткен - жиендер! Қазақ деген жиендері! Көмекей шалымыз «қатының болсын қалмақтан» деп көмейінен сөйлемеді ме? Екі қазақтың бірінің шешесі сонан қалмақ!.. Сол нәубет енді өзіміздің басымызға келе жатыр... Қысық көзді жиендеріміз әне-міне тақ таласына түсетін жасқа жетті.

Зәңгіге кеткен қызға үйренген едік, енді зәңгіден келінді болып жатырмыз. Ағарғанның орнына, сөйтіп қарайып жатқан жайымыз бар.

- Мұның қалай? - деген жандар бар.

- Олар да мұсылман ғой, - деп қарап тұрады бәтшағарлар.

Содан да қырда қику көп. Қалай жаз шығады, солай басталады. Алаулатып-жалаулатып бір-бірінен иық асырған астар өтеді. Ұранға аруақты бабаларын шығарады. Тайлы-тұяғымен атысады. Әркім қолдарынан келгенше атсалысады. Жүзген апарып жатқан ешкім жоқ. Кәрсендік қауқар әркімде бар.

Сандыбай атасына осымен үшінші рет ас беріліп жатса, оның осындай себебі бар болатын.

* * *

Әу баста Сандыбай баба ұрпақтары бас қосса, бір-бірімен білісуді, танысуды, бір ата балаларының үй болуда, басын кү-

рауда шалт қадам басудан сақтандыру, алып қалу мақсатын қойған.

Ол мақсаттарына жеткен сынды.

Сол аста туған қарындасын қатын еткен Атай шал сорасы ағып жылап тұрды... Оның көзінен қан ағып тұр еді...

Сол аста Сандыбай атасының үлкендері жеті атадан бері қосылған отбасыларын бір-бірінен айырды.

Сандыбай ата шалдарының көз көріп, құлақ естімеген бұл кесігі сайын даланы кезіп кете барды.

Біреулер сүйсінді...

Біреулер күрсінді...

Осы астың салқыны болар, ел ішінде ұйып тұрған отбасыларының ажырасулары болып жатты. Сотсыз. Айқай-шусыз.

Жер-жерде осындай астар өте бастады. Соларда Сандыбай баба ұрпақтарының әлгіндей құлаққа тосаң тиетін, жүрекке шемен боп қататын жайттарды бүркемелемей, ашық кеткені құпталды, көрсеткен жолдары үлгі болып ұсынылды.

Осы астан кейін ел әйел баласының ұрғашы ғана емес, қарындасы болуы мүмкін екендігін де бағамдады.

Сол асқа сауын айтқан беласқан ішінде болып, тоқсанның жуан ішіне кірген Атай шал қайтып төбе көрсетпеді.

- Тірі аруақ! - деді оны білетіндердің біреуі.

Беласқанда Сандыбай баба ұрпақтары түйнеш адамдарын белгілеген. Бата қайтаруға Атай шалды ыңғайластыра бастаған.

- Тірі аруақ бата қайырмайды, - деп тойтарып тастады біреуі

- Қайтармайды.... қайтармайды... - деп қалғандары көлгірсіген.

Бұған қосылмай, қалыс қалған аталар да болды. Олар - қуандықтар еді.

Қуандық пен Қаракесек елі бастарын нақ Арқада, оның сауыры осы Айыржалда түйістірген. Осы екі ата арасындағы жыныққан дау-дамайлардың өзі осында ың-шыңсыз шешіліп жатады.

Олардың көзге көрінбейтін шекаралары толып жатқан обалар арқылы айқындалып, нышандалған.

Айыржал елді мекені сондай нышанға жатады. Атай шал осы ауылда тұрады. Ауылдың тоқсаннан асқан батагөйі.

Ел шалды той-домалаққа сүйреткендей қылып апарады. Өйткені ауылдың жасы үлкен шалы - сол кісі. Сексенді айтпағанның өзінде, жетпістің желкесіне міне қойған шал жоқ. Шақты жеп қойған. Сонан барып елде жесір отырғандар көп, шал-шауқанға көз сүзген кемпір-сампырлар баршылық. Оған жетпегендері өзіндерін әлі қырма сақал санайды.

Қашанда отырған жерінен табылады. Бұлдану дегенді білмейді. Әлдекімдер сияқты өзінің бағасын асырып жатпайды. Ол кісінің батасын түсініп болғандар да жоқ. Отыз екі тістің тұтқылы ғана қалған.

Әйтеуір, ол кісі бата қайырғанда Аллаһ сөзі үш рет естіледі. Қалғаны мәлімсіз.

Мұндай жиынға түскен сырт адам бірден байқар еді. Басқаларының бір бөлектігін, Атай шалдың бір бөлектігін. Болмыстарының.

Ол кісінің күбірі таусылмайды.

Естіртіп айтқанын ешкім естіген емес.

Құлақ салғандар бар.

- Құран оқып отыр, - дер еді.

Сол-ақ екен, елдің ол кісіге деген құрметі қайта оралады...

Қаракесек ішінде Қылыш деген іргелі ата бар. Бұл кісі - осы атаның нәсілінен. Ел Қылыш деп түстегенімен, өздері Балдақ деп жұмсартады.

Қуандық, Қаракесек қатар жатқандықтан, бұлар сарысүйек, ұда болып кеткен. Содан да бұл екі елде ауыс-түйіс көп. Бірінің иенін бірі асырап отырған жайлары бар.

Қылыш, тіпті Қаракесек аталарының құрметі азайған кезе Атай шалды қуандықтар іліп әкегеді. Той-томалаққа. Құда-ыққа. Сол кезде қылыштар ұйқыларынан оянады. Сүйек намысына жығылады. Көтеу шалдарын қолдан түсірмей алып кетеді. Мұндайда екі жақ та Атайдың тірі аруақ екендігін ұмытып кетеді.

Шалға қолы жетпей қалған күндері қыжыртар еді.

Қай жағы болса да.

- Тірі аруаққа жарыды ғой... - деп.

Ал шал құлақ тіге қалған.

Кейінде сондай ғадет тапқан.

Бұл кепке Атай шал қырқылжың жасында ұшыраған.

Құлағынан сыбыр кетпейтін дерт кездесті.

Тұрған жерлері кезінде өндіріс ошағы болған. Үш-төрт шақты күндіз-түні арсыл-гүрсыл тірлігінен жаңылмайды. Соған орай олардың тұрмысы өзге жерлерге қарағанда қызылды болды. Іргелес жатқан ауылдардың еркек кіндіктері осындағы шақтыға жұмысқа кіруге өңмендеді. Алайда жұмысқа алу, алмау мәселесі Айыржалда емес, Мәскеуде шешілетін. Соған орай жұмысқа кіру мүмкіншілігі жоқтың қасы еді. Қандай себебінің бар екенін қайдам, әйтеуір, жұмысқа алынғандардың мамандығы бар болып шығатын. Ал жергілікті тұрғындар жер асты мамандығының біреуін мектеп қабырғасында жүріп игеретін. Соғыс жылдары осы жердің кені көбірек қазылды. Ел көз ілмей он сегіз сағаттан жұмыс істеді. Өндіретіндері вольфрам деген кен, қорғасыннан да мықты, қорғасыннан да зілді дейді. Мұздай құрсаңған жаудың танктерін тесіп өтеді-мыс. Содан да осы ауылдың еңсесі шалқақ. Бұлар көрініп тұрған жаумен осылайша көрінбей соғыс салып жатты.

Соғыс жылдарында бұл елге, ел тұрсын, бір үйге де қарақағаз келген жоқ. Өйткені бұлардан майданға барған жан болмады, Бұлардың еркек кіндіктері туа броньды болды.

Сол жылдары ауылды тау халқы басып қалды. Шешені қайсы, үнгіші қайсы, қарашайы қайсы - айырып болмайды Анығы - тау халқы, анығы - жүнтөстер. Өздерінің ауызбіршілігі тастай. Онымен қоймай ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге үйірсек. Сырт қараған көз олардың өмір сүруге таза бейімделгенін аңғарар еді. Өйткені олардың шақты астына түсіп, кен қопарғаны жоқ. Соған қарамастан жергілікті қазақтардан бірде кем тұрмады.

Солардың күндіз-түні таусылмайтын қауалаған дауыстары Атайға әсте ұнаған емес.

Олардың келмей жатып төрге оздаңдағанын жергілікті халық та жақтыра қоймаған. Жұмысты ғана білген шақтышылар олардан да жұмыс істеуді талап еткен.

Олар да отырып алған:

- Тірідей көрге түспейміз, - деп.

Содан барып жүнтөс атаулылар қыр үстіндегі әйелдер ат-

қаратын жеңіл-желпі жұмыстарға жегілді. Ол жұмыстағы әйелдер жер астына түсірілді.

Атай бастаған шақтышылар:

- Еркектердің жұмысын істесін! - деп күжілдеген.

Сөйтсе, оларға ондай жауапты жұмысты сеніп тапсыруға болмайды екен. Сол-ақ екен, жергілікті халық олардан іш жия бастаған. Қауалаған тіршіліктері ұсақ көрінген.

Олардың айналдыратыны - сауда. Өз арасындағы сауда. Біреуі сатады, екіншісі алып жатады. Соңынан қайдан алғандары белгісіз, тақта шайларды сатып жүрді. Іле көк қанттары жетті. Мұның екеуі де қыр қазақтары үшін таңсық болатын. Айыржалдықтар көнетін сырт салғанымен, олар солайынша қыр қазақтарымен алыс-беріс жасасып жатты.

Мұны Атай да, басқалары да ұнатпады. Солайынша іш тартқан іштей егес басталған.

Бір күні ауылдың түңлігі желп ете қалды:

- Жүнтөстер қызымыздың етегін ашып кетті! - деген.

Басқасы басқа, мұны Атайлар кеше алмаған. Құлағына сыбыр келген. Пішпе жаса деген.

Есіне емсек Дияқажы бабасы оралған. Рас болса, шібішке асылғаны үшін күйеу баласын піштіріп жіберген екен. Пішкенде артық қылған:

- Енді қарындасыма ермек бол!.. - деп айтыпты-мыс.

Сол күні-ақ олар әлгілердің текесымақтарын піштіріп жіберген. Шартық қылып.

Онымен қоймай, сөзден салған сәлемін де қоса жіберген:

- Дамбалының ауына ие болмағанның сыбағасы осы, - деп.

Жай күні бұттарына сыймай жүрген жүнтөстердің қауаласы көбейген. Ара-арасында:

- Әшір білә, Аллаһ!.. - деп қояды.

Мұнысы Аллаһтың атымен ант етемін дегендері. Неменеге анттасып жатқандарын өздері біледі.

Сонан біреуі ортаға ұмтылған. Елдің құлағында соның құлақжарды айқайы қалған:

- Ты живой труп!.. - деген.

Мұны құлаққа ілген Атай болмады. Төсегін үйінің төбесіне шығарды. Балтасын басына жастанды.

Құлағына тағы бір сыбыр келді.

Сонан бәкісін қайрасын:

- Әтек болғысы барлары келсін, - деп.

Құлағының сыбыры басылғанда аузының күбірі басталған.

Күнделікті өмірде мұнысы біліне қоймайды. Алайда өзінен бұл қалайша қашып құтылсын. Сонан ішкі дүниесі астан да кестен.

- Құс ауруымен ауырады, - деді ел.

Талай естіген әңгімесі. Өзі де солай деп ойлап қалған.

Бір күні құлағына сыбыр келген. Сапарға шық деген. Сонан әрі-бері ойлансын. Қайда барсам екен деп. Есіне Босағада тұратын Жамал есімді жалғыз апасы түсті. Апасы болғанда, жамағайыны. Кейінде тауып алғаны. Анықтап білсе, шөпшек апасы болып шықты. Жол тартып тұр екен. Сол күні апасының жерден өріп шығарған лашығының төрінде отырды. Көптен көрмеген жиендерін алдына алып, мәре-сәре болған да қалған Жездесі теміржолшы болса да, уақыт тауып ұсақ ұстайды екен. Соның тегене құйрықты біреуін жайратты да салды. Міне, қызық, құлағына тағы бір сыбыр келген.

- Алқымы түймелі екен, - деген.

Ал кеп ойлансын:

- Неге? - деп.

Қалай ойланса да шегіне шыға алмады. Бас ұстамаудың реті жоқ еді. Бұл үйге бас ұстамайтындай не күйеу емес, не жиен емес.

- Бисмилла, - деп басты алдына алған.

Алдымен құйқаның етегін аузына салған.

- Апама дұрыс қарап жүріңіз, -деп бір көзін жездесіне берді

- Бауырыңыздан көз жазып қалмаңыз, - деп екіншісін апасының аузына салды.

- Хабар үзілмесін, - деп екі құлақпен жиендерін түгендеді.

Бастың мишығын алғанда, көзі атыздай болған.

Миы тас болып семіп қалған екен.

- Мынау өлген қой екен... - деп жездесі ыңғайсыздансын.

- Зомби... - деді әлгі құлақ ұстаған жиенінің біреуі.

Апасы қоярда қоймастан қойдың миын толығынан келтірді. Ертесінде ұшынып тұрды. Амал қайсы, апасының үйі болса

да шалжиып кешегідей жата алмады.

Сонан сыбырды ғұмырлық серігі етті.

Сонан күбірді ғұмырлық серігі етті.

* * *

Мешіт дегендері айтарға ғана.

Ботай өзінің қонағасын сонда берді. Ел ырғын жиналды. Айтылмаған сөз қалмады. Тойда отырғандай ел өкіртсін көбік сөзді. Оларға сенсек, Ботайдан адал, Ботайдан мейірімді, Ботайдан қайырымды жан бұл өңірде жоқ екен.

Ботай деп отырғанымыз - сауданың адамы. Темір жолда біраз жыл дүкен ұстаған. Тоқсаныншы жылдары қазақ даласында мешіт салудан бәсеке басталғанда, әлде Меркі, әлде Созақтың біріне барып тіл сындырған. Осы сауаты өзіне мольна жетті. Бір-ақ күнде жүріп тұрған саудасынан аунап түсіп, мешітке кіріп алды.

- Саудасын қалай тәрк етті екен? - деп басын шайқады біреуі.

- Мұнысы саясат, - деді екіншісі.

Сонан былай Ботай тонын өзгертті. Енді кең пішілген ақ киіп жүретін болды. Басқа сәлде түсті, қолда таспиық жүрді. Үйренісіп қалған әлекей саудасын сөйтіп жүріп те тастамады.

Бүгінгі саудасы бұрынғысымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Кеше көр-жер сатып келсе, бүгінде қасиетті кітаптарды саудаға шығарып тұр. Жайнамаз да сонда, топы да сонда, иісмай да сонда, жұпар иісті тіс сықпасы да сонда, су тисе, көбіктене қалатын сабын да сонда, шапан екеш шапан да иін тіресіп тұр. Көңілі түссе, зәмзам суымен де қарасады.

Ел бұл өзі қалай болып кетті деп ой жүгірткенше, Ботай олардың көзін тағы жұмылдырды.

Һалаал дегенді шығарды...

Оған қараса, осыған дейін қазақ баласы һарамды талғажау етіп келіпті. Алғаш бетте тіксініп қалған ел артынша базарды айналып өтіп, соның дүкеніне үйірсектейтін болды. Сойыс малын көзіңше қасаптайды. Мұсылман жолымен батаңызды алады.

Мешіт адамды өзгертеді білем, кешегі Ботай адам танымас-тай болып өзгерген. Әуелі алғашқылардың бірі болып екі үйдің бірінде бола бермейтін көлдей қалы кілемін арқалап келді. Сонан соң мешіт құрылысына деп ашылған арнайы жәшікке

елдің көзінше атап тұрып бес мың теңгені атып ұрған. Мұнысын бір емес, бірнеше рет қайталап берсін. Қолына қарап отырған оншақты ұсағын да мешіт қажетіне жаратып жіберді. Құрбан айтта мәлігінің бас жібін осында әкеліп пешкен. Бұл енді Атымтай жомарттық болатын. Ел осынысы үшін оны төбесіне көтерді.

Қалай екенін қайдам, әйтеуір, Ботайдың мешітке не бергені, не әкелгені осылайша елге білініп тұрды.

Бір күні ел тағы шу ете қалған.

Ботай мешіттен шықпайды екен деп.

Мұндайда ел себеп іздегіш қой. Сол себепті аяқ астынан таба қойған.

- Мешітте дәріс алып жүр, - деді біреуі.

- Қосағын талақ етіпті, - деді екіншісі.

- Талақ деп айтатындай олар некеге тұрып па еді? - деп тағы біреуі шықсын.

Шамасы, ел осы біліп айтады-ау. Көп ұзамай басынан байлауышын тастамай, мешітке келіп жүретін келіншекпен басып түйістірді.

- Ботай мешіттен енді шығады, - деп тон пішті біреуі.

Ауыл сәуегейлерінің айтқандары келді де қалды. Енді мешітке ауылдың шетіндегі үйден қатынайды.

Мұның өзі ел ішіндегі сумақай сөздерге себеп болды.

- Теңін енді тапты, - деді ауылдастары.

- Ауылымызда мұсылман отбасы жоқ еді, дұрыс болды, - деп қоштады екіншісі.

-Бәтір-ау... - дегеннен әріге бармағандар таңдайларын қақты

- Тірі аруақ қой! - деп төртіншісі тыжырынды.

* * *

Атай шалдың осы Ботайда алашағы бар еді.

Күндер бойы жиналған. Айлар бойы жиналған. Жылдар бойы жиналған. Сомасын өзі де білмейді. Екі-үш қараның пұлын шығарып қалар деп жобалайды.

Шалды Ботаймен байланыстыратыны - жүріп тұрған саудасы. Мұның ішіп-жемі сол дүкеннен. Ай сайын алып тұратын зейнетақысын Ботай алады. Қалдық ақшасын айтып отырады.

Мұның тонын да жаңалап беретін сол. Қыл ақыры іштонин да сол жеткізеді. Біркіерін де реттеп беріп кетіп жүреді.

Тоңазытқышын да қарап қояды. Толмаса, толтырады, жетпесе, жеткізеді. Жылқы жарықтықтың сопақасынан үзбейді. Әсіресе қауашағын өзі жеткізіп тұрады. Бас, оның ішінде жылқының басы - мұның жеңсік асы. Сонан да бұл оған тәнті. Сонысына ақы сұрамайды. Бір жаққа шығар болса, бұтартарды да өзі тауып әкеледі. Не әкеліп тастаса да қаптап тастайды. Бұл үшін не істесе де тастай қылады.

Жасы келген адам емес пе?! Бұл сонысын ескерткен. Айтып керегі жоқ, бәрін орны-орнына келтірді.

Ақыреттігін Бұқардан алдырды.

Қалампырын Қиуадан келтірді.

Бұл өзінің қалауы болатын. Олай істейтіні - елдегі Абадай молда бақилыққа озарда дайындығын солай жасаған. Ол кісіге сенбеске лаж жоқ. Бұқарда он екі жыл оқыған. Ол кісінің бұл дүниенің шаруасымен жұмысы болмады. Тағы бір шаруасы елге тарататын матасы еді. Арқа қазақтары оны тәберік дейді.

Оның да реті келді.

Ботай пүліштен тау тұрғызды. Мұны көріп, шал да ризашылығын білдірген.

Ботай жаназасына шақырғанда бұл бас тарта алмаған.

Дәретін алса да болатын еді. Жоқ, құсылын алып, саптың алдыңғы қатарында тұрды.

Көп ұзатпай бұл дүниелік сауал басталған:

- Жақсы адам ба? - деген сауалдаушы.

- Жақсы адам!.. - деген жауаптаушылар.

- Жақсы адам...

Шал да үш рет қайталаған.

Шынымен оның жамандығын көрген жоқ.

Шынымен ол жақсы адам болатын.

- Ақыреттік қарыздарыңыз болса, айтыңыздар! - деген сауалдаушы.

Жаназада тұрғандар шуылдасып қоя берді:

- Алашағымыз жоқ... Алашағымыз жоқ... Алашағымыз жоқ...

-деп

Сонда ғана шалдың есіне алашағы түсті.

Ботайдағы...

Елдің өзіндегі...

* * *

Берешегін ойлап бір мүжілді.

Алашағын ойлап тағы таусылсын.

Жатса-тұрса көз алдында Ботай тұрып алды. Бұл білсе, ол мұның алашағын қайтарады. Сөйтіп жүргенде өзі келді.

Ботай шалды құлықсыз тыңдады.

- Мен кешегі Ботай емеспін, менің жаназамда ешкім қарызым бар деп айтпаған, - деді ол міз бақпастан.

- Мен де кешегі Атай емеспін, сені қарыздар ететіндей елден шыққан жоқпын, - деді бұл, - алайда алашағымның барлығын өзің де мойындап отырсың ғой.

- Бұл дүниенің қарызы о дүниеге кетпейді, - деді ол түсін берместен.

Бұл сонда барып өз қарызын ойлаған.

Ойлап отырса, бұл да елге қарыздар екен.

Оның ішінде Ботайға.

Тағы бір күні үйге Ботай келсін.

Бұл ондағы алашағын ойлаған.

- Тура өзімдікіндей мазар салып беремін, - деген.

Бұл селк ете түсті.

Ойлап қараса, озі салдырған ақыреттік үйінде орын да қалмапты-ау...

* * *

Атай шалдың түп-тұқиянын білгені кейінде.

Оған дейін ататегін білмек тұрсын, өзінің қазақ екендігіне де күмәні бар-ды. Шала естісінде нағашыларының қолында өскені есінде. Соңынан қалмай еріп жүретін бір қарындасы болатын Одан да хабарсыз. Бәлкім, болмаған да шығар...

Болса, одан қалай көз жазып қалғаны есінде қалмапты Детдомға қалай іліккенін де білмейді. Одан кейін де талай детдомның табалдырығын тоздырған.

Әу бастағы фамилиясы Айрджалин болатын. Осындай фамилия алып жүретін қазақ баласы болады деген ой басына келмепті. Кейін әзер дегенде Айыржалин деп түзеткен. Осынау фамилияны жаздырған адамға күніне мың мәрте рахматын жаудырады. Кім өткізсе де мұның жанашыры болған. Фамилиясы арқылы елін, жерін тауып алсын деген ғой.

Кейбіреулері ұлтын да түстей алмайды. Ешкім анықтап жазғызбаған. Құжаттарына орыс деп толтырған.

Детдом өмірі кең пішілген. Олпы-солпы.

Детдом бұларды өлтірмеді. Жарылқап та тастамады.

Детдомда кімдер болмады дейсің?! Ұрысы да, қарысы да соның ішінде. Содан жиі шекелеседі. Көптің іші болғандықтан, кіжініс көп. Оның арты қып-қызыл төбелес.

- Ты живой труп... - деп қылғынады жеңілгені.

Бұған еттері өліп кеткен. Алғаш қиқылдасып жатушы еді. Кейінде мәу демейтін болған.

Мұны төбелес шынықтырды. Бетті еді. Қайтпайтын төбелес-тен.

Шамасы келгенше өз ұлтына жанасуға ұмтылды. Алайда араларында қазағы құрғыры жоқ еді.

Детдомда өзінен үш жас кішілігі бар қара қызға қамқор болды. Ұлты белгісіз. Құжатында орыс деп жазылған. Аты-жөні де орысша. Светлана Ивановна Иванова... Алайда оның орыс емес екендігін бәрі біледі.

Сол қыз бұған үйірсек.

Қолына жарты жапырақ нан түссе, өзіне жүгіреді. Сонан да бұл оны қарындасындай күтті.

Сол қара қыз үшін бұл аз төбелескен жоқ.

Қабағы жарылып, мұрны сынса да мойымады.

- Ты живой труп, - деп қылғынады бұған жабылғандар.

Сөйтсе, олар қара қызға ұрғашы деп қараған екен ғой.

Бұл қарындасым деп білген.

Детдомнан шыққанда ел екеуін айыра алмаған-ды. Құшақтары тас болып қатып қалған.

Шыға, бұл тау-кен училищесіне ілікті. Қомақты стипендиясы бар.

Бәрі де мойындауға қатысты екен ғой. Бұл өзінің мына жалғандағы жалғыздығын мойындады. Құжатында әкесінің аты жазылмаған. Атай Айрджалин деп тұр.

Атаусыз Айыржалды қайдан тапшақ?!

Қайдан іздемек?!

Оқып жүрген сабағын бірден іліп әкетті. Құдай қаласа, жоғары оқу орнын да бітіреді. Ал әзірше осы оқуды жақсы тауысуы керек. Тұл жетімдігіне байланысты әскер қатарына алынбайтыны белгілі болып қалды. Оған кәдімгідей қуанды Светасы үшін. Өйткені ол қараусыз қалып қояды ғой.

Ол кездері жатақхана жоқ болатын. Бір кемпірдің үйін жалдап тұрды. Жалғызілікті кемпір бұған жақсы қарады Баласындай өбектеп, асты-үстіне түсті. Соқтауылдай үш ұлы, өзі айтатындай, Ванька шалы майданнан қайтпаған. Ел баба Варвара дейді екен...

Бір күні үйге Светаны ертіп келді. Баба Варварасы оған бір көргеннен жабысты да қалды. Енді бұл үйге қара қыздың келгіштеуі көбейді. Соңынан біржола тұрып қалды.

Бір бөлмесінде бұл жатады.

Бір бөлмесінде олар.

* * *

Соңынан ол да өзінің оқып жүрген училищесіне түсіп алды.

Оқу бітіретін мерзім де келген. Өзіне салса алыс өндіріс ошағына барғысы бар. Айыржал деген кен орны бар екен. Қарағанды облысында. Соған барғысы келген. Бұған ең алдымен оның атауы ыстық тартқан. Өйткені фамилиясы ұқсас.

Күреп ақша тапқысы келеді. Онысына баспана сатып алғысы келеді. Басын құрағысы келеді. Ал ондай ақша болса, әлгіндей өндіріс ошақтарында болады. Осы кезде көз алдында Светасы тұра қалады...

Алысқа кетер еді.

Алайда Светаны ойлайды. Алыс кетсе, жалғыз қалып қояды ғой деп. Қараусыз қалып қояды ғой деп.

Бұл осындағы тау-кен институтына лаборант болып орналасты. Жұмысы өзіне жақты. Күреп ақша таппаса да, табысы жаман емес. Осында жүріп Қаламқас деген қазақ қызымен танысты. Онысын Светадан жасырған жоқ. Бір күні лабораторияға таныстыруға алып барды. Бірақ олар жараспады.

Сол күні Светасы баба Варварадан бөлініп шығып, Атайдың бөлмесіне көшіп алды.

Ертесінде бұлар ерлі-зайыпты болып тұрды.

Светасы бұған жыл аралатпай, қатарынан үш ұлды туып бере салды.

Бұл өзін бақытты сезінген. Варвара кемпірдің айтуымен оған қазақша Сәуле деп ат та қойып алған.

Балалары баба Варвараның тәрбиесінде болды. Есімдерін де Сол кісі қойды. Соғыстан қайтпаған үш ұлының есімін берді. Алексей, Андрей, Василий деп. Төртіншісін туғанда міндетті түрде Иван болатын еді... Дядя Ванының құрметіне.

Екеуі де қол-аяғы балғадай бола тұра, тумалары туа әлжуаз болды. Дәрігерлерге көрсеткенде, олар ақыл кемістігін де анықтады.

Бұларға уайым солай кірді.

Әркім өздерінше уайымдады.

Көрінбеген дәрігерлері қалмады.

Варвара кемпірдің айтуымен жақын маңдағы бақсы-балгерлерді де адақтап шықты.

Енді екеуі дәрігерге көрінген. Бір кінәратымыз бар шығар деп.

- Сендер туыс болып шықтыңдар, - деді дәрігер, - оның ішінде жақын туыс, ағалы-қарындасты дегендейін...

- Бұл қалай? - деп, ал кеп Атай ойлансын.

- Мүмкін емес! - деп Сәулесі шыр-шыр етті.

- Бәрі де мүмкін-ау...

Варвара кемпір жылап тұр еді.

Сонан бастап бұлардың арасына сына түсті.

Алдымен бұлардың үлкен ұлы қайтыс болды.

Ортаншы ұл да көп тұрмады.

Сәулесі мұны көтере алмады. Айырылатынын білгендей, Василийді көзден таса қылмады. Тек соны көрді.

Атайдан жекелене бастады. Бәріне оны кінәлады.

Бұл болса іштен тыңды.

* * *

Енді бұл түзге ұмтылды. Мүмкін болған іссапарлардың біреуін де жібермеді. Сондай сапардың бірімен Арқа төсіне тартқан. Осында жүргенде баяғы Айыржал кеніші есіне оралған.

Облыс орталығынан екі жүз шақырымдай жерде екен. Арнайы соған барды.

Шағын ғана кеніш екен. Неге екені белгісіз, бірден іш тартсын. Бұрын осында болған сынды. Сонан түні бойы көз ілмеді. Таң атысымен дүкен барып, сәлем-сауқат алды. Осы ауылдың үлкендеріне сәлем берем деп. Ондағы ойы - біреу болмаса біреуі мені таныр ма екен дегендік. Жок, ешкім танымады. Бір таныса, кейуаналар таныр деп оларға да сәлем-сауқат алып сәлем салды. Бұл енді жасырмады. Мұнда не үшін келгендігін

Сол-ақ екен, енді бұған сәлем салушылар көбейді. Көбісі-кемпір-сампырлар.

Бір-бірінен айырылып қалған мұңлық жандар мұнда аз емес екен.

Біреуі бірден бас салған:

- Құдай көз жасымызды көрген-ау!.. - деп.

Мұның жүрегі тоқтап қала жаздады. Ел өздерін әзер айырды

Шатысқан екен кейуана.

Тағы біреуі бас салғанда, бұл селт етпеген. Көзін берген әзіз жан екен.

- Көкемнің көзі болмаса неғылсын? - деген әлгі кейуана.

- Мұрнынан күңгірлеп сөйлейтіні Жанбай көкеме келіп тұр, - деп және төндіріп қойды.

Бұл ойланып қалды. Өзінің мұрнынан сойлейтінін іші сезеді. Ал Сәулесінің күңгірлеп сойлейтінін бұрын да байқаған Байқайды, кейуананың өзі де мұрнынан сөйлейді екен. Туыс болсақ, туыс шығармыз деп қойды.

Сөйтсе, нағыз тумасы сол болып шықты.

- Басында орайы болушы еді...

Бұл селк етті. Өйткені Сәулесі шашын саусақтарымен тарап отырып:

- Сен екі әйел аласың, - деп сәуегейситін-ді.

- Қайдағыны айтпай... - бұл күйіп-пісетін.

Шыны сол. Сәулесін жанындай жақсы көреді. Сол Сәулесі айтар еді:

- Орайы бар адам екі әйел алады... - деп.

Сол сәуегейлік алдынан шығады деп ойлап па?

- Орайының түбінде нышаны болушы еді...

Бұл ар жағын білмейді де. Есінде қалғаны - әлгі кейуананы бас салғаны.

Жиналған қауым бұларды әзер ажыратып алған. Сол-ақ екен, басталған. Қазақы көріс. Сай-сүйегінді сырқыратады. Ауылдың жартысы мұнымен көріскен шығар. Сөйтсе, бар екен мұның тумалары. Осынау айыржалдықтардың бәрі болмаса да, дені тумаластары екен.

Бұл енді бәрін біле бастады. Әкесінің есімі Амантай екен. Атасы Жанбай дейді. Арқаның сіңірлі байларының бірі болыпты. Айыржал болыстығының болысы екен. Ал өзінің есімі Атай емес, Ақтай екен...

Ағы келіп бір қырыпты.

Қызылы келіп екі қырыпты.

Бәлшебектері келіп үш қырыпты.

Сәбеті келіп төрт қырыпты.

Содан да барып Жанбай әулетінен ешкім қалмаған. Тумаласым деп отырған әлгі кейуана шөпшектес апасы екен. Есімі Шәкен дейді.

Сол Шәкен апатайы сөз қыстырған.

- Сенімен бірге Сәуле деген қарындасың кетіп еді... - деп.

Бұл өзінің не болғанын білмей қалды. Бірдеңе деп міңгір-легенсіді.

Есін жиғанда басын шеңгелдеп ұстап отыр екен. Бәрі түсінікті болды деді іштей. Бұларды кім детдомға тапсырса да, көшелік танытқан екен. Ақтайды орысшалап керегі жоқ. Алайда қағыс естіп, Атай деп жазып жіберген. Сәулеге олардың тілі оратыла қоймайды. Сонан есімін орысшалап жіберген Света деп. Ал фамилиясын әдейілеп өзгерткен. Жау баласы деп қудаламасын деп...

Мұны есту ауыр еді.

Мұны естірту қиын еді.

Сәулеге.

Бұл қалаға асығудайын асыққан.

Keң қолтық жата алмады. Жұмыс бар дегендейін. Аманшылық болып жатса, сол жұмысын осында ауыстырып алмақшы. Білдей бір бөлімді беріп отыр. Сәулесіне де жұмыс ыңғайластырған.

Алматысына асығып-ақ жеткен. Қарсы алған ешкім болмады. Үйге келсе, баласы хәл үстінде екен. Баяғы сол ауру. Безгек

ұстағандай қалшыл. Осы кесел алғашқы екі баласын да алым тынған. Бұл дайындала бастады.

Айтып келген ажал алмай тынбады. Василий де Андрей мен Алексейдің соңынан кете барды.

Сәуле сұлқ түсті. Шашын да жұлған жоқ. Ойбай да салған жоқ. Мұны да беттен алмалы.

Күндіз-түні бір нүктеге қадалады да отырады. Кірпік қақпайды. Тағы да дәрігерлерге жүгінген. Олар бері қарайды дегенмен, қарамады. Кейін айкезбе деп шығарды.

Атайға бәрінен бұрын осынысы қиын тиді. Түнде үйден шығып кетеді. Таң ата орнына келіп жата қалады. Бұл қайда барып жүр екен деп ойлаған. Варвара кемпірмен екеулеп аңдысын кеп. Сөйтсе, балалардың басына барып отырады екен

Тағы да іштен тынған.

Айыржалдықтармен хабарласқан. Жол түспей тұр деп. Олар уақыт бар ғой деп кеңшілік жасаған.

* * *

Енді Сәулесімен айналысты. Варвара кемпірге көнбей, дәрігерлерді жағалады. Олар жындыханаға салуды кеңестеген. Бұл оған көне алмады.

Жапырақтардың сағақтарынан үзіле бастауымен Сәуленің де сырқаты күшейе түскен. Күшейгенде, баяғы сол зират басынан шықпайды. Түн суығына қарамайды, таң ызғарын да елең қылмайды. Қалай ымырт үйіріледі, солай сырқаты оянады. Ақыры дәрігерлер алып тынған. Жындыханаға жатқызды.

Бұл күнде барады.

Бара-бара ол бұларды танымайтын хәлге келді.

Бір барғанында тілі шыққан:

- Ты живой труп... - деген.

Бұл таң қалды.

- Неге? - деп.

- Твоя жена труп... - деген теріс қарап тұрған күйі.

Қайтып ол мұнымен тілдеспеді.

* * *

Кеншілердің басқалардан бір артықшылығы, зейнет демалысына да өзгелерден бұрын шығады.

Елден қалыспай бұл да шығып алған. Бұл енді бақилығын жиі ойлайтын ғадет тапқан. Ертеңгі күнін бұлдыр қылмайын деп жатар жерін ойластырған.

Ата-бабаларының қорымы ауылда. Біреуінің басында белгісі болса, екіншісінде жоқ. Бұл алдымен соларды түгендеді. Кәдімгідей мал шалып, дұға бағыштап, Құран оқыды. Темірден қоршау жасап, қабір топырағын аяқтықтан жоғары етті. Сонан ауылдың сақалдыларын жинап алып, бата алды.

Ертеңінде қорым басында киіз үй пайда бола кетті. Түңілдігі желпілдеп үш ай тұрды. Үш ай бойы есігі жабылмады. Үш ай бойы қазаны оттан түспеді. Басқыштап қаланған кірпіштер кәдімгідей қалып алып, мазардың сұлбасы айқындала бастаған. Ел сол кезде бір нәрсені түсінгендей болған. Көзі тірісінде басына бейіт тұрғызып жатқан бір Атай емес. Ондайлар ел іші болғандықтан кездесіп қалады. Алайда олары таза тұлдыр болатын. Ал Атайдың соңынан ерген мұрынбоғы бар.

Ел сөйтіп Атайдың шаруасын сан-саққа жүгіртіп жүргенде, әп-әдемі мазардың құрылысы аяқталып та біткен. Енді не істер деп жүргендерінде, мәрмәрден шабылған көктас та жеткен. Бұл жақтың қазағы бейіт басына қойылатын белгіні көктас деген. Сол көктасы құтты орнына қонғанда, ел ішінен тынған. Онда ойып тұрып:

«Руы - Қаракесек, оның ішінде Машай, Қылыш.

Амантай баласы Атай.

/12.12.1918,-..... 199../

Ескерткіш баласы Барлықтан»

деп жазылған.

Ел құтты болсын айтысып, Атай сөйтіп көңілін бір демдеген.

Соңғы санды көргендер:

- Мына шалдың сексеннен дәмесі бар екен, - дескен.

Енді бұл басқа ғадет тауып алды.

Құлық мінез танытып, қорымды айналшықтап жүріп алаынды шығарды. Күн өткен сайын ол өзінің сұңғыла бола бастағанын пайымдаған. Бүгінде осынау қабірстанда жатқан барша руақтарды түгендеп біткен. Мүмкіндігінше бәрінің басына белгі қойып шықты. Тұп-тура қырық бір төмпешік санаған.

Үлкенді-кішілі осынау төмпешіктер алғаш қарағанда берекесіздеу көрінгенімен, ондағы беймәлім бір заңдылық та бой көрсете бастаған. Аңдаса, әркім өз орнында жатыр. Туыстық қатысы бойынша, ата жолы бойынша. Байқағаны, жеті атаға

дейінгі ағайындар еңсесі биік-ақ екен. Одан кейінгі бой оздырғандары жамағайындары екен. Төмен етектеріне сонан барып кезек тиіпті.

Бұл жосық оған қатты әсер еткен. Дұрдараз немесе шығысқан ағайындарымен сәлемін түзулеген. Ол өзінің үлкен басын кішірейтуге арсынбады. Осындай бабалардан қалған жосықты тірілту Атай шалға, осы ауылға үлкен абырой әкелді. Сырт ағайындар осы ауылдың мұндай тірлігіне сүйсініс танытты. Отырған жерде айтып жүретінді шығарды.

Сөйтіп жүргенде Талпық ағайыны аяқ астынан жүріп кетті. Ауырмай, сырқамай. Жәутіктеу адам еді.

Заманның тарылған тұсы. Қайта құрудың шабандап тұрған кезі болатын. Сондай қырсыздық осы ауылдан да бой көрсете бастаған.

Өткен жолы Түсіп көршісі қайтқанда, бір сұмдық басын қылтитқан. Ел батаға жазылды. Алайда берерін бермей қалды. Өйткені бермегі қолдарында жоқ еді. Содан бастап бұл ауылда «отвечаю» деген шыққан.

Талпықтың артында қалған көгенкөздері өзін үйірсектеген, Қылыш атасының тізгіні осылайша Атай шалдың қолына көшейін деген.

Қонағасыға сойылған малды да өзі тапты. Іші құрғыры сезеді, батаға жиналған қаражаттың сойыс пұлын шығармайтынына Оның жауапкершілігін алдын ала алған да еді. Жетпегенін өз қалтасынан қосуға бойсұнған.

Арқада Қырбастың қызылшұнағы тұрған. Жерге тоң тұрып, оны қазу мүмкін болмай қалды. Талпықты қара жерге бере алмай, енді балалары пұшайман болсын.

- Көмусіз қалды деген осы, - деп қойды бір тумалас.

Бұл сөз Атай шалдың жүрегіне оқтай қа дал д ы. Өзіне арналған сөз екенін барша жан-тәнімен сезінген.

Бұл кеңшілік жасады.

- Түренді майтоңғаққа салыңдар! - деген.

Ел басқасын күтсе де, мұны күтпеген еді.

Майтоңғақ тұрар жер Атай шалдың бейітінің ішінде ғана екенін баршасы біліп тұрды. Соны ешқайсысы айта алмаған. Соны Атайдың өзі айтты-ау...

- Қарына сынды!.. - деді біреуі.

- Қанына тартты!.. - деген екіншісі.

Мұның болмысы солай екен.

Пайғамбар жасына іліккен жыл еді.

Баяғы ғадетпен қорымға барған. Ерте көктемді шығарып. Айналасын тазаласам деген ниет жетектеген. Алдымен бас сұққаны - өзі салдырған үйі еді. Көзіне бірден көктасы түскен. Өйткені өзінің қайтқан уақытына қонжытып тұрып «бір» санын түсіріпті. Майлы бояумен. Сонымен, мұның қайтқан жылы 1991 жыл болып шығып тұр. Басын шайқаған:

- Бұл жиендердің ісі болды... - деп.

Осыдан бастап Атай шалдың өзі де көзтүрткіге шыққан.

Ойын баласының өзі Атай шалды көрсе, қолын шошайтар еді:

- Тірі аруақ... - деп.

Келер қыс Арқа қазағын сарышұнақ аязымен қысты да тұрды. Жойдасын борасыны апталап жүрді. Қала қазағы солайынша қырмен байланысын үзіп алған.

Ауылдың өз тірлігі өзінде. Осы сарышұнақты күткендейін, көпей шалдың біреуі келместің кемесіне мінген. Қан жағынан келгенде, Атай шалдың жамағайыны еді.

Аяқ асты көрінбейтін ақтүтеkte елдің қылар қайласы таусылған. Сонан ел мейітті майтоңғаққа беруге бәтуаласқан. Атай шалдың өткен жолы жасаған кеңшілігін көрген ел бұған батыл барды. Кеңшілігін бұл жолы да жасайды деп.

Ал шалдың өзіне хабар бере алмады.

Шал қалада еді. Дәрігерге көрініп қайтам деген. Қайтпады.

Сонан ауруханада.

Телефон байланысы үзілген.

Рация байланысы Совет өкіметімен кеткен.

Бұл қайтып Сәулесін жындыханадан шығарып ала алмады.

Әуелі апта сайын барып тұрды.

Одан ай сайын барып тұрды.

Сөйтіп, жындыханаға бару сирексі берген.

Барар еді...

Бәрібір.

Енді ол мұны танымайды да. Оның көзімен қараса, мұндай адам бұл өмірде болмаған сияқты.

- Тірі аруақ... - деді Варвара кемпір.

Сәулеге қаратып.

Мұны қалада Варвара кемпір де, Варвара кемпірдің өсиет-теген үйі де ұстап қала алмады. Бұл елге тартқан.

Айыржал кенішіне...

Соқабасының сопиып келгенін ауыл жарата қоймады. Еріткен жаулықтысы жоқ. Жетектеген мұрынбоғы жоқ.

Қолында астарлы шамаданы да болмады. Ауылта сынық шеге қоспағанын жұрт солайынша біліп отырды.

Келе салып жамағайынның бірінің үйін түстемей, бірден кеңседен шыққан. Жұмысын жайлы еткен соң кеншілер жатақханасына орналасып алды.

Жамағайынмен сонан барып көрісті.

Қыр қазағы аңқылдақ келеді ғой. Іштей өкпелерін ұмытып та кеткен. Сонан шақырыс көбейген. Ерулік дей ме-ау, үй көрсетеміз дей ме-ау, табалдырық аттатамыз дей ме-ау, әйтеуір, жатақхана қарасын көрмейтін болған.

Енді бұл ойлансын. Жамағайынның қарымтасын қалай қайтарам деп. Мұндай ниеттенген жанның барар жері, әрине, не базары, не дүкені...

Ботаймен Атай солай танысқан.

Осындағы атшаптырым асхана соған қарайды екен. Дастарқанын қайыстырып тұрып, соны демалыс күні босатып берді

Атайдың жайған дастарқанына жарты Айыржал жиналын болар.

* * *

Мұның ауылды айналмасқа жөні жоқ сынды. Басына үй тұрғызды. Алдына мал салды.

Енші алған қазақтың соңы Атай емес болар. Елдің іштен тынғаны оның сопабастылығы еді. Соның жобасын ел батып сұрай алмайды. Алайда сұрайтын адамды тапқан сынды. Ол адамдары - Ботай.

Ботай мұның тамырын бассын.

Мұның да іштілігі бір басына жетерлік. Алдырмады.

Қашанғы жалғызілікті тұрсын. Қашанғы ыдыс-аяқты малшылап жүре берсін?!

Сонан бұл әйел іздесін. Тамақ пісіретін, кір жуатын, үй жинайтын...

Ондай әйел де табылды. Бірақ ешнәрсе өзгермеді.

Ел енді сол жалшы әйелдің тамырын басқан. Ал ол болса аузын басып, сыбырға бергісіз қылып:

Тірі аруақ... - десін.

Осыдан кейін ел Атайды жайына қойған.

Осыдан кейін ауылдың әйел ныспылары бұл өмірде Атай есімді еркектің барлығын ұмытқан.

Бір күні ел жалшы әйелдің бетіне нөкта түскенін аңғарған. Бұл қалай болды дегенше, ауруханаға түсіп қалсын. Аурухана болғанда - кәдімгі перзентханаға. Содан сарылып жеті ай жатты.

Атай жеті ай бойы күнбе-күн барып тұрды.

Күткен күні түйетолғақпен келген. Бала теріс келсін.

Дәрігерлер баланы сақтап қалды.

Анасы қайтып көз ашпады.

Арты дау-дамайлы болды.

Қайын жұрт жолатпады.

Заң жүзінде де жолай алмады.

Себеп жеткілікті. Ең бастысы, бұлар некеге отырмаған.

Жас нәресте қайынжұртта қалды.

Олардың бұған жасаған бір кеңшілігі болды.

Баланың есімін өзі қойды. Барлық деп.

Ататегі қайынжұртында қалды.

Ауылдың шала сауатты дүмше молдалары пендесінің азды-пті жасауы бір Аллаһының пәрменінен деп күмпiлдеседі.

Атай шалдың тоқсаннан асқан жасын көре алмаушылар бар. зі де Бір Жаратқаннан жас сұраған емес.

Абадай молданың айтқандары еміс-еміс есіне түседі.

Ол айтар еді:

- Аллаһ барша үмбетіне бірдей қараған. Берген ғұмырының ұзақтығы Қыдыр түнімен өлшенеді. Қыдыр түнінің сауабы мың айдың сауабындай. Ал ол болса сексен төрт жасқа тең... - деп.

Бұл содан шошымалы. Мұны да мәлімсіз сауалдар қамалаған. Сасамалы тоқсаннан асқан жасы бар.

Сонда бұл кімнің жасын жасап жатыр?

Артында ұрпағының болмағаны ма?

Барлықтың өзінің шаранасы болмағаны ғой...

-Тірі аруақ деген осы, - деді ол өзіне-өзі.
Бұрын айтпаған сөзі еді.

* * *

Содан Атай шал төсек тартып жатып қалды.
Көңіл сұраушылар ойдан да, қырдан да ағылды. Бұл солардың
ешқайсысын жаратпады.

Көңіл хошын кіргізетін Ботай ғана.

Сол бірнәрсе сезетін сыңды.

Бір күні сандырақтасын.

- Адам баласы бұл дүниеге құлшылық ету үшін жаралған, - деп

Содан Атай шал ширасын. Ширағанда, бес уақыт намазын
қаза қылмады. Ботай бастап құдайы дәмдерде жүрді.

Ерте көктемнен бастап киіз үй тігушілер қарасы бой көр-
сеткен.

Бір күні бұлар да киіз үй тікті.

- Бисмилла!.. - деп.

* * *

Ботай уәдесінде тұрды.

Күзге қарай Атай шалдың ақыреттік үйінің мұнарасы бәрінен
де бой асырды.

Осыған дейінгі мазараттағы Ботайдың ұшар мазары
мәстектенді де қалды.

Бүгінде Айыржал ауылы екіге бөлінген.


Бір бөлігі қабаттап үй-жай, қора-қопсы салып жатыр.

Бір бөлігі мазаратта мазар тұрғызып әуре.

- Тірі аруақтар!.. - деп қыжыртады қабаттап үй салып жат-
қандар.

- Біз де сендердей болғанбыз, - деп мазараттықтар да ұпай-
ларын жібермейді. Айыржалин ғой.


Қарағанды.
21-25.09.2004



Серік Сағынтай

КӨКТЕМНІҢ
МӨП-МӨЛДІР ТАМШЫСЫ

Әңгімелер және хикаят



Серік Сағынтай (құжат бойынша Айбат Сағынтайұлы Кептербаев) - 1976 жылы 11 желтоқсанда Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1992 жылы Қоңырат ауылында Қазыбек Нұржанов атындағы орта мектепті тамамдап, Жезқазғандағы Ө, Байқоңыров атындағы университеттің тарих-шет тілдер факультетіне түседі. 1997 жылы университетті бітірген соң, Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» («Тоқырауын тынысы») газетіне әдеби қызметкер болып орналасқан. 2000 жылдан Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газеті редакторының орынбасары, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, облыстық «Балқантау» газетінің бас редакторы, республикалық «Айқын», «Алаш айнасы» газеттерінің Қарағанды облысындағы меншікті тілішісі қызметтерін атқарған. Республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналының бас редакторы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

2003 жылы «Шабыт» халықаралық фестивалінде жұлделі 1-орынды иеленген (әдебиет номинациясы, проза).

2005 жылы «Зерде» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық жыр мүшәйрасының бірінші жұлдегері.

2009 жылы Жаңаарқа ауданының 80 жылдығына, Жазушылар одағының 75 жылдығына арнап өткізілген республикалық мүшайрада 2-орынды иеленген.

Бұдан өзге, облыстық, республикалық жыр додаларының бірнеше дүркін жеңімпазы.

«Жазу», «Фәни-құс» атты өлеңдер жинағы, «Карга» атты әңгімелер жинағы жарық көрген.

ҚАРҒА

«Бывают дни, когда человек вселяет в меня ужас...»

Жан Поль Сартр

«Ей, ұшып жүрген қара кітап...»

Мұхаммет Салық

...Қарғалар өзара сөйлеседі екен. Қарқ-қарқ етіп, қиялай ұшып бара жатқанда, маңындағы тамырына әлденені ескертіп айтады-мыс. Не айтатынын кім білген?! Өз кебімізге түсіріп, «Қу құлқын шығар?» дейміз кейіп. «Қарқ-қарқ. Кеттік. Егістік жаққа барып қайтайық, туыстарымыз келе бастаған сыңайлы. Бұл қораның маңында аса мардымды тағам жоқ тәрізді, қарқ-қарқ...» Не айтады дейсің басқа?!

Бұл қарғаны әңгіме етпеген жан жоқ болар жер бетінде. «Қарғалар жүр қарда қара нүкте боп...» деп ақындар жырына салып, ойын тұздықтады. «Сен бақыттысың, күллі дүниенің үстінен саңғыт-е-еп, қарап отырған...» деді. «Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде...» деп бипаз басталып, шырқай кететін енді естіп келеміз ертеден. Ал қарғалардың сөйлесіп жүретіні туралы әлдебір орнитолог-жазушының, әлде ғалымның кітабынан оқығанбыз. Жазушымыз Песков па, Зверев пе, әлде Сетон-Томпсон ба?! Ал ғалым тіпті ойда жоқ. Ойда тек қарғаның Сөйлесетіні ғана қалыпты. Қарғаның тілін кім ұққан?! Тіпті сөздік қоры бай халық болсын, одан не табамыз? Қазақтың тілі байи ма одан? «Қарғаның тілімен айтқанда, Сіз, қарқ...» деп басталатын әңгіме не береді бізге? Сосын, мақал-мәтел. Қарға

туралы. Аз-маз бар екен. «Қарға қарғаның көзін шұқымайды Боқ шұқығыш қарға жанындағы дастарқандасының көзін шұқығаны туралы факті тіркелмепті тарихта. Әйтпесе қазақ айтатын еді: «Қарға қарғаның да көзін шұқиды» деп. «Қарға баласын аппағым дер, кірпі...» Қарғаның тілінде «аппақ» деген сөз бар шығар? «Тозған қазды топтанған қарға алады». Көне түркі мақалы. Іздей берсем, біраз табатын тәріздімін. "Қарғалы" деген ауыл да бар. Ақшатау жағында болатын. Қарғасы көп болды ма екен? Әлде этимологиясы қарғаға қатысы жоқ, әшейін дыбыс үндестігіне қарап, біз солай ойлаймыз ба? Қайткенде де қатысы бар болар...

Қарғаның түрі, тұқым-атасы жайлы да таратып әңгіме қылса, бір таң отыруға болатындай. Ұзақ қарға, ала қарға, көк қарға, құзғын т.т... Өзара жамағайын, туыс, жекжат, әйтеуір, бір қарға тамырлы жүрат. Біз де. «Қарға тамырлы қазақпыз» дейміз. Сірә қарғаның ұзақ жасайтынына қарап, тегіміз алыстан туысатынын меңзеп айтармыз...

Қарға туралы, осы замандағы кез келген құзғын туралы айтқым келсе, аталарым есіме түседі. Үш жүз жыл жасап келе жатқан кәрі қарға атамның атасын көрген шығар?! Көктемеде жасыл шалғынды жапырып, жазға қадам басқанда, қытымыр қыста, жайлауы қырқылған күзде қарқ-қарқ етіп, құрығынан үркіп ұшқан шығар?! «Ей, құзғын, атам жайлы айтшы мағам Айтшы маған, әжелерім жайлы, әкелерім туралы. Атамның мен көрмеген мыңғырған малы мен аңсақ төбеттерін. Қыс қыстауы мен жаз жайлауы қандай еді?! Арқаның қожыр-қожыр тасты қоңыр тауларының бұйраттарынан қашқан түлкі-қарсағы мен ізім-қайым жоғалған киіктер туралы айтшы...» «Қарқ-қарқ Қарр-ққ. Ғғарығқ. Қғғар-рррқ» дейді қарға. Айтты-ау деймін Мен ғой түсінбейтін. Адамның тілін әзер ұғамыз. Қарғаның тілін қайдан білейін. Бірақ...

Бірақ бірде қарғаның аузынан, жаңылам, тұмсығынан шыққан үннің бәрін ұға кеттім. Бір топ қарға еді. Жабыла жалбарынғандары, шырқырай шыққан үндері керемет ұғынықты еді. Қарғалар адамнан да түсінікті тілде сөйлейді екен...

Сарыесіктің жазығы Қояншоқидан өзенге қарата қодыра шөпті, ерменді боп кетеді. Топ тобылғысына қараған араласа,

күбі ыстар майлы бұта тікенекті тапал тоғайға айналады. Еспе құм да емес, топырағы майлы. Бірақ қодыра шөп, жусан басқан. Мұндай топыраққа көде байланатын, шалғынымен шұрай бітетін. Совхоз ыдыраған соң төрт-бес жыл жапырылмай жатты. Бір жылы өртеніп кетіп, келер көктемеде көдесі ту бітіп, жасыл Жазираға айналар деп күткен ел. Олай болмады. Тусырап, шала иленген тулақ құсап, қаудырап жатты. Тобылғының түбірі қалып, қарағанның қаңқасы жасыл тікен-тырнағын сойдитты. Арыған өзеннің жел жемірген жарына қаңбақ паналап, қаңғыбас құйын шаң көтергенде, бұлғаққа араласа кететін. Сол жазықты былтыр ерте көктемде Жәкем әкімнен қағаздап, қалап алғанда, біздің ауылдың білгіштері жағасын ұстады. «Қу тақырға қала салайын деп жүр ме? Анау жылы қарбыз еккен кәрістер темекі есіріп, оған жуа ма, пияз ба, әйгеуір, өздері қуырып жейтін ащы бірдеңелерін қоса отырғызып, ақыры шөп шықпастай ғып кеткенін біледі ғой». «Әй, бұл түйе асырайын деп жүр». «Түйе асыраса, қуырдаққа қарық қылады да...» Жәкем ауыл көшесіндегі пыш-пышты елең қылған жоқ. Екі ұлын, оларға мені қосып, көлігіне тиеп ап, жазыққа тартты. Сонау жылы кәрістер паналаған вагонның салабасына барып түмсық тіредік. Кинодан көрегін Американың әлдебір штатындағы иесіз түлей түз елес берді. Жұлынына бұлғақ кіріп, будан боп кеткен мақұлықтар жан-жақтан келетін сынды, сілекейін шұбыртып. Әуелі үрке қарайды. Сосын, сәл қозғалсаң болды, көмейінен зілді күрсініс секілді үн шығарып, дір-дір етісе қалады. Келесі сәт... Жо-жоқ, ондай ештеңе де болмайды. Менің сырқат санамнан туған қияли елестер қозғала бастағанда, Жәкем тіл қатты.

- Мына ел мені ақымақ санап жүр. Өздерінің шайнам ақылдары жоқ. Бұл жер өздерің сегіз-тоғыз оқығанда суармалы бақша болған, естеріңде ме? Жылына бірер мәрте қаладан әкелетін қарбызға, капустаға мәз боп жүргенде, бір жылдың ішінде көк түйнектің астында қалып едік қой. Әй, Әділ, қарбызды сұрап бір, ұрлап екі жеп, ішің өтіп, шайдың самасын шайнап, эзер тірі қалғаның есінде ме?..

Ол, әрине, менің есімде. «Сонда Жәкем кәрістер құсап, қарбыз отырғызбақ қой...»

- Өзеннен тартылған тұрбаның сілемін көрдіңдер ме? Әлі ешкім қазып алған жоқ. Қазбай тұрғанда мен басып қалдым.

Өзі - нержавейка. Бір су соратын мотор аламыз да, өзеннен су айдаймыз. Суармалы бақша жасаймыз. Ел құсап картоп, қияр салмаймыз. Күнбағыс отырғызамыз. Ано-о-оу жарға дейін (қолымен Төрешоқы беттегі сирек тал біткен жарлауытты нұсқады) үлкен плантация болады. Күнбағыс жайқалады әлі бұл жерде. Пістесіне тоясыңдар. Сусыз жерде қуырып, сулы жерде асып дегендей. Сабағы да іске асады. Шекілдеуіктің майын шылқытып шығаратын зауыт саламыз. Қытайдағы досым май сығатын аппарат әкеп берем деген. Қалбаға да тоясыңдар Түсінікті ме? Ел оттай берсін...

Таңдайымды суырып бара жатқан тәтті қарбыздың дәмі шемішкенің қабығы боп жабысып қалды. Алғашқы күндер ат шаптырым алапты қоршаумен кеткен. «Сұғанақ сиырдан, оқалақ бұған мәлік келгірлерден». Ол екі арада Жәкем қаладан екі қап дән әкеп, жер жыртып дегендей, мотормен су шығарып, жұмыс басты боп кетті. «Күнбағыс үшін де жер жыртады екен-ау» деймін ішімнен. Ақыры, дән себу басталды. Қаптан бір шелектей қуырылмаған аппақ дәнді етегіне толтырып алып, Жәкем алға түседі, соңында біріміз дәндерді таратып, екіншіміз көміп, еріп отырамыз. Бейнет. Іш пыстыратын, көзге көрінбейтін жұмыс. Ақыры, аяқтадық. Қаптағы қалған шикі пістені шағып жеп, қарық болғанбыз. Тоқымдай жерге картоп егілді. Алашадай жерге қияр, тебінгідей жерге сәбіз сіңірілді. Қоршауды жағалай қарағаш шыбықтарын қададық. Сонымен, тәмам. Мен қалаға оралдым. Жәкем балаларымен ауылдың алыпқашпа әңгімесінің өтінде қала берген...

* * *

...Қарғаны қолға үйретіп, жемдеп, тұқымын сұрыптап, қап-қарасын аласымен будандастырып, жыл аралатып тағы сұрыптап, бәлкім, қараңғыда ұстай ма, тамағына маңызды мәзір ойластыра ма, қайткенде де ақ қарға тұқымын шығаруға бола ма екен? Ақ қарға. Шағаладай. «Аққудай» деуге ауыз бармайды. Тұмсығына дейін аппақ болса. Бұлар өзі неге қап-қара, меңсіз мақпал қара, түннің, мәңгілік түнектің түсіндей болады екен? Мынау ақ дүниенің алғаусыз ақ кеудесіндегі дық секілді қап-қара дақ, ноқат. Қара мең. Бәлкім, ақ дүниенің қарақотырланған жарасы ма? Адам баласы өзімен ежеттес мақұлықтардың жасын

сұрайтыны туралы аңыз бар еді ғой. Сонда маймылмен шектеле қалмай, қарғаның жасын сұрап, оны жаратушымыз бере салып, содан қарқ-қарқ етіп, тұмсығыңды нәжіске тығып... Жо-жоқ! «Қарқ-қарқ етіп қарға ұшқанда басымнан өкінгенмін, өстіп талай басылғам...» дейді ақын дос. Неден өкінді екен? Жасының кемдігіне ме? Әйтеуір, қарға туралы әңгіменің бір шеті өкінішке кеп тіреледі. Қалада, далада да құзғын көрсең, ескі бір елестер тірілетіндей. Сол жылы ауылға барып, күнбағыс плантациясын қорығандағы өкініш естен кетпес...

* * *

«Айда аял жоқ, жылда...» Бір айдан астам өткесін қаладан келдім. Сағынбаппын ауылды. Білмеймін неге екенін? «Күнбағыс плантациясы не болды екен?» деген ырықсыз ынтық қана бар. Ауылдағы үйдің есігінде құлып тұр. Көрші сары тісін көрсете күлді: «Көкең бақшасында. Байлығын қорып жүр. Қатын-баласымен көшіп кеткен». Жүк дейтін жүгім де жоқ-тын. Шүмектен су сыңғытып ап, тартып отырдым. Ынтызарым күшейіп барады. «Бәрі кеткеніне қарағанда, жұмыс қырғын болар? Тәтем де сонда болса, рас солай болды ғой...» Ойлағаным қиыс кетпеген екен. Сарыесіктің тапал шоқысына шыққан бетте сонадайдан көзге шалынды. Плантация. Кинодан көретін күнбағыс плантациясы. Етегі жусан түсті боз жасыл, сәл ырғалған бастарынан сары күлтелі жапырақтары тұтасып, тусырған далаға өзгеше өң берген. Тұра жүгірдім. «Жәке, жарайсың! Қызық болды ғой!»

Түс әлеті болатын. Демалып жатыр екен. Жапырлай аман-дасқанымен, қабақтары сәлең. Қуаныш, туысын көргенде жылт ойнар жанар жарқылын іздеп, бәріне қараймын кезекпен. Жүздері шаршаулы, жанарларында шарасыздық бар секілді. «Не болған сендерге? Жұмыс ауыр ма? Керемет шығыпты ғой?» деймін асыға. «Е, қазір көресің қызықты» деді Жәкем. «Қызығы» расында қырғын боп шықты. Түскі астан кешіккесін, қазан түбіндегі майы қата бастаған ешкі етінен бірер мәрте қарбытқаным сол еді, Жәкем балалары бір-біріне елеңдей қарасып, сыртқа ата-ата шықты. Мен де ілестім. Өзен жақ беттен құс қайтарда топталатындай қарақұрымданып, жүздеген қарға келеді қарқылдай ұшып. «Қарқ-қарқ. Жан-жақтан қаумалап,

естерін тандырайық. Қарқ-қарқ» деді-ау деймін бірі. Оны бәрі қостаған секілді. Әп-сәтте сабақтары пісте тұнған қауашағын әзер көтеріп тұрған егістік алабына, күнбағыстардың иілген бастарына жапырлай қона бастады. Бауырларым шатырдың іргесіндегі бос шелек, бақыраш-тегештерді, бір-бір шыңдауыл темірді ала-сала атандай ұмтылған. Қарғаның қарқылына шың темірдің қаңғыр-күңгірі қосылып, аспан асты айғай-сүрен қиқуға толды. Салыға шаршаған Жәкем «Неғып тұрсың? Көрдің бе?» дегендей мұная қарады...

Қарағашқа ұя салған, болмаса, қар үстінде күреске түсетін балуандай талтаңдап жүрер қарғаны талай көргенмін. Қара пәленің күнбағыстың басына қонғанын тұңғыш аңдауым Күнге мойын созып жетіліп, күнжарасы толғанда, пістесі пісіп, піскеніне қысылғандай басы салбырай кететін, жасыл түгі дымқыл шырышпен шыланып тұратын сабағы қатын, қуыс таяқ қурайға тарта бастаған күнбағысты үй қаздарын аулар машықпен мойнынан ағаш қылышпен бір ұрып, жерге топ еткізіп, жинайтынбыз. Сол «Иілген басты қылыш кеспек болар» деп тұрған бейкүнә сидаң сырыққа, сырықтың басында салбыраған пістелі табаққа қарғекең жарбиып қона кетеді. Қона кетеді де, сол аяғына салмағын салып, оң сирағын ырғап ырғап, сояу тырнағын батыра құламастай жайғасады. Сосын, төменге үңіліп, иіле кетіп, шоқып ала бермек. Шырт еткізіп шаққаны кедейдің бит сыққанындай. Жер жаралып, су аққалы пісте шағып жүрген секілді. Кейде жанына тақап келсең, қып-қызыл көзімен ата қарап, «қғарққ» дейді де, аспанға атылады. Есіл еңбек - рәсуа. Жәкем жыларман. Балалар шаршаулы. Қарға қаптап келеді. Күн санап көбейетін тәрізді. Жеке-жеке топқа бөлініп-ап, бәсекені қыздырып жүрген сыңайлы. Жарты жалғанның құзғыны осында шығар. Қара түннің қалақтай-қалақтай қиыңдылары аспаннан пашырай түсіп, жарықтың жүзіне қадалып жатыр. Күнбағыс күннің көшірмесі де, қара қарға түн-түнектің елшілері секілді. «Әлімсақтан осылай. Ақ пен қараның шайқасы». Мен сол айқастың бас куәгері тәріздімін Дәрмен жоқ...

Шарасыздық шалдықтырған Жәкемді ауылдағы Қабыл досы іздеп келсін бір күні. Қан майданның өтінде жүргенде келді. Қараборбайланып, қажыған бізге мысқылмен қарап тұрды-ау.

- Осы қарғадан құтылудың амалын айтсам, не бересің, Жәке?
деді сәл тыныстан соң.

- Е, сұрағаныңды ал...

- Онда маған үш қаз үйітіп бересің.

- Қаз сөз боп па, үш жүз қарға қосып үйітіп берейін, - дейді Жәкем күйініп.

- Қап, арзандау айтып қойдым. Дегенмен барға қанағат. Ал енді бәрің бері келіңдер, - деп, бізді ашық алаңға бастады білгішбек. Қарғалар назар аудармасымызды аңдап, хан Талапайды қыздыра бастаған.

- Қарға аулау білесіңдер ме?

- Білеміз, білеміз. Тұзақпен... сақпанмен атып аламыз...

Тормен аулауға болады...

Онда бәрің жабылып, оншақты қарға ұстап әкеліңдер. Бұл бірінші жұмыстарың. Жәке, жүр, совхозға барып қайтайық.

Үлкендер кетісімен жаңа ауға - үлкен жорыққа аттанардай қамдандық. Әділ тіпті бет-аузына қара бояу жағып, үндістердің ұрыс алдындағы биін салып, ойқастап қояды. Өзеннен кеше алған ауды алып келдік. Паршалап, бөліп алыстық. Біріміз ақпан сайладық. Торды бірнеше күнбағыстың басына шәліше орап, бір ұшын жерге қазықпен қағып, атпен тартсаң, шықпастай еттік. Сосын тұзақ, тор құрылған «миналанған квадратқа» қуа бастадық қарғаларды. Айналасы бір сағатта он үш қарға пұшайман боп тұтқынға түсті. Сол сәт Сарыесіктен Жәкем машинасының шаңы көрінген. Тұтқын қарғаларды сирақтарынан тізіп, бар сән-салтанатпен қарсы алдық. Тәтем үйде қалыпты. Жәкемнің көзінде ұрлықы ұшқын ойнайды. Әлсін-әлсін жымиып қоя ма, қайтеді?! Сірә, отты судан жұтқан. Қабыл да жымыңдап, бізді марапаттап жатыр.

- Машинадағы музыкальный аппаратты түсіріңдер.

Біз бір-бірімізге үрке қарастық. «Дискотека?!»

- Болыңдар, ей. Моторды қосып, аулақтау апарып, сым тартыңдар шатырға. Қазір студияда «Алтын қорға» әншілердің даусын жазамыз.

Түк түсінбеген қалпымызда Жәкем көктемде кредитке алған күйсандықты шаң-шаң шатырдың төріне жайғастырдық.

- Қарғаларың семіз екен. Қазір көреміз бұлардың әуселесін.

Ұлдар, сендер қарап тұрмай, бір-бір шеге, біз алыңдар

қолдарыңа. Қарғаның қос сирағынан, қанатынан байлап, керіп тастаңдар...

Құпиялы қойылымның мәнін енді түсіне бастаған тәріздімін. Бірақ күйсандық неге керек?! Он үш қарға шатыр дың ши төселген еденіне керіліп тасталды. Дауыстары жалынышты шығатын тәрізді. Тегін пістеге семірген талтанбайлар тағдырлары не боларын ойлайды ма, бастарына төнген зауалды күнге өкініш білдіре ме, қайткенде де, үндері жасыған. Тыпыр-тыпыр етісіп, сабаланып, шатыр ішін шаңдатып та жіберді.

- Қазір бастаймыз. Мен мына магнитофонға, таспаға жазуды бастаған сәтте қолдарыңдағы шегемен қарғаларды басқа-көзге қарамай піскілейсіңдер. Дауысынан қорықпаңдар. Бәлемдердің үндерін жазып алып, басқа қарғаларға тыңдатамыз. Сосын, келіп көрсін бұл маңға! Ал кеттік...

Күйсандықтың тетігі шырт ете қалғанда, Жәкемнің қолындағы көр шеге алдындағы қарғаның төсіне кірші етіп қадалды. «Қғғғғ-ғғарrrrrrr!» деген аса аянышты үн құлақты тесіп, миыма шағылды. Орнымнан қалай ұшып тұрғанымды білмеймін. Бәріміз сілейіп қалыппыз. Төсіне темір кірген бейбақ құйқа шымырлатар үнмен бебеулеп жатыр. «Не қарап тұрсыңдар!» Қабыл айғай сала, ұрандап, менің қолымдағы бізді жұлып алып, жерде сілейіп жатқан қарғаға пісіп-пісіп жіберді. «Қrrrrrr-ғғакққ! Қиқққ-ғғарrrрқ! Қаққ-қаққ!» Қарға жылап жатқан секілді. Қарға жанына батқан жарадан аһ ұрып, айғайлап, көмек сұрағандай болды. Сол сәтте қанды топалаң басталды да кетті. Оң жақтан да, сол жақтан да тозақ үні, топырлай шаңдатып, қарға өлтіру ойыны қызып жатты. Қолыма қайдан іліккені белгісіз, әлдебір қисық шегемен бір бейбақты мен де піскілеп-ақ жатыр екем. «Жетер!» Жәкемнің дауысы. Қолы, бет-аузы, киімі қан-қан. Қансыраған қарғалар жабыла жалбарынып, ойбайлап жатты. Мұндай зар-зәһар дауысты туғалы естімеген екем. Қолымдағы қисық шегенің таттанған ұшынан қап-қара қан тамшылап тұр. Құлағымда тозақ үні. Қарғаның үніне Әділдің бақыра жылағаны қосылды. О, бұл неткен бақытсыз үн еді! Қара қауырсындары шашыла, жұдырықтай ғана денелері қанға малшынған бейбақтар өзара бақұлдасып жатты-ау деймін. «Қғғ-ғарққ. Өлдім. Өлдім. Өлдім! Қарғыс атсын! Қарrrrr-ғыс атсссын, адам атаулыны! Қққққайдасыңдар, балапандарым?

Өлдім!» деп зарлады бір кәрі күзғын. «Қғғғаааа-ааа-ааааа! Қап! Қаррр-ғыс тіледім!» «Өлдім! Өлдім!» деп жыласты қарғалар. Үш жүз, үш мың, үш жүз мың жылдар бойы бойына жинап келген қаралы қарғыстар атылды қарғалардың жүрегінен. Тозақтың бар тұрғыны арқалаған аһ ұрған ажал зары төгілді қарғалардың үнінен.

Қабыл қан-қан қолымен күйсандықты тоқтатты.

- Қарғаларды шығарып, босатып жіберіңдер. Неге сілейіп тұрсыңдар!

Жәкем тілін жұтқан адамдай түнеріп барып, қарғаларды далаға лақтырып тастады. Үлкен ұл балтамен жіптерді қиды Төрт бейбақ әлсіз қарқылдай, қалбаңдай ұша-қона күнбағыс арасына сіңді. Қалғаны қанаттарын сабалап, орындарында тыпырлайды. Дауыстары жыламсырай шығып, ақыры тыншыған болды.

- Жақсы жазылыпты! Магнитофоның керемет екен. Бәле, Әділдің де дауысы араласып кетіпті ғой. Ха-ха-ха! - Қойылымның бас режиссері айран-асыр, маз-мейрам.

Әлгінде ғана өз қандарына тойған бейбақтардың жантәсілім етердегі үндері таспаға ап-анық жазылыпты.

- Магнитофонды далаға шығарыңдар. Бар даусымен барқырата қосыңдар. Тыңдасын құс атаулы!

Қабыл арман ісі орындалған жандай разы рәуіште. Жәкем мен үлкен ұл сүйретіліп барып, күйсандықты тысқа шығарды. Аспан астын тозақ үні тітіретті тағы да. Сол сәтте...

Сол сәтте Сарыесік алабын жайлаған қарға атаулы таспадағы тозақ үніне қосыла қарқылдап, өзенге, одан әрідегі қоңыр тауларға қарай атылған бытыраша тым-тырақай ұшты.

...Қарғалар өзара сөйлеседі екен. Өзара тіл қатысып, жанына жаққан жайды, жанына батқан қайғыны бөліседі екен.

Кешкісін қос басында Әділ екеуіміз қалып, өзгелер совхоз орталығына оралды. Қабыл қарғаға ажал әкелген қаздың өзі ертең ішер сорпасын мақтап, Жәкеме «қара пәледен құтылғаныңды жуасың» деп көлігіне жайғасты. Біз екеулеп жүріп, қарғаларды көміп тастадық. Қалыңға сіңгендері таптырмады.

* * *

Сол жылы Жәкемнің шекілдеуік майын шығаратын шағын зауыты іске қосылды...

Күйсандық күніне төрт-бес мәрте ойнатылады...

Сарыесік алабында қарға тұрмақ, құс атаулы қалмады...

Келер жаз Әділ бала суға кетіп қайтыс болды. Тәнін таба алмадық...

Ойыма Құран Кәрімдегі «Мәида» сүресі шертетін ескі аңыз оралады:

«Мұхаммед саллаллаһу ғалайһм уа саллам оларға Адам (ғ.с)-ның екі ұлының әңгімесін шынайы түрде оқы деді. Сол уақиғада екеуі Аллаға жақындық үшін құрбан шалған еді. Сонда біреуінен қабылданып, екіншісінен қабылданбаған еді (Құрбаны қабылданбаған Қабыл еді). Әлбетте, «мен сені өлтіремін» деді. Сонда Әбіл «Алла сөзсіз тақуалардың құрбанын қабыл етеді» деді. «Сен мені шын өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз мен әлемдердің Раббы Алладан қорқамын!» «Сөзсіз, мен сенің өз күнәң мен менің күнәмді жүктеп, тозақтық болуыңды қаламаймын. Осы, залымдардың жазасы». Сонда оның нәпсісі туысын өлтіруге қызықтырды да, ол оны өлтіріп, зиянға ұшыраушылардан болды. (Адам ғ.с. егіз ұл-қыздарды ауыстырып үйлендіреді екен. Бірақ Қабыл өз сыңарымды аламын деп, Әбіл екеуі серттесіп, құрбан шалғанда, құрбаны қабылданбаған Қабыл Әбілді өлтіріп, қайтерін білмей көтеріп жүргенде, күдірет күші жіберген екі қарға таласып, бірін-бірі өлтіріп, көмгенін көріп, көмеді). Сонда Алла, оған туысының өлігін жасыруын көрсету үшін жіберген қарға, жерді қаза бастағанда: «Әттең! Маған не болды? Туысымның денесін көмген қарға құрлы бола алмадым ба?» - деді де, өкінушілерден болды...»

* * *

«Ей, қарғалар, аталарым туралы айтыңдаршы маған...»

АҢ

...Қара түннен қабарып туған елес еді.

Алапат үлкен де емес, тым кіші деуге де келмес. Тыриған арық, терісі сүйегіне қынаша жабысқан. Түн түнегінен де өткен қап-қара еді. Қып-қызыл көзін Тәңірім жаратарда тозақтың бір түйір шоғымен қарып жіберген тәрізді. Көз емес еді ол. Ол мәңгі жазылмас жара еді! Тісі ше! Ақсиган сары тістері сақ-сақ етіп, көмейден лықсыған ашу-ыза толы арылды қайрап, жанып, жонып, сүңгіше кезеп шығарғандай. Оң езуінен салақұлаш тілі, тілден шұбырған жын-құсық та қоса ақтарылған. Өнеміне дегенше сақылдаған тістері тілін турап жіберіп, аяғының астында аунақшыған топырақ топанына араласып кетердей. Айғай-сүренге басқан қарулы топтан жанталаса қашқан ібіліс үш-төрт қырдан аса алмады. Соңынан ысқыра жеткен ып-ыстық оқ шүйдесінен дөп қадалып, басын жарып жіберген сәтте ақтық рет көкке атылып, бес-алты домалап барып, жантәсілім еткен. Қуғыншылар әп-сәтте жетті. Тозақ өртінен отқа оранып шыққан ібілістің тәнінде қылтанақ қалмай үйітілген екен. Аңшы етігімен төсінен бір теуіп, аунатып жібергенде, шоқ қарып, пісіп қалған табандары сояу тырнақтарымен қоса түсе-түсе қалды. Адам алақанына жетеғабыл төрт табан енді жер баспайтыны анық еді. Сояу тырнақтар да қаһарлы иесінің әмірімен азығының алқымын орып түспес!

* * *

Ырғалған топты қамыстың үкісі желге ұшып, сабағы қатып-семген қысыр күз. Аптапты жаздың ақырғы демі жалын атқан кез ауыл іргесіндегі Сасықкөлдің де табаны тілініп, қақтанып қалатын. Бір тамшы су таппайсың. Көктемеде аққу ұшып, қаз-үйрек айдынына қанат жайған деп кім айтады? Тек қопасы қалың тұсында таңда түтін тәріздес дем шығаратын алақандай ғана батпақ қалар. Жазғытұрым алты ай жамылған тоңының тігісі сөгіліп, тоңынан бу бұйраланып, жігі ыдыраған даланың барша суы жылғаланып, құйылар еді Сасықкөлге. Қопа-қорысына үйрек-қаз ұя салады. Таңнан Күн әулие үйіне қайтқанша батпақты көлшік үсті қаз-қаңқыл, сұқсыр-сұңқылға толады. Әріден әуілдектің құмыққан үні, беріден шегірткенің шексіз

шырылы түнге ұзатады мезгілді. Сол күндерді аңсап, кенезесі кепкен Сасықкөл тамыздың соңы, күйектің басында қылауетке түсіп кеткендей, жер астына жасырынады. Құспен бірге көкке ұшып кетеді буланып. Қамысы қаудырап, қағы саудырап жынысы тамыр-томар кемірген сұр тышқанға бұйырады Аумағына ауыл қонғандай қамыстың табанынан дымқыл дым, жанарынан жасы кеткенмен, ық жағына шықсаң, демала алмай қаласың. Сасықкөлдiң өзi жоқ болса да, иісі қалады, жарықтық Білетіндер қалың құстың саңғырығы, көрші ауылдағы соқыр шалдың көктем сайын жоғалатын малының өлексесінің иісі деседі. Ауылдан қаңғып шығып кетіп, батпаққа батып қалған тайынша-торпақ та бар, мал жоғалса, осы қамыстан іздеңдер деседі ел. Айтқыштар бірақ аяқ баспайды бұл тұсқа. Әлдеқандай үрей айтысады ел. Біреулер таң бозында камысқа енген топты шайтанды көрген-мыс. Ырсиған арық, сүмірейіп, сүмпиіп қалған, бойлары бес-алты жасар баладан сәл ғана озыңқы екен. Түн ауа бәйгетөбе жақтан алтыбақан теуіп қайтқан қыз-бозбала қамыс арасынан жоқтау айтқан әйелдің зарын естіген-міс. Бәрі бірдей естіген. Бойын желік билеген біреулер барып, көрмек болған. Молданың немересі болмаса, барады екен де. Сол алып қалған. «Жын жайлаған қамысқа бармаған абзал» деген молдекеңнің тақиялы періштесі.

Сол Сасықкөл, Сасықкөлдiң құпиясы бір-ақ күнде ашылды, керісінше, жылдар бойы елдің бай қиялынан тамызық алып келе жатқан қамысты қопа-қорыс бір-ақ күнде тып-типыл жойылды.

Тамыздың шырпы тастасаң, лап ете түсер аптапты сәттерінің соңы күзге ұласқан, әлде қыркүйек, әлде қазанның шыбынсыз жаз күндерінің бірінде Шәкеңнің ауласына қос «Джип» кеп тоқтады. Шәкеңнің қаладағы байшыкеш құдасы екен. Әкім атаулы, бай-бағлан бәрі жаппай аңшы боп кеткен, қаладағы сасық байлығынан жерігенсіп, дала кезіп кеткен кез. Бұлар да сол қатардан. Балық аулай шыққан, құс атпақ. Піл сауырлы қос «Джиптің» жүксалғышы толған оқ-дәрі, ау-қармақ, арақ-шарап, азық-мүкәммал. Құданың мойнында дүрбі, басына қақырайған ши қалпақ. Күнқағары төрт қанат киіз үйдің шаңырағындай ковбой қалпақ. Белге тізесін соқтырып, екі-үш қанжар ілген, оң иығынан оқшантай құлатқан. Үшінші дүниежүзілік соғысқа

аттанып бара жатқан сыңайда. Маң. Маңғаз. Шәкең қалбалақ-тай қарсы алды.

- Уа, құда, қош келдіңіз! Апырай, кешегінің батыры сіздей-ақ болған шығар. Пай-пай!

Құдасы да қарқ-қарқ етіп, Шәкеңді қапсыра құшты.

- Құс атамыз, болмаса, бөтелке атамыз. Тіпті болмаса, құданың бір тоқтысын кәуап қып қайтамыз деп келеміз, Шәке!

- Ой, соның барлығын бірге көрген абзал шығар! Ал төрлетіңіздер! Біз сусын ішкенше, бала да малға барып келер...

- Құдеке, ештеңеге әуре болмаңыз. Таңдайымыз кеуіп келе жатқан жоқ. Татып жүрген дәм ғой. Қайта Сіз бізге еріңіз. Азығымыз жолда деп шыққанбыз.

Шәкең құдасы кіреберістен қайтты. «Құда деген үйге бас сұқпаушы ма еді! Бірақ бақайшағына дейін қаруланған пәленің үйге енгені де жаман ырым. Қазақ қылышын тастап кіруші еді ғой. Кірмесе, кірмей-ақ қойсын...» Әп-сәтте дайын болған Шәкеңді көліктің алдына жайғастырған аңшылар момақан ауылды шаңға қақалтып, түзге тартып отырды.

Құдасына «екі күн бойы табаным тартып жол жүретіндей, алақаным қышып әлдекімге амандасатындай болып жүр едім» деген Шәкеңнің таңы айырылған екі күн дала кезумен өтті. Ұшқан құс, жүгірген аң көзге іліксінші! Ақбөкені ауып, арқары іргедегі полигон уынан арам өлген түлей түз, тарғыл тауда неғылған аңшылық?! Ақыры, сілелері қатып, азықтары түгесіліп, соңғы бөтелке, бір білек колбасамен ауылға тақай кеп, Сасықкөлдiң тұсына ат шалдырған. Оны-мұныны айтып, бірер сағат отырып, шөлмектегі уды тауысып, көлік жіберіп, ауылдан арақ алдырған топ аңшы масайрап отырғанда, Жыңды Жақай келген еңтігіп. Үсті-басы шаң-шаң әруей кезінде аруақты көкпаршы, айдарлы балуан еді дегенге кім сенер?

- Көкелер, өлтірмесендер, аузыма су тамызыңдаршы!

- Өй, не болды? Сен ішпеуші ең ғой?..

- Жоқ! Ішем! Дәл қазір! Бір ажалдан қалдым!

Жақай жылап жіберді. Шәкең әдемі отырысты қимағанымен, мына бәлелерден қалай құтылам деп отыр еді-ау.

- Ойбай, құйыңдар мынаған, - деді құдасы.

Балаша боздаған Жақай қырлы стақанды басына бір-ақ көтерді.

- Уф, - деді сосын. - Бір ажалдан қалдым! Қасқырға жем бола жаздадым!

Екі күн тірі аңның қиын көрмей, сай-саланы шөлмек шынысына толтырып келе жатқан аңшылар «қайдаласып!» атып тұрды орындарынан.

- Әй, жыңдының сөзіне сеніп! Ей, қайдағы қасқыр?! Бұралқы иттен қорқып қашып келе жатқан шығарсың, малғұн неме!

Шәкең басу айтқанымен, құдалар тобы тік көтеріліп, Жақай ботадай боздап, ауыл іргесі азан-қазан боп кетті.

- Шын айтам, көке! Дәу қасқыр, мына қамыстың ішінде Мен бұзау қарай шыққам. Осы қопаға кірген шығар деп, сиыр соқпақпен тау жағынан сәл ғана бас сұғып қарағам. Бұзауымды паршалап тастапты. Мені көріп, тап берді. Бақырып, қаша жөнелгем. Ашыққа шығып үлгердім. Әйтпесе өлген екем, сорлы басым!..

- Жүр, баста қасқырға!

- Жоқ, аға! Бармаймын!

- Айттым ғой, бұл жыңдының сөзіне сенуге болмайды...

Аңшылар тәжікелесіп бес-он минут тұрған соң, ақыры қамыс ішінде бұралқы ит болса да атпақ боп, мылтықтарын сарт-сұрт оқтап, атқа қонысты.

Сасықкөлдiң тау жақ тұсында сиыр соқпақ бары рас-тын. Шәкең еріксіз сонда бастады құдасын. Қаланың байын сасық батпақты қорысқа аппаратынына қорынғанымен, амал жоқ Қопаға кірерде құдасы өзі алға түсті. Жиырма шақты қадам жасаған бетте алға түскен батыр қаққан қазықтай қалт тоқтаған. Қамыс-құрағы жапырылған алаңқайда Жақайдың бұзауы жайрап жатқан еді. Ала бұзаудың басы мен қауқиған қабырғасы, ақтарылған қарны, төрт сирағы ғана қалған. Қанды топалаң бірер сағат бұрын ғана болған тәрізді.

- Мынау иттің «қолтаңбасы» емес. Қараңдар, сүйегін опырып жіберіпті! Үлкен төбет болмаса, мынадай тайыншашығар бұзауды қопаға сүйреп кіргізе алмайды...

- Иә, иә!

- Енді не істейміз?

- Ауыл іргесін жайлаған қасекеңді қалай көрмегенсіңдер, ей?!

- Оны кім ойлаған?! Ауыл итінің бәрін тері-терсек жинайтындар жайратып тастаған...

- Жаяу қамыс аралап жүргенде, айырылып қаламыз. Қасқырдан айла артылған ба? Кеттік, көлікке! Біз сәл алыстан қарап тұрамыз. Екі машинамен кіріңдер!

- Ойбай, көлікті құртасың ғой, құдеке!

- Вездеход қой жарықтықтар! Бұйым емес! Тартыңдар! Кеттік!

Қамыс сыртына жүгіре шыққан жүргізушілер айналасы екі сағат ішінде аумағы төрт-бес шақырым болатын қамыс қопа ішін үш-төрт мәрте тілгілеп шықты. Тоспада тұрғаны бар, осы тұстан қылаң береді-ау деп тұрғаны бар - аңшылар үп еткен желі жоқ күн астында қақталды әбден.

- Құдеке, құрысын! Қайтайық! Қасқыр әлдеқашан қашып кеткен шығар!

- Жоқ, қашпайды! Қайда барады қашқанда. Тау алыста. Біз кіргенде шығатындай болған жоқ. Ауыл жаққа кете алмайды. Жерге сіңіп, көкке ұшып кетпесе, осы сасықтың ішінде жатыр.

Арада екі сағат өте қайыра жиылған аңшылар бас құданың шешімімен қопаға өрт қоймақ боп шешті.

- Күн желкем емес. Айнала тықыр, далаға өрт жайылмайды. Көрейік, жанкешті сабазды. Бір ауыл-әулеттің бұзау-торпағымен асырап отырасыңдар ма! Бір күні ойнап, саяқ кеткен балаға шабады. Тезек теріп шыққан кемпір-сампырды жарып тастаса, обалы кімге?!

Құда қаласа, жан қала ма! «Онсыз да сасып жатқан батпақты қорыс. Оның үстіне әлгіндей жаманаты бар. Құрғап-кеуіп тұрған қау қамыс лап етер де, өше қалар. Қасқыр көтеншегі күйер болған соң өзі-ақ жортақтар алдымызда» деген оймен Шәкең бастаған үш жігіт Сасықкөл қопасының үш тұсынан от қойсын.

Даласы да, қаласы да сан мәрте өртенген қазақтың. Күйген сайы да, күйік тауы да жетеді бір басына. Бірақ мұндай өртті көрмеп еді ол ауыл! Әуелі отау үйдің ауласына қазылған ошақтың жалынындай сызылып жанған алау көзді ашып-жұмғанша жалмауыз жауға айналды. Сытырлай өршіп, сатырлай шапшып, құрап жатқан қамыс көкке қолын соза алаулады. Күллі ауыл қора-там төбесіне шығып, күн салып қарап тұр еді. Бесіктегі бала шошып оянып, есіктегі келін ісін ұмытқан. Лапылдай қанат қаға, лақылдай құсқан от тұтаса келе, жеті

қабат қала үйіндей биікке шапшыды. Жалын тілі бұлты жоқ аспанға, одан әрі еңкейген Күннің орнын баспаққа атылды әуеге, Өршелене кеткен жалынның жалына жармасқан қап-қара түтін көк тіреген алып қара діңгекке айналды. Аспанның беймәлім тұсынан әлдебір түнек есігі ашылып, жерді жұтып бара жатқан ақырзаман елесі орнап еді. Әжелер еріксіз кемсеңдеді, ақсақал бүгежектеп теріс айналды. Бала біткен шешесінің етегіне бас жасырған. Еңістен сәл қыраңға шыққан аңшылар, ауылдан алыстап, тау жақ бетке барып, оттың бет қарыған қызуымен шыдай алмай, жүз-жүз елу метрге шегінісіп тұрды. Аспан жалаған жалын тілінің апшыған зәр-зәһәр ашуынан қорқып, шегінбеске шара жоқ еді.

- Апырай, мұндай ыстық болар ма еді! Бұлай болады деп кім ойлаған?!

- Қасқыры құрығыр, қашып кеткен-ау! Әйтпесе мына тозаққа жан баласы шыдар ма еді!

- Қасқыры құрысын! Елге не бетімізді айтамыз!

- Е, немене! Осы қамысты тамағына қосып ішуші ме еді елің?! Сасып-борсып жатқан боқ қала емес пе!

- Күллі ауыл қарап тұр! Ой, Алла-ай! Атың шықпаса, жер өрте деген! Енді қайттім?! Тірідей көмдің ғой, құда-ай!

- Сен қоя тұр, құда! Ауыл-орманың, бау-шарбағың өртеніп бара жатқандай зарладың ғой!

Төс қағыстырған қос құда қыраң басында, көлік ішінде жүз шайысып отырғанда, шопыр бала айғай салды:

- Ойбай, қараңыздар! Шайтан! Шайтан!

- Шайтаны несі?!

- Оттың етегін қараңыздар! Әлдене секіріп жүр!

Бұлар көліктен секіре түскенімен, қызуы бет қаратпас өрт жаққа қарай алмай, қорғалақтап қалысты. Сәл мезеттен соң көк тіреген жалынның жалы жығылып, қаншама жыл құстың саңғырығы, мал жапасымен шымтезектей тұтасқан қамыс қопа қара түтін құсып жатқан еді. Жанарға қадалған нартқызыл от еңкейіп, қара түтін діңгек жерге жығылып, айналаға жайыла бастаған. Сол қап-қара түннің елесінің етегінен, түтінге тұншыққанымен, әлі де тозақтық дүлей қызуы апшыған от шетінен әлдене сәт сайын секіріп-секіріп түсіп тұрды. Әлгінде жан-жақтан от қойғанда күңірене шулаған ауыл жаққа қаша алмай,

тау жақтан анталап тұрған піл тұрыпты қос көліктен сескенген кәрі қасқыр - өткен қатал қыста жас арландар үйегінен айырып, сирағын сындырып кеткен, содан бері осы қорысты паналап, түн баласы әлсіз ұлып, Тәңіріне зарын төккен кәрі арлан-от ортасынан әзер сытылып, тұс-тұстан анталаған қалың жауына беттеп бата алмай, тозақ оты шыдатпас шаққа жеткенде, құйрығын шалып, жамбасын күйдіріп, сүйегін қарығанда ғана бір-екі секіріп қалып тұр еді.

- Ойпырай! Не деген ерлік, неткен ғаламат төзім еді мынау! Біз жүз метрден бетімізді басып, жасқанып тұрмыз, не деген жанкешті мақұлық еді!

- Ойбай-ай! Обал-ай! Тірідей өртеніп кетіпті-ау!

- Тәйт! Обалы несі! Көлікпен жақындаңдар жігіттер! Қашсын! Далаға қашып, күйігін басып алсын! Атып, қызығына қарық болайық. Ақыры терісі түкке жарамас, өті мен тырнағын алайық! Мініңдер атқа!

Құданың бұйрығын қалт жібермес екі жігіт пен аңшылар көлікке жандәрмен жайғасқанда, Шәкең қыр басында жер шөкелеп қала берді...

Ал қасқыр - қаладан келген байшыкеш қазақтың қас дұшпаны - екіаяқты жауларынан қаймықса да, от-тозақта тірідей өртеніп, терісі жидіп, қақталып, сүйегіне жабысқан бөрі ақтық рет арс етіп, секіріп түсіп, жанарынан, бауырынан қан шүмектеп, таудан сәл қиыстай шаба жөнелген. «Джипке» мінген әулекі топ қасқырды бір-екі қыраңнан асырмай қуып жетіп, бірден өлтіре қоймай, арыған денесінде бір қылтанақ қалмай үйітіліп кеткен, сол кеспірімен далалық аңнан гөрі тозақтық ібіліске дөп келетін бейбақты әбден салықтырып барып, атып алған еді...

Қайран, Бөрі!

Кеше киеміз-тұғын! Бүгін бейшара міскін кейіпті жауымызға айналып кеткен. Жау да емес. Қарсы шауып, қайрат танытар күштен ада. Қашқын. Алланың қуғынға ұшыратқан шайтаны кейіпті, іңірде іргеден өрген көлеңкемен нәтгес ібіліс дерлік. Сізге де, бізге де бар өкпе-қапасын қара түнде көкке жолдаған ұлыма күйімен білдірмек. Ұлыма зарды кім естісе де, қайран Бөрінің тағдыры үшін жауапты! Жауаптымыз - естігеніміз үшін,

қол ұшын созып, қорғамағанымыз үшін. Ести тұрып, үріккеніміз үшін. Киемізді танымай, көкірегімізге үрей паналатқанымыз үшін! Ұлыма зар құлағыңнан еніп, сүйегіңе жеткенін білер хал-де жоқ. Сүйекке шағылған соң, ертең-ақ қанға сіңеді. Одан әрі Одан әрі әйтеуір бір бейуақта, күңіренген ғаламның күрсінісі шерлі деміңмен қатар өрілгенде өзің де Бөріге айналасын Бөріге емес-ау, кәрлі ібіліс, шалдыққан шайтанға. Бақи өртінен қашпаққа амал жоқ сосын..!

КӨКТЕМНІҢ МӨП-МӨЛДІР ТАМШЫСЫ

(Г.С.-ға)

Шалғайдағы ұлтарақтай ғана қалаға көктем кеш келді былтыр. Қыс ұзаққа созылған. Жаздың жағалауыма ентелей кеп соғылып, демде демі тынған көктем толқыны бір жалт етіп көрініп, ғайып болған сиқырлы сұлу елес болды ескі шаһар үшін. Кеш болса да көктем ғой. Лап етіп жанған бетте жалп етіп өше қалған шырақтай - сәулесін сағындырын, аңсатып кеп, көзінді қарықтырып, сезімді талықсытып жіберген. Көктем көздің жасындай сырғып, жаздың кірпігіне іліккен...

* * *

Қала шетіндегі ескі қойманың ішіндегі қыстан қалған сызды қуып шықты көктем. Әу баста шифермен қымталмаған қойма шатырындағы қар қыста да күн қызуымен ери жібін, ақпанның ақырған аязында қақша тілініп, қақырап кеткен шайырлы қарамай арасына тоңази сіңіп, қатқан еді. Сауірдің сәулесі тозған қарды тоқымша қаға бастаған күндері еріп, қойма төбесінің жарылған қарамайы арасындағы мұздан көктемнің алғашқы перзенті - жалқы тамшы жарыққа келген. Сол мөп-мөлдір тіршілік қойманың ішіндегі жылулы ауаға ұмтылып, ғұмырының жалғыз-ақ мақсатына - еденге тамып, өліп кетуге асыққан. Қойма төбесін жапқан бетон плитаның жымдасқан жігіне шым-шымдай сіңіп, қардан еріп мұзға, мұздан сөгіліп суға құбылған жалғыз тамшы тіршілік те көктемнің жылауын бізден әрмен аңсай сырғып, ескі ғимараттың кеңістігіне мөлдірей қарап еді. Көктем боп қарап еді ол. Май мен шаң жұптасып, мүктеніп кеткен қойма қабырғалары, сонау түкпірдегі қалқиған қарақшы - нысаналар, ескірген еден жалғанның жалқы жұмыр жанарында жалт ете мөлдірей тұнып, аға жөнелді. Кешіккен көктемнің алғашқы бөлшегі құлап келе жатты қойма төбесінен. Сыз қамаған ауамен айналасып, қарғыннан қарғып шыққан жетім тамшы жылап келе жатты - құлап. Бір ғұмыр... Тырс етті де тынды. Тақтайы тозған еденге етпеттей құлап, лезде шылапара болды. Көктемнің тәнінен ажырап, қарғынның қағанағын

жарып шыққан бір түйір ғана тіршілік бес метр биіктен еденге қарай зулап, жалт еткен мезеттей қып-қысқа ғұмырын сүріп-ақ үлгірді. Сол көктемнің ғұмыры да осы тамшы тағдырлас - зу-у етіп өте шыққан. Тым келте болды.

Одақ тарағалы ішіндегі мүлік-мүкәммалды саудалап тауысқан иесі қаладағы белгілі байшыкеш Мұратқа сатқан қойманы. Оншақты жыл қаңырап тұрған кең қойманы ерте көктемнен тазарта бастаған Мүркең ескі ғимараттың еденін қырып, қабырғасына өрмелеген сүлгіден арылтып, жазға салым мұнда садақ тартатын мергендерді жиып, спорт клубын ашпақ еді. Қыста Қытайдан алдырған аймүйіз арбалет, саржа-садақтарын баптап, қойманың түкпіріне нысаналар орнатып қойған. Баласы екеуі жұмыстан жалыға бастағанда қатар тұра қап, адырна шірейтін. Оныншы сыныпты биыл тәмамдайтын ұлы да садақ тартып, арбалеттің адырнасын ала өгіздей мөңірете, қамыс сапты, қауырсын масақты, кірісі мұқыл, мұқыл болса да көбебұзар құрыштан соғылған сырлы жебені қарақшыға қарата аңырата атқанды жақсы көруші еді.

Бозбаланың құштарына айналған ермекке сеп болған Әйгерім қыздың жалт ойнатқан нұрлы жанары ғой. Көктемнің кешіккен жылуы қос жас өреннің де жүрегіндегі егіз тамшы - ынтықтық дәнегін кенет қыздырып, кеуделерінің сол жақ тұстарын бүлк еткізген. Егіз тамшы қосылмаққа ұмтылып, бір-біріне қарай талпынған. Қыз - он алтыда, бозбала - он жетіде. Адам ғұмыры көктемнің мөлдір тұнығындай гүл-дәуреннің алғашқы белесі ме еді сол күндер?! Бір күні сабақтан қайтып келе жатқан қыздың сөмкесін ала қашсын бозбала... Бір күні ерке қыз бозбаланың мұрнын қысып қап, сақылдай күліп, жүгіре жөнелген. Бұл оны қуып жетіп, екі бала бір-біріне еркелеп, ойнап жүрген... Бір күні бозбала бойжетіп қалған бүлдіршін қызға қып-қызыл жүректі панши қадалған қырлы жебенің суреті бейнеленген открытка сыйлаған. Открытка ішіне «Мен сені жақсы көремін!» деп жазыпты. Қыздың беті дуылдап, жүрегі кенет дүрсілдей кеткен. Алақандай қағазды сүйіп алғанын да сезбей қалды. Екеуінің де жүрегіндегі ынтық тамшылар сәл ұлғая түсіп, кешіккен келте көктемнің тамырлүпіліне ырғақ қосқан. Бозбала садақ тартқан сәтінде Ұрымның махаббат құдайы Әмір ойына түсетін. Көз алдына ғашық аңсарының бейнесі

келіп, жүрегі тулай соғып, демі жиілейтін. Сыңар тамшы егізіне ынтығып, кеудесін соққылайтын тәрізді еді. «Еділден атқан жебесі, Жайықтан асып жоғалған...» бағзы дәуір батыры деп сезінер еді өзін кейде. Жебесінің ұзаққа ұшқанын аңсайтын ұлан арбалеттің адырнасын шірей тартып, ең алыс қашықтыққа жеткізер межесіне қоятын тиекті.

...Сол күні әке-шешесі шетелге кеткен. Шығарып салып тұрғанда әкесі «Қолың тисе, қойма шатырының қарын күрей саларсың» деген. Сол айтқанын орындайын деп, үйден шықты бұл. Шатырға өрмелемес бұрын ішке кіріп, садақ тартқысы келді кенет. «Жұмыс қайда қашар?!» деп ойлады жымыып. Жымия жүріп, қойманы ашқан. Алакөлеңке кең сарайдың азынаған ауасы түршіктіріп-ақ жіберді. Сонда да күпәйкісін шеше сап, қабырғаға ұстатқан жай тартқан кентаврдың суреті бейнеленген плакаттың жоғары тұсындағы шегеге ілген. Кіреберісте тұрған партаны дырылдата сүйреп апарып, екі-үш метр жерге қойды. Түпкі бөлмеден арбалет алып келуте кеткен сәтте шаң, май жұққан парта үстіне тырс-с етіп тамшы құлады төбеден. Бұл барып, өзінің қолы сүйсініп ұстайтын бүктемелі «Қарагер» садаққа ұмсынған. Қытайдың қара базарынан әкесі әкелген оншақты арбалеттің ішінен өзі еншілеп алған. «Қарагер» деп ат қойды. Былғарымен қапталған жеп-жеңіл қаруды күніне бір ұстамаса, көңілі көншімейтін. Алты-жеті үкілі жебе салынған қорамсақты иығына аса салды. Жымия келіп, садағын партаға қойып, орамалмен шаңын сұрткен болды. Шаң басатындай болған жоқ, әрине. Кеше кешкісін келіп, нысананы ең алыс түкпірге жылжытып, бірер сағат ауа тілгілеген жүйрік жебелерімен. «Қазір!» деді ішінен. Серпімелі болатты сымша ширата тартып, әр тұсына қой қабырғасындай құрыш пластинкалар тастап күшейтілген, иыққа тірер дүмінің өзі Қытайдың сәнқой сардарларының винтовкасының үлгісінен алынған. Адырнасы шынашақ елі - пластик сымдардан өріле созылған. Шүріппесі саусаққа жұмсақ, тежегіш тетігінен ағытқан сәтте-ақ, шығырға ілінген адырнаны босатуға ғапыл дайын тұрар, тиектен шыққан бетінде шыны-пластик талшықтардан сірестіре созған жеп-жеңіл, кірісі мұқыл жебені зулатуға әзір арбалетті сүйсіне ұстап, оқтады. «Қаз-і-ір!» деді, демін тоқтатып. Нысана кешегі орнында тұр екен. «Бүгін

ондыққа қадалмасаң, саған серт!» деді кірісі құрыш сырлы жебеге. "Не болса да, қарымы қашыққа жететіндей қылайын" деп, арбалеттің ең алысқа оқ атар межелі тұсына дейін тартты адырнаны. Алғашқы оғы зырқырап барып, нысанадан сәл биік тұстан зу етіп өте шығып, қарсы қабырғадағы қалыңдығы кере қарыс пенопластқа кірші ете қалды. Екіншісі сәл оңға қарай кетті. Үшінші... Төртінші оқ тіпті лаққан. Ашуланайын деп Бесінші оқты қол мергендігіне басып, адырна тартқан бетте талтайып тұра қап, заулатты. Сегіздік! «Е, бәсе!» деді дауыстап Қорамсақта соңғы жебе қалыпты. Оны да бүктемелі жағының белағашына салып, адырнаны сықырлата тартты. «Ең соңғы оқ! Ең соңғы мүмкіндік! Бұл ондыққа қадалмаса, атаңа нәлет, төбеден тамып тұрған тамшыны құрту үшін қар күреуге кетуім керек. Кәне, қанды басың бері тарт! Қақ жүректің тұсы деп..!» деді ысылдай сыбырлап. Енді көздеп ата бергені сол еді ғой Есік ашылып, көктемнің гүл-жұпарын ала Әйгерім кіріп келген. Кіріп келе сап, мұның ұйпа-тұйпа шаштарын одан сайын дудырата сап, қойма төріне қарай қашты. «Қап!» деді бұл Артынан жүрегі бүлк ете түсіп, «жаным-ай...» деді жымыып Арбалетті парта үстіне қоя салып, қызды қуа жөнелген. «Қазір жетіп ап, сүйіп алмасам ернінен!» деп ойлады да, өз ойынан өзі ұялып, беті ду ете қалды. Оншақты аттап жетіп алған, жетіп алған да ту сыртынан құшақтай кеткені есінде. Оң қолымен бойжеткеннің нәп-нәзік белінен орай бере, «тым жеңіл киініпті-ау» деп ойлады. Сол қолын иығына асып, мойнынан құшқаны есінде. Құшқан бетте еңкейіңкіреп, қыз ернінен тұңғыш рет өбіп қалды...

Қыз бен бозбаланың егіз жүрегіндегі қос тамшы сезім дулатқан тәндерінде шиыршық атқан қан тамырлары арқылы тәтті сүйіспен табысқан еріндерге қарай зауламаққа қалт тынып, тоқтаған сәтте шатырдың төбесінен жылай ағып келе жатқан көктемнің бір мөлдір өмірі парта үстінде оқтаулы күйде атылмай қалған арбалеттің шүріппесіне былш-ш етіп құлап түскен еді. Тежегіш тетігі тірек нүктесінен ажырап, мергеннің сұқ саусағын қапысыз күтіп тұрған жұмсақ серіппені шүріппе басылып та кеткен сол сәт. Жебесінің кірісі нысанаға бағытталған аймүйіз арбалет кенет дір-р етіп, серпіле түсіп, керілген адырна шірей тіреп тұрған қамыссап құрыш оқ

қойма түкпіріне қарай суылдап ұша жөнелді. Ұша жөнелді - көктемнің дерткен төсінен тамып кеткен әлемдегі салмағы ең ауыр тамшыдан сергіле атылған ажал жебесі. Суылдап ұшып бара жатқан жебенің бағытында еркелей ойнап, қытықтасып, бақыттың алғашқы мастығын көтере алмай тәлтіректей кетіп бір-біріне сүйеніскен, сүйенісе кетіп, өмір-көктемдерінде алғаш рет сүйісіп қалған қыз-жігіт нысана боп тұр еді. Екі жас, екі мастың жүрегінде бұлқынып тұрып қалған егіз тамшы бір-біріне қарай заулап ағуға батпай, алғаш кешкен алапат сезімнен дір қағып тұрған сәт құшақтасқан қос тәннің жүрек тұсына құрыш жебе қадала кеткен еді. Бұрала қашқан сұлу бойжеткенге жайраңадап жеткен бозбала қыздың ту сыртынан қапсыра құшып, сәл еңкейе емінген қалпы еркелей күлген, әнтек шалқақтай қалып, былқ-сылқ етіп ойнап тұрған ғашығының қауызына шық тұнған қызыл гүлдей ернінен сүйген сәті еді. Адырнадан ұли ұшып, зырқырап жеткен мұқыл кірісті қандыауыз жебе бозбаланың жауырыны етегінен қадалып, дүрс-дүрс етіп, дүр сілкініп қалған жүрегіндегі ынтықтық тамшысын пышырата жарып өте шыққан. Бозбаланың жүрегін қақ бөліп өткен сұм жебе! Жалт еткен сәтте «аһ» деп ышқына да алмай қалған жігіттің кеудесін көктей кеткен оқ қыздың жүрегіне де шаншылып, бүрін сезім түрткен тал-шыбықтай тәнін тесіп өте шыққан еді. Егіз жүректегі қос тамшы қандыауыз жебенің кірісінде қауышып, солығы басылмаған ажал оты сол алыстағы, адам кейіпті қалқиған нысананың ондығы таңбаланған қызыл шеңбердің дәл ортасына қадалып, дыр-р етіп тынған.

Аспан асты осынша тар ма еді?! Көктемнің мөп-мөлдір бір тамшы жасы қас-қағым тірлігін жалғыз тыя салмай, сезім, махаббат тұнған қос өмірді қоса ала кетуі әділет пе?! «Тым жеңіл киініпті-ау...» деп ойлады жалған өмір басынан бақиға ұшып бара жатқан бозбала. «Аһ» деді ақтық рет өмірінде алғашқы тәтті сүйіс дәмін татып, елжірегі қатып қалған бойжеткен.

Қаланың елеусіз бір шетіндегі иесіз қойманың дәл ортасында бір-біріне сүйенісіп тұрған екі жастың түйіскен басынан, сүйіскен ернінен көктемдей мөп-мөлдір өмір өксік боп шығып, сәуірдің сәулесі сүйген аспанға қарай ұшып бара жатқан еді. Көктем де, аспан да, жер де, тіпті анау нысана ондығына қадалып, соңғы тұяқ серпістей кенет діріл қағып қап, қалт тынған

жебедең тамып бара жатқан қанкүрең тамшы да жалт еткен жалғыз сәт екі ғашықтың жүрегімен бірге қалт тоқтап, түпсіз ғаламның ғайыбына үзіліп түсіп, құлай кеткен-ді.

* * *

Сол көктемдей мөлдір маусым келмес бұл ғасырда енді! Келсе де шалғайдағы ұлтарақтай ғана шаһарға соқпайды...

Сол мазаң маусымнан қалған жалқы белгі - көктем тамып, жерге құлай сіңіп кеткен мөлдірліктің моласындай қос төмпе-шіктің ортасына биыл көктемде садақ жебесіндей сабағының әр тұсына тікен біткен қып-қызыл гүл өсіп шықты...

ЖАЛМАУЫЗ

Каждый из нас одинок в этом мире. Каждый заключен в медной башне и может общаться со своими собратьями лишь через посредство знаков. Но знаки не одни для всех, а потому их смысл темен и неверен. Мы отчаянно стремимся поделиться с другими сокровищами нашего сердца, но они не знают как принять их, и потому мы одиноко бредем по жизни, бок о бок со своими спутниками, но не заодно с ними, не понимая их и не понятые ими. Мы похожи на людей, что живут в чужой стране, почти не зная ее языка; им хочется высказать много прекрасных, глубоких мыслей, но они обречены произносить лишь штампованные фразы из разговорника...

Сомерсет МОЭМ

Карлаг тұтқыны Иманмұса Жантоқовтың шөбересі Ыбыран Мусин – белгілі түрколог ғалым. Оның егізі Мұсатай болса, облыстағы кардиоорталықта бас дәрігер. Бір ата-анадан өрісін егіздер сенбі сайын бас қосып, моншаға барып, одан соң сыраханаға енгеннен шыққанша толассыз дауласады.

– Кез келген адамның жүрегінде «АЛА» деген арабша жазу бар, – дейді кардиолог.

– Жаңылысасыз, профессор мырза, – дейді түрколог, – жү ректі шарбақтаған тамырлардан шығатын таңбалар Орхон Енесайдағы көне түркі қаріптерімен дәлме-дәл келеді:

УН

«АЛАС», яғни «Кет. Жолама. Аулақ!» деген мағынаны береді...

Карлаг тұрғындары сол түні ұйқыдарынан шошып шықты. Қорқау күзетшілерінің күндізгі құқайынан емес. Қабаған жалмауыз иттердің ұлуынан, абалап үруінен де емес.

Түн ортасынан ауа лагерь шетіндегі жәпірейген тамнан шұбатылып шыққан өзгеше иіс жер тістеген бараққа қалықтап еніп, күлімсі қапырық сыз езген дәлізді бойлай есілген. Быламық ботқаға қосылған жарты қасық сақардың майының иісі емес. Ет иісі. Ылжырап піскен, содан сәл бұрын ғана сойылып, сөлі сорғымастан қазанға түскен жас еттің иісі. Шеткі камерадағы жөйттердің мұрнына жетіп, есік аузында бүкірейген өлімші жігіт ыңырси ұйқысырап, шошып оянды. «Ет?! Ет пісіріліп жатыр!.. Есімнен ауа бастаған шығармын? Үйде жатқан жоқпын ба?» Қармана тұрғысы келіп еді, аяғын езіп, бұтына тығылған шалды сезіп, өзінің камерада жатқанын аңдады. Талмаусырап, тамсанып жатып, белгісіз үреймен бірге танауын қытықтаған ет иісіне елітіп, ұйқыға кетті. Дәлізді кезген міскін елеске еріп, күллі камераны адақтап шыққан ет иісі тыныс-демі күбір күрсініске айналып кеткен тұтқындарды шошытып шықты түнімен. Мұндай елес күнде кезбейді түрмені...

- Тұрыңдар, итгер!!!

Сарт-сұрт етіп ашылған есіктен бозамық сәуле, сәулеге жармаса салқын сыз енді камераға. Қарауылдың тат жеген штығы есік аузындағы Ыбырайымның бүйірін пісіп өтті. Ыңырси қиралаңдап тұра бере құлаған өлексені аттап, өзге тұтқындар ілбіп, сыртқа ұмтылды. Бір-біріне ұйлығыса сүйеніп, сүйретілген тірі аруақтар таңғы серуенге, серуен соңында камераға қайыра қамалған соң, тесіктен үлестірілер бір-бір қасық таңғы тамаққа асығулы. Ыбырайымды соқыр шал ғана демеп, көтерген болды. Ыңырсыған сорлы соқыр шалға сүйеніп, әзер оңалды. «Ет жейікші» деді қырылдап, «Ет жейміз бүгін». Бүйрегіне қадалған сүңгінің орнынан қан да ақпады. Сырқырап ауырып, шаншып барады. Бірақ осының өзі де ләззат секілді. Тырнағы сынған сұқ саусағын ауырсына апарып, сипап көрді. Алакөлеңкеде саусағына қан табы жұққанын байқаған. Жалмажан сорып-сорып алған. Таңдайына нәр жүгіргендей. Тағы қарманып, бүйіріне саусағын тығып жіберіп, қанатқысы келді. Басы айналады. Саусағын тағы сорған. Тістеуге де дәрмен жоқ. Қарауылға қарады. «Тағы шаншып алса екен. Қаным қайда кеткен?! Мен есімнен ауа бастаған шығармын... Ет...» Шалға сүйеніп, далаға әзер шыққан. Аңсары аспан жақта. Мына жат аспан жанын езсе де, көк шатырдан кеңдік төгіліп, сызды салқын

ауа ауру өкпесіне құйылып, өлімші жанына сәл демеу берген. Сүйретіліп жүріп, сопақ шеңберді үш айналды.

- Камера жаққа!

Ілбіген тұтқындар ірметіліп, асыққан қалып танытты. Біразы құлап та жатыр. «Штык тығып алса екен! Итке қаптырса екен!» Жаналғыш қарауыл керзі етікпен ғана тебеді қырсыққанда. Аласұрған иттер де алыста. Тоқ. Тірі өлекселерге қарамайды да. Кенет барақ жақтан жүгіре жеткен төрт-бес қарауыл бұлардың күзетшісімен әлдене деп тілдесіп, оншақты тұтқынды жеке бөліп алды. Енді сырты көкпен сырланған әлдебір үйге қарай айдап келеді. Әлгі үйге жақындағанда, түнгі елеспен бірге естерін сілкілеген ет иісі тағы танау қытықтады. Ас пісіретін орын екен. «Ет!» десті тұтқындар. Үрейлі үміт тірілген өлімші кеуделерде. Көк үйдің тапал есігіне таласып, әзер сыйысты. Шұбалған тар дәліздегі бас сыймас тесіктен ұсынылған тегеште ылжырап піскен ет майсыз сорпаға батып, бу атып жатыр. Ыбырайым жалма-жан қолын салып жіберіп, қарпып алды. Аузы күйгеніне қарамай талмап, қылғытып жіберді. Өзегіне орт құйылған. Суырып барады. Күйіп қалған тілін қоса жұтардай. Иегі кемсеңдеп, темір тегештегі сорпаны төге-мөге сімірді. Қалшылдап, қабырғаға сүйене кетті. Жанар алды буалдыр елес. Басы айналып, миы көзінің қарашығын сорып, солқылдатып жіберді. Салдыр ете түскен тегешті елемей, ішіне түскен бір кесек етті аялап, қабысқан қарнын қос қолымен қысып, жіберсе айырылып қалардай мәңгіп ұзақ отырды.

- Ет! Ет! - десті әруейлер ыңырсып.

- Ет! Енді күнде ет жейсіңдер! - деп, қарқылдап күлді қарауылдардың бастығы.

«Бұл шынымен өңім бе, әлде түс көріп жатырмын ба?» Аурулы кеудесіне гүрс етіп тиген керзі етік есін жинатты.

- Тұр орныңнан, сілімтік! Иуда! Сапқа тұр!..

Жарты жалғанның жұраты жиылған КарЛагтың Көкөзектегі бөлімшесінде көктемнің сол сызды күндерінен бастап тұтқындарға, оның ішінде ұлты қазақтар мен өзге жұрт иттің етінен жек көрер жөйттерге күнде үш мезгіл ет асылып берілетін болды. Бұлжымас тәртіп, жоғары жақтан қатаң қадағалауға алынған. Кімнің қамқор-назары түскені белгісіз - қырық шақты қазақ пен жүзге тарта иудей тұтқын ет жеп, оңалып, бір жасап қалды.

«Ет! Ет!» дейді ыңырсып, түн баласы түстеріне үрейлі елес кіретін тұтқындар. Сүйегінен сылынып алынған, әлде ұзақ қайнатылып, сілікпесі шығып, жілігінен ажыратылған ет - адам еті еді...

- Авраам Сенковский!

- Мен!

- Бұл бір адым алға аттаған. Жарты ай бұрынғы өлмелі әруей жетіліп, еңсе тіктемесе де, аяғын нық басар халге жеткен.

- 1900 жылы туғанмын. №57 статья. Жиырма бес жыл.

- Иманмұса Жантоқұлы!

- Мен...

Қазақтың үні құмығыңқы шықты. Тоқырауын бойын жайлаған ел Көкше теңізді кешіп өтіп, жалайыр ішіне сіңгенде, шалқар дария жағасынан кетпеген еді мұның ауылы. Қырық үйлі ауылдың молдасы да, тәуіп-емшісі де осы жігіт ағасы. Бұл да сол «елу жетінші» баппен келген. «Халық жауы».

- Бір адым алға, малғұн!

«Е, Тәңірім! Тағы неге душар қылмақ ойың бар?»

- Хижраның 1312 жылы. Елу жетінші бап. Жиырма жыл.

- Жап аузыңды! Оңға бұрыл! Алға...

Сол күні қосақталған қазақ пен жойттің бірінің оң қолына салынған кісен екіншісінің сол қолына тағылды. Алпамсадай тұлғасы арыған нар қазақтың жанында тапал бойлы құстұмсық бұйрабас жігіт інгенге қосақталған тайлақтай сүмең-сүмең етеді.

- Апырай, құдай қоспағанмен, қосаққа қоса тізілдік-ау, Ыбырайым. Бұлар бізді қайтер екен?..

Бір кісенге байланған екеу лагерьдің тау бөктерлей салынған есік-терезесіз тас қамалына қамалды. Зіл батпан темір есік сақырлай жабылып, жарықтан гөрі қараңғыға көздері үйренісіп қалған тұтқындардың жотасынан тірелген темір сүңгі дедектетіп, сүрінтіп-қабынтып, жықпыл-жықпыл дәлізбен түрме түкпірінен бір-ақ шығарған. Тас қамалдың тапал дәлізінен аттағаннан-ақ үйітілген құйқаның иісі Иманмұсаның қолқасын қапқан. «О, Тәңірім! Мынау неткен сасық иіс?!» Күйген терінің, не бықсыған жүннің иісі. Авраам рақаттана дем тартқандай.

- Мал терісін ыстаған ба? Әлде өртеген бе?

- Аңсаған екенсің сен де! Тымырсықта ұзақ жатып қалған еліктің иісі бұл! Өлген кісінің жаны жаһаннамға аттанарда тәні осылай сасып, қоңырсып кетеді. Ей, мына көр-лақатта бір емес, бірнеше мәйіт жатқан сияқты ғой...

Қосақталған қазақ пен жөйттің көзі әбден үйренгенде, өздері енген түпкі бөлменің қос қабырғасы мәйіттен қаланғанын аңдап, өкіре қашқан кері қарай. Жеңдеттің сүңгісіне де қарамады. Сыртқы есікке барып тірелген.

- Қайт кейін!

- О, Алла! Алла! Көрмегім осы ма еді?!

Ыбырайым өз құдайына сыйынып, сарнап жылап кетті. Сүт пісірім уақыт өте, екеуі де солықтап басылған. Сол кезде сыртқы есік те сарт-сұрт ашылды. Бір топ жеңдет ішке енген. Тізерлеп отырған қос тұтқын орындарынан атып тұрып, тысқа ұмтылғанда, бірден таяқ астында қалды. Жарты сағат таяқ жеп, естерінен тана бере мұрындарына жеткен ащы нашатыр иісінен қайыра ес жиысты.

- Сілімтіктер! Бір ай бойы адам етін жеп келіп, енді қорқып тұрсыңдар ма?

Иманмұса қайыра шалықтай берді. Авраамның көзі шара-сынан шыға, жүрелеген қалпы қатты да қалды...

Қарғыс таңбасы басылған тағдырға көнгеннен басқа шара жоқ! Бір кісенге тізілген қос бейбақ сол күндерден бастап, мәйіт соятын қасапшыға айналды. Екеуі де апта бойы көнбей, таяқ астына алынып, ақыры аштықтан тұралап, өлімші болғанда, ауыздарына құйылған спирттен естері мәңгіп, шала піскен адам етін қарбыта асаған. Көзіне ібіліс елестеген еді қазақтың, жөйттің жүрегіне шайтан ұя салған. Анығы - екеуінің де естері ауысып кеткен-тұғын.

Ендігі тірліктері, міне - әуелі әкелген бетте тәнін жапқан киімдері сыпырылып алынған өліктердің кеудесін жарады. Мәйітті шалқасынан салып, төстің етегінен сәл төменге пышақ ұрады. Ырсиған қабырғаларға жабысып тұрған теріге лыпыма селебе тиген бетте сасық иіс тұншықтырып, отырысып қалады бейбақтар. Төстен бір қарыс төмен кіндікке шейін тілінген көк етке бас бармақ сыярдай тесік жасалып, қабысып қалған ішек-қарынды жармай алу үшін ішке жел үріледі. Көк етті пышақ жүзімен сөккен соң, мал сойып үйренген қазақ оң қолын төс

қуысына сүңгітіп жіберіп, қабырғаға жабысып қалған өкпені ажыратып, кеңірдектен уыстай ұстап, өнешпен бірге суырып алады. Борсыған сарысу сыртын қаптаған өкпеден қара қан ұйып, солып қалған жүректі арылтып, темір легенге жеке салады. Жөйттің кәсібі - абажадай темір пеште жанып жатқан отқа іріген ішек-қарын мен белгісіз ауыр дерт жеп, аштықтан шіріп, беріш басқан не соққыдан қан ұйып, қалпы өзгерген өкпе-бауырды салып, өртеп жіберу. Күніне жиырма шақты жүректі жармай алатын қос қасап өлекселердің өзге етінен жеуге жарамды жамбас пен сан етін мүшелемей шауып алып, терісінен ажыратып, пеш үстіндегі тайқазанға тоғытады. Керекті мүшелері алынған өлікті де екеулеп жүріп, пешке жұтқызады. Еті сойылған терілер жеке ыдысқа жиналады. Піскен ет иісіне мәңгіре масайып отырады әр кеш сайын екеуі. Көз алдары тұманданған қосақталған сорлылардың саналарын да тұман жапқан-ды. Күнде ертеңгілік бір-бір тостаған спирт пен су-суан енгізіледі темір есіктен. Түн ішінде шалықтап оянған екеуі таң бозында бір-бірін сүйретіп, есік аузында ояну да әдетке айналған. «Ет! Ет жейміз!» дейді Ыбырайым қырылдап. Қазақ қарқылдан күледі. Баяғы-ы-ыда атасы алғаш бауыздатқан қоңыр қозы маңырайды ойында. Кейде кісінеген ала айғыр боп арқырайды, тасаттыққа шалынған ақ қошқар, көк өгізше өкіреді өзі.

Кешкісін тағы ашылған есіктен жүрек салынған леген мем ет толы тайқазан әкетіледі. Ет - тұтқындарға тартылады, сыртын жаба қоңыр қан ұйып, қолқа тамыры салақтаған жүректер орталықтағы зертханаға - қанқұйлы ғалымдардың арам пығалды зерттеулеріне аттанады. Орнына он шақты мәйіт - сол күні жантәсілім еткен тұтқындардың тәні енгізіледі. Бұлар екеулеп жүріп, өліктерді өздерінің қасапханасының қабырғасына қалайды.

...Әлде күз, әлде көктем. Күніне екі мезгіл сыртқа шығарылатын қос қасап өздерінің қарғыс атқан тірліктерінің соңғы күніне жеткен еді. Кешкісін шыққанда екеуі де ішке кіргісі келмей соққы жеді. Иманмұса өкіріп жылаған, көптен бері Алласы аузына түскен. Ыбырайым да біресе күліп, біресе жылап, қосағын құшақтап, көрісе берген. Басы жарылған қазақ тірлік белгісін танытып, қалшылдап оянғанда, темір есікке сүйеніп жатқанын аңдады. Қылғынып барады екен.

Ыбырайым мойнынан тас қылып құшақтап алыпты. Солықтап, күрсініп, діріл қағып жатыр. Аузынан қан аққан. «Е, бейбақ! Кімін сағынған екен?» Кенет өзінің соңғы жарты жылдағы күллі тірлігі жадына ғайыптан оралды. «Алла! Алла!» деді күңіреніп. Ыбырайымның қолын ажыратып, орнынан атып тұрған. Өлгінде басына тиген ауыр соққы ауышқан есін қалпына келтіріп, жадын жаңғыртып, сана тұманын сейілткен еді. Қан-қан қолынан, киіміне сіңген адам қанынан, ішек-қарындардан жүкқан жыннан жеркөніп, лақылдатып құса берді. Өкіріп, ұзақ жылады. Түн баласы құдайына мың мәрте жалбарынып, мына тозақтан құтқаруды сұрады. «Бірақ мен тозақтың өзінде жүрген шығармын?! Тозақ отына күйгендердің жүрегін жуып, арулап көміп жүр емесің бе?» Миына қадалған шаншу әнтек есеңгіретіп, талықсып жатып ұйықтап кетті. Түсінде ібіліспен шарап ішіп отырды. «Кел. Жұтайық мына балдан» дейді серігі. «Бал емес мынау, сайтанның сідігі» дейді бұл. «Мен енді ішпеймін. Татар дәмім таусылған». «Ха-ха-ха! Атау-кереңді ішіп алсайшы. Ей, жалмауыз! Сен де тозаққа барасың. Сені де бір қасапшы мүшелемей сояды. Жүрегіңді жеке алып, жерге бермей жиырма жыл сайтанның сідігіне салып, сақтап қояды». Жүрегі атқақтап соғып жатып оянған. «Мен адам сойдым. Топыраққа берілмеген, арулап көмілмеген аруақтарды қорладым». Адам етін жегені жадына оралғанда, шарасыздықтан шалқалай құлады. Тас еденге басын тарсылдатып соғып, жанталасты. Бірақ жан тәтті екен. Өлмеді. Жүрегі шым-шымдап сыздап, тас боп бүріп ауырып, аузына қан дәмі келген. Тілін тістеп алыпты. Ұртына ұйыған қан толып қалғанын сонда аңғарды. Лоқсып, түкіріп қалғанда, тістелген тілінің жартысы қоса кеткен. Езуінен шұбырған қан тоқтар емес. «Тілім кәлимаға келмейтін болды-ау! Иманымды кім үйіреді?!» Сүйретіліп, жүрелей отырған Ыбырайым сұқ саусағымен мұның қанды түкірігін түртіп, ішінде жатқан кесек етті - тілді шымшып ұстап, Иманмұса қолын қаққанша аузына салып жіберді. Мылжаңдап шайнай бергенде, қазақтың жұдырығы шықшыттан тиіп, қырындай құлады.

- Аауыынайуатүіте.

«Аш аузыңды, айуан. Түкір тез!» дегісі келген бұның. Жартысына жуығы қыршылып кеткен тілі икемге келмеді. Қос қолымен жөйтгің ернінен ұстап, жағын айырмақ болған. Қатты

күштегенде Ыбырайым ауырсына аузын ашқанмен, тілді жұтып та үлгеріпті. Жанындағы қосағының айуанға, аңға, әлде әлгі шайтанның, жалмауыздың өзіне айналып кеткенін ұғынды. Өзінің де...

Тамұқ түн еді. Жаны ауырып, жүрегі жерге тартып, сазып қоя берді. Аузынан аққан қан да тоқтар емес. Мойны ерек ауырлаған басын көтере алар емес мүлде. Бүк түскен қалпы жылай да алмай, күрсіне де алмай, санасына салмақ түсірген ауыр азапты ой мен қасіреттен еңсесі езіліп, отыра берді. «Өлу керек! Тозағы да жұмақтай шығар бұдан соң!» Жүрегінің түбіне шөккен иманының, жансебіл сенімінің жұқанасы да қалмапты. Көзі ашылмай, қос қабағы қосылар тұста әлдебір саңылау пайда бол ғандай. Айналаны сонымен көріп отыр. Кенет қарақұсынан да сызат саңылау білінді. «Е, есімнен танайын дедім ғой». Беймәлім халге ене бастағаны сәл жұбаныш берді. Бірақ есі ауыспаған. Керісінше шүйде, жетесінен сыздықтаған саңылаудан іліп алған әлдене мұның тәнін ауада қалықтатып, түпкі бөлмеге әкеледі. Жүрегі жоқ екен дейді кеудесінде. Сүйретілген Ыбырайым да ширақ. Жөйт орнынан тұра бере есік аузындағы қос тостағанды да ала кеткен. Екеуі қиралаңдап барып, қасапхана үстеліне тақады.

- Аққан қанға мына у ем болады, Иоанн-Мошэ! - деді есі қалпына келген Ыбырайым.

- Ы-ы-ы!..

Ішінен «Атау-керем шынымен мына сайтанның сідігі болғаны ма!» деген. Салбыраған зілдей басын көтерместен, үстел шетіндегі селебеге қол созды. Әдеттегідей. Екеуі қатар қозғалған. Екеуі пышақ алып, мәйіттің екі жағынан шыққан. Өзінің айуандық халіне еріксіз титықтай көнген Авраам не істерін білмей тұрғанда, Иманмұса кірпігін әзер көтеріп, кешкі се-руенге шығарда үстелге шалқасынан салынған мүрдеге қарап, өкіре шыңғырып жіберді. Кеше кешкілік ішін тіліп, кеңірдегін суырып алып, өкпе-жүрегін ажыратуға әлдері келмей кеткен мәйіттің ішек-қарны ақтарылып жатыр еді. Қалың қара шашы қаба сақалымен қоса ұйысып, жүдеу жүзін басып кеткен жанның көздері ашық. Өлгенде жабатын жан болмаған. Аласы аз жанары Иманмұсаға қадалыпты. Қырлы мұрны зорайып шалынған. «Бауыры-ы-ем!» деді ыңырси зарлап Иманмұса. Онысы мүлде

басқа дыбыс боп шыққан. Қасқырдың ұлығанындай созылыңқы, күңіреністі боп шықты. Ішін тартып өкірді есі түзелген қасапшы. «Бауырым, Тәңірбергенім!..»

Тәңірберген ағасы еді Иманмұсаның. Әке-анадан бір туған. Мұның қолына кісен түскенде істер дәрмені болмай аласұрып, шиті мылтығымен бір оқ шығаруға ғана шамасы келіп, қара атымен түнге сіңген ағасы еді. «Бауырым! Бақида бір кездесерміз! Қош!» деп айғайлай өкіріп кетіп еді. Енді, міне! Кездесті.

Мұздап қалған ағасының тәнін құшып, зарлап қанша жатқаны есінде жоқ. Аузынан аққан қан ұйып, үстел үстіндегі ылыққан жынға араласа қатып қалған. Еңсесін әзер тіктегенде қос қолдап, тостаған ұсынған Ыбырайымды көрді.

- Мә, Мошә! Жұтып ал, жақсы болады...

Бұл шіміркенбеді. Өз қанымен бірге ішкі сарайын аралаған у қайғысын шайғандай. Ағасын арулап жерлей алмайтыны, өз қолымен кеудесін тілгені ойына келді. Кісенін сылдыратып, қос жұдырықтай жүректі уыстаған. Еппен өкпеден бөліп алды. Қолқаның тармақталар тұсынан кесіп, жабысқан тамырлардан арылтып, қос қолдап жоғары көтерді. Не істегісі келіп тұрғанын білер шамасы жоқ. «Аға!» деді. «Тәкем! Жалғыз сүйенішім! Ноқта ұстатар, бас ұстатар, бата баптатар, ардағым!» Мәйітті айналып, Ыбырайымды ертіп, пеш алдына барды. Ыбырайым өкпе-бауырды пешке атып ұрды. Бұл жүректі де отқа жұтқызбақ боп сәл ойланып тұрып, айналдырып қарай бастаған. «Адам жүрегі жұдырығымен бірдей болады деуші еді. Нар ағамның кеудедегі асылы-ай! Ат басындай!» Қолқадан тармақталған тамырлардың қос құлақшаны қапсыра төмендеп, бұтарланған күйі ерек быртиып, дертіп тұрғанын аңдады. Бездене біткен берішпен бірге тас боп қатып қалыпты. Пештің жабылмайтын аузынан шалқыған жалынмен әлгі тамырлар қозғалып тұрғандай боп шалынды. «Алла!» деді Иманмұса. Өз көзіне өзі сенер емес.

- Ыбырайым, «Алла» деген жазу мынау! О, Құдірет! О, Жасаған Алла! Сұбхан алла!

Қошқыл қоңыр түске еніп, қатып қалған үлкен бүлдірген тәрізді жұмыр кесек еттің сыртын шарбақтай қатқан тамырлар өзара беймәлім ретпен жалғасып, тұтас жазу, түсініксіз таңбаларға айналған еді санасы сансыраған тұтқынның көз алдында. Күрт тізерлей отыра қалып, жүректі оңнан солға

қарата айналдырып, тәспік тартар машығын ұмытпатам сорлы саусақтары кезегімен қыбырлап, ерні дірілдеп, Құран сүрелерін созды қасапшы. Кесілген тілі қазақшаға келмесе де, арабтың жұмсақ әуезді сарынына ере, көмейден төгілген зарлы дұғаны кедергісіз ақтарған. Жарты сағат зарлаған бейбақ, орнынан ғапыл атып тұрып, Ыбырайымға қарап, жөйттің қолында тұрған селебені алып, кенет шалқая бере өз алқымынан қиялай тартып, айналдыра орып жіберді. Тік тұрған күйі сылқ етіп, тізерлей отырып, кеңірдегі мен күре тамырынан атқақтаған қою қара қан тыйылғанда, шалқалап құлады. Өлгінде өзін-өзі шалып, бауыздап жібергенде, оң қолындағы селебені тастай сала, ағасының жүрегін қос қолдап ұстап, кеудесінің сол жақ тұсына басып үлгірген екен. Иманын үйіріп, ағасының жүрегім тәспікше тартып, дұға қайырған Иманмұса шалт қимылмен жантәсілім ғып, шалқалай құлағанда, денелі қазақтың салмағы басып кеткен Ыбырайым солға қарай теңселе шатқаяқтап, ашық тұрған пеш ішіне баспен кіріп кеткен-ді. Өкіре айғайлап жанталасқанмен, темір пештің жалмауыз аранынан шыға алмай тұншығып, әп-сәтте жалын құшағында жан тапсырды байғұс жөйт...

* * *

Адам баласы бабамыз Жұмақтан Жерге қоныс аударғаннан-ақ қапалы қарғыс арқалап келеді. Қара жерді қайыстырар салмағы бар қаншама күнәміз жүрегімізді сәт сайын сығымдап, солқылдата қанын сорар тамырымызбен тарап, тәнімізді улаған. Жүректің басына киіліп, сыртынан шеңгелдей уыстаған тамырлар біреу үшін Тәңірінің есімі сынды құдіретке ие болса, біреу үшін бүлдіргеннің сыртын шырмаған өрмекшінің торындай - шыбынын шырқыратпақ, жанын жалмамақ. Қайткенде де, жұдырықтай кесек етке басылған таңба маңдайдағы пешпененің биіктен құйылған жарықпен зорайған зілмауыр көлеңкесіндей. Өз жүрегімізді былай қойғанда, қара жердің қыртысын тіліп, тәніне сойдитып қаншама таңба салдық. Абайлап қарап отырсаңыз, Жер шарындағы жағаларын жойқын мұхит шайған құрлықтар да адам жүрегінің сұлбасына ұқсас келеді екен. Сол жүректің бір тұсында кімнің қолымен жазылғаны белгісіз «КарЛаг» деген қасіретті таңба тұр. Бәлкім,

адам жүрегіндегі жазу басқа емес, осы таңба шығар? Абайлан, тағы бір қараңызшы...

Иә, адам үшін қарғыс арқалап өмір сүргеннен ауыр ештеңе жоқ шығар! Бірақ, бірақ сол ауыр жүк еңсемізді езіп, жүректің басына зілмауыр темір тәж сынды киіліп, міне, бәленбай заман өмір сүріп келеміз! Өлгенде ұрпаққа қалатын мүлік-мүкәммалдың шаңына жұғып, сырына көшіп, сол қарғыс та мирас болады. Олар да өз уақыты түтесілгенде, келесі буынға ұластырмақ. Соңыңда қалдырарың неғұрлым көп болса, әлгі зіл батпан жүктің де үлесі соншалық болмақ. Араны ашылған жалмауыздай жұтқыншағың бүлкілдеп, маңыңа қопа-қорыс жинасаң, түбі заман өзіңді жалмағанда, тірлікте есесі кеткеннің қарғысы да саған артылмақ.

Араб каллиграфиясын меңгерген дәруіштер адамның жүрегінде «Алла» деген жазу барын айтып, жалғанға жария етті. Жүрек те - бір кітап. Әлгі ғалымдар оқыған таңба мұқабадағы жазу болар. Ол кітаптың аты ма, әлде автор қолтаңбасы ма, бізге беймағлұм. Анығы - жүрек-кітапты парақтап оқымақ болған кез келген пенденің мұқабадан әрі аса алмай жүргені...

ГҮЛМИРА

*Когда уже очень далеко уйдешь по жизненному пути,
то замечаешь, что попал не на ту дорогу.*

П. БУАСТ

...Отыз үш жыл өтіпті. Өрге шығамыз деп едік, ылдида секілдіміз. Бел асамыз деп едік, беткейлеп келе жатқандаймыз әлі.

Он бесте едім. Аңғал едім. Пәк едім.

Иә, құм қамаған бұйығы ауылдың момақан баласы, он бесте едің сен. «Ақын бала» деген атағың аудан алабына аян. «Сен де он бесте, құралай, мен де он бесте...» немесе «Ол кезде сен де он бесте, мен де он бесте...» деп келетін өлеңдер бар біздің жақта. Екеуін де сенікі деуге болады. Бірақ он бес жасың өзіңдікі емес екен...

Тырау-тырау тырналар бұлтты ойғанда ауылға келді Гүлмира. Қазір соны еске алғанда, әңгімелегенде «Ауылға цивилизация келгендей боп еді» деп қоясың кейде. Айтқандай, біздің бала бастан кешкен кеп туралы ел жақтағы жазушы көкем де тәмсіл тартқан. Бірақ нақты болған жайды кейіпкердің өзінен тыңдаған абзал болар.

Ауыл-үй арасында көрікті қыз аз емес. Гүлмира солардың бәрінен бөлек. Үлбір жүзіне қарақат жанары, бүлдірген ерні, жайбарақат аңтарылған кірпіктері шақтап тартылған. Ауыл-үйдің түбіт мұрттарына қырдан қашқан тұлкідей болды Гүлмира. Қыран қайда шүйетін? Ауыл жігіттері қыздарымен араздасып қала берді-ау жиі. Момақан ақын бала он шақты үйлі ортаның «бас ақынына» айналған сол жылы. Гүлмира үшін, Гүлмира деп. Әуелі өз қатары қолқалаған: «Гүлмираға хат жазып бер. Өлеңмен». Ақын атаулы саудаға шорқақ - қиылған досты көп қинамай жазады. Тегін. Рахметін алады. Ертеңіне келесі ғашық. Ақын бала да бір жазған өлеңді қайталай алмайтын дертке шалдыққан екен. Жүрегін қос қолына ұстап, шығыршығын жұлып алған жарылғыш гранат уыстағандай боп, сәл босатса, атылып кететіндей, бозара, сол жүрекпен бірге дір қаққан Мәжнүнге - жаңа жыр. Мәжнүн - мәз. Гүлмираны

ұмытып, өлеңге, хатқа, соны апаратын өзіне ғашық боп мәз. Ақын баланың жүрегіне түскен қара бас өлең құрты ауылдың алпыс ғашығының құснихатынан нәр алып, өсіп келеді. Ақыры, аямай шаққан. Мәжнүндердің тапсырысынан босап, оңаша ойға қалған күні шаққан. Тап қолқадан. Күретамыр буылып қалып, жүрек байғұс атқақтайды. Жүздеген ғасыр жасырынып келген жанартау дерлік. Тау қыртысын жамылған қатпар-қатпар қалың қоз лықсып шықпаққа әуре.

Сол күні бұл да көрген Гүлмираны. Бұрын да көрді ғой. Бір сынып төмен оқиды. Іштей ынтық. Сезімін өзге Мәжнүндердің атынан тізген хатқа мөрлеген. Бір күні әскерден сол күзде оралған Ноқай (шын есімі жадыдан өшкен) өтінішпен келді. Ноқай да Мәжнүндер әскеріне қосылыпты. «Сен маған Гүлмираға арнап хат жазып бересің. Ауылдың күллі бокмұрынына жазыпсың ғой. Маған жазатының олардың бәрінікінен артық болуы керек. «Авиа» конверт сатып алғанмын. Қазір отыр да жаз. Әйтпесе...» Өтініші - өктем, өзі - озбыр. Атылайын деп жатқан жанартаудан ауыр бір ыңыраныс лықсыған. Әбден пісіп-жетілген тау жарасы сыздап сыр берерде, етегіндегі бұлақ-қайнарлардың көзінен бұрқақтар суы улы сілтіге айналып, қайнап кететін. Мұның да жанарына жас кептелді. Ыза мен шарасыздық. «Махаббат ғадауатпен майдандасқан, қайран менің жүрегім мұз болмай ма...» деген ақынды түсіне кеткен. Мұз басып жатқан жанартаулар да болады. Ол атылса, сел басар болар маңайды. Бұл да селдетсін өлеңді. Жо-жоқ, жанартауы атылмаған - алғашқы зілді күрсінісінің өзі көркем жырға айналған.

Әр жолының соңы «Гүлмира» деп аяқталатын, сиқырлы нәзік ноталармен ойнақшыған музыка еді ол өлең. Ноқайдан мұндай сезімді Гүлмира күтпесі анық. Тасын қаншама ғасыр қына жеп, мүжіп, морып кеткен тау да бір - Ноқайдың жүрегі, сезімі де бір. Ондай таудың басына қылтанақ та тұрақтамас болар. Ақыры, хат тұйықталған. «Үздіге хабар күтуші Ноқай. М.С.С.» деген аббревиатурамен. «Мен сізді, жо-жоқ, Ноқайдың атынан болса, сені ...сүйемін» деген. Әңгіменің көкесі хат жазылып біткен соң басталды. «Енді осы хатты мына конвертке сал. Сілекейіңді шұбыртпай, байқап желімде. Тұра тұр» Ноқай қалтасынан кішкене құты алып шығып, конверттің ішіне қарата «пыш»

еткізді. Одеколон. «Қу қыздың танауын қытықтасын. Ал енді іске-кіріс». Конверт желімделгесін Ноқаң сезім арқалаған жұп-жұқа хатты алақанына салып, салмақтап байқады. Жүзінде абыржу бар. Тілініп кеткен ернін жалап, мұрнына тақады. «Мұны енді өзің апарасың. «Сый қылсаң, сыпыра қыл, жазғышбек! Ағасымен доссың ғой. Сенен еш күмән тумады. Менің үлкен басыммен шүйкедей шиборбайға барып тұрғаным ыңғайсыз емес пе, а?!» Атыларман жанартаудың бір бүйірінен ақ бұлт түстес бу сыздықтап шыға бастайтыны бар ғой. Сол іспетті, демі жиілеп, алқына бастаған ақын бала. «Жүр, кеттік». Көнбеске. шара кәне? Гүлмираның үйі ауылдағы жалғыз прожектордың түбінде еді. Ноқай сүт жарық ақтарылған бағанның түбінде қалды. «Кешікпей шық. Мылжып, отырып алма. Мен күтем Жауабын дереу айтсын!» Әлгінде Ноқай салмақтайтындай-ақ екен, конверт - зіл батпан. Төсқалтаға тыққан ақын баланың жүрегінің сыздаған жаралы аузына, қолқа тамырына батып барады. Еңкіш тартып үйге кірген. Жер асты дүмпуі болар қарсаңда қатпардағы қалың қоздың қызуы тау бауырының топырағын дулатып, қыздырып, ерекше күйге бөлер еді. Мұның алақаны дуылдап, от шалып, күймегендей қалыпта. Ыстық өтіп, тер құрсап, булыққап тәрізді. Аузын ашса, жалын құсарман, шоқ шашып, демімен қаритындай. Қыз ағасы - досымен әңгіме құрған боп отырып, қағаберісте бұған жұғысып, аз-кем сұхбаттасуға ықтияр Гүлмираға хатты ұсынды. «Сенің өзіңнен бе?» деді жанары жалт ойнатқан «өзге цивилизация өкілі». «Ноқай беріп жіберді. Жауабын күтіп, есік алдында тұр». Жалқын нұр шашқан жанар оты өшкендей болды қыздың. «Ондай болса, алмаймын. Өзіне апарып бер, поштабай!» Жалт-жұлт еткен жанарының гауһар тастары мың құбылып, өкпешіл қыз өз бөлмесіне кетті. Бұған да аял жоқ енді. Әп-сәтте бар салмағынан айырылып, қауырсындай боп қалған «Авианы» жап қалтасына жытыра сап, үйден шыққан. Ноқай шам түбіндегі түннің бір уыс жыртығында жарбиып, шылым шегіп отыр. «Иә, поштабай, не болды?» Ноқайдың аузына ауысқан қыздың сөзі намысын шабақтаған бұл одан әрмен түнерді. «Керегі жоқ хатыңның. Әуре болмасын!» деді. «Сен дұрыс бермегенсің ғой. Қызбен сөйлесе білмейтін боқмұрын неме!» «Мықты болсаң, өзің бармадың ба?» «Не дейсің, ей? Менің сендей «духтармен»

кісіше сөйлескеніме семірген екенсің!» Өмірден соққы жемейтін ақын жоқ. Әсіресе Ноқай сынды дүлей дүмбілездер дарын атаулыға өш келеді ғой. Оны ақын бала білмейді, әрине. Бөктерін ауыл-үй күресін қылатын қотыр төбешіктердің желді күні кенет шаңытып, ығындағы жазираны сасытатыны бар. Ноқайдікі сол еді.

Үш күн үйден шықпады, тағдырдың алғаш соққысы Ноқай боп тиген ақын. Бір жағынан, қыз алдында бетімен жер сүзген намысы, Ноқайдың күрзі жұдырығы домбыққан бітеу жараға айналдырған жүзі, екінші жағынан, ауылда ешкім тік келе алмайтын дөкірді сөзден жыққандығы, әм қыздың «Хат сенен бе?» деп қуанып келіп, бұдан емес екендігін сезгенде, жабырқағаны мұның асау, делі жүрегін сап-сап сабырға келтіріп, сабасына түсіріп, саябыр таптырған. «Махаббат ғадауатпен майдандасқан...» дейді ыңылдап.

Үш күн Гүлмираны ойлады. Мәжнүндер тайпасының атынан жолданған хаттарын ойша тізіп, бүкіл өлеңді қайыра жазып шықты. Ең жобалысы, Ноқайдың қолы қойылғаны екен. «Күллі ел қозғалып жатқанда, менің тіршілік жасамағаным әбестік екен» деген ішінен. Ақыры Ноқайдың хатын қайыра жазып, өңдеп, басқа конвертке салып, қыз үйіне қадам туралады. «Өзімнен! Шын ниетіммен» деген. Өзге айтқаны есінде жоқ. Сірә, жарытып сөйлем құрастыра алмаған. Жанартаудың зіл күрсіністері жиілеп, ауа шытынап, аттас зарядтар тебісе бастаған. Мұндайда тау қойнауын аралар жаңғырықтар да тыйылып, әуе ауыр ырғақта лықсып, жерге жабысарман болар еді.

«Жауабын ертең айтамын. Кешке. Биге барғанда». Бір жарым тәулік - «Ғасырдан да ұзақ күн». Бәлкім, дауыл алдындағы тылсым тыныштық. Үміт пен күдік кезек сүйген жаралы жүрек қағаз жайылған дастарқан басына қарай тарта берген. Жүрек түбіндегі қара бас құрт қолқасын солқылдата сорып, жұдырықтай ет сазып, беймәлім саздар сыңси береді құлағында. «Ай алқалы, Күн сырғалы Гүлмира!» Бір тәулік - жиырма төрт сағатта қыздың сиқырлы әуезді есімін мың қайталады. Ертеңінде математикадан «екі» алды.

Әлқисса, би кеші. Гүлмира жоқ. Соңғы сыныпта оқитын бұларға есігі айқара ашық совхоз клубына төменгі сыныптың балаларын кіргізбеген. Топты Мәжнүн мұны аңдып әуре.

Бірі - тілектес, бірі - бәсекелес. Ақыры, қыз үйінің маңына барып, әуезді ысқырығын салған. Жарты сағаттан астам уақыттан соң, кіреберістің терезесінен шам сәулесі білініп, сыртқы есік сәл ашылып, қыздың басы көрінді. «Е-hey, Есенин! Қайдасың?» деді қыз. «Басқа біреуі бар екен ғой?! Залым қыз!» Ашуға булыққан бұл кетіп бара жатқанда, тағы да «Ей, қияли ақын! Қайда қашып барасың?» деген қыз дауысы жетсін құлағына. Құстай ұшып жеткенін біледі. «Есен» дедің ғой өзің» дегем. «Есенин» дедім. Сондай ақын болған орыста. Қыздарға өлең жазудың мастері - сен секілді. Мә, барлық шығармашылығың деп, Мәжнүндердің атынан келіп, сол күйі ашылмаған хаттарды қолына ұстата салды. Сергей Есенин деген ақынды оқымапты бұл. Шалғайдағы ауылда орыс тілі, әдебиетінің мұғалімі жоқ еді. «Менің жауабым - осы. Ал сенің хатыңды альбомым.і фломастермен көшіріп жазып қойдым. Есенинді оқыған соң келесің» деген.

Есенин шынында мықты екен. Сұлу жырдың серісі екен. Кейін сол Есенин атындағы медальды кеудесіне қадайтынын ойлады ма екен?! Ал Гүлмира екеуі сол кештен соң жұптарын жазбаған. Он жылдық бітірген ақын бала жылқышы боп кетті.

*«Бозкөлдің жылқы жайдым жазығына,
Байландым бір сезімнің қазығына...» -*

деп, даланы жаңғырта ән салатынды шығарған. Гүлмира мектеп бітірген соң, яғни келер жылы оқуға бірге аттанбақ. Алматыға. Алматыда ақындар ортасына барып, Арқадан кеп, ақ шатырын аспанға тікпек арманы бар баланың.

Тағы да көктем келіп, тырау-тырау тырналар көкке сына қаққан. Гүлмира мектеп бітірер кеш те таяу. Жалпақ жазиралы даланы еркін кезген қиялшыл бозбаланың кеудесі де солығы басылып, қайыра ұйқыға кеткен жанартаудай болады. «Жүрегім менің - жанартау» деген атайы ақынды жаттаған жылдар еді. Жайсаң жаз жадыратқан күндердің бірінде мектеп бітірушілер кешіне дайындалып жатты бұйығы ауыл. Қырсық қылғандай, сол күні аласапыран дауыл, ағыл-тегіл нөсер ойнаған дала сахнасында. Ыққан жылқы, ыдыраған үйір. Дауылсүйгіш ақын бала кетті Бозкөл айналып. Екі күн, екі түн алалы үйірдің

соңында аттан түспеген жылқышылар дүйсенбі күні кең қақты көктей өтіп, ауылға кеп жығылды. Жылқы жайлауға оралған. Тұяқ серіппей ұйықтапты. Екі кештің арасында екі сыныптасы келді. Жүрістері суыт, жүздері суық еді. «Гүлмираны Ноқай алып қашып, қаладағы апайының үйіне түсіріпті. Сол күні өзін келмей қалдың. Кештен кейін жалғыз үйіне кетіп бара жатқанда «Москвичіне» салып ап, қалаға тартып отырыпты. Көнбеген соң, жолда қол жұмсапты. Кеше аға-жеңгесі қуып барып келді. Шымылдық ішінде жылап отыр екен. Бекем бол!»

Қаншама ғасыр самарқау тартып, ұйықтап жататын жанартау атылғанда...

Қол ұстасып, арманға аттанбақ сапар кенет үзілгенде...

Аспанды қара бұлт қаптар еді. Қап-қара бұлттар шеке түйістіргенде аспан тітіреп, қара жер аунай кетіп, түпсіз түнекке құлап бара жатқандай алапат болар еді. Нөсер селдетіп, Нұқ пайғамбар кеме соғып, тірі қалған топанның елесі келер еді қайыра жер бетіне.

Жүрек кенет тоқтап, кіді кідірісі келер сәт толассыз дүмпуге айналып, төсті жарарман боп атылар еді.

«Гүлмира жоқ! Болған, енді жоқ!» Ақын атаулы тағдырдан таяқ жеуге жаралған халық. Әсіресе Ноқай сынды нойыстардан Нұқ пайғамбар заманынан бері, жер бетінде алғаш Өлең деген махаббат кемесі жасалғаннан бері таяқ жеп келеді. Ақын баланың жүрегі алғашқы дүмпуде-ақ атылып, айнала бұлақ басы тең алапты көмкеріп кеткен. Зарлы, зәрлі жырымен. Кейін жанартау дамыл табар, жүрек те беріш жамар. Уақыт - бәріне емші...

Содан бері отыз үш жыл өтіпті...

Сол Гүлмира кеше телефон соқты. Алматының төріндегі аймағына, танымал ақынның қызмет кеңсесіне. Күнделікті қарбалас, қым-қуыт жұмыс, сабылыс, кірген-шыққан қағаздар, шылдырлаған телефондар. Бірақ осы телефон ерекше шырылдаған тәрізді. Жайлаудағы құлыншақтың даусындай шыңғыр-шылдыр кісіней шықты. «Алло!» деді бұл қоңыр дауысына ауыр ырғақты маңыз бере. «Алло! Сәлеметсіз бе? Маған Бәленше Түгенбаевич керек еді». «Сәлеметпіз. Мен сізді тыңдап тұрмын». «...» «Алло! Айта беріңіз. Тыңдап тұрмын...» Дауысын сәл жұмсартқан. Желінің арғы басындағы дауыстың

ырғағы дірілге ұласқандай болды: «А-а. Сәлеметсіз бе? Мен... Мені Сіз танымассыз... Жо-жоқ, ұмытып қалған шығарсыз Мен Сізді ылғи көріп, то есть, өлеңдеріңізді ылғи газеттерден оқып, теледидардан...» «Рахмет. Кім боласыз?» «Мен... Мүмкін, Сіздің ойыңызда бар шығармын. Мен - Гүлмирамын ғой... «Гүлмира?! ...» «Иә, Гүлмира. Баяғыдағы, ауылдағы...» Қайдан ұмытсын! Отыз үш жыл түсіне кіріп, ойынан кетпеген. Әредік, жылысқан жылдардың жалында кеткен жастығын еске алғанда, Гүлмира мінген құла тайдың тастаққа түскен тұяқ ізін де аңғарып отырар еді ғой. Бірер секундта күллі өмірі көз алдынан зу-у етіп өтіп, миына шаншылған. Кейде, Тәңірдің беймәлім әмірімен ұйқыдағы жанартау бір бүлк етіп, қатпар-қатпар жынысты жақпар арасындағы болмашы сызаттардан бозамық бұлт түсті бу ататын. Оянайын дегені ме? Зертханалардағы сейсмоқұрылғылардың шкаласы секіріп-секіріп кететін. Мұның қолы дірілдеп, телефонды оң құлағына ауыстырды. «Алло! Ой, Гүлмира! Халыңыз қалай? Қайдан телефон шалып тұрсыз?» деген сөз болды алғаш аузына түскені. «Осында келгем. Бір шаруалармен. Кіші қыз ауруханаға түсіп қалып, соның жайымен...» «Ауылда дәрігер болмады ма?» деді де, тілін тістеп алды. «Жо-жоқ...» желінің арғы жағындағы үн де абыржыңқы шықты. «Просто... ауылдағы дәрігерлердің шамасы келмей тұр» «Неңдей көмек керек? Қай жерде жатыр?» Жасынан елгезек басы жарты ғасырға жуық жырлап келе жатқан арманы алдына кеп тұрғанда, өз жаны таразыға тартылғандай тызақтап кеткен. Ақыры, Гүлмираның бар шаруасын орайластырған. Телефон арқылы. Енді өзі бүгін пойызға мінбекші. «Барсам ба, бармасам ба? Көрсем бе, көрмесем бе?» Осы сауалды мың қайталады. Осындағы ақындардың алғашқы махаббаттарын араға жылдар салып кезіктіргені есіне түседі. Ауылдағы әріптес ағасының «Идеалы өлген күн» туралы әңгімесі ойына оралады. «Ой бестегі құлыншақ едік. Қазір қырық сегіздеміз. Адам қызығатын көрік қалды ма бізде?» Көріктей кеудесі көтеріліп-басылып, кең сабадай толысқан тұлғасына айнадан көз тастады. Бұғақ салбыраңқы. Жүзіне шалбар әжім түсіпті. Қас-қабағы бұйрат құмға біткен бұйығы баялыштай - ойқы-тойқы. «Жоқ. Болмас! Он бестегі қалпымызда қалайық...» Жылдар бойы тыншыған жанартау бір заманда тау төбесіне көтерілген әлдебір геолог

немесе альпинистің жақпарға қаққан шапқы темірінен де оянып кетер еді. Әуелі жердің тінін тітіретіп, гүл жүгіретін. Мұның кеудесі де кешегі телефон шылдырынан кейін өзгеше күрсініске толған. Түн баласы дөңбекшіп шықты. Таңнан бері жұмысы жүрмеді. Ақыры, жүргізушісін шақырып алып, жұмсаған. «Жылдам бар. Міне, телефоны. Бар керегін әпер. Орталық дүкеннен сый-сияпат ал. Пойызға мінгізіп салған соң бірден осында кел. Хабарын айт. Алыс ауылдан келген туыс еді». Енді сол шопырын күтіп, тағат таппай отыр. Ақыры, келді-ау. Өзі секілді ауылда туған момын, тындырымды, жауапты жігіт. Оны-мұны сұрағыштап отыр. Ол есеп беріп, бұл сауал тастап, біраз отырған. Хатшы қыз есіктен сығалағыштап қояды, қабылдау бөлмесіне біраз ел жиылып қалған сыңайлы. «Мынау дүкеннен қалған ақша еді». Жүргізушісі 100 долларлық жасыл қағаздарды үстелге қоя берген. Бұл шыдамады ақыры «Өңі қалай екен? Жүдемеп пе?» деді. «Ой, аға! Мұндай келбетті, келісті әйел баласын әлі көрмеппін. Сізді қайта-қайта сұрады: «Неге келмеді?» деп», - деді шопыр жігіт. «Апырай, ә! Ана ақшаны өзің ала бер. Бір кәдеңе жаратарсың...» - деген толқып кеткен бұл. «О, Гүлмира! Сол қалпыңда болмасаң да, әлі керім екенсің-ау! Менің келмегенімді неге жорыды екен? «Менсінбеді» деді ме екен?»

Отыз үш жыл. Арқаның жазығында жаныма ерген құралайдың лағындай жаным еді, Гүлмира!

Аңғал едік. Пәк едік. Ал өмір... Өмір - ноқай екен, нойыс екен. Әу баста бағыт алып шыққан жолыңның ортасынан асқан соң, кері қайырылып қарасаң...

Жер жаралып, су аққан алғашқы дәуірді, мұқым жалғанның жаратылысын түсіндіргісі келетін ғалымдар Жер шарының жазиралы жұмақтары қайнарында мәңгі лаулап жататын қызуы бар жанартаулардың демімен жасанын-жаранып тұра береді дейді. Ал бір күні атылса...

Біздің жастық шағымыз да сол жазиралы жұмақ екен. Тек, өз дегенін жасайтын мәжнүн өмір болмаса...

Сол кездегі бала ақынның жазған өлеңі қалай еді? Ол тәмсілдің ендігі нұсқасы жазылса, былай болуы тиіс:

«Көктем көздің жасындай боп сырғи ма?

Сырғи-сырғи бет түзедік ылдига.

*Сары белден сағым ұшып жатқанда,
Жаныма ерген жаным едің, Гүлмира.
Күндей күлген көгімдегі Гүлмира,
Ұсынады өмір нені Гүлмира.
Он бесінде толған айдай толысқан,
Отыз үш жыл көрінбеді Гүлмира.*

*Жақұттайсың,
Лағылдайсың, Гүлмира,
Түнгі ұйқымды тағы ұрлайсың, Гүлмира.
Сағынасың...
Сағынбайсың, Гүлмира.
Жаңарқаның жазығынан жоғалған -
Ақбөкеннің лағындайсың, Гүлмира.*

*Ісім өнбей,
Ішім өлген, Гүлмира,
Түсінбесті түсінер ме ең, Гүлмира.
Дертің меңдеп...
Ішіп өлгем, Гүлмира,
Отыз үш жыр арнасам да ұмтылмай,
Отыз үш жыл түсіме енген Гүлмира.*

*Көктем көздің жасындай боп сырғи ма,
Сырғи-сырғи бет түзедік ылдиза.
Өткен өтті...
Құрысын бәрі, Гүлмира,
Есіңе алып жүресің бе әлі, Гүлмира,
Ай алқалы, Күн сырғалы Гүлмира».*

Ақын мен ару келіншек әлі кездеспеген деседі. Кездесуі керек пе, әлде?..

ЖАРТЫ КАП КІТАП

(Жойқын мұхиттың жұтқыншағы бүлкідеп, қалтылдаған кемені жұтарда кім тастай қашушы еді сапарластарын?! Қапырық бөлмеге жарық шам ызғарлы сәулесін шашқанда да, қуыс-қуысқа тығылатын тарақан еді ғой. Ал біз... Біз бәріміз тозақ кемесімен аттанып барамыз - бір бағытқа ғана билет сатылған - жетер, шалдыға жетіп, салығып ұйқыға кетер, бәлкім, салыққанда ұйытар ұйқы да тәніңді тастай қашар тұрағымыз - Тамұққа аттанып барамыз. Сіз неге біздің кемені тастай қашқыңыз келеді?! Билетіңізді ұсақтап жыртып, ауаға шашып жібергеніңізбен, бұл сапар Сізді тастап кетер жайымыз жоқ! Алып кемемізден қашып та құтыла алмайсыз. Шарасызсыз! Мінәжәтіңіз осынау ғаламдық кеме - Жер шарындағы миллиондаған күнәһардың даусынан озып, Көкке жете ме екен?! Әлде менің күйреуік өлеңім сынды тек өз жанымды ғана мұжитін немесе жұбаныш жұптайтын былдыр-былдыр ертегіге айналып кетер ме?!)

Шарасызсыз - менің әңгімемді тыңдауға еріксіз көнесіз. Себебі Сіздің мінәжәт пен Көктен түскен жазбалардың әр қарпіне бір тәмсіл арнап жазуды біздің мойнымызға жүктеген. Ал ол - түпсіз уақыттың шырғалаңында адасқан Сізге бірден-бір алданыш. Әйтпесе қасиетті жазбаларды тікелей оқып, ештеңе түсінер емессіз. Уақытыңыз да аз. Тәніңіз кемені тастай қашса да, ғаріп жаныңыз қайыра оралып, қайғылы кейіпте, жалғаннан ештеңе ұқпаған беті тірлік кеше береді...)

Электричка Қарағандыға Күн еңкейе жеткен. Көмірдің шаңы кірпігіне жұққан қарағөз қала шаршаңқы кейіпте қарсы алады Ақынды. Көзі қара болғанымен, бұл қаланың ләмі басқаша. Темір жол керуенсарайына ене бергенде дауыс зорайтқыштан үні қатқыл апай: «Құрметты, жалаушылар..!» деп бейпіл акцентті ағытады. Мырс етесіз. Белгілі ақынның «ТЖ-лар» атты өлеңі есіңізге оралады. Бірақ ол кезде «ТЖ-лар» туралы өлең әлі жазылмаған... Керуенсарайдан осы шаһарға ат шалдырған әр ақын, әншіні, күйшіні, жазу-сызуға ғапіл қатысы бар жанды қарсы алуға құштар Граждан Шақшабаласын

көресіз. Сіз оны танымассыз, бірақ ол Сізді танып қояды. Өлеңіңізді оқиды, әңгімеңізді әдеби газеттің қиындысынан көзі шалған, атағыңызға қанық. Жо-жоқ. Қымсынбаңыз. Жүтіңізді көтерісіп, басыңыздың «сақинасы» болса, емдеуге бейілді. Біздің Ақынды да сол Гірекең қарсы алсын. Алғаш танысса да, Ақын ешкімді жатырқай алмайды. Ұзын плащының шалғайына әнтек жұққан шаңмен түстес қапшығы кенет күтіп алушышның иығынан табылған. Ақын алаңдаса да, Граждан оны көтертер ме сыйлы қонаққа. Жарты қапшық кітап еді. Өлеңдер. Өлкелік газетке ерте-кеште басылған. Кейін жинаққа еппен енгізілген, әр қарпінің көлеңкесіне қоңырқай мұң тұнған жырлар-тұғын Бір-екеуін Сізге оқыперер едім - әңгімемнен ауытқып кететін тәріздімін. Кейін, осы әфсанам жүрегіңізге қонақтап жатса, үлгіреміз...

Ақынның қалаға келгенін ешкім білмей де қалған. Өзі де жарапазан-жар-жарға жау. Радиода орнығып, сол торапта қартайыңқырап қалған ескі танысын тапты. Онда да Граждан екеуі үйіне іздеп барып еді. Қос ақын - бірі алыс ауылда, бірі қапырық қалада, тірліктерінде бес-алты мәрте ғана дәмдес болыпты. Сонда да етене жақын тәрізді. Қалалық қаламгердің намы - Бәжең. Бәжең Сәуірұлы. Аймаққа танымал, ертеректе қазақтың үлкен ақындары жазбаларын жақсы бағалап, кейін денсаулық күйімен, жер шалғайлығымен әдебиет ағысынан сәл қалыңқы қап қойған. Провинциялық ақын-жазушылардың бәрінің тағдыры осы тұрыпты ғой. Алматы алыс. Жылына бірер барғанмен, қонақ боп бастап, елдегі қоңыр тірліктің ырғағын бұзып, қалың ақын-жазарманның ортасында шайқала шауып, қайтасың. Сосын елге оралғанда, тым-тырыс тыныштыққа құлақ үйрете алмай, тағы дерттеніп жүргенің. Ал алыстан елге іздеп келсе ғой сол ақындардың бірі. Екеу келсе де артық емес. Тұтас қазақ әдебиетінің бір дәуірі көшіп, іргеңе қонғандай боласың. Сырттан келген туыс та, егер шулы ортадан келсе, мұндағы салқын саябырға шым батады да кетеді. Бірақ соншалық ұзаққа шыдай алмайды. Тереңге сүңгіп бара жатқанда, қапылыста ауа жетпей, қайыра атып шығып, сабыр айдынынан өзінің асау толқынды өзеніне асығады. Сөйткен алма-кезек дүние.

Ал біздің ақын жарты қап кітабын арқалап, Н. стансасынан келген еді. Ертеректе Ібір-Сібірдің сызды ауасын жеті жыл

жұтып, елге келе жатқанда, Алаштың аймаңдай ақынының туған жері екенін естіп, пойыздан түсіп қалған. Ақыры, сол топыраққа тамыр байлаған. Стансадағы тірлік қарағөз қаладағыдан да мылқау ғой. Әдеби орта жоқ. Ақсақалдардың ескі әңгімесі ғана алданыш...

Әлқисса, қос ақын кісінесе табыссын. Граждан үшеуі Бәжең баспанасын кабакқа айналдырып отырғанда, үй иесінің әйелі жұмыстан келді. Келе сала салқын қабак аңдатсын қалалық ақынның жары. Бәжең «кәне, аш қабағыңды, қамда ас-тағамыңды!» десін қарап отырмай. Содан сойқан басталды. «Бұл үй сенің алқаштарыңды асырайтын приют емес. Кеше ғана өлейін деп, ауырып отыр ең ғой! Сайтанның сідігін сіміріп ал, маған мән айтатын кімсің! Мынау қай қайыршының қапшығы?! Құрт көзін! Бәрің де көздеріңді құртыңдар! Қазір милиция шақыртам!»

Соңғы сөз стансалық ақынның жанды жерінен тиген. Сібірдің дәмін татып қайтқан соң, заң өкілдерімен кездесуді жаны сүймейді. Жалпы, кім жақсы көреді дейсің? Ұйлығыса үйден шыққан үшеуі ілби басып, темір жол керуенсарайына бет бұрған. Әлгінде босағада жатқан «қайыршының қапшығы» Гражданның иығына қонжиыпты.

Темір жол керуенсарайына кім келіп, кім кетпеген?! Сіз де, менің ойшыл оқырманым, дәм тартса, келесіз бір. Сонда көресіз: ерсілі-қарсылы ағылған жұртты әр заманда, жылдың әр мезгілінде осында бас сұғып, табан тіреген әріпгестерім деп оилаңыз. Барлығы да таныс, бірақ бәрі де бөтен тәрізді ғой. Біз бәріміз бір заманда, бір кеңістікте өмір сүрмеуіміз мүмкін. Ал керуенсарайда дәрежеміз теңесіп қалады - қайсы болмасын! Бәлкім, осы гәмсіл Сіздің қолыңызға тигенде біз де тірліктің керуенсарайынан бір бағытқа ғана сатылатын билетке ғұмыр-тиынымызды ұсынып тастаған боп шығармыз. Өткенде атайы ақын ағам бір ғаламат жыр жазды: Бір заманда біздің аталарымыз «Коммунизм» деген стансадан түсіп қалып еді ғой, келесі станса «Репрессия» деп аталатын, одан кейінгі станса - міне, «Капитализм». «Келесі аялдама - «Алаш» стансасы» деген дауыс алыстан талып жететін тәрізді деген... Иә, әңгімемнен ауытқып барам. Дегенмен осы керуенсарайлардың бәрінде Граждан Шақшабаласы тәріздес бейкүнә адам жүре қоймас.

Грек аңыздарында ғұмырдарияның өзен-вокзалынан өткізілетін әзірейіл кейіпті әлдекім болар еді ғой. Болмаса, Анненкоим.т вагоны тоқтаған стансалардан, күллі КарЛагтың қақпасы бо.п .т Қарабастан бір заманда желкелеп түсіріп тұрса тағдырың...

Граждан бастаған үшеу сол түні қарағөз қаланың керүсм сарайын бір шайқады-ау дерсің. Қоңыр күздің соңы болатын Таң бозында асфальт үстіне қонған сыз қырауға айнала алмай, буланып кететін уақ. Жастары ұлғаймаса да, жер ортасынан асқан қос ақын жас перінің сілтесіне шыдай алмаған. Ақыры, Гражданның есіне жақын орамда тұратын сазгер көкесі түскен. Сазгер де заманында тиісті енші-бағасын ала алмаған. Бірақ әндерінің ғұмыры тіл жеткізер тітіреніс тылсыммен астасып, тілсіз қалар сәттерінде қайыра басталатынын білетін, сенетін. Сол ғайри сенімін жүрек тереңіне жасырып тастаған еді. Өзі де шырқаған: «Жан түбінде ұйықтап жатқан арыстан, оятпашы мерт қыларсың сезімді!..» Сезімі қалғып кеткен заманы еді сазгердің Яки тірлігі тұйықталар - фәни күнге алды жабық уақта ілбіп. күн кешіп жүрген. Жардан, баладан ада. Жалғызсырап, жансебіл жүрегін қысқан жәдігөй тірліктен жалыққан. Сазгердің есігін таң бозында итеріп кірген үшеу тынықсын. Түс әлегінде шөліркеп оянған Гражданның қойнынан сусын басар сұйық та табылған, Бәжең Күн қос қабат үйлердің шатырынан шуақ сырғаната бастағанда жұмысына кетті. Сазгер мен стансалық ақын қайыра ұйқыға шомған. Түс ауа Граждан жұмыс орнына, нәпақасын айыруға аттанады. Күндегі тірлігі - торапты жолдың түйініне келіп, күрмеуін шеше алмай зарыққан жанға билет тауып береді. Пароммен ана дүние, мына дүние артасын жалғап жүрген «әлемнің ақ періштесі» дерсің. Екі дүние арасында кім кездеседі екен өзіне: бірақ мүсәгір-жолаушының сауабын алатын ләппаіТ тақсыр қарсылаушы-жөнедтуші міндетін маңдайына жазғап, сомен таңдайына ақ тигізген. Түн орталай Граждан сазгердің лашығына қайта оралған. Қос зарлық не күйде екенін біліп кету ойында. Ақын мен сазгер ертеңгілік таныстырылған бір-біріне. Бірақ әрқайсысы келесісін бұрын көрмек түгіл, естімеген адамым екен деп түйген. Граждан қолтығына қыса келген ащы су мен тіскебасар, онан қалды бұрыштағы ток пеш үстіне жамбасын күйдіре-мүйдіре жайғасқан қара бақыр, одан шұбала шыққан дәмді иіс әңгімеге сүйреген екеуін. Ақын алдыңғы түннен бері

кіреберіс бұрышта елеусіз қалған қапшығынан бір кітабын алып шығып, өлең оқымаққа талпынды. Сазгер тірлігінің беймәлім бір қалтарысында қап кеткен шабытты шақтары қайыра оралғандай күлімсіреп, бой тіктеді. Ақын майда қоңыр машығымен жыр төге бастады. Сазгер күлімсіреген қалпымен ыңылдап ілесе кетпекші. Ақын... Сазгер... Ақын... Сазгер... Шақшабаласы да бұ тірлікке әредік қазанаспа астындағы отты қағыстырған қаммен араласқан боп отырсын. Ақын жырын сағыныпты. Сазгер де қақпағы әлдеқашан құлыпталып қалған сырсандығының қиюы кеткен тұсынан себезгілеп шашыраған шуақ-саздары жанарынан ұшқындап, бір жасап отырды. Оған отты суды қосыңыз! Тірліктегі темірқазығыңнан адасып, ел ортасында отырып, елсізде қалғандай күн кешіп көрдіңіз бе, бауырым? Өнер қуған өрелі жан атаулы өз жүрегіннің шұңғыма тереңіне талай мәрте сүңгіп, өзін іздеп жүріп адасар еді. Тек өнер-білім ғана емес, тірлікте тамырын танығысы келген һәр жанды көргенбіз. Біздің қос кейіпкер де ұлыс көшіне жанай шапқан жалғыз аттының ғұмырын кешіп еді. Әу баста жазылған тағдыр ма, әлде кездейсоқ жазым әлегі ме: бірі - шалғай ауылда елеусіз қалған, бірі - жанын ұғар жан таппай жабыққан. Адасу емей немене?! Әлде олардікі жөн де, көптікі қата ма?! Қайткен күнде де, сол күні екі азамат серпіліп еді. Жыр оқылып, ән шырқалды. Кенет Сазгер әбден бой жасаған адамның кейпімен Ақынға сертек қарасын:

- Есіңде ме? Екеуіміз ертеректе кезігіп едік қой?

- Мүмкін емес, ағасы! Менің тірлік-талқаным сіз жүрер аулаларда шашылмаған еді.

- Бәрі мүмкін! Бәленінші жылы Алматыда Мұқаң - Мұқағалимен Төлеген ақынның үйіне келіп едің ғой.

- Иә, Мұқаңмен дос-жар болғанбыз! Айбергеновтің ауласына бас сұғып тұратынбыз. Сіз қайдан жүрсіз ол маңда?

- Мен Шәмшімен жолдас болғам. Әлі де! Біз Шәкең екеуіміз барғанбыз сол үйге...

- Ойпырмай! Сен... солсың ғой!

- Иә! Дәл өзі! Ал сен... Сен - солсың!

- Енді кім деп отырсың?!

«Ой, бауырымдап» қауышқан қос жігіт ағасына қара бақырды ұмсына ұстап келіп тұрған Гірекең аңтарылып қарасын.

- Ой, бауырым-ай!
- Өй, көкем-ай!
- Бәсе!
- О, шебер құдай!!!

Манағы әңгіме - әңгіме ме! Енді кеңісін кеңістік. Көкжиек түріліп, аспан асқақтап сала берсін! Алаш атырабында мұндай талай атақты кезігіс болған. Бізге етенесі - Әсеттің Кемпірбайдан көңіл сұрап барар сапары. Бұл теңеуімізді артық, әбес санасаңыз, алыстан мысал табайық. Гогеннің Таити аралынан Парижге оралуы. Одан да әрідегі ежелгі дәуірдегі әпсаналық оқиғалар. Қай-қайсысы да қос азаматтың - Ақын мен Сазгердің кезігуіне мысал бола алар еді. Сеніңіз! Сенбесеңіз, өз өршеңізге көз тастаңыз: жігіттік дәуренде аз-кем дәмдес боп, арада тұтас ғұмыр өткізген соң кезіккен әріптесіңізді танып, таңырқаған сәтті ойға алыңыз... Иә, иә! Сол сәттегі бір өзгеше сезімдер сазгердің лашығы ішін арайға толтырып еді! Қазақ маңдайына басқан ақиық ақын мен сыршыл сазгердің жанында қарулас серік болуға жараған біздің кейіпкерлер де осал емес еді. Тек, тірлік, тағдыр сызығы өзгеше сызылған...

Қарағанды керуенсарайын мекен еткен сол қос сері жайлы әңгімені түрлі қалыпта тәмамдауға болар еді. Бәлкім, жария жазуға да жата қоймас?! Бірақ бәрібір Ақын мен Сазгер осы жазуға тәуелсіз, ада кейіпте сол кезең, сол кеңістікте ғана емес, дәл қазір де осында, тұсымызда өмір сүріп келеді ғой. Вокзалға бас сұғыңыз - дабыр-дұбырлы жүргінші-жолаушылар шуынан тыныс демі сезіледі; әрі өткен, бері өткен таныс бейтаныстардың бірі болмаса, бірінен сұраңыз, таниды: көрген, естіген, әдеби газеттердің қиындысынан өлеңін оқыған; анау қара айғыр сүйреген шұбалаң вагонға өткенде мініп кетіпті, мына бір ауыр күрсіністі зілтабан пойыздан әне-міне түсетін сыңайлы. Дегенмен ауытқып барамыз тағы...

Арайлы, шырайлы отырыс соңы аңылаған естелікке ұласқан. Шаршаулы кейіп, қалып ойлы жандарға жиі жұққыш қой. Әсем әннің де соңғы ноталары ойнақшып аспанға атылғанмен, тыйылар сәті мұңға шылықыр еді! Жырдың да соңғы шумақ, соңғы жол, сөзі естелікке бастау берер тиянақ қой.

Гірекең түн көрпесі қарагөз қаланы қымтай бере, керуенсарайына қадам түзепті. Ілкіде естіген әңгімемде дүние жігін қосып-ашар дәнекершілер ел ұйқыға шомар саябырлы сәт-

терді сүйеді-мыс. Қарсы алу, қоштасулар да. Ал сол күннен бастап қос серінің ортақ тірлігі, ғұмыр тиянақтар ортақ жолы басталыпты. Күнде Күн жарықтық аласа үйлердің тозыңқы шатырларын сипай шуақ таратқанда, ілбіп вокзалға баратын еді олар. Күн сайынғы қалыпқа түсіп кеткен ғадет бойынша Ақынның бір-екі кітабы ұзын плащының төс қалтасына сүңгітіледі. Сазгердің естелік әңгімесі де жүрек түсында қыз-бақшы - тыңдарманын күтіп. Ал керуенсарайға кім келіп, кім кетпейді?! Сіз де, менің ойлы оқырманым, бір жолыққан шығарсыз тірлік сапарыңызда Ақын мен Сазгерге! Бәріміз бір мезгілде, бір кеңістікте өмір сүрмегенімізге кім кепіл?!.

- Мына кітаптың авторы мен ғой, - дейді Ақын. - Сәл жастау кезімдегі суретімді бергізгем. Бір өлең оқып берейін бе?

Сіз келісесіз. «Өлеңіңіз жақсы екен!» дерсіз. Ақын сенуге бейілді. Сазгер қоштауға. «Иә» дейді ол. «Осындай жырлар бар адамзат аспанының астында!» Сізге кітап та сыйға тартылып, қолтаңба алып қалу ұсынылады. Қуана келісіп, қос серінің қолына азды-көпті тиын-тебен ұстата салыңыз! Жаныңыз ашығандықтан емес! Өлеңді түсінгендіктен. Ал, тіпті жырдың жалғасын күтсеңіз, дастарқан жайып, Сазгердің естелігін тыңдарсыз!..

Осы сценарий бойынша сырғыған қара күз ақ қауырсынды қысқа алмасқан. Қыс соңы көктемге ұласар ма еді?! Жо-жоқ, әрине! Мезгіл мәресін белгілер күдірет жоқ бізде. Тек...

Тек, сол баяғы сазгер лашығына қоңыр күзде апарылып, кіреберістегі бұрышта елеусіз қалған сарғыш қаптың түбі көрінсін бір күні. Әуелі ақын ертеңгісін тұрып, сырт киімін киердегі әдетімен еңкейген. Әуелгі тоқ қалпы қыс ортасына таманғы аязды күндері жүдеңкіреген қапшық ауыл үйінде пеш түбінде жататын жетім қозының бойына жылу дарыған соң, сол жатқан қалпы керілгендегісіндей жермен-жексен болып қалыпты. Арық салалы саусағы еденге тақ етіп тиген Ақын аңтарылып, Сазгерге қарасын. Керенау қалыпта, ұйпаланған шашын тарап тұрған ол да бұған жүдеп көз тастаған. Кітап бітіпті! Енді қайтпек керек?! Дымы біткен ақын босағаға төселген бөстекке отыра кетті. Сазгердің мүйіз тарағының бірер тісі сынып, шашына сіңген. Сәлден соң әдепкі еңселерін түсірмеген қалыпта екі адам есікті итере жауып, керуенсарайға қарай кетіп бара жатты... Бәлкім, бұл соңғы таңдары ма екен?! Бәлкім, бұл

соңғы сапарлары ма екен?! Біз көрмедік сол көктемде оларды. Керуенсарайға шартараптан құйылып-ағып кетіп жататын жылы ағыстардың біріне түсіп, беймәлім бағытқа жөнеп кете барды ма екен?! Ал Сіз...

Сіз іздедіңіз бе оларды?! Ана бір пысқырып кеп тұрған қара айғырдың қоңыраулы трашпенкесіне аяқ артып бара жатқанда, соңыңызға ақтық рет қарап қалғанда, ағылған жүргіншілер арасынан жүдеңкі жүздерін көзіңіз шалған болар. Есіңізге түсе қоймады. Әйтеуір, бір заманда, бір тарапта көргенсіз. Қайтсе де, есіңізге түсер ме екен?!.

Қарағөз қаланың керуенсарайы талай Ақынын қарсы алып, шығарып салып еді. Тас төселген алаңға табан тиген бетте Сізді де Граждан Шақшабаласы қарсы алуы мүмкін. Себебі таниды, біледі, өлеңіңізді әдеби газеттің қиындысынан көзі шалған. Басыңызда түрлі ой болса, серпілтуге де бейілді. Тек...

Тек, сол бір қыраулы қыста бір-біріне селбесіп күн кешкен Ақын мен Сазгерді байқамай өтіп кетесіз керуенсарайдың кең залынан. Өне, ана бір топтың қақ ортасында Ақын өлең оқып, қолтаңба ұсынуда. Міне, Сазгер естелік айтуда.

Бұл әңгімені түрлі қалыпта тиянақтауға болар еді. Бірақ әлі де сол екі сері адамзат керуенсарайының бір шетінде ағылған жүргіншілер арасында күмбірлетіп өлең оқып, естелік баптап, біздің арамызда жүр-ау. Біздің жазуымызға еш тәуелсіз, ада, арылған, анық ақиқат кейіпте...

* * *

(Ал Сіз неге біздің кемені тастай қашқыңыз келеді?! Бәріміз баратын жаққа бір бағытқа ғана билет сатылған. Сол тарапта бірге болатынымыз анық! Оған дейін таныс бейтанысыңның қолтаңбасы басылар кітап түгесілгенше, тірліктің көнетоз қапшығын арқалап, керуенсаралар кеңістігін тоздыармыз...

Бұл жақта, бәлкім, біз бір уақытта, бір кеңістікте бірге ғұмыр кешкенімізге сенгіміз келеді. Ал ана жақта қайтсек те бірге боламыз. Тек ондағы керуенсарайда бізді кім қарсы алар екен?! Оған көңіл құлатып, жаныңызға жақын жұбаныш ретінде қабыл көрмесеңіз... Бәрібір басқа амалыңыз жоқ. Шарасызсыз...

Тәніңіз кемені тастай қашса да, ғаріп жаныңыз қайыра оралып, қайғылы кейіпте, жалғаннан ештеңе ұқпаған беті тірлік кеше береді...)

ДҮР ЕНЕНІҢ ТАЙПАСЫ

немесе анаеркі дәуірінің азалы аңызы

Хикаят

Ұлы Ағашты алапат өрт шарпығалы Көктегі Оттың неше мәрте жанып-сөнгені Төбекұстың есіне түспеді. Үлкен жартастан ағынға құлай өскен алып теректің шіріп, қуыстана біткен сусiңдi өзегінің ішіне бүрісе тығылып жатқалы қашан. Неге сөйлемейсің, Алып Терек?» Алып терек сықырлап, күрсінген болады. Оның тілін түсінуге де дәрменсіз еді Төбекұс...

Ұлы Ағашқа түнек қараңғылықты жамыла аттанғантайпаш.ің соңғы еркегі тура жиырма түн жоқ боп, Үлкен От басі.іпа оралмағасын, әбден үміті үзілген Дүр ененің тоғайға лақтырған алауы От маусымы қақтап-құрғатқан орманды айналасы бес-алты күн ішінде алапат өртке орады...

Ұзын судың кең қолатты алабын қоршаған Ұлы Ағаш мұндап өртті алғаш рет һәм соңғы рет көрді. Нешеме ғасыр сыңсып бітеу өскен ну жыныста алғашқы түні-ақ адасқан Төбекұс, енді қайтып От басына оралмасын сезгендей, таң бозында тауып алған жартастағы жығыла өскен ағаш өзегіне төрт түнеді. Айға бесінші рет бас иер түні тағы да Ұлы Ағаштың Айлы алаңқайындағы елес-қыздардың биін тамашаламаққа аттанған. Ол жолы тағы адасып, уақыт есебінен жаңылды. Тек, әлдебір таңда жартас басындағы терек қуысында ащы түтін иісінен тұншыға ояғанда, жынысты қалың от жалмап, өрт қаулағанып, «Егер еркектердің кері оралмас ізіне түсіп, От басына келмей қалсаң, жиырма рет Ай әуенін айтып болып, Ұлы Ағашты Үлкен Оттың киесіне құрбан етем» деп Дүр ененің өксіп айтқан сөзінің орындалғанын түсінді...

Енді бәрі де кеш-тұғын...

* * *

Алып От маусымының соңын ала тіршілік кенет салыңқы тартып, бірер күн ішінде айнала сары ала түске боянып шыға келеді. Сона-а-ау ұсақ шоқылары шымқаса, жымдаса тізбеленген апай төс алаптан бас алар қаптаған бұлақтар да жаз

бойы біртіндеп тартылып келіп, айналасы екі-үш-ақ тәулікте сөңкеге айналады. Сансыз бұлақ-тұмалар жауын-шашын кезеңі бойы жердің тәнін сойдита тіліп, жықпыл-жыра атаулының тінін тігіретіп-қақыратып, ну жынысты алапқа армансыз жайылатын. Дөй даланың төсіне тармақтала тізілген мол бұйра бұйрат, тапал тау, тоқал шоқылардың қолат-сайларында ұйлығыса өскен неше мың жылдық Үлкен Ағаш суға әбден бөгеді. Әсіресе, аспанға жалпақ жалын күдірейтіп, мойырт мінезбен шөге жатқан Жыландыдан бастап, жауыр жоталы Жосалы, жеке-саяқ үрке үздіккен Жетімшоқыға дейін аралықта ерен сәнмен қапталдаса өскен ақ қайың, сары теректі тоған мүлде суға шылқиды. Терең сайы, ашық алаңқайы, ойыс ойпаты сол судан жаз бойы құрғамай, дымданып жата береді. Шалғыны да шүйгін, жеміс-жидегі орасан мол өлке.

Дүр ененің тайпасы Ұлы Ағаштағы алаңқайдың өкпе тұсына дөңгелете тіккен қонысын тастап, таудағы үлкен үңгірге тығылғалы да қаншама уақыт өтті. Ілкіде сіркіреп сиреп тамған тамшылар көкті құрсаулаған бұлт тұтасып, қатпарлана қалыңдаған сайын молайып, ұзақ-сонар сең көшкінге айнала берді. Әредік лекіте нөпірлеп, бір сәтте бұйра-бунақ бұлтты жойқын жел сілкіп қап, тамшы топанын жерге тұтасымен бүркіп жібергендей болады. Кектегі Оттың жылуы қалың бұлт, тұтасқан сұп-сұр дымқыл мызғымас мұлтті көктеп өтпей, көрер көзден таса болғалы да қашан. Жұлдыз да жоқ, Ай да жоқ. Көкжиекті көлбеген тұнжыр таулар кенет алыстап, кеңістік шымқай сұрқай бояуға тұншыққан. Жосалының жапсарына жанаса қонған қатпар әжім маңдайлы дүлей таудың ұшар басына қарайғы қынасыз жалтыр тасты жақпардың құларман боп біткен етегінен үлкен үңгірдің үрейлі кіреберісі үңірейіті тұр. Жай уақытта сырт көз мүлде елеместей тұмшаланып, тал-бұта, жапырақтармен колегейленер үңгір аузының дәл бүгін ашық, аңқайып жатуы тегін емес. Бұл - жауын-шашын кезеңінің аяқталып қалғандығының, От маусымының басталатынының белгісі. Үңгір аузындағы ебедейсіз ергенекті шетке ысырып тастаған - тайпаның от иесі Кәрі тіс әже. Өзі сол ергенектің астына бүрісе жайғасып, тілім-тілім ерні жыбырлап, әлде үрей, әлде зор қуанышқа толы көздері шарасынан шыға сұр бұлтты, сұр көшкінді аспанға телміріп отыр. Ол мұнда түн ортасы ауа

үңгір ішін күңгірлете нажағай ойнап, Күн күркірегенде ақсаңдай басып жеткен. Тумысында аз ұйықтайтын, талып-қажу дегенді білмейтін қатпа кәрі әруей бұл түні де тым сергек мүлтіген-тұғын. Ендігісі, міне, нажағай дәметіп, кәрі аспанға телміруде. «Ұзын Қайың, Сары Терек, сендер біздің кәрі шешелерімізбен бірге талай мәрте аппақ Айға бас игенсіңдер. Көктегі Оттың жарығымен аспанға алақан жайып, немереммен де бірге өсіп келесіңдер. Отты шыбықтың қызуын тарта көріңдер бойларыңа. Немерелеріме жылу керек, от керек. Олар сендердің де немерелерің. Мен де сендердің қыздарыңмын». Кәрі тіс тоғай алабындағы қалың ағашпен тілдесіп отыр әредік. Қалың орман да шуылдасып, құптайды оны...

Бұдан әлденеше заман бұрын, ұмытпаса, үлкен үңгірде әлде жиырма, әлде он тоғызыншы рет қоныс жаңартқан жылы қою түнде күркіреген отты дабылдың күңіренген үнін естіп, жылы орнынан тұрып, ергенекті жұлқа ашып, көкке телмірген. Ол кезде қою қолаң шашы жотасына жалдана жығылып, тілерсегін қайшылайтын. Қап-қара, қап-қатты ерек еді. Сол кезден бері ергенек астына жайғасып, ұзын шашын беліне бекем орап, Отты дабыл үнін және естімекке ынтығып, ыңылдап От әуенін салып келеді.

Қара түннің қойнауынан шыққанбыз,

Отты дабыл, сенің үнің тым күшті.

Отты дабыл, сенің үнің тым күшті.

Сенен жылу, сенен жарық сұраймыз.

Қара үңгірді қойынында туғанбыз...

Дәл сол жылы болса керек, қап-қара түнерген бұлттар мұнартқан тауларды жаныштаған алыс көкжиек жақтан жарқ еткен Отты шыбықты, лып еткен жарықты бір ғана сәт байқаған. Сәлден соң күтір етіп көк қаусағандай қаһарлы дабыл денесін дір еткізді. Бұл От әуенінен жаңылып қалған-тұғын. Дір-дір етіп, тісі-тісіне тимей үрейленіп отырғанда, Отты шыбық қара бұлтты және бір осып өтті тура көз алдында. Жосалының қыр арқасына қадала өскен қарағай қақ айырылып сұлаған. Ауа өзіне етене жақын от иісіне, лаулаған жалын, бықсыған күңірсік түтін иісіне толып кетті. Әлде қуанып, әлде қорқып, қалш-қалш етіп, түк басқан салалы саусақтарымен жас жуған жүзін жасырып,

еңірей берген. Келесі сәтте тайпаның барша әлеуетті әйелдері үңгір аузына топталып, От әуенін айғайлап айтып тұрғанын аңғарды. Ергенек астынан бұл да шығып, еңсесін тіктеп, үрейге, үмітке толы әуенге қосылып кетті:

*Қара түннің қойнауынан шықанбыз,
Отты дабыл, сенің үнің тым күшті.
Отты дабыл, сенің үнің тым сұсты.
Сенен жылу, сенен жарық сұраймыз.
Қаара үңгірдің қойынында туғанбыз...
Ее-һе-ей, Ее-һе-ей,
От ене, ее-һе-ей, От ене...*

Одан соң қаншама от тұтанды...

Аспандағы үрейлі бұлттарға да жалынады тайпаның От иесі. «Ей, аспан балалары! Сендерге Үңгір енем өрбіткен тайпаластарым атынан өтінем, Отты шыбықты өз жоталарыңа дарытпай, Ұлы Ағашқа босата көріңдер. Менің немерелерім тоңып қалды...»

Биыл Кәрі тіс әже өзінің соңғы Отты маусымы екенін сезеді. Ішін бір үрей үңгіп, алаңы көбейген. Түсінде де үнемі сонау балғын кезін, одан кейін От иесі атанып, бір тайпа тұқымның түтінін түзу түтеткен әлеуетті шағын, жеті-сегіз еркекке дес бермес деген кездерін кешіп жүреді. Әр түн сайын ертеректе көрген түсі жалғасып, тым әрі-әріге, өзі қайдан, өзгелер қайдан шыққанын білмес, күңгірт беймәлім кездерге көше береді, көше береді. Түбі сол есіне түспейтін ескі кездерге еніп, оралмай көшіп кететінін аңғарады және оның тап биылғы Отты маусымда болатынын анық сезеді.

Кәрі тіс әже ыңылдап ыңырсып, өз ой-орманында адасып отырғанда, алыс мұнарлар арасында лыпыған сәуле жүгіріп, тұтасқан бұлттар тіні сөгіліп жатты. Күңгірлеген дабыл дауысы талып жеткенімен, сілбірей сыңсып, күллі даланың иінін түсірген қалың жауын тыйылатыны байқалады. Жауын-шашын маусымы қарсаңында үңгірге енгізілген құрғақ отын таусылғалы да біраз уақыт өтті. Соңғы Ұлы Терімде жиналған қорек те азайып, көк жасық сусінді тамырлар мен нәрсіз құрақ-жапырақтарды талғажау еткен қырық қаралы тайпалас осы атты күнге «шықпа, жаным, шықпалап» әзер жеткен.

Енді әрі кетсе бір-екі күн өткен соң-ақ, зілмауыр бұлттар көктің төрін айғыздай жөңкіліп, Отты дабылдың сұсты үнінен тырағайлап қашып, аспан тазарып сала береді. Өне, сол кезде қаншама күндер-түндер бойы бүрісе тығылып, аппақ Ай мен көктегі Отты сағынып, үрейге жем болған әйелдер тайпасы үңгірді тастап, алып От маусымына қадам басады. Оған дейінгі аз ғана уақытта Кәрі тіс әже көктен көзін алмай телміріп, отты шыбықтың жерді осып, алау тұтатар сәтін күтуі керек. Көктегі Оттың жерге қадар шыбығы қай маңға түседі, сол маңды от иесі тап басып тауып, тайпа отын түтетуі керек. Бұл тіпті де оңай емес. Көктің тоңы ыдырап, аспан ойдым-ойдым көк бояуын, күн сәулелерін төккенмен, дымқыл ауа әлі де сыз тартып, жер бусанып, бу ыдырап, торғын тұман төңіректі тұмшалайды. Бірақ бұл да ұзаққа ұласпай, ауа тазарып, тымырсық, желсіз күндермен алмасады. Бұл екі арада жер батпақтанып, даланың жасыл тәні сарғайып, қара-қоңыр топырақпен лайлана араласып жатады.

Кәрі тіс кенет іргедегі ергенектің етегі түріліп, әлдекімнің бүгежектеп тақап келе жатқанын байқады. Сәл ығысып, орын босата бере, тоңқаңдап тақап қалған әйел емес, еркек екенін байқады да, ызбарлы көздерімен сестене жалт қарады. Анау оған қыңған жоқ. Қайта жалбыраған шаштары арасынан жайнақ көзі жарқырап, ақсия ыржиып қояды.

Әйелдерден бұрын еркектердің тысқа шығуы - ырымға сыйғысыз, кешірілмес жайт. Мұны тайпабасы байқаса, дереу жазалайтыны аян. Бірақ бұл келе жатқан - Дүр ененің ұлы Төбекұс. Төбекұстың кіндік шешесі - мына отырған Кәрі тіс әженің тап өзі. Ендеше, ол кімнен қаймықсын! Дүр ене алғаш тайпабасы боп сайланған жылы жүкті боп, үңгірге келіп, өмірге осы Төбекұсты әкелген. Кәрі тіс Төбекұстың басын тасқа тигізбей, көтеріп ап, жапыраққа ораған. Одан кейін де оншақты рет үңгір аузы қармен қымталды. Сол Қарлы қыстарда Төбекұсты жылытқан - Кәрі тіс әжесі.

Кәрі тіс Төбекұсқа ысырыла орын берді. Төбекұс жайғаса бергенше болған жоқ, көз алды жап-жасыл отқа толып кетті. Зәресі ұшып, дәрмені құрып, әруейдің қойнына бір-ақ сүңгіген. Анау да әзер отырса керек, тас боп қатты да қалды. Аспан асты, жер үсті шатыр-күтір алапат үнге толып кетті. Көк

қарс айрылып, жер байғұс аунап кетіп, құрдымға құлап бара жатқандай әлемет бір дүние. Басын бұрып көкжиекке қараған От иесі Отты шыбықтың Жыландыға таман алыс мұнарлар арасына қадалғанын аңдады.

- Алыс, тым-тым алыс, - деді күбірлеп, - ол маңға жеткенше оттың түтіні де қалмайды...

Сенен жарық, сенен жылу сұраймыз,

Отты дабыл, От ене!

Әлде түн, әлде күндіз. Мұнартқан жапанда жалғыз отыр екем дейді Кәрі тіс. Жап-жалғыз. Жан серігіндей болған Төбекұс та жоқ. Үңірейген үңгір де ізім-қайым. Аспан қайда, жер қайда?! Маңына бажайлап қараса, бұлтиған бұлтқа мініп кетіпті. Апырай, дейді, бұлттың үстіне жайғасқанмын ба? Төменге үңілсе, түк көрінбейді. Кенет қолына әлдене ұстап отырғанын байқады. О, ғажап! Отты шыбықты өз аса таяғындай серт ұстап, бұлтты сапырып отыр екен. Бір мезетте бұлттар тым-тырақай жосып жөнелді. Бұлттар ыдырағанда төменде алақандағыдай боп жер жазылып жатқаны көрінді. Жер жарықтық. Жөңкіліп жақындап келеді. Өне, бұйраланған Жосалы жоталары. Дүлей таудың шодырайған шекесі Көктегі Отқа шағылып, жалтырап тұр. Үңгірдің аузы ергенекпен бітелген. Ендеше, Дүр ене бастаған тайпа ормандағы қоныста болар? «Апырай» деді Кәрі тіс. «Отты шыбықты топыраққа қадамап еді-ау. От орны белгісіз, тайпа қайда сонда?» Сол-ақ екен, астына бөктерген бұлтың бұлт Ұлы Ағаштағы Айлы алаңқайға қарай жөңкіді. Кәрі тіс енді ес жиды - Отты шыбық өзінде екен. Бұлт бұлтың-бұлтың етіп жерге тіпті тақап келеді. Енді қайтпек?! Жан-дәрмен жанталаса бұлтты от өріммен осып-осып жіберді. Астындағы бұлт шіріген ергенек құрлы болмай, ыдырап, тоз-тоз боп кетті. Енді өзі ғана тізерлеген қалпы төменге құддилап келеді. Төменде Дүр ене, Төбекұс және басқа тайпаластары От әуенін айтып тұр екен. Бұл Отты шыбықты қос қолдап ұстаған бетте зымырап жерге қарай ағып келеді. «Кетіндер» дейді бар даусымен, «Кетіндер! Қашыңдар алыс. Отқа ұрынасыңдар». «Өзің ше?» дейді төмендегілер, «Өзің өртеніп кетесің ғой» дейді олар жанұшыра. Сонда ғана аңдады - Отты шыбықты тас қып құшақтап алыпты.

Өмірі мұндай ыстықты сезбеген болар. Жан-тәнімен еріп, лапылдап келеді екен. Жібере салғысы келеді. Мүлде мүмкін емес. Төмендегілер де қашпайды. Бәрі аңтарылып бұған қарап қалған. Бұл жерге мүлде жақындап қалған сияқты еді, әлі жете алмай заулап келеді, заулап төменге ағып келеді. Кеудесін керіп, дем алайын десе, от жұғады екен. Мұндай ыстық болар ма еді! Кенет ақ қайыңдардың жел тербеген бастары көз алдына келді. Бұл бір қолын босатып ап, ағаштардан қарманайын десе, ұстаған бұтақтары лезде күл боп жанып кетеді. Кенет өзі де лап ете қалды. Күйдім-ау дейді. Жоқ, күймейді екен. Керісінше, рахаттанып, белгісіз, бұрын кешпеген ләззатқа шомып барады екен. Көзін ақтық рет кең ашып, айналасын, ашық аспанды, түпсіз ұлы Көк аспанды, От атаулының анасы Көктегі Отты жанарымен аймалағысы келді. Тіпті үрей тудыратын бұлттарды, одан өретін қап-қара көлеңкелі Түнді де көріп кеткісі келген. Бірақ көзі жоқ екен. Жоқ болғанда, қайда қараса да, тек Отты ғана кореді екем дейді. Төмендегілер От әуенін шырқап тұрды. Кәрі тіс Отты шыбыққа айналып кеткен екем дейді.

Қара түннің қойнауынан шыққанбыз,

Отты дабыл, сенің үнің тым күшті...

Нажағай жарқ ете қалды да, дүлей таудың тура бөктеріндегі Айлы алаңқайдан сәл әріректегі ұзын алып қайың лап етіп тұтанып, шарт сынып, көкке атылды. Бүкіл тоғай қолаты жап-жасыл отқа шарпылып, күтір еткен кәрі аспан жерге жүрегімен соғылып, күл-парша сынғандай болды.

Кәрі тіс мүлгіп кеткен екен. Төбекүс «әже, әжелеп» жұлқылап оятқанда, созалаңдап орнынан тұра келе, дүлей таудың теріскей бөктерін тіке көлбеген кең алаптағы мүлгіген тоғай арасындағы ең алып қайыңның отқа оранып, қою түтінді көкке ата жанып жатқанын көрді. Үңгір аузына топтала жиылған әйелдер қуаныш пен үмітке, үрейге толы үнмен От әуенін шырқап тұр. Кәрі тіс өң мен түсті айыруға дәрменсіз еді.

* * *

Сол күні үңгірді тастап, ну жыныстағы Отты шыбық өртеген алып қайыңға аттанған тайпаның бес-алты мүшесі ұзақ ұйқыдан оянбай қалды. Он әйел мен он сегіз еркек тау

бөктеріндегі құрғақ, ықтасын жерге кемпірлер мен жас балаларды қалдырып, үлкен жауын-шашын кезеңінде тасыған топан әлем-тапырық, астаң-кестең еткен орманды көктеп, жаңа қоныстарына қарай бет түзеді. Бір қарағанға, ол маң жақын. Бірақ тұтасқан қалың ну толағай топан топалаң еткесін, мүлде аяқ басқысыз: жер батпақ, ағаштар бейберекет сұлаған, жиі бағыт алмастыруға тура келеді. Кейде жүз жасаған теректердің көктегі оттың сәулелі саусақтары дүние жаралмағалы сипамаған қараңғы қапас қойнауы адастырып кете жаздайды. Кәрі тіс бағытынан жаңылмайды бірақ. Енді бір сәтте алдан отты шыбық жайпаған маңайдың ағаштары жанып-бықсып жатқандығының хабаршысындай түтін иісі жетті. Қоп-қою ащы түтін. Әбден сусінді боп іірі бастаған ағаштар ысылдап-пысылдап, көк қою түтінді лоқсып-лоқсып жібереді. Ағаштардың басын шулатып жел жүйткігенімен, төменде тымырсық. Үп еткен ауа қозғалысы жоқ. Қою түтін жер бауырлай жайылып, жылтыраған жалынның тілі әзер көрінеді. Топ алдында келе жатқан Дүр ене кілт тоқтап, сол қолын көтерді. Кәрі тіс соңында келе жатқан Төбекұстың иығына секіріп мініп, одан жоғарыдағы теректің иір бұтағына жармасып, жылдам өрмелеп, лезде биіктеп кетті. Мұнысы - анық желдің бағытын білу. Кеше ғана қаусап, қартайып отырған от иесі бүгін ерекше жігерлі. Аласы көп көздері ұшқын ата ойнақшиды. Жел дүлей таудың қыр желкесінен бағыт алын тұр екен, демек, олар әлі әлсіз жанған оттың ық жағына шығыгі, тасқын сындырған, сел ағыс айдап әкелген ағаштарды отқа сала беруі керек. Ондағы мақсат - отты сөндірмеу. Ол үшін топ үшке бөлініп, біразы жапыраты түсе қоймайтын саласы біртекті ұзын өскен құрғақ терек таңдап ап, түтінді сейілте, отқа желпумен айналысады. Екіншілері ағаш бұтақтарын сындырып, отқа тасып, салып отырады. Қалғаны түтінге тұншықпай күш алған от межелі жерден асып, бой бермей кетпес үшін, сынған ағаштардан тазарған маңдағы тамырынан ажырамай көктейтін бұталардың бұтақтарын сындырып, жалын тілі жетпестей етіп, сиретуге тырысады. Бұлардың әрекетіне Кәрі тіс басшылық етіп, бақылап отырады. Кей жылдары екі-үш күн жанталасып жасаған әрекет зая кетіп, сығырайған әлсіз алау түтінге тұншығып, бықсып-бықсып сөніп қалатын. Кей жылдары арындаған алау тайпаның ырқына көнбей, тұтас орманды отап кететін. Сол үшін

де Кәрі тіс тайпаластарына оттың айналасынан үлкен шеңбер жасай қоршап, ағаш арасын неғұрлым сирете түсуге күш салды. Әуелі отқа тез құрғап жанатын шырпы-шыбықтар, қау жапырақ, құрғақ құрақ тасталып, бұтақтар кептіріле бастады. Алаң сыртында қалар ағаш бастары сыртқа майыстырыла тартылып, әріректегі ағаштарға байланып тасталады. Алаң ішіндегі ағаштар да осы тәртіппен байланды. Әу баста Отты шыбық түсіп тұтанған алып қайың желпуіштер көмегімен маздап жана бастағанда, су бұтақтарды кептіріп жүрген от жағушылар тұтанған бірнеше ағашты алаңның әр шетіне таман үйілген құрғақ қауларға таси бастайды. Әрі оларды да желпіп, отты қаулата түсті. Біраздан соң тау бөктерінде қалған оншақты бала мен кемпірлер де жеткізілді.

Аумағы кең алаңқай өртеліп тазартылғанша, от жылуын, түгін иісін сағынған тайпаластар алаңның әр тұсына топталып, екі-үш тәулік отқа телміреді. Қаншама заман қалыптасқан дәстүр бойынша маңайдан сынған тал-бұта жиналып, алаңнан сәл алыстау үйіле береді. Қоныс әбден тұрақжай жасауға дайын болғанша алып От маусымында тайпа алауын сөндіріп алмас үшін, мол қор жасақталады. Күні ертең Ұлы терім жыры шырқалып, От иесінің жалынмен жандасып, Ұлы би түнгі болжамы айтылған соң, Дүр ене бастаған ересектер алғашқы терімге алыс-алыс қиырларға аттанады. От басында Кәрі тіс және екі-үш еркек, терімге жарамсыз ұсақ балалар мен кәрі-құртаң кемпірлер ғана қалады. Ол кезде ешкім де алаңқайдан аттап баспайды. Жауын-шашын кезеңінен қалған азықтарды дәтке қуат етіп, әр күн сайын Көктегі от ағаштардың басына шыққанда ғана От иесі бастап, бұлаққа су ішуге барады. Онда да отты иесіз тастамай, еркектердің бірін күзетке қалдырады. От маусымының алғашқы ширегінде шөлдеп, қаталау аса көп бола қоймайды. Алаң маңында әлі де сусінді ағаштар мен тамырлар көптеп кездеседі. Тамырларды топырақтан суырып алуда оңай, таңғы шық та қалың түсетін кез. Ал терімшілер оралғанша құрт-құмырсқа тіріліп, от маңынан алыстау мүлде қажетсіз боп қалады. Маусымның дәл ортасына қарай бұлақ не өзенге дейінгі аралықтағы тал-бұталар да отынға айналып, алаңқай кеңейе түседі.

Алаңқай әбден өртеліп тазартылған соң, ортадағы Отты

шыбық қадалған ең үлкен алауға ағаш үйіліп, өзге от орындары тып-типыл тегістеліп, сөнген күлдер үлкен тайпа алауы маңын қоршай төгіледі. Кейін үлкен алаудың күлдері осы алғашқы күл астына көміле-көміле, әжептәуір биік, отыруға да, түнде жатып ұйықтауға да ыңғайлы орын пайда болады. Көктегі от Жосалының жотасына жасырынар сәтте от иесі алауды ұзын асасымен көсеп, жанып бітіп, күлге айнала бастаған шалаларды шетке ысыра береді. Балалар әлі суий қоймаған күлді өздері жататын тұсқа таласа-тармаса үйеді. От иесі болса, ең өжет әрі шыдамды баланы өз себетіндегі нәрлі жеміспен марапаттап, ынталандырып қояды.

* * *

Жылдағыдай емес, биыл тайпа қонысы орманның ең бір қалың жынысты, көкке ұмтыла биік өскен тұсынан тиді. Сондықтан да Кәрі тіс алаңқайды кең алуға тырысқан. Оншақты жерден жанған алау да тура бес күннен соң барып, алаңды әзер тазартты. Осы уақыт ішінде отқа ентелеген тайпаластар күндіз де, түнде де аспанға бір қарамай, тек От әуенін ғана айтып жүрді. Таудан түсер таң әлетіндегі үрейлі түстің әсерінен әлі айыға алмаған Кәрі тіс қана мазасызданып, нешеме уақыт көрмеген Көктегі от пен бозарып толған Айға, сансыз жұлдыздарға қарап, өзінің жаңа жырын, жаңа болжам-жорамалын әм соңғы жорамалын іштен түйіп, түйіліп жүріп алды. Алаңқайды әдеттегіден кең алғанын ескерткен Дүр енеге де ашылмай, қыстығып, Ұлы Би түні тақаған сайын дегбірі қашып, өмірі кешпеген жан толқыныстарымен әуреленіп, бөлекше қатайып кетті.

...Ол кезде Кәрі тіс әлі балаң қыз болатын. Оны тайпаластары да Кәрі тіс деп атамай, Ай анасы берген Әсем қайың атымен атайтын. Дүр ене әлі өмірге келмеген де. Ақ жалын кемпір отқа өртеніп кеткен жаз еді ғой. Дүлей таудан түскен қырық қаралы тайпалас Айлы алаңқай іргесінде қоныстанған. Тайпабасы Ақ жалын айтқан болжам да есінде.

*Қара түннің қойнауында туғанмын,
Қара түннің соңына еріп кетермін.
Менің атым -Ақ жалын!*

Аппақ Айдан сүтің іштім анамның,
 Аппақ Айдан соңыма ерген Қара елес.
 Шошытпашы баламды!
 Қара үңгірге ене алмайды ол елес,
 Қара түнде шошытатын ол емес.
 Көктегі оттан соңыма ерді сол елес,
 Оның аты Көлеңке!
 Айлы түнде неге келдің, Көлеңке?
 Менің ғана мекенім ғой иен өлке!
 Кет, аулақ! Аулақ!
 Немеремді шошытпа!
 Немеремді қорқытпа!
 Айлы түнде құшақтарсың ұлымды,
 Айлы алаңға бастаймысың ұлымды...
 Менің ғана мекенім бұл ен өлке!
 Аулаң, аулаң, Көлеңке!..
 E-he-heй! E-he-heй!

Ақ жалын кемпір алауды айналып билегенде, Көлеңке соңынан еріп, қосыла билеген. Ол қалт тоқтағанда, дір-дір қағып, оттан қорқып ығына тығылған. Отырса, отырады. Тұрса, ол да тұрып, қоса жүгіреді. Бірде бүк түсіп, қорқып отырған бұған Ақ жалын тақағанда қоса жеткен. Әсем қайың ыршып түсті. Күл үстінен құлап, көзін тарс жұмып жатып алған.

Менің келіп ішіме түс, Көлеңке!
 Оттың келіп ішіне түс, Көлеңке!
 Қара ағаштың ішінде ғой мекенің,
 Кет, кет! Аулақ!..

Бұл орнынан тұрып, күл үстіне қайыра шыққанда, Ақ жалын ұзын асасын қолына алып, Көлеңкені ұрғылап жүр екен. Жерге жатып ап жанталасқан Көлеңке де бұл құсап, үнін шығарар емес. Ақ жалын секірген сайын ол да қашпақ болып, кемпірдің табаны жерге тигенде қайыра созылып жата қалады. Тайпаластар Би түні бойы алауға кезегімен от салып, елеспен алысқан елтінің әр сөзін қалт жібермей тыңдап отырған. Көп жаңа сөздер айтты сол күні Ақ жалын. Аһ ұра айғайлап,

аласұрып, ақыры аппақ Ай Жосалыдан әрі асып кете бергенде қалт тынған. Асасын басына қос қолдай көтеріп, ортадағы отқа қарады. Көлеңке де қалт тыңды. Ақ жалын бір басып, ем басып, отқа тақаған. Көлеңке бүрісіп, жиырылып қалды. Кенет бар даусымен қарқылдай күлген Ақ жалын аспанға тік қарғып, тура оттың ортасына топ ете қалды. Көлеңке де кемпірмен бірге секіргенде, отқа оранып зым-зия боп кетті. Сол сәтте ақ Көлеңкенің отқа жұтылардағы ащы зары Ақ жалынның қарқылдай күлген даусымен араласып, орман іші азалы үнмен жаңғырыққан. Сосын, сосын от ішінен белгісіз бір иіс мұңкіп, Көлеңке түтінге айналып, аспанға ұшып кетті. Ақ жалын кемпір Ай жаққа кеткен еді. Әне, Айдың тура үстінде өрмек тоқып отыр. Ал Көлеңке... Көлеңке бұл есейгенде қайтып оралды. Әлі күнге соңынан қалар емес. Мұның бар істегенін қайталап, тек бұл қара орманға кіргенде ғана от басында қалады. Айлы алаңқайда ғана мұны басқа Көлеңкелер қарсы алады. Ол елестер мұның өз көлеңкесіндей емес, дауыс шығарып, оны жабыла қайталап, таза естен тандырады. Сол Ақ жалын кемпір Ай жаққа ұшқан жазда бірнеше еркекті Айлы алаңдағы елестер алып кеткен болатын. Кейін тайпадағы еркек атаулыны үнгірден шығармай, Айлы алаң жайлы аңызды ел әбден ұмытқанда ғана Ақ жалын кемпір жиі-жиі түсіне енген мұның. «Мен оттың ішіндемін» дейтін сол әжесі. «Оттан алыстамаңдар! Көктегі оттың да өшіп қалмауын байқап жүріңдер. Көлеңке Айлы алаңқайға өз тайпасын бастап апарған. Еркектерді жібермеңдер онда. Барсаң, От ала барып, өртеп жібер! Әйтпесе тайпаңды тегіс жалмайды көлеңкелер». Сол маусымда Айлы алаңқайға жапсарлас қонған тайпадан төрт-ақ адам үнгірге оралды. Одан бері Көктегі от та қаншама мәрте жанып-сөнді. Үнгірге енген бұлардың тайпасы да молайып, соңынан ерген шөберелері де бой жетті. Ал биылғы маусымда тағы да сол Айлы алаңқайға жақын қоныстануға мәжбүр болған. Көктегі оттың бұларға жіберген Отты шыбығы осында әкелген. Айлы алаңқайдағы елестер туралы аңызды өзі де ұмыта бастапты.

...Ертеде, өте ертеде, Көктегі оттың әлі тұтанбаған заманы болыпты. Жо-жоқ, тұтанған, сосын, ұлы селдің күшімен өшіп қалған уақыты болыпты. Қасиетті қара орман, Ұлы ағаш жермен-жексен жапырылып қалған екен. Аспан, Көк аспан қап-қара боп

түйіліп, жерге жабысып қалыпты. Мұның әжелері тек етпетінен түсіп қана жүре алады екен. Тізерлеп отыра алады екен тек қана. Бұлардың тайпасында бірер әйел ғана қалып, еркектер бойын тіктемек боп, аспанның зіл салмағына жаншылып, көкке ұшып кеткен деседі. Сонда қара үңгірдің іргесіне келіп, төрт аяқты бөрінің баласы көкке кеткен енесін жоқтап, аспанға қарап ұлыған дейді. «Ау-у-у-у-у! Уа-у-у-у-у! Уа-а-а-а-а! Ау-у-у-у-у!» деп жылаған дейді бөлтірік. Қаншама уақыт үңгір іші мен жермен-жексен болған орман ішін осы үн жаңғырықтырған. Бір күні бөлтіріктің тасқа шағылған үнінен ұшқын ұшып, от тұтанып, дүлей таудың етегі жалынға ораныпты. Содан соң аспан да биіктей берген. Әуе де ашылып, орманнан шыққан өрт Көктегі отты тұтатуға сеп болған-мыс. Үңгірден мұның әжелерінің бірі алғаш шығып, көкке қарап жылаған бөлтірікті қысып қойнына салып, сүгін ішкізіпті. Кейін Бөрі жігітке өз қыздарының бірін берген. Содан тараған ұрпақ қазір орман ішінде де, алыс сулар жағаларында да көп екен деседі. «Бірақ біздің тайпа неге көбеймейді? Ал осы маусымда таза құрып кететінін мына сіңділерім мен қыздарыма қалай айтамын?!» Бөрі жігіт үңгірді тастап кеткен Жауын-шашын маусымы соңында тайпа алғаш рет тұтанған отқа жылынып, демеу тапқан екен. Сол жылы Айлы алаңқайға қоныстанған тайпаның біраз балғын қыздары алаң ортасындағы бұлақ батпағына батып кеткен. Қара жердің адам жұтатынын алғаш көрген әйелдер тайпасы ол алаңға енді бармасқа, алаңқайдағы көлеңкелерді енді көрмеске серттесіпті. Айлы түндері әлгі алаңда елес-қыздар билейді екен. Иә, бұл көрген сол елестерді. Аппақ Айдың жүзінен тозаңытқан сәуле төгіліп, әлгі алаңды бозамық шуаққа шомдыратын. Тоғай ішін тінткен жел де кенет тынып, Ай сәулесінің сиқырына арбала солықтайды. Күрсінген кәрі терекке сыңсыған қайың қосылып, жылаушы еді. Алаңдағы бұлақтан басын көтереді бір елес. Айға қолын соза, аппақ шашын көкке жаяды. Сосын сыңқ-сыңқ күліп, әлде жылап, бойын тіктейді. Боз толқынды шаштары Айға дейін жетеді шұбатылып. Қос қолын да еппен котеріп, толықсып бір биге салады дерсің! Кенет әлгі буалдыр елес қыздың биіне елтіп тұрғанда, бүкіл алаң ішінде ойнақ салған көлеңкелердің ортасына түскенінді білмей қаласың. Сыбдыр-сыбдыр жапырақтар, тал-құрақтар қосыла билеп, теңселе

кетеді. Айлы алаңқайдың әр тұсынан ағараңдаған елестер бұлақтан бой көтерген қыздың еркімен шалқып, сыңсып, жоқтау айтады. Демін тартып күрсінісіп, уілдеп, сызылтып, сылқылдай жылайды. Кенет тына қалып, шу етісіп, сыңғырлап күледі. Елес қыздардың биі түнгі орманды оята бергенде, аппақ Ай бұлақтан шыққан қыздың шашынан ұстап, тартып әкетеді. Ағаштар діріл қағып, көкке созған қолдарын кенет жинасып алып, сапырылысып, шуласып кетеді. Айдың жүзін бұлт бүркеп, алаң қараңғылыққа тола бергенде кетіп үлгермесең, бұлттан секіріп жерге түскен алып көлеңке кеудеңе қона кетер болар. Сол сәтте ақ қара жер өкіне күрсініп, аяғыңнан тартып, жұта бастайды...

Ескі аңызды есіне алып, елтіп отырған Кәрі тістің жанына Дүр ене келді.

- Отқа әбден жылындық, шешей. Ұзын судың бойымен терімге шығар күн ертең. Ай анам да албырап, ақ жол тілейтіндей. Бассаңшы, Ұлы биіңе! Арғы күнім жайлы оттың тілі не дейді? Бергі күнім жайлы Айдың жүзі не дейді? Жеткізсеңші білгеніңді біздерге!

Дүр ененің ләмін қоштаған тайпаластар да уйлдесіп қоя берді. Кәрі тіс қанталаған көзімен толған Айға телмірді. Ай жақтан бұлақтан шыққан бұла қыздың шашы желбіреп, түсіп келе жатқан еді. Ашалаы басына кепкен шор салбырап байланып, жылтыр тас, айқыш-ұйқыш томар таңылған асасын қолына алды Кәрі тіс. Күл үстінен секіріп түскенде, жотасына төгілген шашының арасынан Көлеңке де сырғып түсіп, ербең ете қалды. Ортадағы алауды кең қоршаған күл үстіне тізерлен отырысқан тайпаластар гу-у етісіп, тынды. Отқа жақын отырған тайпа басы Дүр ене көлденең жатқан іші қуыс шор теректі зіл батпан ағашпен дүңкілдетіп соға кетті. Дүңк-дүңк еткен үн-қалыпты ырғаққа түскенде, тайпа әйелдері де «У-уа!» «Һу-уа!» десіп, теңселіскен. Төбекұс тайпаның өзге еркектерімен бірге отқа ағаш салып, әйелдердің ырым-жораларына араласпай, үн-түнсіз үрей құшағында. Кенет Кәрі тіс шашын серпе шалқая Айға қарап қалт тұрды. Асасын жерге қадап қалғанда, кеудесін жара күңіреніске толы айғайы да аспанға атылды. «Һу-уа!» Сол бетте-ақ селк-селк етіп, шалқая түсіп, шашы жерге тигенше қайқайып, қос қолымен асасының без бұтақты бас жағынан ұстап, артына қарай бір-ақ секірді. Көлеңке бір мезет кемпірдің

астында қалып қойды да, ол аяғымен жерге дік түсе қалғанда, қайыра сұлай жатты. Асасын қос қолдап, тік биікке көтерген Кәрі тіс қос аяғын тарбита секіріп, биге басып кетті. Алауды қос аяқтап секіріп айналып шығып, шаңдатып та жіберді. Күлдің шаңына тұншыққан Көлеңке жермен-жексен боп, мүлде көрінбей де қалды. Төбекұс ол қашып кетті деп ойлаған. Аспанға атылған ақ жалынды екінші мәрте үйіріле айналып, сыңар аяқпен секіріп жүрген Кәрі тіске қарап аң-таң. Жылдағы биіне мүлдем ұқсамайтын, тың қимылдар. Сәлден соң асасын бұтының арасына тығып алып секіруге көшкеніне қарап тіпті таңғалды. Төбекұс қана емес, шор теректі дүңкілдеп отырған Дүр ене де, тайпаластар да үрейлі еді. Асаның жерге тиіп жатқан ұшы із тастап, Көлеңкені тіліп-тіліп кетуде. Бір мезетте асасының басын отқа малып алған елті тоқтай қалып, зарлы жырын аңыратты.

Е-е-е-һей!

Қара түн!

Қара үңгір, ұлы енем!

Қойыныңнан шыққанбыз,

Көлеңкеден тығылып,

Қойыныңа бұққанбыз!

Аппақ айға атылған

Судан туған қыз көрдім,

Су бетінен тараған будан туған қыз көрдім!

Қара үңгірден тараған балаң жылар күн келді,

Қап-қара елес күнімді қараң қылар күн келді!

Отқа енген Ақ жалын енем, емшегіңнен қан көрдім,

Айға ұшқан аппақ елес қайыра оралды орманыма!

Табаныма тапталған Көлеңке, ізімнен қалмай қойыныма кіріпті,

Сүт саулаған төсімнен сорып, қанын шығарды,

Ішіме еніп, менің көзіммен қарап тұр немереме!

Сенің көзіңмен қарап тұр ол маған!

Көктегі оттан тараған жердегі Оттың иесі ем,

Орманымды жалмайды-ау ішімдегі елесім!

Өрт!

Өрт көрдім алапат!

Уа-а-а-а!

*Дүр ене, сіңілім!
Сенің ішіңде сол Көлеңке,
От жанады ішіңде!
Саған тапсырдым отымды!
Тек сен өртерсің көлеңке атаулыны...
Бірақ өзің өртенбесең, құтылмассың бұл елестен!
Айлы алаңға от қойып, Айға атылған елесті күлге ораңдар, жандарым!
Қара шашты шарт түйіп, түнді ораңдар, жандарым!
Сары Терек, Ұзын қайың, шешелерім!
Сендерге тапсырдым немеремді, шөберемді.
Төбеңнен ұшып өтер Төбекұсты қорғағын,
Мына өрттен сақтағын!
Көп адасып жүрер ол, ұзын аңға мінер ол!
Қойыныңда түнер ол!..
Ене-не-ей, Қара үңгір, қарт анам!
Ергенегің жабылмас, енді барар жан табылмас!
Отта туған Ақ жалын енем, қайдасың сен!
Құшағыңа ал мені!
Жылуыңа сал мені!*

Еліріп алған елті Ай сырғанап Жосалыдан әрі асқанда, Көктегі от қалың ағаш арасынан сығалап қарай бастағанда дүр сілкініп барып тоқтаған. Теңселіп отырған әйелдер түрегелісіп, бір-бірінің иығынан қапсыра ұстасып, күл үстін шаңдатын билеп жүр еді. Дүр ене шор теректі қос қолдап дүңгірдеткен. Маңай бозамық тартып, оттың тілі биіктеп кеткенде, Көлеңке де әлсіреп, шаң арасында адасып жүр еді. Кәрі тіс би басталғандағыдай аспанға қайқая қарап тұрып, асасына қос қолдай сүйеніп, от ішіне орғып түсті. Кемпірдің шұбалған шашына жармаса Көлеңке де отқа орана кетті. Аласапыран бимен естері танған тайпаластар от ішінен Көлеңкенің шырқырай шыққан үнін естігенде ғана қалт тынды. Дүр ене жүзін тарамдай аққан жасты білегімен сүртіп, орнынан атып тұрған.

«А-ааа-ауууу!» «Ууууууа-аһһ!» деп айғайлады Көлеңке. Кенет от ішінен Кәрі тістің асасы ұшып шығып, Дүр ененің алдына түсті. Лапылдай жанған аса таяқты шап берген Дүр ене де шыңғыра айғайлады. Таяқты үйілген күлге шаншып-шаншып, қолымен отты ысыра, күйгеніне қарамай сөндіріп алып, алапат биге баса кетті Дүр ене!..

* * *

Көктегі от екі рет лапылдап жанғаннан соң ғана тайпаның әлеуетті әйелдері бас боп, Ұлы терімге аттанды. От басында От иесі атанған Дүр ене мен Төбекүс бастатқан бес-алты еркек, балалар ғана қалды. Төбекүс Кәрі тістің Ай жаққа кетерінде айтқан жырының денін түсінбеген еді. Шешесінен сұрамақ болып қанша мәрте жақындағанымен, әлденеге ызбарлы, адаңдаулы тайпабасы асасын білеп, маңына тақатпай қойған. Дүр ене Ай жаққа кенет кетіп қалған Кәрі тісті жоқтап, қайғы кешкен-ді. Кәрі елтінің айтқан жорамалы да жұмбаққа толы. Ұлы Ағашқа үрейлене енген әйелдер бұған қарайлап-қарайлап, беймәлім сапарға еріксіз аттанған. Сол түні ағаш іші де тынышсыз еді. Алыстан Ұзын судың күрсінісі естіледі. Сықырлаған теректер арасында көлеңкелер өріп жүргендей. От басына келіп жылына алмай, тек алаңқай шетінде ғана сенделіседі олар.

Сонау бір заманда, Төбекүстың үңгір ішінде жапыраққа ораулы кішкене кезінде көрген түсі кеше қайыра оралған. Әлдебір отсыз алаң көрді. Қара түн болса да айнала анық шалынатын. Көлеңкелерден аппақ Ай түсті жарық шашырайды екен дейді. Алаң ортасында аппақ бұлақ жатты ақтарылып. Бұлақ үстінен шұбалған шаш көрген. Айдың шашы екен жерге түскен. Кенет әлгі шаш арасында жапыраққа ораулы баласын байқаған. Аспанға қарай желбірей тарқатылған бозаң елес баланы көкке қарай әкетіп бара жатыр еді...

«Кәрі тіске жалын тілі не деді? Айдың лебі нені айтты? Неге кетті ол кенеттен? Әлде кеткен жоқ па? Мына оттың ішінде жылынып отыр ма? Сөндіріп қарасам қайтеді? Жо-жоқ! Тайпа отын бұл сөндірмеуі керек! От өзі сөнбесе, әйел баласы жаққан отын өшірмеуі керек қой. От өз ішіңнен жанады деді ғой Кәрі тіс». Құрсағы жылымағалы не заман өткен. Әлсіз еркектерге қарады. Бәрі мұның ызбарлы жүзінен қаймығып, төменшік тартқан. Үйілген құл сыртында балалар ғана жерге шұқшиып, құрт-құмырсқа теріп, қыбыр-қыбыр жайылуда. Бұл асасын жайлап жерге қадады. Енді еркектер де қоңыз, құрт термекке жан-жаққа жылыстаған. Көктегі от төбеден сәл тайып, түн келер жаққа ығысыпты. Енді сәлден соң Жосалы беттен көлеңкелер жер бауырлап өрмек. Олар терімге шыққанша, бұлар үлгергені керек. Күн ағаш бастарына жақындағанда балаларды ертіп,

бұлаққа қарай ілбіді жазған ене. Бұлаққа қарап еңкейіп, су ішінен қараған жүзі қорқынышты бөтен біреуге тесілді. Толқын толқын қара шаш кең маңдайынан кері сұлаған. Мұның ағаш тілген тыртығы тәрізді тілгіленген маңдайдың етегі - қалың қара қас. Жойқын күш пен ашу белгісіндей. Қос көзі де бұған от шаша, ызбармен қарайды. Жалпақ бетінің ортасындағы дем тартар қос тесіктен ұйлығыса шыққан түктеріне шөп-шалам жабысыпты. Бұл қолын созбақ болды. Су ішінен де бейтаныстың қолы сумаң ете қалды. Қолы суға тиген бетте әлгі шегініп кетті. «Су ішкенде көздеріңді ашпаңдар!» деп айғай салды басын көтеріп. «Бұлақтан Айға ұшатын қыздар туралы Кәрі тістің айтқаны рас екен».

- Айлы алаңқайдағы аппақ қыздарды көрейік, шеше, - деді кешкісін Төбекұс.

Бұл отырған жерінен ұшып тұрып, асасымен ұлының кеудесінен сарт еткізіп ұрып, шалқасынан түсірді. Үйме күлдің етегіне құлаған Төбекұс ыңырсып, бөтен үн шығарып, жылап жіберген. Сол түні отқа құрақ таситын еркектердің бесеуі жоғалып кеткен. Төбекұс та, Дүр ене де оларды Кәрі тіс айтқан Айлы алаңдағы сиқырлы биді көрсетуге көлеңкелер ертіп кеткенін білді. Ағаш іші сытыр-сытыр, сықыр-сықыр. Бұлардан гөрі көлеңкелердің саны көбейіп кеткен еді. Шешелері орманға сіңгеннен мазасызданған ұсақ балалар түнімен шошып, жыласып шықты. Таң бозында тыным гаппаған бірін Дүр ене сирағынан ұстағі, отқа лақтырған.

- О, Кәрі тіс! Жұбатшы мына шөберенді!

Сәлден соң-ақ отқа түскен бала тыным тауып, ұйқыға кетті. Төбекұс Кәрі тіс айтқан жыр-ертегінің шырмауынан шыға алмай, ұзын аң деген белгісіз елес туралы ой кешіп, ағаштардың төбесінен ұшатын кезін елестетті. Ертесіне тайпадағы жеті-сегіз еркек қатарынан Айлы алаңқай соқпағымен келмеске кетті. Қара түн бұларды қапсыра қоршап, қатары азайған тайпаластарды таптап тастамаққа бекінген еді. Аласұрған Дүр ене терімге кеткен ошақтастарын шақырмақ боп шашын қиып, асасының басына шалып, өртеді.

Еһе-һей, Уа-а-аһ!

Қараңғы түн, қарт ене!

Шор теректің түбірін қаққан қолым қарысты,

Айлы түнде алаңға тартқан жолым жабылсын!

Ақ жалыннан өрбіген жарық қайда, қарт енем?

Жанарымды сүймей ме зарыққанда, қарт енем!

Қара үңгірдің ішінен үн шығады құмыққан,

О, оны енді кім ұққан?

Қайт, қайт кейін!

Шегін әрі, Көлеңке!

Шашым қидым ормандай оталмас деп құрағым,

Қара түнге жара сап лапылдады шырағым.

Өрттің иісі шарпыды қалың қара шашымды,

Қара үңгірім қара түнде кімге ашылды?

Ай әуенін ұмытты ма ұлдарың,

Зар әуенін тыңдатты ма қарағым?

Кай соқпақта адастың, менің жалған қыздарым!

Ehe-eй! Оho-ой!

Дүр ене отты айнала биледі. Мойнына таққан кепкен жиде моншақтары сартылдап, асасына таққан тастар тарсылдап, бақайлары сыртылдап, көзі алақшып, езуінен сары көбік бурқыраған. Еңкейе қалып, бүкшиіп қарт енесінің биін салды, қайқая қалып, асасын аспанға көтеріп, дір-дір ете елтінің биін салды. Төбекұс шор теректің іші қуыс дүмін келтек ағашпен ұрғылап отырды. Кенет өлім жайлы ой ойлаған. Алғаш рет. Бұрын Кәрі тіс әжесі ғана ойлап, бұған ертегі ғып айтатын алыс сапарлар жайлы ойлады...

Таң ағаш ішіне сүтін төккенде Дүр ене есі ауысып, күл етегіне құлады. Тайпада жеті-сегіз бала мен үш-ақ еркек қалған еді.

Ұлы Терімге кеткен әйелдер от маусымының соңын ала оралмақ-тұғын. Ағаштардың шаштары тарқатылып, жидіп түсе бастады. Дүр ененің өртеген шашымен бірге олардың да бұрымдары жанып, сарғайғанымен, әйелдер келмеді. Дүр ене айлы түндері көкке қарап, төсін керіп, ұлитынды шығарды. Тайпада бұлықсыған бойжеткен қыз жоқ, әлеуетті еркек жоқ. Өзінің де құрсағынан бұлақ тартылған. Мына отты келесі маусымда кім тұтатпақ, Қара үңгір енесіне сегіз баланы қалай жеткізбек? Түн сайын іргесіне жақын келіп, ыс-пыс етіп, ұйқы бермейтін Үрейден, ағаш арасынан шығып, күлдің етегіне кеп жылынып жүрген қалың көлеңкеден қалай құтылмақ?!

Серік Сағынтай

"Ау-у-у-у-у-у-у !" - дейді зарланып, Дүр ене.

Ауу-ууаһ

Қайдасыңдар, қыздарым!

Көкке саудым төсімді,

Айдан шыққан қыз емеді сүтімді.

Сары Терек, Ақ Кайың!

Саумалыңды кім ішер?

Жапырағың қуарды, жасыл шашың тарқады,

Желегіңді кім өрер!

Төсі түкті Жер ана, жидегіңді кім терер!..

Көктегі оттың қызуы бой жылытар күндер алыстаған кездердің бірінде Төбекүс еркектердің соқпағымен Айлы алаңға баруға бел буды. Дүр ене оған қарсы тұра алмас еді - Кәрі тістің болжамы орындалуы керек! Ұлы Би түні айтылған құпиялы сөздердің алдында дәрменсіз еді бар тайпа.

- Адасып, Ай жаққа кетіп қаласың-ау, Төбекүс!

- Ерлер салған соқпақты басар шөп жоқ қаулаған, Айдың жолын білемін, алаңға бастап апарар. Кешікпей оралармын. Елес қыздардың биін қарындасыма үйретермін әлі!

- Адасып, ағаштардың зәу басымен бұлттардан асып кетесің-ау, Төбекүс!..

* * *

Ұлы Ағаш демін ішке тартып тұр. Жапырақтары қозғалмай, сыбдыр-сыбырдан да күрт тыйылған. Алып От маусымы қаңсытқан қау құрақтар да жерге жабыса солықтап, кәрі теректер сықырлай күрсінуін доғарған. Ұзын судың дем-тынысы әлсіреп, кәрі кеудесінің күркірі сырылға айналып кеткендей. Алыс-алыс қараңғы қойнаулардан көктегі бұлтқа емінген жас өскіндер ғана әредік қалғып кетіп, басын қайың діңіне ұрып алып, дүр сілкінеді. Мың-мың жылдық меңіреу тыныштықты Төбекүстың аңдап басқан қадамы астында жаны шыға жаншылған құрғақ қамыс-құрақтың жалынышы бұзады. Айлы алаңқай Көктегі от төбеден ауар жолдың кәміл астында. Түн қараңғылығы келгенде Айдың да аппақ шашы сол жолға шұбала жайылады. Бірақ қалың орман көкті бүркеп, ештеңе

көрсетер емес. Төбекұс оң құлағына әлсін-әлсін шалынатын ұзын судың сылдырын ғана бағытқа алып, бүкшіе басып келеді. Әне, қыр желкесіне бозамық сәуленің лебі жылу жүгіртті. Көктегі от ағаш басына өрмелейді қазір. Аппақ Айдың сілеміне түнде басын иген. Қалың нулы қапаста қасына алғаш түні серік болған Көлеңке де жоғалған. Көктегі от көтеріле айнала алашұбар жарыққа толғанда, теректің етегіне басын сүйеп қалғымақ. Ұйқының ұйыған әлемінен қанша үрейленгенімен, жетегіне ереді ол еріксіз. Көзі жұмылған бетте қолынан шап бере ұстаған елестермен бірге аспан мен орманды кезіп кетеді. Ертеде, өте ертеде Кәрі тіс әжесі айтқан Қара үңгірдің ішінде алғашқы адам дүниеге келіпті. Аспаннан саулап бұлақ ағады екен, Жерден қаулап терек өседі екен. Үңгірдің ұйық қанасынан басқа жердің бәрі топан су болыпты. Кенет әлдеқайдан жеткен бөлтірік ұлып, белгісіз бір ұзын аң кісінеген екен. Бұл бөлтірікті бауырына қысып, ұзын аңның арқасына жатып ұйықтайдымыс. Ұзын аң аспанды, бұлттарды, Айды, алып ағашты, ұзын суды кесіп өтіп, шарлап жүреді. Дүр ененің асасының үніндей, шор теректің дүмінен шыққан дүңкілдеген дауыстай бір ырғақпен соғылған үн әлден уақытта тынғанда, бұл ұзын аңның үстінен құлап кетіпті. Құлап келе жатып, айғайлады дерсің. Айғайлап жатып оянып кетті Төбекұс. Тыныш орманды аралап, жаңғырығы кетті қиянға. «А-аа» деді әлдекім алыстан. «Уаа!», «А-аа!» деген дауыстар жан-жақтан талып, қайталана берді. Сол мезет орнынан ұшып тұрған Төбекұс дауыс шыққан жаққа қарай бүкшендеп жүгіре жөнелді. Орнынан тұрған бетте оң құлағымен тыңдап келе жатқан ұзын судың күркірінен жаңылып еді. Күн жүгірді, түн жүгірді. Адасқан еді. Әлдебір кеште талықсып құлағаны есінде, танауына судың иісі жеткен. «А-аа» деді ішінен. Дауыстауға әлденеден секем алды. Үрей келді алыстан алқынып. Нешеме уақыт жүгіргенде жете алмағаны байқалады. Ырс-ырс етіп, біресе оң жағынан, біресе сол жағынан кезек шығып, болдырып тұр ол да. Бұл оны анық көре алмай, басын көтергенімен, айнала бұлдырап, тәлтіректеп құлай берді. Сол сәт Үрей демеді қолтығынан. «Тұр. Құлама. Құласаң, Көлеңкенің астында қаласың. Суық жерге жұтылып кетесің!» Еңсесі езіліп, терекке сүйенді. Ішіне кіріп кеткен әлдене әл-қуатын сорып барады. «Тамыр қазып жеу керек!»

Тамыр есіне түскенде әнтек ойы сергіп, дәл жақыннан судың сылдырын естіді. Ұзын судың жағасында тұр екен. Жартастан құлай өскен терекке сүйеніп тұрғанын да аңдады. Дереву теректің діңіне шығып, өзенге құлай өскен бұтағымен ақырындап сырғи отырып, суға иіле кеткен тұсына дейін жетті. Аяғымен ағашты қысып, салбырап тұрып, суға басын мала сімірді-ай бір. Су жағасынан қамыс құрақ шалынған көзіне. Бұтақпен тағы біраз өрмелей барып, қолын созып суырып алып, тіске басты...

* * *

Дүр ене қайғыға қамалды. Түн қойнауында жалғыз қалып, алауға ағаш тасумен шалдыққан. Ұсақ балалар шырылдап жылап, жұбанар емес. Ақыры ауыр шешімге бекінді. Балалардың ішіндегі ең әлді екеуін ғана қалдырып, қалғанын Ақ жалын мен Кәрі тіске тапсырмақ. Дір-дір етіп, опыр-топыр бауырына тығылған ұрпағын кезегімен көтеріп, жанарынан жас саулап отырып, еміреніп иіскеді. Балақайлар мұның көзінен аққан жасты жалап, жұбанған болады. «От басына тастап кетсем, Көлеңкеге жем болар!» Өз ұрпағын өз қолымен Ай жаққа аттандырам деп ойлап па еді! Кәрі тіс кетпегенде ұлан-асыр ойнақ салып, күлді шашып, алаң ішін күлкіге толтырар еді ғой. Мұның шашынан тартқылап, төбесінен қарғып, бұтына тығылып, мазасын алушы еді ғой. Қазір бәрі әлсіреген. Көктегі оттың да қызуы қайтып, тайпалас әйелдер терімнен оралмаған соң, алаң айналасы ыбырсып, шырпы-талға толып кетті. Әр бұтаның түбінде көзсіз көлеңкелер діріл қағып, түн сайын отқа жақындасып келеді. Мұның асасы да ортасынан сынып, қысқарып қалған. Айға он тоғыз мәрте басын иді кеше. Қопшасарда Төбекұсқа зәрленіп, зарлап тұрып, жиырмасыншы түні келмесе, Ұлы ағашты отқа құрбан етерін айтқан. Бүгін келмеді Төбекұс. Ауыр ой еңсесін езіп отырғанда, балалардың үрейден жылағанын да ұмытты. Аңырап жалғыз қалам деп пе еді! Үңгір енесіне қайыра жалғыз баруға қорқады. Кім жылытар онда мұны?! Мұнда қалса қайтеді?! Күні ертең-ақ Ұзын судың бетін мұз басып, қарлы маусым келеді. Көктегі от та, алаң ортасындағы алау да өшеді. Жоқ! Бұл әлгі шешімінен бас тартпауы керек! Үңгір енем кешірсін мені! Соңғы рет Ұлы бимен - Кәрі тіспен сырласқысы келді. Жалын ішінен сыздықтай

көтерілген түтін Ай жақты нұсқап тұр еді. Түтін ойына қарсы болған. Көлеңкені сабарлық асасы да сынғаны жадына оралды. Ақтық рет көтеріліп, күл сыртынан бұрнағы күні әкелген томар мен дарақты сүйреп әкеп, отқа тастады. Жалын шалқи көтеріліп, қою түтін есілді. Ағаштар су тартыпты. Күн суийтын сәттер де жақын. «Сен келмедің, Төбекұс! Айлы алаңның шетінде бүрісіп, қара жерге жұтылып кеттің бе екен?! Түн астында қара бұлт бар үрейлі, сен жоқсың онда, Төбекұс! Кектегі от астында Алып Теректің шулы шашы бар тарқатылған, сен оны ұстаған жоқсың, Төбекұс! Ай астында аппақ қыздың бұрымы шұбалып тұр, сол сені әкетті ме, Төбекұс!» Дүр ене шарылдай жылаған баланың бірін алып, көзін тарс жұмып, от ортасына лақтырды. От ішінен Көлеңкенің шарылы шығады. Келесі сәтте еңбектеп бауырына тығылған кенже немересін қос қолдай лақтырды. Қара түн құлағын бітеп ап, от ішінде арпалысқан Көлеңке баласының дауысын тыңдағысы келмей, солықтады. Шулы орманның балаң терек, қыз қайыңдары сыңсып, шуласты. Ұлы ағаш ішін тартып өксіді. Ұзын су алғаш шыққан үңгіріне тығылғысы кеп, аяғын тартты арнасынан. Дүр ененің екі жағында бір қыз, бір ұл немересі ғана қалды. Солқылдай жылаған тайпабасы асасын отқа матырып, жалын көсеп, лапылдай жанған сынық ағашты басынан жоғары көтеріп, қос немересін ертіп, Айлы алаңқайға бастар соқпаққа түсті.

* * *

Ehe-hey!

Кәрі енемді жұтқан қара орман,

Тайпамды жұтқан Ұлы ағаш,

Ізімді көмген ну ағаш,

Ақ жалын мен Кәрі тісті көкке әкеткен Оттан жаның артық па?!

Көктегі отты жасырған бұлттап сесің күшті ме?

Ай бетінен шұбалған аппақ қыздай елесің үрейлі ме?

Қойыныңа тығылған Көлеңкеден бұққан баламнан шуың күшті ме?

Қолтығыңды аршыған Ұзын судан тете едің,

Сары Терек, Ақ Кайың, шешелерім демейін,

Отқа бердім өзіңді!!!

Айлы алаң жоқ, сен кетсең,

Отты шыбық қадалған қонысым тұл, күл жапсын!

*Айға шашын өргізген ақ елесті күл жапсын!
Зор бұлақтан есілген боз елесті күл жұтсын!
Қойны суық Қара жер, батпағыңды күл алсын!
Тірі болсаң Төбекұс, Көлеңкеден қашарсың!
Ұзын суға бір түссең, Оттан да аман шығарсың!*

Айлы алаңқайға жеткенше соңында қалып отырған қалың ағаштың бұтағына от тигізіп, Ұлы ағашты өртеген Дүр ене тізесінен батпаққа батып тұрып, зарлады-ай. Қос немересін Айлы алаңдағы бұлақ басындағы жалпақ тасқа жатқызып, ұйықтатқан. Ыс-пыс етіп, терең күрсінген батпақты бұлақтан сәт сайын көкке атылып жатқан елестер лап етісіп, тұтанып жатты. Айналасы бір түн ішінде Ұзын су қолатындағы қалың орман лапылдап жанды. Асасын ұзын терек бұтағына алмастырған Дүр ене Айлы алаңқайдың елестерінің лап етісіп жанғанына үрейдене қарап тұрып, кенет шалқая кетіп, жотасына төгілген шашына от тигізді. Келесі сәтте шашының арасына енген Көлеңке шарылдап жылап, өзі де бүк түсіп қатты да қалды.

Алапат өрт Көктегі от бірнеше дүркін жанып-сөнгенше басылған жоқ. Алып теректің сусінді қуыс өзегіне түнеген Төбекұс жан-жақтан қаумалаған жалын тілінен құтыла алмасын сезіп, жартастан Ұзын суға қарғыған. Судың жеңіл ырғақты ағысы қақпақылдап, төменге қарата ағызып әкете берді тайпаның соңғы еркегін...

* * *

Ұзын судың қос жағасынан лапылдай ұмтылған оттан қашқан Төбекұс әлденеше заман өткенде өзенге құяр басқа сағамен бойлай, өрттен құтылып еді. Жіңішке өзенді кеше жоғары өрлеп жүріп, Бегазы тауларының бөктеріне жетті ол. Кейін осы тау бөктеріне алып тастан қорған соғып, өз тайпасының - еркектер тайпасының тірлігін ұштады...

Иә, арада қаншама заман өтсе де Дүр ененің тайпасы жайлы аңыз ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, айтылып келеді. Ұмыт қалған тұстары болса, оны сонау ескі замандар жайлы көрер үрейлі түстерімізден шошып оянғанда жадымыздан жаңғыртып аламыз. Тарих аңызшы сонау ескі дәуірлерге Анаеркі (Матриархат) дәуірі деп ат берген. Ол дәуір енді келмекке кеткен деседі ел.

сәт сайын алау тұтанып, оның соңы алапат өртке ұласып жатады. Ай бетінен төгілген аппақ елестің шашына оратылып, талай еркек от басынан адасты, барсакелместің соқпағымен ізім-қайым жоғалды. Ал анаеркі дәуірі ертең қайыра оралып, әлгі аңызда болған оқиғалар әлі талай қайталанатынына Бегазының бөктеріндегі тас қамалдар мен Жосалы баурайындағы бұла бұлақтар һәм өртенген орманның орны кепіл.

Солай. Тәмәт. Тәмам!..

1999-2009 жж.

Кеңгір - Көкше теңіз - Тоқырауын - Бұқпа
суларының жағалауларында жазылды

АУЫЛЫҢ СЕНІҢ ІРГЕЛІ...

Этюдтер

1. Жаңбырлы жаз

Аудан орталығындағы аурухананың травматология бөліміне Көкенай мен Бақан жексенбі күні түс ауа жеткізілді. Демалыс күні қай дәрігер бөлністе болушы еді? Әрі науқан - қыс қырқа сыртында қылыптып қылышын қайрап жатыр. Екі науқас еріксіз дүйсенбіні күтеді. Көкенайдың «Жасыл орақ» кәмпәниясының соңы бірденеге ұрындыратынын құрғыр іпші сезген Бақан-әттең, тілі болса, жақсылап бір сыбар еді - «атаманын» көзбен атып, ызбарланып жатыр. Анау өкпелеген кісіше бұған желкесін беріп тоң-торыс...

* * *

Көкенайдың отбасындағы науқандық «Кәсіподақ жиылысы» биыл жылдағыдан ертерек әрі көрінеу жайма-шуақ атмосферада өтті. «Кәсіподақ жиылысының» күн тәртібіндегі негізгі әм жалқы мәселе - «Жасыл орақ - 199...» науқаны. «Одақ төрайымы» Көкенайдың кемпөшкесі Рәзия күйеуі мен інісіне (кәсіподақ мүшелері) былтырғы, одан арғы жылдарға шолу жасап, шүйлігіп өтіп, биылғы жылғы жалпы шығындар мен дайындық мәселесі туралы хабарлама жасады. Тура артық-кемсіз екі аптаға созылатын кәмпәнияға 2 тоқты, жарты мөшек ұн, 1 келі шәй, 3 келі қант, 1 пәшкі тұз, 400 литр сәлеркеге 8000 теңге (сәлерке удай қымбат!), трәктірдiң май-пай, оны-пұнысына плюс 200 теңге, 200 гр. кәмпит, тура сонша пішінә, 10 литр айран, дегендей 7 пәшке «Полет», 500 грамм спирт (спирт өт-те аз!), 10 пәшке сіріңке бөлінеді.

- Кемпір, спирт бөлгенің жақсылықтың нышаны екен...

- Әдірем, саған берейін деп отырмын. «Берекелі болсын» деп көрші маңайдың ішкіштері келмей ме? Өзің-ақ ертіп әкелерсің...

- Бәсе, неғып ий қалды десем, кәмпит-пішінә жегізбексің ғой, биөнер кездегідей...

- Әдірем...

- Біржола салат-мәнті қоспадың ба?..

- Жарайды, ол кірмейді сметаға... Боссыңдар, ертең ертемен тұрып, тірәктірі зәбәйт ет, қосқа шейін жегерлік сәлерке бар. Сосын 8000 теңгені тура шөп шауып біткен күні аласың, тасуға. Қалған бірөдуктің дайын. Шалғы шыңдаулы, киім жуулы. Отбой, жатыңдар.

- Құп болады, тәбәріш.., тәбәріш бірәпсойүз. Қыз дайын болса, біз дайын.

- Қызшылын...

Жиылыс сонымен тарқаған. Тауық шақыра бастағаннан-ақ тірәктірді «зәбәйт» еткен екеу тележкапы гіркеп ап, екі апталық тамақтарын тиеп-ап, тартып берген. Аршалы сайдағы шабындық әжептәуір жер. Оған екеуі қалай жетіп, қалай қос тігіп, бір тоқтыны құбылаға қаратып шалып жіберіп, бірін қазыққа арқандап т.б. өйткен-бүйткенін тізе берсе, көп. Сөз шығын. Әушіріммен жеті күн өткен...

*«Жатыр едім жайлауда пішен шауып-ай,
Ау көйлегім су болды жаңбыр жауып-ай...»*

Төпелеп өткен көп тамшы көнетоз ақ көйлегін денесіне жапсырып кеткен Көкенай шешіп, сығып киюге ерініп, ыңырысып әуен төгіп, ысқырып отыр. «Қайран, қазақтың әндері-ай, тура маған арналған. Бірақ осының ылғи арғы жағып еске түсіре алмай қор болам. Қойшы. Шөпті айтсайшы. Мына жауын айналып келе берсе, шөпті су ғып ауырлатып жібереді-ау. Онда план бұзылады».

- Әй, Пахан, менде интереснейші бір идея бар. Айтайын ба? Тура төбеңнен төмен қарай алтын құйғандай төгіп жіберейін бе? Еһ, шіркін..!

- Не боп қалды? Жапан түзде қаңғыған не идея ол?..

- Айтайын ба? Айтып кеп жіберейін бе?..

- Айтсайшы енді, үздікгірмей. Қызын бұлдаған құдағиша..

- Ол былай. Мә, әуелі күбіңді ыстап ал (қалтасынан алып темекі ұсынды). Ол былай. Желдіртіп жеті күн өтті. Шабындықты пәшти біттік. Жалпы, сен мәләдессің, тура атмәшинеден кем емессің...

- Жә, көпшік қоймай. Идея?!

- Енді екі-үш күннен соң шөп тасу үшін сәлеркеге ақша аламыз. 8000 теңге! Біз бірәпсәйүздің шешімімен сенбі күні соңғы рейс - оныншы рейсті жасап бітуіміз керек. Ол апаң жұма күні қалаға балалардың сабақ киімін әкелуге кетеді. Сол кезде біз он рейстің орнына жеті не сегіз рейс жасап, қалған ақшаға гөләйт етуіміз керек. Түсіндің бе?

- Вот, мәселе қайда! Содан?!

- Соданы несі-оу! Бір рейске 40 литр сәлерке - 800 теңге. Екі рейс - 1600 теңге. 1600 теңге литрін 400 теңгеден алғанның өзінде 4 литр спирт. Жете ме саған! Жете ме апаң келгенше екі күн бура болуға?

Бақан орнынан қалай қарғып тұрғанын білмей қалды.

- Жетеді. Жетпек түгілі, асып кетеді! Сенің басың бас-ей. Қайдан бәрін ойлай бересің, а?!

- Ойнама, жаман жездеңмен. Ей, шіркін, сосын бір гөләйттасақ, ә! Көрші ауылдың брәкәнерлеріне барып қайтсақ, мотоциклмен. Бірақ ол үшін еңбек ету керек. Күннің жаумауын тіле, сонда мен жауам, сел ғып жіберем. Сылқитып тұрып, он рейстің шөбін сегіз рейске сыйдырып тиеу керек. Шөптің суланбауын тіле. Искусство требует жертв! Өзіңді, трәктірді аяма. Во, сонда. «Ауылың сенің іргелі, шәйі көйлегің бүрмелі...»

Екі күнгі тамақ ішілмей қалды. Екі күн бойы екі шөпші қосқа от та жаққан жоқ. Қолға аттай 8000 теңге түсетін атты күнді күткен. Жай күткен жоқ, шөпті шөмелелеп, тәйт десе, тұра қашуға дайын отырды. ...Әуіріммен екі күн өтті. Жаңбыр жаумады. Үш күннен соң кәсіподақ төрайымы қалаға кетпек. Ақша кәссіден шықты. Содан не керек, екеуі шөпті сылқита, тележканың рессорын қайқита тиеп, үш күнде ауылға алты қатынады. Бәрі ойдағыдай. Көкенайдың жобасынша, енді екі рейстік шөп қалды. Рәзия да қалаға кетті. «Демалыс күні түс ауа келем, амандық болса. Шөбіңді бітіріп, етіңді асып, дайын отыр».

Өз есебі түгел Көкенай оны ұғып жатқан жоқ...

* * *

Жұма күні кештетіп, Аршалы саймен келесі жазға дейін қоштасқан екі шөпші Көкең қорасының төбесіне шошайта маялап, ала сиырдың нәпақасын үйіп біте сала, жақсылап

шаңбасар ұйымдастырып, ұйқыға кеткен. Содан сенбі күні таң бозара шөліркеп оянған Көкенай Бақанды жұлқылап тұрғызып ап, мотоциклді ауыл сыртына итеріп апарып, «көрші ауыл, қайдасың, әйт, шүү» деп тартып отырды. Айтып-айтпай не керек, сол күні түннің бір уағына шейін Қоңыраттың қалың итін абалатқан екі сері әлдебір достарының сенегіндегі үстел басына түнеп шықты. Таң ата тағы шөліркеп оянған Көкенай «Иждің» бордачогында қалған 300 гр. спиртті әкеп, бірге сұлаған бес бөріні оятып, бас жазып алып, «ауыл, қайдасың» деп аттың басын елге бұрған.

«Қош бол, қалқам, көргенше,

Қайта айналып келгенше...»

Күн жексенбі. Түске шейін Күн де өртеніп, мотоцикл қайта-қайта қызып, жүріс өнбей қойды.

- Ой, итаяқ, не подведи меня!

- Есегіңе мінгенше, жаяу кетем.

- Қой, ей, Пахан, кемедегінің жаны бір. Сәл шыда, әне, қарашы, бұлт айналайын деді. Құрығанда шыбыштың кінәсіндей сіркіретеді.

- Рас-ау, ә?!

Мотоциклдің «қаны» және бір көтеріліп суий бере, баданадай ірі тамшылар жетті жерге.

- Иә, сәт. Жолымызды оңғара көр. Бірәпсөйүздің қаһарына қалдыра көрме. Кеттік.

- Давай, тарт. Түс боп қалды.

«Ей, жатыр едім жайлауда пішеи шауып-ей,

Ақ көйлегім су болды жаңбыр жауып-ау...»

- Дальше?..

- Арғы жағын ұмытып қалыпшын. Ылғи есіме тусіре алмаймын.

- Сен құда шығарып салғанға жете алмай, мас боп қаласың ғой, постоянно.

- Возможно...

Өзен жағалай біткен қалың шилеуіт арасындағы жалғыз аяқ жолмен төтесінен тартып келе жатқан мотоциклдегі қос қыран кенет оң қапталдағы өзенге қарап аңырып қалды. - "Апыр-ау,

бү неғылған пләж?!» Өзеннің тал-бұтасы сиреген құмдауыт жағалауында бір топ қыз-келіншек суға түсіп жатыр екен. Жаңбыр сіркіресе де, Күнді бұлт құшпаған. Жаздың соңғы қызығын сарқып алғысы келмеген беймарал, мөлдір, бейқам, шадыман сәт. Топты ару жайдақ өзенде су шашысып, даланың дарқан тыныштығын мәз-мейрам карнавалға айналдырып жіберген.

- Мәссаған, қыздар, е-һей!
- Айдалада неғылған қыздар-ей?!.
- Па, шіркін!

*Жатыр едім жайлауда пішен шауып-ей,
Ақ көйлегім су болды жаңбыр жауып-оу...*

Кенет таспадай сиыр соқпақта лекітіп келе жатқан қосаяқ «Иждін» доңғалақтары көктен кеп ұшты да кетті. Екі көзі қыздарда боп жолды ойламаған Көкенай бұл маңда ескі тоғандардың сорабы барын тарс ұмытыпты. Оң қанаттағы өзенге қарап әндете «ұшып» бара жатқан Көкенайдың есіне өлеңнің жалғасы сақ ете қалды:

*...Сен есіме түскенде, беу қарағым-ай,
Ақ боз аттан жығылдым есім ауып-ай!*

«Тура маған арналған өлең!» Келесі сәтте дүние бұлдыр тарта берді.

Екі сері естерін ГАЗ-63-тің бортында, қалың қыздың ортасында жиды. Екеуінің де сөйлеуге жағдайлары келмей, бастары өзен жаққа қарай қисайып, жақтары қарысып қалған. Әлгінде бұлар аударылғанда көріп қалған қыздар жылдам машиналарын жеткізіп, аудан орталығына бір-ақтартқан. Бұлар әлде Алматы, әлде Жезқазғаннан келген Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшелері екен.

Дүйсенбі күні бәлністің бар дәрігері, Көкемайдың кем-пөшкесі, көрші-қолаң - бәрі жиылып, екі шөпшінің басы бірдей неге оңға қарап қисайып қалғанын білмей, дал болды...

2. Сіз бармаған бір қыстақ

...Осы даладағы қаптаған тау-төбенің әйтеуір бір боктерінде сіз бармаған бір қыстақ жатыр. Кәдімгі Хрущевтің тұсында қызыл кірпіштен өріліп, қаланған шатырлы барақ үй, баз қора, көктемінде көңнің иісі мұңкіген шарбақ, шоқ пиідің ту біткен тұсынан қазылып, қынасыз таспен шегенделген тұщы құдық. Екі басты барақтың бір басы - фермер мырзаның ордасы, сыртының сылағы көшкен екінші бөлігіне күзем жүн мен жабағы жүн, тулақ-тері кіріп алған. Тау қолтығында ұйлыққап юп теректің ұшар басынан ала қарға қарқ етсе, маубас төбет іргенің май топырағын бұрқ еткізіп, үш-төрт қарғып, әрі барым, кері қайтады. Ескі жолды төмен құлдилатқан қотыр қайқаңнан бері қадалған жеті-сегіз бағанның кісі бойы жетер тұсына дейін қоңыр бояуын көшіріп, сүйкенген тана-торпақ, қақпағы қаңтарылған құдыққа доғарылған арық-тырық қауғасап, барақ үйдің тықыр желкесіне тік шаншылған сырық-антеннаның жел шайқаған теңселі болмаса, бұл маңайда өзге қыбыр еткем тірлік нышаны жоқ. Айтпақшы, үй орнындай төбесі тайпақ біткен төбешіктің кіндігінен көтерілген оба-тастың тапал көлеңкесінде зеріккен қойшы бала отыр. Ендеше, тау астында түп-тура жүз немесе екі жүзге тарта қой көк шөпті бырт-бырт жұлып, жайылып жүр деңіз. Қойшы балаға қосарласқан шабдар шолақ иегін ауыздығымен қасып, келте мойнын тұқыртып, қоңыр топырақты пыс-пыс иіскейді. Топ теректен тағы да ала қарға қарқылдайды, маубас төбет те өз міндетіне адал. Ал төргі үйде Оралхан ағамның әңгімесінен көшіп келген күйде төсек астындағы сандықты ашып, «анау жылы қайнысының құдасы кигізген», «түнеукүні орталықтағы абысыны беріп жіберген», «өзі алғалы үш киіп, қысқарып қалған» көйлек-жаулықтың нафталинін иіскеп, сол қалпында ұйқыға тұтқындаулы блмбііме қорылдайды. Құдай-ау, бұл неткен марғау тірлік?!

Сәлден соң қотыр қайқаңның а-арғы жағынан кәрі «Москвичтің», «ы-ы-ы» деп ышқынған «53-тің» үні шығады. Қойшы бала, шабдар шолақ, маң төбет пен ала қарға, тіпті төргі үйдегі бәйбіше де елең-елең етісіп, тіріліп сала береді. Айдаладағы ауыл әп-сәтте абыр-сабыр ию-қию боп кетеді. Тайғақ төбеден қойшыекен құлдилап, бәйбіше күркедегі пештің күйесін

білегіне шейін жағып алады. Маң төбетіңіз ендігі қайқаңның жотасында жорғалаған шығар. Қайқаңнан, қара жолдан шаң шығады. Мыжырайған күркенің тесік атаулысы көк жібек (жібегі де құрыған екен) түтінді есіп кетеді. Оны, қайдан келгені белгісіз, бір самал паршалап жатыр. Қара шәйнек томпаңдап пешке мініп, «ыз» ете қалғанда, есік алдына екі көлік тоқтайды. Базарға апарған малы өтіп, тиын-тебенге «жарты Қазақстанды көшіріп әкелген» отағасы шұбатылған шаң сейілмейінше, кәбеңкеде бүгежектеп, әлденені шұқылап, түспей қояды. Сәскеге ауысқан күнді бұлттан бұлт құшса да, көзін көлегейлеген бәйбіше күркенің есігіне сүйеніп, керісінше, есікті иығына сүйеп, шаңның үстінен басын қылтитады.

- И-иә, амансыңдар ма?
- Ат-көлік аман ба?
- Халдерің қалай?
- Қалай барып қайттыңдар?
- Мал-жан аман ба?
- Мәшинелерің бұзылғаннан сау ма?
- Ит-құс мазалаған жоқ па?
- Шаршадыңдар ма?
- Не жаңалық бар?

- Өздеріңде не жаңалық бар? - секілді жауабы жоқ, жоқ болса да түсінікті сауалдардың басын бір қайтарған соң, барлығы екі машинаға, одан соң үйге қарай аяңдайды. Әуелі бәйбіше есік ашуы керек, одан соң қожайын кіреді, қойшы бала қожайынның саптама етігін мықшыңдап шешуі керек, фермер төрт-бес рет ахылап-үхилеп біте бергенде, екінші көліктегі нән сөмкелерді есікке әзер сыйғызып, үлкен ұл кіруі керек. Мұнан соң қаланың лебін ала келген ала сөмкенің «ішек-қарны» ақтарылып түседі. Төрт-бес бөлек шай, арзан кәмпит-пішінә, бір бұрыштан қытайдың жылтыр сағаты шыға ма-ау (оны қайтейін деп жүр екен?!). Жетілік шамның екі-үш метр білтесі, оншақты пәшкі «Полет», «Коланың» құтыларында езілмеген техникалық спирт жатады. Мұның бәрі қайдан, қалай, қаншаға алынғаны, неге керектігі сарапқа түскен соң, бұрыштағы ескі шабаданға аттанады. Келесі сөмкеден екі-үш керзі етік, тағы да қытайдың тәпішкесі иісін аңқытып шыққан соң, бір бұрыштан бәйбішеге арналған көйлек-жаулық қылаң береді. Бәйбіше оны жымың-жымың етіп, тексеріп біте сала, «нафталин әлеміне»

бағыштайды. Енді күркеде қалған қара шәйнек еске түседі, ол, болса-болмаса, бұрқ-сарқ ашуға мінген. Қойшы бала таудан асып, ұсақ малды боқтап-сыбап санап әкеледі. Үлкен ұл мен бәйбіше баз қорада бес сиырдың желінін қақтауға кіріскен. Маң" төбет жағы айырылып кеткенше есінеп, бүгін түннің мазасыз-болатынын ойлап, сыңқ етіп қыңсылап қояды.

Рас, бүгінгі кештен түннің бір уағына дейін қыстақты маза-сыздық жайлап алады. Фермер көкең баз қораны екі-үш айналып, шарбақты ыңырсыта сүйеніп, қойын санап ыңылдап жүреді. Қойшы бала көлікке мініп, дүрілдетіп қояды.

- Қой, ей, қой!

Төргі үйдің төрт ұялы терезесінен жетілік шам іңірге сығалағанда, маң төбет те шоқ теректегі ала қарғаға үн қосады. Оны түсінбеген үлкен ұл мылтығын сипап, шатырға шығып түседі. Содан Жетіқарақшы Темірқазықтан ширек орам озғанша, маң төбеттің арпылына үлкен ұлдың керзі етігінің тарпылы үндесіп, айрандай ұйыған түн іріп кетеді. Құдай-ау, бұл неткен мазасыз жұрт?!

Ертесіне бар тірлік қайтадан өз қалпына ауысады. Сол баяғы Хрущевтің барағы, баз қора, көң шарбақ, шеген құдық, қой мен қойшы бала, фермер мен бәйбіше, ала қарға-маң төбет, үйленбеген үлкен ұл айдалада - «Тәңірінің назарынан тыс қалған» ауылда ғұмыр кешіп жата береді. Ол жаққа газет-журнал да бармайды, телефон-телевизор, радио-магнитофон келместей боп кеткен. Анда-санда бір соққан орталықтағы туыстар мен қаңғыған құйын ғана мазаламаса, бұл ауыл жылына екі-ақ рет абыр-сабыр болады: күзде және көктемде - фермер қалаға мал сатып қайтқанда ғана...

3. Зэктер зонадан қашқанда...

Лагерьдегі күндер жаңалыққа толы болатын. Сондықтан да болар, таңертеңгі дабылдың үнімен ұйқыңнан тұрған бетте «бүгін не өзгереді екен?!» деп бір есінейсің де, тәпішкенді тырпылдата сүйретіп, бет жуу үшін бұлаққа қарай саппен жүгіретін қара домалақ тақырбастардың қатарына қосыласың. Тамылжыған жазғы таң. Аңқыған ауа. Сүлгіңді беліңе буып ап, оған тіс шөткесі мен пастаны қыстырып, сопақ, жалпақ, доп домалақ тікенбастарға қарап, ең соңында мен де тұлкібүлкілге

басып бара жатамын. Биылғы соңғы маусымда - тамызда таң суып, шөп-шаламның желкесіне шық мінген. Жалаң сирағыңмен сипай өткенде, сап-салқын боп, бақайыңның арасынан дым жүгіріп, қаныңқырамаған ұйқыңның соңғы «тұқымдығы» тек көкжелкең мен қабағыңда қалады. Сәлден соң ол да ұмыт.

Таңертеңгі жиын жатақтың ту сыртындағы шалғыны тапталған алаңқайда өтеді. Ұл-қызы аралас үш топ қара сирақтың ересегі - тістері қисық-қисық ноқай Жәпөк мұғалімге рапорт берген соң, қозы қарын қайқы бел физрук:

- Құрметті «Арай» пионер лагерінің демалушылары, оқушылар, бүгіннен бастап лагерьде тәртіпке аса қатты мән беріледі. Артық жүріс, бос қаңғу, тауға, тоғайға біздің қарауымызсыз, өз беттеріңмен кетуге тыйым саламыз. Өйткені зэктер зонадан қашыпты! - деп салтанатты түрде хабарлады. Бәріміз үрпидік те қалдық.

Таңертеңгі ас ешкімнің тамағынан өтпей қойды. Бәрі мұғалімдер жаққа ұрлана қарап, күбір-күбір етеді, Тасқарын Тақай ғана жанындағы Сәшкебайдың котлетін ұрлап жеп жатыр.

- Зэк деген кім, ей?!
- Зонадан қашқаны несі?!
- Ө-өй, қалқозбай! Соны да білмейсің бе?
- Білем, бірақ айтпаймын!
- Айтпасаң, Айтбайдың...
- Айтамын, айтамын...
- Айтшы, ал!
- Мұғалімге айтамын сендерді!
- Өй, өсекші!
- Мұғалім!

Мұғалім шашалып қалды. Жырқ-жырқ күлкі.

- Мұғалім, мыналар бағанағыны айтып отыр.
- Айтса, несі бар?!

- Ұялып қалды, ұялып қалды!

- Тыныш! Не айтып отырсыңдар?

- Енді тамақ ішу мүлде ұмыт қалды. Тасқарын Тақай екінші үстелге көшіпті.

- Қаратай зэктің кім екенін білмейді.
- Иә, саған!
- Зона деген қай жақ?!
- Мұғалім, мұғалім, айтыңызшы!

- Ө-өй, мама! Аяғымды ездің...

- Тыныш! «Зэк» деген орысша айтқанда «заклученный» - қамалған деген сөздің қысқартылған түрі. «Зона» деген үлкен лагерь, түрме. Сотталғандар содан қашқан ғой...

Ондаған бала демін ішке тартты.

- Біздің лагерь сияқты ма?! Өткенде Ешон да қашты ғой...

- Ей, қойшы, ей, сен! Жыпылдамай!

- Қазір шығасың ғой!..

- Тыныш, тыңдайықшы!

- Жоқ, балалар! Біздің лагерь - оқушылардың демалыс лагері. Табиғаты қандай! Тамағы, жатын орны қандай! Ал анау - түрме, онда тек жаман адамдар ғана отырады...

- Сонда олар біздің тауда, тоғайда тығылып жүр ме?!

- Мама! Мен ауылға қайтам!

- Мұғалім, давай, оларды ұстап алайық!

- О, маубас! Түнімен түсінен шошығанын ұмытып...

- Қойшы, ей!

- Так, енді былай болсын! - Мұғалім оң қолына сүтке толы стақанын ұстап орнынан тұрды. - Қандай да болсын «партизандықты» қойыңдар! Түк болмағандай, тәртіппен демаламыз!

Түстен кейін төбемізден тікұшақ өтті «тырылдап». Түскі ұйқыға Тасқарын Тақай мен қорқақ қыздардан басқа ешкім жатқан жоқ. Қозы қарын мұғалімнің беделі аяқ астынан өсіп кеткенімен, біздің қызығушылығымыз одан да күшті. Кешке дейін жан-жақтағы тауларға қарап-қарап, көзіміз талып, аузымыз көпіріп, дауласумен болдық. Екі күн, үш күн түскі тамақта Тасқарын Тақай ғана армансыз тойды. Кейін бәрін ұмытып кеттік. Қайтарда тіпті мұғалімді күлкіге айналдыра бастадық...

Одан бері жиырма жылдан астам уақыт зыр етіп өте шығышты. Бейкүнә балалықтың бояуы жастықтың нөсер-нөпірімен жуылып-шайылып, санаға сіңіп кеткен. Тек әнеу жылы жазда «Арай» демалу орталығы қайыра ашылғанда, осы бір аңыз миымның бір түкпірінде жылт еткен еді. Содан бері Шабекем ауылына барған сайын, топтанып келіп, жатақтың ту сыртына жиынға тұрып жатқан біздер құсап тауға қатарласа біткен қарағайлардың арасында әлі де әлдекімдер жасырынып жүрген сынды болады да тұрады. Бәлкім, ол Қаратал-Қызыларайдың қатпар жонында дамыл тапқан балауса балалығымыз шығар?! Кім білген?!

АҢШЫ

Аңшы биыл ерек қартайып кетті. Қары қалың қыстың қамалына тұтқиылдан тиген көктем күнінің қызуын көтере алмай күрт еріген күрткі қармен бірге көбесі сөгіліп, арнасын аласапыран шайқаған өзен жатаған жағалаудан жайылып шығып, астына қызыл су жүгірткенде тітіреп түсе қалар ойдым-ойпат жердің оппасындай тосын, жылдам қартайып кетті. «Күйкі күйбеңге кіріптарланып, пеш түбінен алыстамай, үйкүшік боп барам-ау. Ақ сауыр кеңістік көзінді қарып, аязы алқымды сығып, өкпеңді өрт сүйгендей дулатар, ей, даланың ауасы-ай! Сонарға шығар күн қайда! Жарықтық, Теңбілкөктің сауырына біржамбастай отырып, қоныштан шақша суырып, қыр бөктерінде баспалап, байыздар күн жоқ енді, жоқ. Өзгеге елтіп, ит жүгіртіп, құс салмадым. Сенгенім - шыққыр көзім мен қарыма қанжар ұрса да қалтырамас қолым еді. Бұған да жетті дербене-дерт». Әнеубір жылы «Охотсоюздың» дөкейі әдейі іздеп келіп, екі қыр астындағы аңның қай тұсқа тұмсық бұрғанын дөп басар сезігі мен қара мылтықтың қарауылынан ұшқан құс, жүтірген аң қапы кетпес мергендігіне тәнті боп, сыйға тартқан қосауыз да әпербақан мілітсәнің қолтығында кетті. Салық төлемеген - айыбы, дөкіметі жоқ. Алдын ала естіп-біліп, қылтадан қырқар әлдебір қыршаңқының айдауымен дөп басып, аңдып келген. Екі мылтықты да әкетті. Бірін қайтарып аларға пенсияның үшеуінің белі көтермейді. «Қайыссары кемпірден аса алмас күнім бұл. Бұлдағаның түздің түлкі-қасқыры болса, қақпан құр дейді. Қақпанға өзімді түсіріп кетті-ау қу күйкі күнкөріс. Ей, заманның заңы қоянның жымындай-ақ - сонарда анық, күн ауыса бере қылпу білінсе, жым-жылас. Кімге, неге, не үшін сенеміз? Қаптаған қорқау ойға тірідей жем болғанша, жапанда жортып, өзіңмен тең тағыға тіл қатып, жығылсаң, тағы да түз тағысы тамтығыңды тазалар жеміт болған артық! Қой, күпірлік бәрі...»

Екі күн бойы қасқырға құрар қақпанын айналдырды. Шатырда шаң басып жатқанына не заман! Соңғы рет қосауызының құндағын борсық соғам деп тасқа тигізіп, сындырған күзде бір құрып, қысқа таман майлап тығып тастаған. Қоянның майымен. Шынжырын қазығымен қоса, төбеттің күркесінің жанынан

тапты. «Бөріге бұйырап асылдың құтсыз құтпанның қарғысын тізер тексіз темір болған түрі-ай...»

Өзімен-өзі күбірлеп сөйлесу - далада саяқ жортар аңшының ежелгі әдеті. Ұйықтағанда да күбірлеп кейіп, ояғанда да көрер таңының барына тәубе айтып тұрады.

Ақыры теңбілдің арқасына тоқым төсер күн туды. Күн тымық. Аязтқан ауада ұсақ жылтың-тікен сүңгілер күнге шағылысып, көзді қарықтырады. Әшейінде сонарда атқа қонар аңшының таң атарда іргеден өрген жылқы ізіне түсіп алып, ескі там жақтағы таудан асқанын көріп, сары бәйбіше ернін сылп еткізді.

- Тышқан қақпанын арқалап кетті, әне, мылтығы құрып тынышталып еді. Әй, дауасыз далабезер-ай, ана Қордабай құсап, сақалын сорпаға малы-е-еп, пеш түбінде отырмай ма!..

Аңшы ескі тамға тақау бұрнағы жылдары шопандар өлексе асып қоятын діңгек ашаға келіп, атын байлап, қанжығада салақтаған өгіздің терісі сыдырылмаған оң жамбасын іліп қойды. Алдыңғы күні тура ауыл іргесінде жарып кетіпті. Кеше ерінбей барып, балталап шауып әкеп, шатырдағы мұржа түбіне қойған. Сәл жібіпті. Қақпандарын алты-жеті қадам алыстау жерге ағашты қоршап, құрып тастады. Бұл - бір тосын әдіс. Өзі мырс-мырс күліп қояды. Өмірі аң аулаудан артық рақат, ләззатты көрмеген аңшы өзіне-өзі күліп жүр. «Түнгі отты шыр айналған жыңды көбелектің қанатын от шарпып күйеді. Әй, көрсеқызарлық-ай. Қасқыр көбелек емес. Әрине, ағашқа ол келеді. Әрине, ол да шыр айналады. Бірақ көбелекше жақындамайды. Алағызып, аузынан сілекейі шұбырып, жалаңдап жүріп, қақпанға түсуі мүмкін. «Мә, ендеше, қанды басың бері тарт». Аңшы шынжырларды ағаш түбіне байлап бекітіп, көп аялдамай, үстіңгі ернінің астына сыңар шөкім у жасып насыбайды көміп тастап, жүріп кетті. «Е, бүркіт қартайса, тышқаншы, аңшы қартайса, қақпаншы болады» деген осы-е-е...» Түске таман қылаулаған қар айналаны біртегіс көмкеріп тастады.

Сол түні көптен бері тыныш ұйықтаған. Ертеңіне сары бәйбішенің шаруашылығынан шыға алмады. Аңшының екі ұлы бар-тұғын. Екеуі де қалаға кеткелі бес-алты қыс қырқаға қарын қондырды. «Келсе де зиян болмаса, пайда жоқ. Қалаға қоныс аудар деп кемпірдің түндігін желпілдетіп, әуре-сарсаңға

салудан өзгені білмейді. Кеудемде жаным барда кетпеспін туған жерден. Тәйірі, не өмір бар қалада!» Кешкісін осы ой тағы оралған. Осыдан елу жыл бұрын өзі әскерден келгесін салған үйінің сырғауыл төбесіне қарап жатып кіжінген. «Осы үйде туды, өсті, жетілді, кетті, енді кеп менсінбейді, адамның баласы емес, өңшең айуан...» Кемпірі де аңшының кенет көгіс тартқан жүдеу жүзіне қарап аяған. «Қайтсін-ай, далаға шығып бір шолып келмесе, ас батпайтын адам отқа қарап қалғанына қорынады-ау...» Екеуден-екеу тұнжырап отырып, қою шайды ұзақ сораптады. «Адам нені сүйсе, соның құлы. Түбі сол жаны сүйген зат алып ұрып, басынан аттап кетеді-ау. Өмірде бәрі соған негізделген. Өнерді үйрену мен жирену содан туса керек. Кез келген істен дер кезінде бас тарта білу - міне, ең мықтылық». Осыны ұққан. «Бірақ, кім біліпті?!» Қай жылы, қай қырдың бөктерінде баспалап тұрып ұқты. Әлде бұдырайып бездене біткен күрзісімен қақпанға қапылған қасқырды ұрып жатып, қызыл шоқ көзіне қарап тұрып ойлады ма, есінде жоқ. Содан бері санасына сыздықтап, сыналап кіріп, үңгіп, үңірейтіп тастаған. «Адам әуелі бір құштарын тапқасын, одан айырылмақ емес. Африка аңшылары маймылды тірідей ұстау үшін орман жиегіне қақпан құрады екен. Қақпан деймін-ау. Адам басындай асқабақтың ішін үңгіп, үстінен шағын ғана тесік ойып, жерге бекітіп тастайды екен-дүр. Сосын ішіне маймыл сүйіп жейтін жаңғақ тастамақ. Қақпаны - осы. Орманнан шыққан әулекі маймыл көрсеқызарлығына басып, асқабаққа тақап, жеңсік асын көреді. Көзі тұнып кетеді-ау сонда. Ақымақ неме ойыққа қолын сұғып жіберіп, үш-төрт жаңғақты бір-ақ уыстайды. Енді ала қояйын десе, қолы шықпайды. Қайтеді енді?! Жібере салайын десе қимайды. Сәлден соң ақсия күліп, негрлер жетеді. Сонда көрсе, шіркін, маймылды! Ай-ай, ақымақ! Асқабақты айнала, аласұра, жанталаса жанұшырғанымен, қолын, сұғанақ қолын, босата алмайды нәпсінің құлы. Адамның несі артық со шіркіннен?! Неміз әулие?! Өмір бойы өзіңді күйкі күйбеңге шырмауықша шандумен өтесің. Сонда деймін-ау, адамның өзі емес, құлқыны өмір сүре ме?! Солай-ау... Не бітірдім? Не тындырдым? Нендей мақсатым бар? Нені мұрат тұттым тірлікте, тұрлаусыз, тұрақсыз тірлікте?»

- Шал-оу, тамақ суып қалды...

Аңшы жатарда шатырда жылы мұржа түбінде қалып, иіс-тене бастаған кесек етті сенектегі үш литрлік банкінің ішіне тастап, қора үстіне қоя салды. Түн аязытатын түрі бар.

Аяз ертеңіне түске дейін аттан түскен жоқ. Түске таман қоржынына жұмыр қазжамбас әлдене салып ап, шарбақтан шығып бара жатқан аңшының жонына қарап, сары кемпір, шөге қартайған ұсқынын көріп, енді қала туралы әңгіме қозғамасқа бекінді. «Онсыз да жабырқау жарым көңілін қайтем құлазытып...»

Қыр басына көтерілген аңшы тізгін тежеп, артына қарады. «Ұядай ғана ауыл-тын. Көшіп жатыр, көшіп жатыр қалаға. Бірер жыл бұрын дәл осылай қыр басынан қарағанда, таңнан бері түгін созған мұржалы үйлер бұлт еміп тұрғандай емініп, еңсесі көтеріңкі болушы еді. Қазір не - жер бауырлап, бұлт емгенің не, керісінше, бұлт езгендей шөгіңкі, жатаған. Ол кездің түгіні де боз-бұйра, қазбауырланып мамырлар еді. Қазір біртүрлі қарақошқыл, бұжыр. Көмір жоқ, көбі мәшиненің доңғалағын турап жағады-ау, сірә...»

Ескі там жаққа тақай бере, қоржынын ағытып, ішінен түбіне кесек ет қатып жабысқан банкіні алып, аулақтау оппаға лақтырып жіберді. Кенет мырс етті. «Адамнан айралы емес шығар. Тәйірі, маймылда бар құлқын сенде де бар шығар, қасқа... Қақпан құрылған жаққа тақамады. Қырқаға шығып дүрбі салған. Бәрі сол беті. Тек бір-екі сауысқан ашаға қонып-ұшып жүр. «Ертең түс ауа соғармын».

Түнгі аяз шыңылтыр болды. Кеш таяп, көлеңкесі ебедейсіз ұзарар сәттен-ақ күре жол бойын тіміскілеп, тімтініп, таңға шейін түк мандытпаған түлкі шығыс бет боз қылаң бояу ақтара бере, ескі там жаққа тұмсығын қарға сүзе сұлатып тартқан. Күндегі әдегі. Кеше кеште діңгек аша тұсынан сауысқан үш-қанын аңдаған. Тақағанда қасқыр иісін сезіп, кілт бұрылған. Не де болса, бармақ. Қыр аса сәл орағытып, ыққа қарай, ауылға қарай бұрылды. Аз ғана жүргенде қытықшыл тұмсығына ет иісі жетті. Өлексе иісі. Қасқырдан қалған болар. Қырға беттемей, ойыспен аңдап тақау абзал. Кенет иістің мүлдем аша жақтан жетпегенін сезді. Тіпті жақыннан, шолақ сай тұйықтала біткен қалың қатқан қар үстінде әлдене қарауытады. Иіс те сол жақтан. Түлкі сәл қиыстап, еріксіз қырға беттеді. Қырға шыққанда

көрді, алыс аша маңында сауысқан ұшып-қонып жүр. Сәл кідіріп, солай тартпақ боп, алдыңғы аяғын көтеріп, мойнын соза етекке көз тастады. Әлгі орнында жатыр. Қыр жотасымен ілгерілеп, тура тұсына келді. Қозғалмайды. Қайта айналып, ық жағына шықты. Әлі сол иіс, борсып сасыған ет иісі. Дымын білдірмей, келесі жаққа ығысты. Жермен-жексен боп сырғып, біршама тақады. Сонда анық аңдаған, күнде өзі жол бойында көретін жылтыр зат. Тек көлемділеу. Иіс те сол заттан мұңкіп тұр. Маңайда еш із жоқ. Қайдан келуі мүмкін. Түлкі қайта қырға шықты. Таң бозарып атты әбден. Сосын асықпай төменге, жылтыр зат жатқан тұсқа жылжыды. Баспалап кеп, әбден тақап, тұмсығымен түртіп қап, ыршып түсті. Әлгі зат сәл қозғалды да, қимылсыз қалды. Жылтыр заттан мұндай иісті бірінші рет сезіп тұр. Жол жиегінде бұдан көп кіші ұзынша жылтыр заттар қаптап жатады. Иісі өткір, жан төзгісіз. Бірде тістелеп те көрген, қатты, ернеуінен ашқылым дәм шығады. Сосын елемеген. Ал мынадан ет иісі мұңкіп, делебені қоздырып-ақ тұр. Түлкі тағы тақап кеп, жылтыр зат ішіндегі қарауытқан кесек етті анық көрді. Тағы да түрткен. Анау аунап түсіп жата берді. Қыр басына және шығып қайтқан түлкі енді еркінсіді. Мынау оңай берілетін жау көрінбейді. Тақап, тұмсығымен, аяғымен түртіп көрді. Домаланып жата береді. Кенет түлкі иіс мұңкіп тұрған бәнке аузын аңдады. Кесек ет тіпті анық көрінеді. Сілекейі құрғыр, шұбырып барады-ай. Бойын құмарлық құрты қоздырған түлкі абайсыз сыңқ етіп, ыңырысып жіберді. Ет жемегелі неше тәулік! Көзі бозарып, тұмсығы дымданып-ақ кетті. Келесі сәтте дымы құрыған түлкі бәнкеге басын бір-ақ сұғып, түбінде қатқан етті қажай тістеп алды. Құрығыр, қатып қалыпты. Тісі батып, тіліне тәтті дәм жеткен түлкі масаттана ыр етіп, етті үзіп алды. Сонда байқаған, жылтыр зат аппақ боп қырауытып қалыпты. Өз демі жиілеп, тынысы тарылып барады. Кенет басын суырайын десе, әлгі бәле қоса қозғалып, жіберер емес. Қос аяғымен тырналап, қанша шегінсе де, құлақтарына шейін кептеле еніп, сәл жіңішкелеу мойнына жабысып қалыпты. Түлкі ызалана шаңқылдап, басын жерге соға аласұрды. Анау босатқан орнына қылқындырып барады. Дүние мылқау тұман. Бір орнында шыр айналып, шегіншектеп, біресе секіріп, біресе аунап жанталасқан түлкі таза жындануға шақ қалды.

Екі бүйірінен ырс-ырс етіп, өмірі көрмеген бәлемен алысып, кенет тоқтай қалды. Ырс-ырс еткен өз үнінен өзге алыста арылдаған ызалы қасқыр даусы еміс-еміс естіледі. Зәресі ұшқан тұлкі қайда қашарын білмей жөней берген...

Аңшы бүгін атқа ерекше көңілденіп қонды. Ертемен сапысын жанып, келтек күрзісін сайлады.

- Кемпір, асыңды қамдай бер. Бүгін бір тұлкі, бір қасқыр тастаймын алдыңа.

Аңшының қунақ тартқанына кемпірі де қуанып қалды.

- Е, бар, бар. Малыңды түтендеп қайт. Тұлкі не теңім, далада кезіккен біреуге байлап кетерсің...

- Жо, осы жолы тура ешкімге бермей өзіңе әкелмесем.

- Иә, дайындап отыр саған.

Ернін сылап еткізді.

Күрзісін сүйреткен аңшы ескі там жаққа қарай шоқытып барады. Өне, қырдан асты. Тағы бір қырдан аса дүрбі салып, аша ағаш тұсында топтанған қарға-сауысқан мен сәл әріректе аласұрған тұлкіні байқады. «Е, қу құлқын, кімнің басын алмадың сен. Өмір осы - қалаға барсаң да, далада қалсаң да».

Күн ерекше аяз-тұғын...

ТЕНІЗ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ КАФЕ

...Су бетінде шикі өкпе қалқып жүр. Жағаға шашын жая шалқалай сұлаған толқындармен ілесіп келген болар, сірә?! Тереңнен қалқып шықты ма, әлде, жылы бұғаздың жатаған жағалауындағы қой сойған көп қазақтың бірі лақтырып жіберді ме? «Тереңнен су бетіне қалай шығуы мүмкін, балықтар жеп қоймай ма?!» Жақындап келіп, таяқпен іліп ап, лақтырып жібермек болдым да, баяғы бала кезде оқитын ертегілердің үрейлі оқиғалары кенет есіме түсіп, қалт тоқтап, шегінгенімді байқамай қалдым. «Мыстан кемпір шығар?!» Бұл мастық дегенді қойсайшы! Ойламайтын пәлең жоқ. Күлкім де келіп барады. Жағада иленген жұмсақ құмға жамбастай жайғасып, сылқ-сылқ күлкіге арбалған қыз-жігіт байқамады, әрине. Ертегіде суда қалқып жүрген өкпе әлдекім таяқпен түртіп қалғанда, мыстан кемпірге айналып шыға келетін. Бірақ ол ертегі ғой. Ал мынау шын. Сонда да су сорып, бозарып кеткен өкпеге жақындағым келмеді. Мәңгіріп, су бетінде шашыраған шуаққа елтіп, ұзақ тұрып қалыппын. Сәлден соң бізден таяқ тастам әрірек жайғасқан көршілердің бірі көріп, асығыс адымдай кеп, қолындағы пышағымен іліп әкетті.

- Ана балаға шайып әкелуге тапсырып ем, суға лақтыра салыпты. Айып болмасын, інішек.

Ақсия күлген жас жігіт мені қаланың ақсаусақ қазағы деп ойлады ғой деймін. Сірә, суда жатқан өкпеден, сойылған малдың суға араласқан қан-жынынан жеркеніп тұр деп шешті. «Көке, мен нағыз қазақпын! Қырдың қазағымын! Судан да, оттан да, қаннан да қорықпаймын! Атам шопан болған» дегім келді. Ертегіні ойлап тұрғанымды қайдан білсін.

- Ертегі оқып па едіңіз? - дедім зорлана жымиып, - бала кезіңізде..?

- Ой, інішек. Сен де қайдағыны сұрайды екенсің. «Біз не көрмедік, шетелдің боевик фильмін де көрдік» дегенді білуші ме ең?..

Көрші суға шыртып түкірді де, теріс айналды. Езуінде қаланың қара қазағына деген сұмпайы жеркеніш кетті.

- Мен ауылда туғам...

Ішімнен айттым. Бәрібір. Түсінбейді.

Он шақты жыл бұрын... су бетіне тура осы шикі өкпе тәрізді қалқып шығып, жастықтың жарқын күндерін жұтқан қасірет ойыма орала берді.

Күн тас төбеге көтеріліпті. Еріне басып, көлдің құшағына ене бердім. Әуелі сирақтан тартқан ерке толқын. Қырық-елу қадамнан соң тізеден сәл ғана асты. Балқаштың бұл тұсында жағалау жатаған келеді. Жүз-жүз елу метрден соң ғана су еппен тереңдей түседі, онда да жағаға лықсыған толқын кері қайтқанда сипай тегістеп кеткен құмдақ табаны сиыртаңдайланып көрініп жатады. Боз жасыл зүмірет түстес су ерекше майда, бипаз. Денеңді құшқаны балқытып, көл табанының сәл ойыс тұсына келгенде алақанына салып, әдиділей кетеді. Табаның құмға қайыра тигенде сылқылдап, сиқырлай күлген нәзік толқын кеудеңнен жайлап қана итеріп қап құлатады да, көл құшағына тарта береді. Теңіздің майда құмды табанының бедерін қызықтап, едәуір ұзадым. Су қыл мойнымнан келгенде, бақайымның ұшымен серпіле көтеріліп, айдынға қарай еріне құлаштай бастадым. Бес-алты метр, он-он бес метр, ақыры отыз-қырық метр ұзадым-ау деймін. Бұрылып, жаға жаққа қарағанда, біздің қыз-жігіт те, шұбалған сұйық түтін ішіндегі көршілерім де құртақандай боп шалынды. Шалқамнан аударылып түсіп, қолымды жайып тастап, біраз демалдым. Тұнық аспан, тымық теңіз астасып жатты. Ұйқым келді. Нивх тайпасының нерп аулаушылары мұхит тұңғиығына кезегімен батқанда, қайықта жалғыз қалған бала сынды сезіндім өзімді. Осындай тымық болған шығар? Кенет ғаламдық ұлы мұхит пен шетсіз-шексіз аспанның адам аяғы, құлашы жетпес иен ортасында болмасам да, өзімнің мүлде жалғыз, тұлдырсыз жалғыз екенім есіме түсіп, өкпеме өкініш тығылды. Жүрегім шым ете ауырып, қастарым қосылар тұсқа кеп сызат салған егіз сызықты әжім шекеме әнтек батқандай болды. Жұмсақ жібек су таспа батып, кенет ауырсындым. Жағаға қайту керек еді...

Он шақты жыл бұрын...

Су бетінде қалқыған үлкен резеңке камераға иек сүйеп, масайып жатырмын. Кіндік тұсымда белге жалпақ резеңкемен қапсыра байланған тағы бір камера судан арқа жонымды

аяғыма шейін көтеріп тұр. Жеңіл көліктің жел тығындағышы. Бұл камера үлкен камераға байланып тасталған. Екі метр арқанмен. Жағалаудан жүз елу метр қашықта қалқып, күнге қыздырынып жатқалы төрт-бес сағаттай болды-ау деймін. Уақыт мөлшерін бағамдауға хал де жоқ. Үлкен камераның суға тиер төмен жағынан брезент қапталған. Мүлде батпайды. Көлік доңғалағына киілер ортасы кәдімгі ыдыс секілденіп жабылғандықтан, іші құрғақ. Бұл - біздің «дастарқан». Төрт-бес шиша да менің астымдағы камера секілденіп, дастарқанға жіппен байланған. Тіскебасарымыз салынған пакеттер ғана бос. Қос қолды дастарқанға артып қойып, жағалауда маңыраған теңіз сиыры құсап, басыңды бұлап тастап, шарап сілтейсің. «Денсаулық үшін!» «Осындай керемет кафе ойлап тапқан Дархан дос үшін!» Үшеуіміз даурығысып тілек жұптадық, барқырап ән айттық. Рақат!

Кафе расында керемет еді. Толқын үстінде тербеліп жатып демаласың. Ортада үлкен камера. Оған тіркелген үш-төрт кіші «шлюпка». Бас-басыңа бір-бір орындық тиетін дәмхана тәрізді. Жағаға қағылған қазыққа байланған арқанды жөргемдеп тартып, теңіз ортасына қарай жүз шақты метр асықпай жүзіп барасың да, банкет жасап жібересің! Судан қорықсаң, «орындығыңды» беліңе тас қып байлап ал. Одан соң өмірі батпайсың ғой, кеудеңде жан болса. Күн еңкейіп, толқын көтеріле бастаған кезде қожайын өзі тартып алады. Ешқайда қашып та кете алмайсың. Жағаға шыққан соң, кепілге өткізген киіміңді алып, ақшаңды санап бересің де жөнейсің. Даяшы ғана жетіспейді. Бірақ мынадай романтикада даяшы да керек емес. Төбеде - мәңгі зеңгір тұнық, төменде - одан ғапыл кем емес зүмірет көл. Көкжиектің сызығын аңдай алмайсың. Масайрай бастасаң, өзің құсап майда толқын әлдилеген қызу коршілеріңе барып қайтуға болады. Көршің қатты қызу болса, байланыса бастаса, төбелесе де алмайсың: табан астыңда тіреу жоқта қайдағы төбелес?! Қайта керісінше, түпсіз көк пен терең су ортасында жаның бір боп шығады. Көңілің босап, шет жерде кезіккен жерлесіңдей ыстық боп шыға келеді. Жағалаудағы қосмекенділерге қарап, айғайлағанның өзі неге тұрады! Кафе расында керемет еді...

- Бөке, сыраны суға матырып қоямыз-ау деймін, жылымшы тартыпты...

- Сөйтейік. Бір-бір жүзді тастап алайық. Закусканы қалдыратын түрі жоқ, мына су перісінің.

- Не үшін ішеміз, ағайын? Өзің бір тілек айтшы. Кейде бір пәлсапа соғатын жақсы ғадетің бар еді ғой. Бүгін тым ойлы боп, көп үнсіз отырсың. Мана қызыңды ала кел дегенде тіл алмадың. Су перісін суда құшқан жақсы екен. А, Бөке!

- Мен не дейін? Сендердің бақытты болуларың үшін іше бергім келеді. Владимир Санги деген сахалиндік жазушы болған. Нивх деген халықтың ұрпағы. Мәскеуде тұрды. Баласы Мәскеуде дүниеге келген тұңғыш нивх екен. Біздің де балалар қалада дүниеге келетін болды. Жә, мәселе онда емес. Сол Вакеннің «Кевонгтардың үйленуі» деген керемет романы, әлде повесть пе, жадыда жоқ, туындысы бар. Біздің түбіміз сондай болмаса екен! Сол үшін ішейік! Кевонг әулеті Сахалиндегі нивхлердің бір бұтағының кішкене ғана өскіні болған ғой. Әлеуетті әулет болмаған соң, ағайыны қызын бергісі келмеген. Берсе де ұрпақ қалар-қалмасы неғайбыл. Түбі әлгі әулеттен тұлдыр қалмапты. Біз де азайып барамыз. Бірақ үміт бар бізде!!! Үміт үшін!

- Әй, ерім-ай! Ел үшін уайым ойлайсың! Айдаладағы нивхіге қазақтың тағдырын қайдан теліп тұрсың! Біз өсетін елміз!

- Жақсы гілек! Бірақ менің шарабым таусылып қалыпты.

- Официант! - Абзал төменге, суға қарап айғай салды. - Қазір келеді мұртты жайын. Бізге бір шиша молдаван шарабы. Ол келгенше біз тарта берейік.

- Официант деп құр айғайлағанша, барменге тікелей барып келсеңші, - Назым наздана күлді.

- Екеуіңнің тойыңда өзім официант болмасам, мына су перісінің қызы шарапты шараяқпен сіміреді екен!

- Қой, Бөкен! Сен асабасың ғой. Бір тойым болатыны сөзсіз менің, дәл қай сенбі екенін айта алмаймын...

- Ойнап айтады. Тойдың күні белгіленіп қойған. Саған сюрприз болсын деп айтпай отырмыз! Енді үш аптадан соң! Дайындала бер, Бөкен!

- Әй, не деген дәті берік адамсыңдар! Манадан бері неге үндемей отырсыңдар? Құйылсын! Ернеулетіп!

- Ха-ха-ха-ха-хей! Бірден айтқан қызық болмай қалады! Ал енді осы тілекті тік тұрып айтшы, түрегеп тұрып ішейік екеуіміз де.

Белдегі резеңкені шешуге тура келді. Қалт-құлт еткен жұмсақ камера үстіне әуірімдеп тұрдық-ау. Назымда ішек жоқ. Үш-төрт мәрте құлаған бізге су шашып айран-асыр. Шын бақытты еді.

- Жастардың бақыты үшін!

- Кеттік!

Екеуіміз бір-бір ауыз сөз ғана айтып үлгердік те, стақанды шалқалай көтеріп, ащы арақты жұта сап, қайқая секірдік суға. Су бетінде тұрып аузыңа толтырып ап, суға сүңгіген бетте жұтып жіберсең, керемет әсерлі болады. Дем ала алмай, осы зәһәрді өміріңде алғаш рет жұтқан сәттегідей тұншығасың. Су астында қайдағы ауа?! Өңешіңді өртеп өткен жылы арақ соңынан дем шығарған да өзгеше. Жанталаса су бетіне шыққан бетте жұтқан ауадан соң тіскебасар да қажет емес. Біз құсап ешкім ішпеген шығар!

- Ой, рақат-ай!

- Кер-ре-мет!

- Фууу! Теңіз үсті арақ мұңкіп кетті ғой.

Бірақ мұндай ішіс тез шалдықтырады. Алғаш дәмін татып байқаған талай жігіт қызық көріп, қайталаймын деп жағаға жеткенде балық құсап, былқ-сылқ етіп қалатын. «Солтүстік халықтарының түбіне де осы у зәһар жетті ғой» деп ойладым, «орындығымды» беліме байлап жатып. «Біздің ел ше? Біз де оңып тұрған жоқпыз ғой. Осылардың тойынан соң, қоймаса болмас!» Манаурап ұйқым келді. Екі мас, екі жас бір-бірін қытықтап ойнап кеткен. Ортадағы камераның тасасына барып, жаласып жатыр-ау шамасы.

- Мен аздап мызғып алайын, - дедім дауыстап.

- Боссыз!

«Осы дерттен айыға алмай қойдым-ау!» Он алты жасымнан берідегі біраз жыл осымен бірге өтіп келеді. Біреулер бір күн тойласа, екі күн демалып жатады. Менде олай емес. Он бірінші сыныптан бастап, тұрақты түрде күнделікті тұтынып келемін. Ел құсап мас болмаймын да, сана - сау, кеуде - таза. Бірақ қою керек! Уақытымның бәрі осымен кетеді екен. Ойыма Кевонгтар келген...

Мәңгіріп жатып, ұйықтап кетіппін. Шөліркеп ояндым. Төсектен тұрмақ болғаным есімде, қолымды тіремек болғанда

ауып кетіп, су жұтып қоя жаздадым. Күн еңкейіпті. Екі ғашықта ортадағы камераға арқандаулы қалыпта маужырап жатыр.

- «Оян, қазақ!» «Ай, қап!» Ұйықтап қалыппыз ғой...

Күн еңкейген. Толқындар да бастарын көтерісіп, жағалауға қарай асықпай лықсуда. Толқын шуынан енді сәлден соң жел тұратыны да аңғарылады. «Қой, жағаға қайтпаса болмас!» Кенет жағалаудан едәуір алыстап кеткенімізді байқадым. «Мүмкін емес! Ұйқымды аша алмай тұрған болармын». Еппен ортадағы камераға жақындап, жағаға тартылған арқанды қармап, нақты қашықтықты бағамдамақ болдым. О, құдірет! Құмдақ жағалаудағы қазыққа байланған арқан тартқан кезде домбыра ішегінше ширай шертілуі керек еді. Мынау бос жатыр. Жалма-жан қос қолдап тартып қалдым. Арқан су бетіне көлбей жатқанның орнына, салбырап, сусінді ауыр салмағымен тереңнен шұбалды. Тағы қарманып, бірнеше метрін тартқанда, жүрегім зу ете қалды. Арқанымыз босап кетіпті!!! Әрі бізді ұйықтата тербеген толқын жеңіл камераларды қақпақылдан, айдын ортасына қарай кетіп қалыппыз!

- Ей! Арқан босап кетіпті! Біз айдынға шығып кетіппіз. Қараңдар! Жағадан алыстап кетіппіз!

- Не дейсің? Қалай босап кеткенбіз? Жағадан алыстағаны несі?!

- Қара өзін! Бір-екі шақырымдай кетіп қалыппыз!

- Мама! Су да суып кетіпті. Біздің үйшіктер көрінбейді ғой!

- Е-хе-хей! Көмектесіңдер! Көмектесіңдер!

Досым ортадағы үлкен камераға шығып алып, қос қолын ербеңдете айғайлады. Жағалау жақ тым-тырыс. Кенет толқын легін сипай жел жүгірді.

- Жел тұрайын деді!

- Енді қайттік?

- Ештеңе де емес! Жағалауға қарай жүземіз ғой. Камера бар батпаймыз!

- Толқын көтеріліп кетсе, жағаға бара алмаймыз. Керісінше, желмен ығып, ашыққа шығандап кетуіміз мүмкін.

-Мама! Қорқам! Не істейміз?! Бірдеңе қылыңдар! Өлеміз ғой!

Назым өкіре жылап жіберді. Досым жұбатып әуре. Қыздың жылағанына, қос қолымен суды сабалап, бейапарланғанына толқынның кенет өсе түсуі қосылып, желмен бірге су бетін

сызған әлдебір үрей жон-арқамды шымырлатып кетті. Келесі сәтте бәріміз қосыла айғайладық. Есітер адам қайда! Шамамен биіктігі бір метрге жетеғабыл толқындар жағаға қарай жосыла жөңкілгенімен, бізді жалына көтерген бетте аунақши кетіп, артқа қарай тастап жібереді. Сол сәт келесі толқын көміп қалады. Жағаға қарай емес, тереңге қарай лықсып бара жатырмыз. Су жұтқан, ортадағы үлкен камераға үш жақтан жармасқан үшеу барылдай айғайлап барып тоқтадық. Қызға қосыла жылаған тәріздіміз. Бірақ онымыз бетімізді шайған тұзды судан білінер емес.

- Бөкен, жағаға қарай құлаштайық. Болмас!
- Камераны тастаймыз ба не?
- Жоға! Мына толқын бізді тереңге қарай қақпақылдап бара жатыр. Әрекет қылмасақ болмайды! Жүзу білеміз ғой.
- Жүзгеннен не пайда?! Толқын көміп кетіп тұр ғой.
- Әй, осылай тұра берсек, қазір қатып қаламыз. Біраздан соң таза шығандап, Алматы жақтан бір-ақ шығатын шығармыз.

Назымның тісі-тісіне сақылдай тиіп, тоңғаны, оған қосыла жылағаны үдей түсті. Ықылық атып қояды. Сірә, су жұтқан. Кенет оң қолымда әлдене ұстап тұрғанымды аңдадым. Арақ екен. Ортадан сәл төмен. Өзегім өртеніп бара жатқанын да сол кезде байқағам. Сәл шалқалай, суға бата-мата жұттым. Жып-жылы екен. Бірақ шөлімді қандырғандай, құрысқан терімді жазғандай, қуаттанып қалдым. Ұлы мұхитта кемелері апатқа ұшыраған теңізшілердің шишаға хат салып, айдынға лақтырар соңғы жантағалым әрекеті қапелімде еске түсіпті. Езуіме жымыс ұялады. Қайдағы апат?! Қайдағы мұхит?! Мықтаса үш метрден аспайтын суда жанымыз мұрын ұшына келіп тұр. Белгісіз өжеттік бойыма тараған умен бірге серпілген. Арақтан босаған бөтелкені аспанға бір-ақ аттым.

- Кеттік! Жағаға қарай құлаштайық!

Беліме ораған арқанды жөпелдемеде тексере қозғап алып, жаға осы болар-ау деген бағытқа қарай етпеттей құлаш ұрғаным есімде. Су сабалап, батып-шығып, деміккенім есімде. Бір мезет құлағым Назымның жылағаны естілді. Досым екеуіміз толқын жалдарынан секіргенсіп, жүзе жөнелгенде, үлкен камераға артылған.

- Абзал, тоқта! Назымға бірдеңе десеңші.

- Не дейін?! Жаным-ау, сабыр етші. Қазір, екі жақтап үлкен камераға шығарайықшы. Кел, демеп жібер.

Жылаған қыздың күсеттенген тастай қарынан ұстап, үлкен камераға шығардық. Сіңірім тартылғаны байқалды. Күні бойы жып-жылы демімен тәнді әлдилеген су мұнша суық болар ма! Тізем мұздап барады екен. Өлген адамның тәні бұдан жылы болар деп ойладым, қос аяғымды бір-біріне шырмап. Күн тапал көкжиекке тақап қалыпты. Қанкүреңдене суық сызданған Күн астынан ызғар есетіндей. Теріскейден қалың қара бұлт өріп келеді. Үлкен камераға иек арта сәл саябырсыған болдық. Манағы маңнан бір метр де жылжымаған тәріздіміз. Сірә, жоғары қарай тербеле лықсыған эскалаторға аяқ артып, төменге түспекке ұмтылған жанның өнімсіз тірлігін қайталағанбыз. Әлде жағаға жақындадық па? Толқынның демеуімен серпіліп, айналаға көз тастадым. Көз сүрінер ноқат жоқ. Жаға да, көкжиек сызығы да жанарға шалынбайды.

- Мен тоңдым! Белім қарысып тұр. Бөкен, қозғалыссыз тұрсақ, тоңа береміз. Қимылдайық.

Тағы да арпалыс. Жанталас. Назым бүрісе жатқан үлкен камераны сүйреген болып, жаға осы-ау деген тарапқа қарата ентелей құлаш ұрдық. Он минут, он бес, жиырма минут, бәлкім, бір сағат құлаштаған шығармыз. Құлағымнан Назымның өксіп, ықылық атқаны кетер емес. Әлде өзім бе бұл?! Бір мезет тоқтап, өз-өзімді тыңдағым келді. Жағым қарысып қалыпты. Құлағыма белгісіз толассыз гүріл келеді. Арнасы алапат шайқаған алып өзенде беймәлім бағытқа ағып бара жатқан тәріздіміз. «Стикс». Жан-жағым жөңкілген толқын, гулеген жел. Шым ете түскен кеудемді жарып жіберермен боп тарсылдаған жүрегім су арқылы күллі денемді билеген әлгі гүрілмен бірге мына алапаттан құтқарар жаққа асықтырады. Бірақ ол қай жақ?! Тамырымда қан жоқ екен деймін. Қарысқан жағымды жазып, жұтынғым келді. Тілім таңдайыма жабысып қалыпты. Шөл қысып барады. Үлкен камерада су құйылған бөтелкелер бар екенін ойладым.

- Неге тоқтадың?
- Шөлдеген сияқтымын...
- Қайдағы шөл?!
- Қазір...

Кері айналып, үлкен камераға қарай бұрылдым. Құлашты екі сермеп барғанмын. Толқын көміп, ойнақшытқан камераға оң қолымды аса сүйенгенмін. Қатып, кәрі ағаштай сықырлаған мойнымды шайқап, иық қомдап, бойды қармаған суықты қумаққа талпынғанмын. Тек ол қарекетім кері шықты. Камераға асылған бетте үлкен желтығындағыштың әнтек жұмсарып қалғанын байқадым. Сол сәт Абзал да жеткен. Жалғыз ғана жалт еткен мезетте екеуіміз бір-бірімізге үрке қарадық. Жүрегіміз дүр сілкініп, тоқтай қалғандай болды. Шүйдемізден тартылған жұлынымыз кенет ширатылып, жотамыз ток ұрғандай дір еткені есте. Тастай суық су сорған маңдайымыздан шоқпар тигендей кері серпіліп, жалқы мезет - жалт еткен секунд сәттің ғұмырымыздан да ұзақтау созыла кеткені есте. Үлкен камера ішінде Назым жоқ еді!

- Назым!

Екеуіміз қосыла айғайладық. Қыздың есімін неше қайталағанымыз есте жоқ. Белгісіз құдіреттің күшімен желі шығып, жұмсарып қалған камераны аударып-төңкеріп, қанша тұрғанымыз белгісіз. Кенет айдын ортасында екеніміз еске түскен. Айғайлай жылап, суға сүңгідік. Аласапыран толқын шайқаған су асты көрдей қараңғы еді. Тереңге қарай қос қолды серпе сүңгігенмен, су қысымы толқын төсіне лақтырып шығара берді. Жүрегім тоқтап қалған тәрізді. Су жұтып, қақалып-шашалып, ызалана аңырағаным есімде. Ұлыған тәріздімін. Дәрменсіздіктен айғайлай аңырағанмын. Тілімді тістеп, қан жұтқанмын сумен бірге. Нәтижесіз әрекетті қанша мәрте қайталадым. Бір мезетте камералардың едәуір ұзап кеткенін байқадым.

- Абзал!!! Абзал, қайдасың?

Сапырылысқан толқын арасынан бір сәт су бетіне қалқып шыққан досымды байқадым.

- Абзал! Не болды? Назым, қайда?

Сол сәтте досым көкке қос қолын көтере аңырай айғайлаған.

- А-а-а-а-а! А-а-а-а-а! На-а-а-зым! А-а-а-а-а!

- Абзал, қойшы! Қойшы, Абзал!

Ол мені естір халде емес-тұғын. Қолын көтере айғайлап жылаған бетте суға көміліп кетті. Есімді жинай бастадым. Назым жоқ! Енді Абзал батып кетсе, қайтем! Оқыс ойдан үрейім ұшып, досымның соңынан сүңгідім. Қара түнек елес шымқаған су ас-

тында Абзал қос қолын жайған қалпында батып бара жатыр еді. Оң қолынан шап беріп ұстап, жоғары тарттым. Тұншыға бастағанда су бетіне шықтым-ау. «Камералар қайда екен?» Су жұтып, кенет нажағайша осып өткен азапты қайғыдан, осы тірлігіміздің шын өмірлік оқиға, әлде үрейлі ауыр түс екенін ажыратудан дәрменсіз Абзал талықсып кеткен-ді. Көкжиекті қанға бояп, ұясына байып қонуға әзірленген Күн астынан қарауытқан камералардың сұлбасын көрдім. Абзалдың ту сыртынан шығып, шашыпан уыстай ұстап, шалқалата сүйреп жүзе жөнелдім. Әйтеуір бір уақта жеттім-ау. Теңіз үстін ымырттың ерекше бір қараңғы зіл салмағы езіп тұрды. Жүрегімді де езіп кеткен түнек қайғы менің кеудеме қонақтап, жанарымнан жанталаса еніп, тәніме сіңіп бара жатты. Құлағым тарс бітіп, салыққан жүрегім ештеңе де сезбей, белгісіз бір саябырлы сабырмен досымды үлкен камераға тіркелген кіші камералардың біріне байладым. Енді батпас. Өзім де толқын ұрған сайын дірдек қаға секірісіп қалатын жеңіл желтығындағыштардың екеуін қос қолтығыма қысып алып, саусақтарымды бір-бірінен ажырамастай қармай, серейіп тұрдым. Қыстың қабағы ашық күндерінің шатырдағы қарды жылыта еріткен кезінде тамшыдан түзіліп, салбырай қататын сүңгі тәрізді сұп-суық қалпымда қатып тұр едім. Ойыма Мелвиллдің «Моби Дигіндегі» ақ киттің кит аулаушылар кемесін күйреткенде табыт құшақтап тірі қалған бейбақ туралы оқиғасы келген. Кеудемнен жан қашып бара жатыр ма деп үрейлендім. Сонда да, қозғалуға дәрменсіз мұз сүңгі кейпінде, асты үстіне шыға сапырылған тозақ қазанындағы қараңғы көр түнекке шым батып бара жаттым...

Шығыс жақтағы қара бұжыр тасты жағалаудың иығынан жанарынан қан тама қайғырып, Күн шығып келе жатқанда ес жиыппын. Қарысып қатып қалған қолым ажырамаған қалпы, қос камераның ортасында бір түн өткіздім бе, әлде тұтас ғұмырым өтіп кетті ме - тірлік пен өлімінің арасында қанша уақыт тұрғаным белгісіз. Теңіз беті жым-жылас. Жемтігін жұтқан соң жанарынан жас тайғанайтын алып қолтырауынның көз жасындай мөлдіреп жатыр еді жалмауыз көл. Тамағымды кенедім кенет. Әлдене дегім келген. Кімге?! Сол жақ қапталымнан әлсіз ыңыранған дауыс шықты. Абзал! Сіресіп қалған мойынымды сықырлата бұрып, қол созбақ болдым. Дәрмен

жоқ. Өзер дегенде әупірімдеп тебініп, жақындадым. Тірі. Тіріміз! Әлде ана дүниедеміз бе?! Көзімді сығырайтып, айналаға қарадым. Бейтаныс аймақ. Күншығыстан жартасты жағалау көрінеді. Тым алыс емес. Бір мезет Назымнан айырылғанымыз есіме түсті. Бірақ сол сәт бақытсыздығымызды бағалар хал жоқ болған. Бастысы - екеуіміз тіріміз...

Бірақ сол таңнан бастап - түнімен тозақ өзенімен ағып, бейтаныс жағалауға шығандап кеткен, ертесіне кешкілік табанымызды тас тілгеніне қарамастан жиырма шақырым жердегі үйшіктерімізге титықтай жеткен екеуіміз өзіміздің тірі екенімізге күмәнді едік. Күні бүгінге дейін. Тымық теңізден жартасты жағалауға итшілеп шыққан соң, күн тас төбеге көтерілгенше, өлеусіреп жатқаным жадымда. Әлдебір шақта лақылдатып жасыл запыран құсқан Абзал сандырақтай бастаған. Әлдеқайдан шулаған шағалалар оған қосылып, кеше толқын үстінде тарс бітіп қалған құлағымды жарып, миға шаншу боп қадала беріп еді. Сүйретіліп, үлкен камераға жақындадым. Назым жоқ екені анық. Тек «жып-жылмағай су ортасында қалған резеңкеден жел қалай шығып кетуі мүмкін?» деген зілмауыр ой сүйретіп кеп еді. Өлі мен тірі арасында шалажансар болсам да, жанталасып жатқанымға таңмын. Камераның брезентпен қапталған суға жанасар төменгі жағынан алақан сыярдай жырық таптым ақыры. Іші суға толмаса да, ауыр тартқан желтығындағышты төңкеріп, жаншып, суын ағыздым. Қабысқан қара резеңкенің жырығына қолымды тығып, сипалап жатып, бір қуысынан үйшікке киімімізді тастап, тіскебасар-тамақпен бірге ала шыққан шолақ кездікті суырып алдым! Назымның ажалына себеп болған қара кездікті Абзалға кафенің иесі Дархан сыйлаған еді...

Күмәндімін - тірлігіме. Арада он жыл өткен. Өз жүрегімдегі терең теңізге батып кеткен қос ғашық туралы аңыз жылжыған жылдар легіне ілесе келген қайдағы бір естеліктер дауылымен қайыра қалқып шыққан еді жадымның тақтасына.

Аймақтық басылымда бес жыл қызмет істеп келемін. Жаздың әлдебір шуақты күндерінде редакцияға келді. Сол естеліктің хабаршысы. Газетке жарияланатын еске алу, құттықтау, көңіл айтуларға қосақталатын тақпақ-өлең атаулы алдымнан

өтеді. Сол тұрыпты кезекті еске алуға өлең жазуымды өтініп, Назымның ағасы келген еді алдыма. Бастапқыда танымай қалдым. Тек қолындағы суретті ұсынғанда ғана жартасты жағалаудағы шулаған шағалалардың шаңқылы мен Абзалдың сандырағы, Назым қыздың өксіп, ықылық ата тоңғаны - бәрі-бәрі құлағымды жарып, жүрегіме шаншылған. Қыз ағасы сол зауалды күндердің қарсаңындағы қос ғашықтың ең бақытты сәттерінде түскен тойға шақыру билетінің жартысын ұстап келіп тұр еді. Абзалдың суретін еппен, білінбестей, қыздың жанында мүлде болмағандай қылып, қиып алып тастаған.

- Мына суреттің жартысы қайда кеткен?

- Не дейсіз?!

Менің үнім шықпай қалды. Әуелгі сауал кеудемнен кенет шығып кеткен күрсініспен бірге ақтарылған еді.

- Сіз бұл суретте екі адам болғанын қайдан білесіз?!

- Жо-жоқ! Білмеймін ғой. Тек... монтаждalғаны көрініп тұр.

Қыз ағасы орнынан тұрып, үстелімді айналып жаныма жетіп келді. Жетіп келе жағамнан жармасқан. Тесірейіп көзіме қараған. Мен тік қарай алмадым.

- А, залым! Сен Назымды өлтірген екі жігіттің бірі екенсің ғой! Сен әлі тірі екенсің ғой! Ажалың менен болады! Біреуіңді құртып едік, сен жер басып жүр екенсің ғой әлі!

Сол сәт есік ашылып, басғық енді, бастықтың соңынан біздің бөлмедегі оқыс шуды естіп, редакцияның өзге қызметкерлері де жетті. Опыр-топыр төбелес кенет басталғанындай, кенет аяқталды да қалды...

«Апырай! Біз Назымды өлтірмеп едік қой! Иә, Иә...»

Иә, сол зауалды күндерде Назымның туыстарына қайғылы қазаны естіртіп, су бетін сызған қайықтармен, сүңгуір мамандармен бір апта көл түбін қопарып шыққан едік. Табылмады Назым қыз. Қолымызда сол күндерден белгі болып, екі жүз елу шақыру билеті мен Назымның өмірінің соңында көлге киіп келген киімдері ғана қалды. Аһ ұра жылаған қыз туыстары мен достарымыз жиылып, билеттер мен киімдерді қаланың шығыс бетіндегі қалың қорымның шетіне жерледік. Азапты түннен ауру жамап шыққан Абзал қатыса алмады қасіретті қоштасуға. Үш апта - тура той белгіленген күні ауруханадан шыққан Абзал мен оны алып шығуға барған мені полиция қарсы алып тұр еді. Одан соң іркес-тіркес тергеу, айыптау, жылау-сықтау.

Өмірден күдер үзілді. Тірлікке күмән толды. Болашағымыз бұлыңғыр еді. Бірақ барлық шаруа бір-ақ күні тыйылды. Белгісіз себептермен қыз туыстары айыптаудан бас тартқан. Айып дерегі болмаған соң, полиция бізді қапастан босатқан. Тек... Тек сол зіл салмақты күндердің бірінде Абзал дос ізім-қайым жоғалып кетті. Ешкіммен қоштаспастан, бет алған бағытын айтпастан жоқ болған. Үш күн сұрастырдық, іздедік. Барша болуы керек маңдарды шарладық. Ақыры Назымның қабірінің басына барғанбыз. Онда да жоқ. Қабір басында Назым жақсы көретін алқызыл раушан гүлдері ғана жатыр еді. Әлі солмаған. Соған қарап, Абзал келіп, қоштасып кеткен екен ғой деп түйдік. Сонымен тәмәт-тәмам!

...Арада он шақты жыл өткен. Иә, тура сол күн - қыз ағасы келіп, маған еске алу жаздырар қарсаң - одан кейін газет жария болатын бейсенбі күн екі ғашықтың тойы болатын күн екен ғой! «Біреуіңді құртып едік...» Қапастан шыға жоғалып кеткен Абзалды - жастықтың бастан асар көп қателіктерінің бірінің кесірінен бола алмай қалған күйеу балаларын қыздың ағалары суға батырып жіберген екен. Ал мені ұмыт қылған. Ғайыптың жазуымен тірі қалғам. Не үшін?! Бәлкім, осы естелікті жазу үшін бе?! Әлде қапияда қаза болған қос ғашықтың бүкіл арман-мұратын арқалап, сол боздақтардың көз жасындай мөлдіреп жатқан зүмірет көлдей қайғыны кешу үшін бе?! Білмедім... Тірімін!

...Су бетінде таң бозында көтерілген бозамық тұманның есімі Назым еді.

Алапат шайқап, аласұрған теңіз толқыны біздің жастық шағымыз екен.

Біздің жүрегіміз де дауылды түні қопарыла кетер теңіз ғой.

Сол теңіздің толқындарының астында талай естелік көміліп қала береді.

Тек, санамызға байланған құдірет қылын үзуге құштар сезімдерге ие болсақ екен.

Тек, тұнық тірлік жағалауынан адасып, мәңгі шексіз тұмандықтарға жоғалмасақ екен.

Тек, жансебіл көкірегіміздің етегіне қара кездіктей қасірет қадалмаса екен!

Ал әзірге тірімін...

МАЗМҰНЫ

Төрехан Майбас Аңсар

Әңгімелер

Айбөкен.....	7
Ақыр.....	16
Алар.....	23
Белгімал.....	31
Былжыр.....	37
Біләл.....	41
Ит жетектеген еркек.....	46
Керат.....	55
Нақұрыс.....	64
Ойыншы.....	72
Тізгіқол.....	79
Шығай.....	82

Хикаяттар

Аңсар.....	87
Итбегі.....	100
Көрлеуіт.....	114
Қияметтің белгісі.....	135
Мыңқыш.....	154
Тірі аруақтар.....	185

Серік Сағынтай Көктемнің мөп-мөддір тамшысы

Қарға.....	213
Аң.....	223
Көктемнің мөп-мөддір тамшысы.....	231
Жалмауыз.....	237
Гүлмира.....	248
Жарты қап кітап.....	257
Дур ененің тайпасы.....	265
Ауылың сенің іргелі.....	290
Аңшы.....	300
Теңіз толқынындағы кафе.....	306

Сарыарқа кітапханасы

**Төрехан Майбас
Серік Сағынтай**

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Редакторы *Фарида Узлиева*
Техикалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Кдмтқапов*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

ISBN 978-601-292-846-4



Басуға 05.04.14 қол қойылды.
Пішімі 60x90 7₁₆. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 20,0-
Тапсырыс №62. Таралымы 800 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13